

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 398:801.6

Қолжазба құқығында

БАЛТЫМОВА МАЙРА РАШИДОВНА

Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Пангереев А.Ш.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, қауымдастырылған профессор Азап С.
(Беларусь мемлекеттік университеті)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2024

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
	АНЫҚТАМАЛАР.....	4
	КІРІСПЕ.....	6
1	ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ.....	17
1.1	Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуы.....	17
1.2	Қазақ балалар фольклорының зерттелуі.....	36
1.3	Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық мотивтер.....	49
	Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	57
2	ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ....	58
2.1	Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшелігі.....	58
2.2	Қазақ балалар фольклорының классификациясы.....	72
	2.2.1 Әлпештеу фольклоры.....	85
	2.2.2 Ойындық фольклор.....	95
	2.2.3 Отбасылық ғұрып фольклоры.....	102
	2.2.4 Жеткіншектер фольклоры.....	106
	Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	113
3	ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ.....	114
3.1	Қазақ балалар фольклорының көркемдік сипаты.....	114
3.2	Қазақ балалар фольклоры шығармаларының сюжеттік- композициялық ерекшелігі.....	132
3.3	Қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануы.....	144
	Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	158
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	159
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	165

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы).

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2003 жылғы 16 сәуір).

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауы (1 қыркүйек 2022 жыл).

Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы №148 қаулысы).

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.1.6. Білім алушының зияткерлік, рухани адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету) (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы).

Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникация мен технологиялар саласы және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №269 қаулысы).

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Анафора – кез келген ұқсас дыбыстық элементтердің өлең шумақтарының басында ырғақты қайталаулар арқылы берілуі.

Балалар әдебиеті – балаларға арналған әдеби мазмұндағы көркем шығармалар. Бұл шығармалар оқиғаларының қызықты, тартымды болуымен, композициялық мәнімен ерекшеленеді. Олар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналады.

Балалар киносы – балалар мен жасөспірімдерге арналған анимация, комикс форматында түсірілген деректі және көркем фильмдер. Балалар киносындағы фольклор ойын кезінде айтылатын өлең, жырлар арқылы көрініс береді.

Балалар музыкасы – балаларға арналған көңілді, ырғақты, музыкалық шығармалар. Балалар музыкасы нақты, бейнелі, мазмұнды, қарапайым, айқын болуымен ерекшеленеді. Балаларға арналған музыкалық шығармаларға халық ертегілері, табиғат, жан-жануарлар жайындағы ой-толғаулар арқау болады. Балалар музыкасын фольклорға бейімдеу ойындық фольклордағы қозғалмалы ойындар кезінде балалардың орындайтын өлең, жырларымен де ерекшеленеді.

Балалар фольклоры – халық өмірімен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор халық шығармасы.

Балалар фольклорының дидактикалық мәні – тағылымдық, тәлімдік ойға негізделген халық шығармалары арқылы баланың көрнекі-бейнелі ойлауы мен қиялын дамытудағы фольклордың білімдік қызметі.

Балалар фольклорының танымдық қызметі – фольклордың жеткіншектердің жан-жақты дамуына, ой-санасының жетілуіне, жақсы мен жаманды ажырата білуіне, қоршаған ортаны танып білуіне негізделген қызметі.

Балалар фольклорының тәрбиелік қызметі – фольклордың үлкенді сыйлау, тіл алу, табиғатқа аялы көзқараспен қарау, мейірімді болуға тәрбиелеу қызметі.

Балалар фольклорының эстетикалық қызметі – фольклордың баланы қоршаған әлемдегі әсемдікті көре білуге, сезінуге, сүйуге, бағалай білуге үйретіп, эстетикалық талғамын қалыптастырудағы шығармашылық іс-әрекет мазмұнына негізделген қызметі.

Балалық шақ – адам өмірінің жеткіншектік шаққа, яғни 14-15 жасқа дейінгі кезеңі.

Гипербола – бір нәрсені немесе құбылысты шамадан тыс әсірелеу, суреттеу арқылы бейнелейтін көркемдеуіш құрал.

Ертегілер – фольклордың негізгі жанры, халық прозасының кең дамыған түрі.

Жаңылтпаштар – ойын-сауыққа жиналған адамдарды күлдіру, баланың тілін ұстарту, шапшаң сөйлеуге үйретуге негізделген қазақ ауыз әдебиетінің шағын жанры.

Жұмбақтар – адамның ой-өрісін, алғырлығын, тапқырлығын, білім деңгейін сынау мақсатында бір затты, әрекетті, құбылысты тұспалдап сипаттайтын шағын әдеби жанр, таным құралы.

Композиция – сюжеттің дамуын, оның кезеңдерін жүйеге келтіріп, шығарманың бөлімдерін байланыстыратын көркем шығарманың құрылымы.

Литота – затты немесе құбылысты белгілеріне, қасиетіне қарай кішірейте суреттеу арқылы бейнелейтін көркемдеуіш құрал.

Мақал-мәтелдер – халықтың даналығын кейінгі ұрпаққа насихаттау, өз ойы мен әрекетінің қорытындысын шығаруға баулитын, тапқырлық пен тығырықтан шығудың жолдарын табуға мүмкіндік беретін шеберлікті шыңдау құралы.

Метафора – заттың не құбылыстың сыртқы және ішкі белгілеріндегі ұқсастықтарына қарай сөз мағынасын ауыстырудың көркемдік құралы.

Миф – табиғаттың тылсым күші, адамның жаратылысы, тірі жан иелерінің (андар, құстар, жануарлар, жәндіктер) пайда болу ерекшеліктерін сипаттайтын көне аңыз, әңгімелер.

Поэтика – әдебиеттану ғылымындағы көне пәндердің бірі, шығармадағы көркем ойды жеткізу құралдарының жүйесі жайындағы ғылым.

Сюжет – фольклор жанры аясындағы шығарманың басты оқиғасы, негізгі бастауы. Сюжетте фольклорлық сипат тұрақты, ол халық арасында ауыздан ауызға тарап, кейін көркем шығармаға ауысады.

Тәмсілдер – астарланып айтылатын мағынасы терең өсиет, насихат үлгісіндегі ғибратты әңгімелер.

Теңеу – зат немесе құбылысты ерекшелігіне қарай қасиетін, сапасын, белгісін көрсетпей басқа затпен немесе құбылыспен салыстыруда қолданылатын көркемдік құрал.

Типология – көркем шығармаларды типтерге бөлу, олардың жалпы және дара қасиеттеріне, белгілеріне қарай топтастыру, бөлу әдісі.

Фольклор – адам өмір сүрген кезден бастап ауыздан ауызға таралып келе жатқан халық даналығы.

Фольклорлық шығармалар – халық арасында кең таралған шығармалар. Фольклорлық шығармалар тобын аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, ұлттық билер, әдет-ғұрып жырлары, салт-дәстүр жырлары, маусымдық жырлар құрайды.

Эпитет – заттың немесе құбылыстың ерекше белгілерін өзгерте сипаттап, оны адамның көз алдына елестетіп, қиялын дамытуда қолданылатын көркемдеуіш сөз.

Эпифора – сөйлеу мәнерін арттыру үшін сөз тіркесі немесе дыбыстық тіркестердің өлең жолының аяғында немесе әр ой ағымының соңында қайталануы.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық еңбек қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын, поэтикасын зерттеуге арналған.

Қазақ балалар фольклоры – ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі мен даналығын бойына сіңірген халық шығармалары. Балалар фольклоры тақырыптық арнасы кең, тәрбиелік мәні жоғары көркем туындылардан тұрады. Ана әлдіі мен бесік жырынан бастау алатын балалар фольклоры ұрпағымыздың бойында ұлттық құндылықтардың қалыптасуына негіз болады.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңындағы» «азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік көрсетуге үйрету, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» мәселесі [1], «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасындағы (2003 жылғы 16 сәуір) «жас ұрпаққа фольклор үлгілерін ұғындырып, тәжірибеге енгізу» қажеттілігі [2, б. 7], «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы (2018 жылғы 21 қараша) «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» деп аталатын бөлімінде көрсетілген «біздің мемлекетіміздегі сюжеттер, кейіпкерлер мен сарындарда шекара жоқ, оны жүйелеп, зерттеп Орталық Еуразия кеңістігіне танытып, бүкіл әлемге ауызша және музыкалық дәстүрді жаңа форматта тарату қажет, Ұлы Даланың фольклоры заманауи форматта жаңашалануы керек» деген тұжырымдар [3], «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (2017 жылғы 12 сәуір) бағдарламалық мақаласындағы қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, тілі, әдебиеті, мәдениеті мен ұлттық рухы ұрпақ бойында мәңгі сақталып қалуы керек деген тұжырым [4], Мемлекет басшысының Жолдауы мен «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» (2020 жылғы 8 қаңтар) мақаласындағы ұлттық болмыстың үлгісін қалыптастыру және ұлтты жаңғырту [5], «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» (2021 жылғы 05 қаңтар) мақаласындағы Тәуелсіздік ұрпақтарының санасына ұлттық мүддені сіңіріп, ұлттың жадын жаңғырту мәселелері [6], тарихи сананы жаңғыртып, қазақ халқының ежелден бергі тұрмыс-тіршілігін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, рухани мәдениетін бүгінгі күнге сол күйінде сақтап, ұрпағына жеткізуді көздеген болашақтың жобасы, ұрпақтар сабақтастығына негізделген «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізге алынды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Қазақта «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» [7], деп келтіруі және балалар әдебиетінің ұрпағымызға тілді үйретудегі рөлін [6, б. 2] көрсетуі балалар фольклорын кеңінен зерттеп, насихаттап, жариялау қажеттілігін, ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениетімізді сақтау керектігін айғақтайды. Осы турасында Мемлекет басшысының ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып, оның маңыздылығын көрсетуге бағытталған стратегиялық жобаларын жүзеге асыруда балалар фольклорының жанрларын тәжірибеде қолдану қажеттілігі өзекті болып отыр.

Бүгінгі таңда халқымыздың үштен бірін балалар мен жастар құрайды. Мемлекет басшысының өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мәселесіне баса назар аударып, Мемлекеттің жарқын болашағы өсіп келе жатқан балалар екендігін айтып, Қазақстандағы 2022 жылды Балалар жылы деп жариялауы жалпы қазақ ұлтының алдына ұрпақ тәрбиесі жөнінде үлкен міндет жүктеді десек болады. Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы қаулыда (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы №148 қаулысы) ұрпағымыздың рухани үйлесімді дамуы, ұлтымыздың болашағы жалпыхалықтық жауапкершілік деп көрсетілуі [8], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы «Қазақ мәдениетінің антологиясы (ақын, жырау, күйші шығармашылығы) арқылы ұлттық фольклорды зерттеу» әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру туралы тұжырымдар [9] диссертациялық жұмыстың негізін құруда маңызды орын алды. Осы мәселеге орай ұрпақ санасына рухани құндылықтар мен халық мұрасын сіңіруде қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы және поэтикасы жан-жақты зерттелуі тиіс.

Диссертациялық жұмыста қазақ халқының өміршендігін сақтап, ұрпағын өсіруде Хәкім Абайдың отыз бірінші қара сөзіндегі естігенімізді ұмытпастай есімізде сақтау үшін ұрпақтың көкірегі ояу, көзі ашық болуы керектігін айтуы [10, б. 101] рухани дүниетанымды берік сақтап, құндылықтарды ұрпағымыздың бойында қалыптастыруды негіздейді. Дүниеге келген күннен бастап балаларымыздың жадына балалар фольклорын, соның ішінде бесік жырын, мәпелеу, уату-алдарқату жырларын дарыту арқылы болашақ ұрпағымызды ұлтжанды, рухы биік тұлға етіп тәрбиелеудің жолдары көрсетілді. Халқымыздың бай мұрасы ретінде фольклор жанрларын ұрпақ санасына сіңіріп, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызды игерту – қазақ балалар фольклорының қызметі. Сол себепті ұрпағымыздың болашағын қалыптастыруда қазақ балалар фольклорын бала санасына тереңінен сіңірудің жолдарын зерделеу, саралау қажеттілігін басты назарда ұстадық.

Қазақ балалар фольклоры – халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі бар асылын бойына жинаған рухани қазынасы. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіндегі құнды дүниелерді халық шығармаларына жинақтаған және атадан балаға жеткізіп отырған. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі ұрпақ тәрбиесі адамзат ғұмырының барлық кезеңдерін қамтып қана қоймай, көкейтесті мәселе ретінде үздіксіз қарастырылып отырады. Осы көркем үлгінің қалыптасуы мен даму тарихы, жанрлары мен ерекшеліктері, мифологиялық мотивтері, көркемдік құралдары, сюжеті мен композициялық тұстары, таралуы мен дәстүрлі орындалуы, жаңаша өзгеріп трансформациялануы зерттеушілер тарапынан тереңінен зерделеніп, салыстырмалы зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Ұрпақ тәрбиесінің жанашырлары мен зерттеушілер тарапынан бұл мәселеге қатысты сәт сайын түрлі сұраныстардың артуы заңды құбылыс болып саналады. Өйткені болашағымызды құратын бүгінгі ұрпақ санасының рухани азықтануы – кезек күттірмейтін ең өзекті мәселе. Бұл мәселенің ғылыми-теориялық және

әдіснамалық талдаулары мен фольклордың табиғатын ашу, оның танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық сипатын, генезисін, типологиясын, поэтикасын ашудағы зерттеулерді көрнекті қазақ фольклортанушысы С.А. Қасқабасовтың, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мәселелерін белгілі фольклортанушы К.І. Матыжановтың ғылыми еңбектерінен табамыз.

Зерттеудің өзектілігі. Ғылыми жұмыстың өзектілігін келесі сипаттармен анықтаймыз:

1. Қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасу тарихы VI-VII ғасырлардан бастау алып, халық тұрмысымен және наным-сенімімен байланысты көрініс бергенімен, ғылыми нысан ретінде XV-XVI ғасырлардағы жинақталу, жариялану кезеңдері халық мұрасын жүйеленген ой тұрғысынан зерттеуімізге жол ашты.

2. Қазақ балалар фольклоры – балалардың жас ерекшелігін ескеріп топтастырыла туындаған халықтың шығармашылық өнері, ұлттық фольклордың құрамдас бөлігі. Сол себепті балалар фольклорының жанрлары мен жанрлық классификациялану кейпін зерделеу мен типологиялық ерекшеліктерін ашудың қажеттілігі айқын. Қазақ балалар фольклоры үлгілерін жүйелеу, жинақтау тарихнамасын жасау, салыстыру, жанрлық ерекшеліктерін, қызметін ашу жұмыстың өзекті буындарына жатады.

3. Тәуелсіздіктен кейінгі өркениет пен мәдениеттің дамуындағы жаңа бетбұрыстардың қазақ балалар фольклорының ғылым ретіндегі дамуына жаңашыл идеялар мен тың зерттеулер әкелуі диссертациялық еңбектің құндылығын арттырады.

4. XXI ғасырдағы жаһандану дәуірінде ғылым салаларында орын алған өзгерулер мен жаңарулар қазақ балалар фольклорының дамуына да ықпал етпей қоймады. Осының негізінде қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы, таралуымен қатар жаңару, өзгеру, трансформациялану үдерісі қалыптасты. Нәтижесінде, балалар фольклоры жанрларының танымдық, тәрбиелік сипатымен қатар көркемдік, эстетикалық көрінісін ашу міндеті қойылды.

5. Қазақ балалар әдебиеті біршама зерттелді, ал осы балалар әдебиеті өз бастауын алатын қазақ балалар фольклоры жекелеген мақала түрінде қарастырылғанымен, бүгінгі күнге дейін диссертация қарымында зерттелген жоқ. Сондықтан ұлттық фольклорымызды байыта түсетін оның құрамдас бөлігі қазақ балалар фольклорын зерттеу, оның генезисін, типологиясын, поэтикасын зерделеп, ғылыми айналымға енгізу диссертациялық жұмыстың өзектілігін танытады.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуын, зерттелуін қарастыру, жіктелуі мен жанрлық ерекшелігін, көркемдік сипаты мен сюжеттік-композициялық құрылымын анықтау.

Зерттеу жұмысымызда аталған мақсатқа жету үшін мынадай **міндеттер** анықталды:

1. Қазақ балалар фольклорының қалыптасу, даму, зерттелу, жинақталу кезеңдерін жан-жақты зерделеу. Қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивтерін, мифтік сипатын айқындау.

2. Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін саралау, балалар фольклорының салалары: әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклорын зерделеу, балалар фольклоры жанрларының танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық сипатын айқындау.

3. Қазақ балалар фольклорының сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін ашып көрсету, дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үдерісіне сай үлгілерін сараптау, талдау.

Зерттеу нысаны – қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы, поэтикасы.

Зерттеу пәні: қазақ балалар фольклоры: ғылыми-теориялық талдаулар, балалар фольклорының үлгілері.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі төмендегі ғылыми бағыттар аясында орындалған еңбектерге сүйенілді: фольклорлық дәстүр ортасында өмір сүрген А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлихановтың көзқарастары, ұлт зиялылары А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатовтың халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жинақталуы мен таралуы жайындағы көзқарастары, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтап, хатқа түсірген, фольклордың жіктелімін, типологиясын анықтаған Ә. Диваев, А.Н. Веселовский, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Уахатов, Н. Смирнова, фольклор теориясын ғылыми айналымға енгізген Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Е. Тұрсынов, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, Ш. Ахметов, Ә. Молдаханов, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов, Ш. Керім, А.Ш. Пангереев, Ж. Асанов, Ж. Аймұхамбет, А. Әбсадықов, А. Тойшан, кеңес дәуіріндегі балалар фольклорының теориялық мәселелерін зерттеген Г.С. Виноградов, О.И. Капица, В.П. Аникин, М.В. Осорина, ғұрыптық фольклор табиғатын ашып, оның этнографиясын зерттеген С.А. Қасқабасов, К.І. Матыжанов, фольклордың типологиялық мәселесін қарастырған Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов, С. Негимов, қазақ балалар фольклорын әнмен, әуезбен орындауды көрсетіп, бесік жырларының үлгілерін жинақтаған музыкатанушылар А. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, А.В. Затаевич, З. Жанұзақова, Б. Қарақұлов, мектеп оқулықтарына ауыз әдебиеті үлгілерін енгізу болашақ ұрпағымыздың тәрбиесінде елеулі орын алатынын зерделеген Ә. Дайыр, Қ. Айтқалиев, Ш. Беркімбаева, Г. Құрманбай, Н. Мүрсәлімова, т.б. ғалымдардың зерттеулері басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысымызда фольклортанушы ғалым С.А. Қасқабасовтың «Жаназық» (2002) әр жылғы зерттеулері, «Ойөріс» кітабы (2009), отбасылық ғұрып фольклорын зерттеуші ғалым К.І. Матыжановтың «Қазақтың отбасы фольклоры» (2007) монографиясы, «Рухани уыз» кітабы (2008), С. Қалиев пен К. Аюбай құрастырған 10 томдық «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясының» 1-томы (2005), Л. Сейітова құрастырған «Балалар фольклоры» жинағы (2008),

жүз томдық «Бабалар сөзі» жинағының 72-томы (2013), зерттеуші М. Әбілұлының «Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті» атты оқу құралы (2014), «Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті» оқу құралы (2018), зерттеуші А.Т. Ақжоловананың «Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы» монографиясы (2014), зерттеуші Б. Қошым-Ноғай құрастырған «Қуыр-қуыр, қуырмаш: Қазақтың балалар фольклоры» жинағы (2018) мен 10 томдық «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» еңбегінің 1-томы (2021), 10 томдық «Дала фольклорының антологиясының» ғұрыптық фольклорға арналған 6-томы (2020) және ғибратты фольклорға арналған 10-томы (2020), К.І. Матыжановтың «Уыз тәрбие» (2023) кітабы диссертациялық жұмыстың тәжірибелік талдауына негіз болды.

Қазақ балалар фольклорының кейбір мәселелері бірқатар әдеби, ғылыми зерттеулерге, атап айтқанда К.І. Матыжановтың «Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы» (1990) атты кандидаттық және «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» (2004) атты докторлық, А.Т. Мамбетованың «Қазақ балалар поэзиясындағы фольклорлық дәстүр (XX ғасырдың 1920-1990 жылдар аралығы)» (2006) тақырыбындағы кандидаттық диссертацияларына арқау болды.

Сонымен қатар біздің зерттеу нысанымызға сәйкес қазақ отбасындағы ересектердің балалары мен немерелеріне ауызекі әңгімелер, шежіре әңгімелер, күлдіргі әңгімелер, әзіл әңгімелерді айту арқылы фольклордың таралуы туралы П.Т. Әуесбаеваның «Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры» (1999), киелі сандардың балалар фольклорындағы қызметі туралы баяндалған Қ.Т. Тәжиевтің «Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі» (2004), өтірік өлеңдердің бала өміріндегі алатын орны мен оның танымдық, тәрбиелік сипаты көрсетілген С.Қ. Шахинаның «Қазақ фольклорындағы өтірік өлеңдер» (2004) атты кандидаттық диссертациялары назарға алынды.

Қазақ балалар әдебиетіне байланысты зерттеулерді қарастыратын болсақ, олардың шоғыры да біршама. Бұл зерттеушілер балалар әдебиетін негіз етіп алғандықтан, фольклордан қол үзіп кетпегендігі байқалады. Мәселен, балалар поэзиясының әдеби-көркемдік және тағылымдық-тәрбиелік тұстарын ұштастырудың жолдарын теориялық тұрғыда негіздеген А.Д. Алтайдың «Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму» (2009) атты докторлық, балалар прозасының тарихи даму жолын зерттеген Б.Б. Ыбырайымның «Қазіргі балалар прозасы және рухани-эстетикалық даму мәселелері» (1998), қазіргі балалар драматургиясы мен халық ауыз әдебиетіне салыстырмалы талдау жүргізіп, ауыз әдебиеті дәстүрлері мен драматургияның сабақтастығын зерделеген А.С. Ақтанованың «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы» (2003), бала кейіпкерлердің көркем бейнесін сомдауда теориялық ойларды жүйелеп, осы тұрғыдағы шығармалардың көркемдік сипатын балалар фольклорымен байланыстырған Б.Ө. Ақыштың «Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы (рухани әлем және адамгершілік мұрат)» (2006), бала дүниетанымы мен психологиясын танытудағы ақын шеберлігі, бүлдіршіндер танымын кеңейтудегі ұлттық тәрбие, салт-сана

мен дәстүрдің маңызын айрықшалап көрсеткен Ә. Жәкімнің «Қазақ балалар поэзиясы және М. Әлімбаевтың көркемдік тағылымы» (2006), XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ балалар поэзиясындағы ізденістерге, тақырыптық-танымдық арналарға шолу жасаған А.Ш. Жанаеваның «1960-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ. Мырза Әли шығармашылығы» (2007), қазақ балалар әдеби ертегісінің поэзиялық, прозалық, драмалық түрлерін, ертегі-поэма жанрының қалыптасуын ғылыми тұрғыда зерделеген Ж.А. Рүстемованың «Қазақ балалар прозалық ертегісі» (2007), қазіргі балалар поэзиясын тақырыптық, жанрлық тұрғыдан дамытуда үлкендердің еңбегін үлгі ету жолдарын көрсетіп, балалар шығармаларының таным мен тағылымға бағытталған тұстарын зерделеген Қ.Ж. Сапарбаеваның «1950-1970 жылдардағы қазақ балалар әдебиетіндегі көркемдік ізденістер (Әнуарбек Дүйсенбиевтің әдеби мұрасын негіздеу)» (2009) атты кандидаттық диссертацияларын қазақ балалар фольклорының танымдық, тәрбиелік қырын бағамдау мақсатында назарда ұстадық.

Зерттеу дереккөздері ретінде Ш. Ыбыраевтың «Ақ сандық, көк сандық: Балалар фольклоры (Бесік жырлары, тақпақтар, жаңылтпаштар мен жұмбақтар, ойын өлеңдері мен ойындар, ертегілер)» (1988), К.І. Матыжановтың «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» (2004), Л.А. Сейітованың «Балалар фольклоры. Бесік жыры. Өтірік өлеңдер. Мазақтамалар. Жаңылтпаштар. Санамақтар» (2008), жүз томдық «Балалар сөзі» жинағының балалар фольклорына арналған 72-томы (2011), М. Әбілұлының «Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті» (2014), М. Әбілұлының «Ежелгі сақ дәуіріндегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті» (2018), Б. Қошым-Ноғай құрастырған «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» жинағының қазақтың халық өлеңдері, жұмбақтары, жаңылтпаштары, жұмбақ-есептері, мақал-мәтелдері, ертегілері, аңыздарына арналған 1-томы (2021), 10 томдық «Дала фольклорының антологиясы» жинағының ғұрыптық фольклорға арналған 6-томы (2020) және ғибратты фольклорға арналған 10-томы (2020), К.І. Матыжановтың «Рухани уыз. Балалар фольклоры» (2023) және «Уыз тәрбие» (2023) еңбектері қолданылды. Диссертациялық жұмыста балалар фольклорының жалпы көлемі 16 баспа табақтан тұратын мәтіндеріне талдаулар жасалды.

Ғылыми жұмысты орындау барысында төмендегі **зерттеу әдістері** қолданылды: кешенді талдау, ғылыми жүйелеу, жинақтау, сипаттау, қорытынды жасау әдістері.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы философия докторы диссертациясы қарымында алғаш рет қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы, поэтикасы анықталды. Адамзат өмір сүрген кезден бері халық өмірімен біте қайнасып, бүгінгі күні өзектілігін айқын көрсетіп отырған халық шығармашылығы ретінде қазақ балалар фольклоры халық мәдениетінің бір тармағы екендігі дәлелденді. Өз бастауын халық даналығынан алатын қазақ балалар фольклорының тағылымдық мұра, салт-дәстүр, ырым-тыйым, жөн-жоралғылар түрінде санамызға сіңген көрінісі нақтыланды. Қазақ балалар фольклорының авторсыздығы, әуезділігі, синкреттілігі дәлелденді.

Қазақ балалар фольклорының қалыптасу кезеңдеріне тарихи шолу жасалып, балалар фольклорының жинақталуы, зерттелу деңгейі, тұтастану құбылысынан бастап, оның ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар түріндегі қолданбалы сипаты, танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық мәні көрсетіліп, оның көрінісін нақтылауға бағытталған қадамдар мен халық арасына кеңінен насихаттаудың жолдары ұсынылды.

Ұрпағымызға дәстүрлі дүниетанымды түсіндіруге мүмкіндік беретін халық даналығының қайнар көзі ретінде балалар фольклорының мифологиялық мотивтерден бастау алатыны, сол арқылы халықтың рухани танымын толық танытатыны, дүниетанымын кеңейтіп, ұрпақ санасына орнығатындығы сараланды.

Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерінің көптүрлілігі, балалар әндері, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ұлттық ойындардың ұрпағымыздың ой-өрісін дамытуға және тіл байлығын арттыруға бағытталған сипаты дәлелденді. Балалар фольклоры үлгілерінің ұлттық дәстүрлерді сақтауға және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдени мұраны жалғастыруға үлес қосатын және ұрпағымыздың бойында халқымыздың тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімін қалыптастыратын таным құралы бола алатыны зерделенді.

Қазақ балалар фольклоры жанрларының классификациясы, тәрбиелік қызметіне қарай топтастырылуы, дидактикалық қызметі дәйектелді. Балалар фольклоры үлгілеріндегі көркемдеуіш құралдардың, метафора, теңеу, эпитет, гипербола, литота, эпифора, анафора, т.б. құбылту қызметі поэтикалық тұрғыдан талданды. Қазақ балалар фольклоры үлгілерінің сюжет пен композицияға негізделуі, көркемдік-мазмұндық ерекшеліктері нақтыланды.

Цифрландыру үдерісіндегі қазақ балалар фольклорына жаңаша өң берілуі, фольклор үлгілерінің дыбыс, әуен, бейнелер және анимациялық мультфильмдер, кинофильмдер, театрландырылған қойылымдар арқылы әлеуметтік желілердегі трансформациялану үлгілері сарапталды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні: Зерттеу нәтижелері ЖОО-дағы «Қазақ филологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларында оқытылатын «Қазақ фольклоры», «Қазақ балалар фольклоры», «Әдебиет теориясы», т.б. пәндерін, сонымен бірге балалар фольклоры мен балалар әдебиеті мәселелеріне қатысты диссертация мазмұнында қарастырылатын жекелеген авторлардың шығармашылығын теориялық және тәжірибелік толықтыруда белгілі бір деңгейде үлес қосады.

Диссертациялық жұмыстың практикалық мәні: Жұмыс нәтижелерін ЖОО-ға арналған фольклортану бойынша курс бағдарламаларын құрастыруға, фольклортану пәндерінен жүргізілетін дәрістерде, сондай-ақ балалар фольклорына қатысты таңдау компоненті бойынша жүргізілетін пәндерді оқытуда қолдануға болады. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелерін оқытушыларға, ізденушілерге, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге оқу үдерісінде пайдалануға ұсынуға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазақ балалар фольклоры – өскелең ұрпақ үшін түзілген сөз өнерін тасымалдайтын, ұрпақ санасына рухани мұрамызды сіңіруді көздейтін, болашаққа бой түзеу үшін рухани азық беретін және ұрпақ тәрбиесін ата-баба салып кеткен сара жолмен құруға, халқымыздың санасында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдарды, жөн-жоралғыларды жалғастыруға қызмет ететін халық тағылымы.

2. Қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе. Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық көзқарастарды анықтауда, балалар фольклорының жанрларын талдағанда мифтің бар екендігі нақтыланды, бұл балалар фольклорындағы мифтік мотивтермен, аспан әлемімен байланысты тараған космогониялық мифтермен, жан-жануарлардың, жәндіктердің, құстардың кейбір ерекшеленген қасиеттерін бейнелейтін этиологиялық мифтер негізінде құрылған ертегілер арқылы түсіндірілді.

3. Балалар фольклоры классификациясының бірнеше үлгісі бар, олар: орындаушыларына қарай ересектер мен балалардың өздері орындайтын шығармалар, бесік жыры, уату-алдарқату жырлары, мәпелеу жырлары мен сұрамақ, санамақ, қаламақ, тақпақтар; әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры. Қазақ балалар фольклоры жанрларында сюжеттің оқиғалық желісі, қиял мен шындықтың араласып келуі, көркемделуі балалар фольклоры туындыларының типологиялық қасиетке ие екендігін көрсетіп берді.

4. Қазақ балалар фольклоры үлгілерінде көркемдеуіш құралдар, яғни теңеу, эпитет, литота, метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, күшейту, алмастыру, әсірелеу, кішірейту, қайталау, т.б. қолданылады, кейбір фольклор мәтіндерінде шығарманың басталуы, шарықтауы, өрбуі, аяқталуы кездеседі. Нәтижесінде, балалар фольклорындағы кез келген мәтін көркем, бейнелі сюжеттер арқылы жас ұрпақтың санасын қай жаста болмасын баурап алады.

5. Қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануы, яғни әуенмен жеткізілуі, кинофильмдерге, театрландырылған қойылымдарға, анимациялық фильмдер мен мультфильмдерге, қолөнер мен сәулет өнеріне, этнографиялық айшықтарға арқау етілуі оның өміршендігін көрсетеді.

6. Қазақ балалар фольклорының бала санасында дәстүрлі тәрбие негізінде орнығуы ұрпағымыздың тұлғалық дамуын қалыптастырады.

Зерттеу апробациясы. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында өткен төмендегідей ғылыми жиындарда талқыланды:

1. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті филология факультетіндегі докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» (Ақтөбе, 2018-2021);

2. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткен халықаралық ғылыми конференциялар (Ақтөбе, 2019, 2021, 2023);

3. Қызылорда облыстық «Рухани жаңғыру орталығында өткен республикалық ғылыми конференция (Қызылорда, 2019);

4. Орынбор мемлекеттік университетінде өткен халықаралық дөңгелек үстел (Ресей Федерациясы, Орынбор, 2019);

5. Ресей ғылым академиясы Уфа федералдық зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институтында өткен ғылыми тағылымдама мен конференция (Ресей Федерациясы, Уфа, 2020);

6. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында өткен халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар (Алматы, 2023);

7. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде өткен халықаралық ғылыми конференция (Орал, 2023).

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында орындалды. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, халықаралық және республикалық ғылыми конференция жинақтарында, шетелдік ғылыми басылымдарда қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 16 мақала түрінде жарияланды.

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі // Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2020. – №1 (130). – 8-14 бб.

2. Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде // Е. Букетов атындағы Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №3 (99). – 91-95 бб.

3. Балаларға арналған фольклорлық шығармаларды игерту жолдары // Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2021. – №4 (137). – 161-169 бб.

4. Children's folklore is the source of the preservation of folk traditions // Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2023. – №2 (143). – 115-121 бб.

5. Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – №1 (72). – 432-446 бб.

Халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Элементы детского фольклора в развитии национальной литературы // Материалы V Всероссийской научно-практической конференции (с международным участием), посвященной Году башкирского языка в Республике Башкортостан и 30-летию факультета башкирской филологии, востоковедения и журналистики Башкирского государственного университета «Современные

проблемы преподавания башкирского языка в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации». – Уфа, 14 февраля 2020. – С. 85-90

2. Қазақ балалар фольклорының танымдық мәні // «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»: атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе, 2019. – 40-42 бб.

3. Бала тәрбиесінде фольклор үлгілерін қолданудың психологиялық шарттары // Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұралары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе, 22 қазан 2021. – 199-205 бб.

4. Түркі тілдес халықтардың балаларға арналған фольклорлық шығармаларының тәрбиелік сипаты // Е.Д. Тұрсыновтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық контексінде» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 199-206 бб. (ауызша баяндама жасағаны үшін сертификат берілді).

5. Қазақ балалар фольклорының танымдық қызметі // Белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың 75 жылдық мерейтойына орай өткен «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Орал, 2023. – 10-15 бб. (ауызша баяндама жасағаны үшін сертификат берілді).

6. Балаларға арналған фольклорлық шығармалардың тәрбиелік мәні // Әдебиеттанушы-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зәки Ахметовтың 95 жылдығына арналған «Отандық әдебиеттанудағы академик Зәки Ахметов дәуірі: тарих, теория, әдіснама» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 105-112 бб.

7. Қазақ балалар фольклоры және ұлттық таным // «Түркі әлемі: орта түркі дәуірі (X-XV ғғ.) жазба мұраларының рухани-мәдени кеңістігі» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Орал, 2024. – 168-174 бб. (ауызша баяндама жасағаны үшін сертификат берілді).

Республикалық ғылыми конференция жинағында жарияланған еңбектер:

1. Отбасы тәрбиесіндегі балалар фольклорының алатын орны // «Жаһандану дәуіріндегі дәстүрлі отбасылық тәрбие және заманауи құндылықтар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда, 28 мамыр 2019. – 35-42 бб.

Ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Bilingual education of children in the frames of crosscultural approach // Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2018. – Vol. 4. – P.139-146. – Q2.

2. Formation and development of Kazakh children's folklore // *Orsi6n*, A6o 35, 2019, Regular No. 24. – P.1348-1360. – Процентиль – 63.

3. Балалар фольклорының отансүйгiштікке баулудағы рөлi // Ғылым. Әйел. Қоғам. – 2023. – №4(13). – 34-40 бб.

Зерттеудiң құрылымы мен көлемi: Диссертация анықтамалардан, кiрiспеден, iштей тарауларға бөлiнген үш бөлiмнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тiзiмiнен тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемi 171 беттi құрайды.

1 ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

1.1 Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуы

Фольклор – адамзат өмір сүрген кезден бастап, халықпен бірге жасасып, бірге өмір сүріп келе жатқан халық шығармашылығы. Қазақ балалар фольклоры – жалпы фольклордың арналы саласы, халық мәдениетінің бір тармағы, балалар әлемінің айнасы. Ол өмір сүру арнасында өзінің өміршеңдігін тереңдетіп, халықтың мүддесіне қызмет етіп келеді. Қазақ балалар фольклоры ұрпақ тәрбиесінде халық шығармалары түрінде қолданылғанымен, кейде балалар әдебиетінің көлеңкесінде қалып қойып жататыны бекер емес. Дегенмен балалар фольклоры одан әрі дамиды және халықтың мәдени мұрасы болып қала береді. Сонымен қатар қазақ балалар фольклорын, яғни халқымыздың рухани қазынасын әрі бай мұрасын ұрпақ санасына сіңіру ісі өзекті. Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы тарихи дәуірлерде, халықтың өмір сүрген кезеңдерінде орын алған халық тағылымымен, этникалық байланыстармен, этнографиялық зерттеулермен танымал.

Қазақ балалар фольклорының қалыптасу жолын зерделеуде жалпы фольклордың алғашқы нұсқалары қалай, қашан пайда болғанын біліп алу шарт. Бұл халқымыздың ерте замандардағы рухани мұралары бүгінгі күнге сол күйінде жетпегені, екіншіден сол кездегі руханияттың синкреттілігі, олардың салаларға бөлінбей діни нанымдар, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, әңгімелер, мифтер мен арбау, алғыс, қарғыс сияқты түрлі ұғымдардың бір-бірімен ажырамас біртұтас құрылым болып өмір сүргендігіне байланысты [11, б. 13].

Осы факторларды айқындауда, біріншіден, қазақ балалар фольклорының шығу тегін даналық, тағылымдық мұра, парасат ұғымдары тұрғысынан қарастырған дұрыс. Өйткені «фольклор» ұғымы халық танымы, халық тағылымы, халық даналығы, салт-дәстүрлер, ырымдар мен тыйымдар, жөн-жоралғылар деген ұғымдармен санамызға сіңген. Сондықтан фольклорды әдебиет, этнография, этнолингвистика салалары арқылы халық шығармашылығы, халық өнері деп те тани аламыз. Ғылыми зерттеулерде фольклордың жеке ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы ресми түрде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алатындығы нақтыланған. Дегенмен фольклор өзінің өміршеңдік сипатына қарай халықпен жасасып келе жатқандықтан, тарихи деректерде ХV-ХVІ ғасырлардан бастап өмір сүре бастағандығы жайында айтылған. Зерттеу барысында ұрпақ болашағына жанашырлық танытқан зиялы қауымның зерттеулері мен қазақ баласының сана-сезімін рухани азықтандырудың шарттары басты назарда болды.

ХV-ХVІ ғасырларда халық арасынан шыққан танымал өлеңшілер, жыршылар тарихи, тұрмыстық сипаттағы тақырыптар туралы ой қозғап, елдің, халықтың мүддесін қорғау үшін нық қадамдар жасаған. Сол кезеңдерде туған жырлар, олардың импровизациялануы халық аузынан тараған тағылымы мол, түйінді ойлардың пайда болуына түрткі болып, нақыл сөздер, шешендік сөздер, қанатты сөздер түрінде халық арасында айтылып, бірте-бірте мақал-мәтелдерге

айнала бастағандығы белгілі. XV-XVIII ғасырлардағы халық аузынан тараған түрлі жанрлардың (ертегілер, батырлар жыры, эпостар) орын алуы, салт-дәстүрлердің орнығуы (баланың дүниеге келуімен байланысты жасалатын салт-дәстүрлер), отбасылық ғұрыптардың орнығуы қазақ балалар фольклорының қалыптасу жолын ашты. XVIII-XIX ғасырларда қазақ фольклорының шешендік сөздермен, шежірелермен, хикаяттармен, эпсаналармен, тарихи жырлармен толығуы қазақ балалар фольклорының қалыптасу кезеңдерін көрсетті.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жерін мекен еткен зерттеушілер В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.В. Алекторов, И.Н. Березин, В.В. Бартольд, т.б. ұйымдастырған археологиялық этнографиялық зерттеу экспедициялары барысында халқымыздың өмірін, қазақ даласының тұрмыс-тіршілігі жайындағы зерттеулері қазақ балалар фольклорының даму тарихын анықтауымызға негіз болды. Сонымен бірге Ш. Уәлихановтан бастап А. Байтұрсынов [12], Х. Досмұхамедов [13], балалар фольклорының көне жанры – ертегілерді 1883 жылдан бастап Әулие ата жерінде ертегі айтушылардың аузынан жинап, бесік жыры, жаңылтпаштардың үлгілерін тұңғыш хатқа түсірген Ә.А. Диваевтың алғаш бесік жырларының үлгілерін жинақтап, баспаға ұсынуы, бесік жырының тағы бір үлгісін хатқа түсірген Г.Н. Потаниннің жазбалары, бесік жырларының музыкалық ырғағын зерттеген Қ. Жұбановтың зерттеулері қазақ балалар фольклорының дамуын алға карай ілгерілетті.

Қазақ халқының өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен таныс болған зерттеуші ғалымдар Н. Березин, Н. Ильминский, Ә.А. Диваев, Н.С. Смирнова, П.М. Мелиоранский, А.Е. Алекторов, т.б. фольклор үлгілерін жинақтап, құрастыруда тарихи-этнографиялық зерттеулер жүргізіп, оларды халық арасында насихаттау, баспасөз беттеріне жариялау жұмыстарымен айналысқан. XIX ғасырдағы ғалым-саяхатшылар, әскери қолбасшылар мен елшілердің жазба деректерінде қазақ халқының фольклор үлгілері мен этнографиялық зерттеулері туралы деректердің көптеп жариялануы қазақ балалар фольклорының қалыптасу кезеңдерін көрсететіні анық. Мұндай зерттеулердің нәтижесінде халық поэзиясының ерекшеліктері айқындалып, фольклорды халықтың тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алатын тәрбиелік мәнге ие жанр екендігінің дәлелденуі фольклордың ғылыми нысанға айналуына септігін тигізді деп айтуымызға болады [14, б. 441]. Сонымен бірге халық шығармашылығына жаңашылдық енгізу арқылы қазақ фольклорын жаңа мазмұнда қарастырып, салыстырмалы зерттеулер жүргізуі де фольклордың дамуын алға жылжитты. Бұл зерттеулердің нәтижесінде фольклордың теориясы айқындап, оның шындықты бейнелейтін, тарихы бар, халықтық дәстүрге негізделген, халық арасына кең тараған, бірнеше нұсқасы бар, авторы жоқ шығармалар екендігін білеміз [14 б. 443]. Осы кездегі ғылыми зерттеулердің мазмұны бала өмірінен сыр шертетін шығармалар, балалар ойындары кезіндегі айтылатын өлеңдер, бесік жыры, санамақ, жаңылтпаш түріндегі ұсақ жанрлардан құралған.

XIX ғасырдағы қазақ фольклорының жинақталу кезеңінде фольклор туындыларын жинаудың белгілі бір әдіс-тәсілдері болғандығын көре аламыз. Арнайы әдіс-тәсілдердің көмегімен фольклор үлгілерін жинақтап, оның ғылыми

айналымға енуіне негіз болған фольклортанушылардың қатарында В.В. Радлов, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, Ә.А. Диваевтарды атап айтуға болады. В.В. Радлов халық мұрасының рухани негіздерін сақтай отырып жинақтаса, Ы. Алтынсарин халық поэзиясына қанық ақсақалдардың өздерімен кездесіп, мақал-мәтелдерді, аңыз-әңгімелерді, ертегілерді, өлең-жырларды жинақтаған, ал Г.Н. Потанин кешенді жинақтау әдісімен фольклор мұраларын тікелей жинаған. Ә.А. Диваев экспедициялық жинақтау әдісімен нақты мақал-мәтелдер, өлеңдер, ертегілер, жыр-дастандарды жинақтап, оларды жазбаға түсірген [15, б. 26-27]. Бұл зерттеушілердің қайсысы болса да, қазақ балалар фольклорының ғылыми негіздемесін жасап, ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастырған. Қазақ балалар фольклорының генезисін ашуда Ә.А. Диваевтың атқарған жұмыстарының соншалықты құнды екендігін айта кетуіміз керек. Өйткені балалар фольклоры үлгілерін жан-жақты экспедициялық тәсілмен жинастырып, тиянақтап жариялауда ХХ ғасырдың басындағы жұмыстардың нәтижелі кезеңі Ә.А. Диваевтың есімімен танымал. 1920 жылы Сырдария облысында Ә.А. Диваевтың басшылығымен өткен экспедициялық жұмыстардың нәтижесінде фольклорға 80 дәптер, оның ішінде 45 дәптер арналуы, 1922 жылы экспедициялық тәсілмен 8 мыңдай беттен тұратын далалық жазбалардың жүйелі, тиянақты түрде жинақталуы қазақ балалар фольклорының қалыптасуында елеулі орын алды. Сонымен бірге тұрғылықты тәсіл арқылы жинақтаушы Н.Н. Пантусов ХХ ғасырдың басында қазақ ертегілерін, ырымдар мен өлеңдерді жинақтап, «Қазақ халқының әдеби үлгілері» атты еңбегінде қазақтың 7 ертегісін, ырымдарды, арнау-тілектерді, бата сөздерін енгізуі [16] қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуын айқындады.

Бұл диссертациялық еңбекте ХІХ ғасырда қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен даму сатысының басында тұрған ұлы ақын Абай Құнанбаев, этнограф, ғалым Шоқан Уәлиханов, қазақ балаларының сауатын ашып, ғылыми-әдіснамалық зерттеулер жүргізген, оларға арнап алғаш мектеп ашқан ағартушы, ұстаз Ыбырай Алтынсарин, Алаш қайраткерлері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов және халқымыздың тұрмыс-тіршілігін зерттеген, халық мұрасын жинақтаған фольклортанушылар Ә.А. Диваев, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.В. Алекторов, т.б. зерттеулеріне шолу жасаймыз. Сондықтан «қазақ балалар фольклоры», «балалар фольклоры» ұғымдары туралы сөз болғанда «халық даналығы», «халық тағылымы» деген түсініктерге тоқталамыз. Өйткені фольклордың жаратушысы – халық.

Халқымыздың мәдениеті мен әдебиетінің дамуында ұлттық фольклорымызды дамыту ісі де алға жылжыды. Оның барлығын жеке көзқарастар тұрғысынан дамытып, ілгерілету ісінде, қазақ фольклорына жаңаша түр, сипат беру арқылы басқа елдерге таныту, қазақ фольклорының дамуы, қалыптасу сатысын бір саты жоғарылатуда ақын А. Құнанбаевтың орны биікте. А. Құнанбаев ұлттық фольклорды ғана емес, бүкіл әлемдік фольклорды игерген. Оларды өз шығармаларына қосып, фольклордағы ерте заманнан бері келе жатқан қисса, дастандарды, жырларды, ертегілерді шығармаларында қажетінше қолданған. Ақынның орыс және Еуропа елдерінің тұрмысымен, мәдениетімен

танысып, ондағы озық дәстүрлерді ала білуі қазақ балалар фольклорының дамуына ықпал етті. Ол елдердің әдебиетіндегі қазақ халқына түсініксіз, жат дүниелердің қазақ халқының менталитетіне ұқсамайтын тұстарын көрсете отырып, қазақтың өзі шығарған халық әдебиеті бар екендігін басқаларға таныта білді. А. Құнанбаев осы көзқарасын негіздеп, орыс халқының шығармаларына аударма жасағанымен, оның сюжеттерін өзінің шығармаларында қолданбаған. Бұл да болса қазақ халқының өзінің халық ауыз әдебиеті барын, оны дамыту ісіне назар аударғаны деп білу керек. Осы арқылы қазақ фольклоры арқылы халықтың ой-санасын жетілдіру, халық ойын дамыту мен қалыптастыру, халық әдебиетіне жаңа тақырыптар қосу, ұлттық мәдениетті жаңа сатыға көтеру ісін қолға алған. Ақынның қазақ фольклорының көркемдік, бейнелілік сипатына үлкен мән беріп, оның эстетикалық маңызын арттыруды көздеуі ұлттық құндылықтарды сақтау арқылы «толық адам» тұлғасын қалыптастыруға бастаған болатын. Осы идеясы негізінде адамның ішкі әлемі мен тіршілігіне, түсінігіне, ой-санасына, көңіл-күйіне аса мән бере отырып, қазақтың психологиясын зерттеуі, қазақ фольклорының дамуына жеке көзқарас танытуы деп айтуға болады. А. Құнанбаевтың шығармалары қазақ фольклорының дамуы мен қалыптасуында елеулі серпіліс бергендігі белгілі. Абайдың қазақ мақал-мәтелдерінің мазмұнын талдап, халық мұраларын дәріптеуі өзінің шығармаларында қолдану қыры қара сөздерінде көрініс береді. Мысалы, бесінші қара сөзінде «*Түстік өмірің болса, күндік мал жиі*», «*Өзіңде жоқ болса, әкең де жат*», «*Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық*», «*Ер азығы мен бөрі азығы жолда*», «*Алаған қолым берген*» [17, б. 30], жиырма тоғызыншы сөзінде «*Атың шықпаса, жер өрте*», «*Алтын көрсе, періште жолдан таяды*» [17, б. 124] және т.б. мақал-мәтелдері кірістірілген. Абайдың қазақ балалар фольклорының шығармаларын ой-санасына сіңіруіне балалық шағының әрбір кезеңі әжесімен бірге өтуінде екендігі дәлел бола алады. Бала кезінен әжесінің айтқан әрбір сөзіне ден қойып, әкесімен бірге көптің ортасында жүріп, би-шешендердің ауыздарынан естіген дуалы, шешендік сөздерінің барлығы құлағына әбден сіңіп, ой-санасына ұялаған.

Ақынның қазақ балалар фольклорының дамуына қосқан үлесін фольклор үлгілерін өлеңдерінің сюжетін құруда шебер пайдалануынан, басқа халықтың фольклорлық шығармаларын салыстыра қолдануынан, қазақ мақал-мәтелдерінің мазмұнын ашып, оны өзінің қара сөздеріне шебер енгізуінен көруге болады. Сонымен бірге, ең маңызды тұсын ақынның балалық шағының фольклорлық дәстүр ортасында өткендігімен байланыстырамыз. Зерттеушілердің Абай туралы «*Дана әжесі Зере мен бойында ақындық, өнерпаздық дарыған шешесі Ұлжанның кестелі сөздерін құлағына құйып, шаршы топта жаңылмай сөйлейтін әкесі Құнанбай мен басқа ру басыларының билік сөздеріне ден қойып өсті*» [18, б. 235], деуі балалық шақтан бастап халық танымы мен халық даналығын құлағына сіңіруі ұрпақтың жан-жақты «толық адам» болып қалыптасуына ықпалы зор екендігіне дәлел болады. Ақынның қара сөздерінде мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді шебер қолдануына жастайынан би-шешендердің дуалы сөздеріне ден қойып, халық даналығын, мақал-мәтелдерді, ертегілер мен нақыл сөздерді меңгергендігі ықпал етті деп білеміз. Абай өлеңдерінде фольклор жанрларының

орын алуы фольклорлық дәстүрді ұстанғандығы деуімізге болады. Ақынның балаларға арналған өлеңдерінде фольклорлық дәстүр мен ауыз әдебиеті мұраларының орын алуы осының айғағы болса керек.

Мысалы, баланың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында жазған *«Ғылым таппай мақтанба»* өлеңінің мазмұны баланы білім алуға, өнерді үйренуге шақырып, жақсылық жасауға, жамандықтан жиренуге баулиды:

*«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз»* [19, б. 41], -

деп, өлеңде балаға бес асыл іс пен бес дұшпанды білгізіп, ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырады. Келесі өлеңдегі тіркестердің мазмұны қазақ балалар фольклорының қозғайтын тақырыптары мен сюжетін, танымдық, тәрбиелік қызметін көрсетеді:

*«Адамның бар қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім,
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім»* [20, б. 16], -

деп, ұрпақ тәрбиесіне сын көзбен қарап, халықтың танымы мен даналығын дәріштеген. Мысалы,

*«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім»* [20, б.16], -

деген өлеңінің мазмұны балалық шақ пен жастық шақтың адам өміріндегі қайталанбайтын, қызыққа толы кезең екендігін меңзей отырып, қазақ баласын рухани қазынаны уақытында игеріп алуға, оны пайдасына жаратуға шақырады.

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге ең көп еңбек сіңірген ғұлама ғалым М. Әуезов оның классик болып қалыптасуына әсер еткен үш қайнар бұлақ бар екенін тұжырымдаған. Бірінші қайнар бұлақ – ел әдебиеті, фольклор, екіншісі – шығыс әлемі мен мәдениеті, үшіншісі – батыс әлемі, орыс әдебиеті. Үш қайнар бұлақ деп бөліп көрсеткенмен, Абайдың шығармашылығына назар аударатын болсақ, үшеуінің кірігіп, бірігіп кеткен тұстары көп. Фольклордың батырлар жыры, ертегілер, аңыз әңгімелер сияқты жанрлары үлкендерге де, балаларға да ортақ болып келеді. Классик ақын Абайдың сюжеттік негізін шығыс фольклорынан алған поэмаларының да

балалардың өй-өрісін өсіруге, таным-зердесін кеңейтуге әсері мол. Жалпы Абай әлемінің темірқазығы – толық адамды қалыптастыру болса, адамның кемел кезеңге ұмтылуы балалық шақтан бастау алатыны белгілі.

Осы тұста С. Мұқановтың: «Абай поэзияны көркемдік әсер алу үшін емес, қоғамды өркендету үшін қажетті құралдардың бірі деп түсінген кісі. Сондықтан ол әрбір шығармасын көркем мінсіз, сұлу етумен қатар, сол шығармалардың мазмұнында қоғамның өркендеуіне, адамдардың жамандардан жиренуіне, жақсылыққа ұмтылуына себеп болатын ақылды, пайдалы пікірлер айтты», - деген пікірі ойға оралады [21, б. 12].

Ендеше, фольклорлық сарын көркемдік поэтикамен өрілген ұлы ақын туындыларының негізгі оқырмандары да жас жеткіншектер болып табылады. Қазіргі таңда еліміздің қазақ мектептерінде Абай поэмалары 10-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығына енгізілген [22, б. 37-43]. Мектеп оқулықтарына поэмаларды енгізуді өте дұрыс деп есептейміз, себебі ақынның үш поэмасында да философиялық астар болғандықтан, оны жоғары сынып оқушыларына оқыту өнімдірек болмақ. Академик С. Қасқабасов ақынның «Ескендір» поэмасының жазылу тарихына тоқтала келіп, Абайдың аталған туындыны жазбас бұрын, басты кейіпкер Ескендір туралы ел арасында, шығыс халықтарында кеңінен таралған фольклорлық сарындағы аңыз әңгімелерді, хикаяттарды жақсы білгенін, олардың барлығында патшаның асқан білгірлігі мен көреген қолбасшылығы ғана суреттелетініне нүкте қойғысы келгендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді [23, б. 559]. Әрине, бұл тұста ескеретін бір нәрсе – ұлы ақынның поэмаларында фольклорлық сюжеттер болғанымен, олар автор тарапынан реалистік сипатқа ие болды, сондай-ақ кейіпкерлердің әрбір іс-әрекеті нақтыланды. «Масфұт» поэмасында ұлы ақын басты қаһарманға қызыл алманы – әйелді таңдату арқылы, оның қоғамдағы орнын, жалпы әлеуметтік мәні терең мәселені көтереді. «Әзімнің әңгімесі» поэмасының сюжеттік желісі де шығыстың әйгілі «Мың бір түн» ертегісінен алынған. Бұл туралы М. Әуезов: «Абай шығыс ертегісінің осындай өзгеше мән, тартыстарына қызыққан болуы керек» [24, б. 188], - дейді. Демек, ұлы ақын Абайдың үш поэмасының да сюжеті әлемдік фольклордан алына отырып, идеясы мен мазмұны балалардың қиялын өрістетуге, белгілі бір түйін-шешім шығаруына тікелей әсер етеді.

Халқымыздың бай мұрасы балалар фольклорының танымдық, тәрбиелік қызметінің нақты көрінісі Абай поэзиясының мазмұнында баяндалып тұр. А. Құнанбаевтың балаларға арналған шығармаларына талдау жасауда ақын шығармаларының мазмұны тұнған халық танымы мен халық даналығы екендігіне көз жеткіздік.

Қазақ балалар фольклорының қалыптасуында фольклортанушы, этнограф, ғалым Ш. Уәлихановтың еңбегі орасан зор. Оның экспедициялық әдіспен дала фольклоры үлгілерін жинақтап, хатқа түсірудегі еңбектері қазақ балалар фольклорының қалыптасу кезеңін кұруда негізгі бағыттаушы болды. Ш. Уәлиханов қазақтың халық шығармашылығы, этнографиясы туралы тың мәліметтер жинап, баспаға жариялауда үлкен үлес қосып, қазақ фольклортану ғылымының дамуын алға қарай ілгерілетті. Ғалым қазақ ауыз әдебиетін жинап,

жариялауына себеп болған жайтты былай түсіндіреді: «Көшпелі елдерді аса қатал, жөн білмес тағы деп қабылдау бар дей келе, осындай көшпелі халықтардың барлығында (монғол, қазақ) өздері шығарған жазбаша және ауызша әдебиеті, аңыз әңгімелері бар... Өлеңге, әсіресе өлеңді суырып салма түрінде шығарып айтуға бейімділік барлық көшпелі елдердің, соның ішінде қазақтардың өзіне тән ерекшелігі деуге болады» [25, б. 390]. Ш. Уәлихановтың бұл пікірі Еуропа елдеріне қазақтың өзі жасаған ауыз әдебиеті бар екенін көрсетіп, суырып салма ақындардың барын, олардың қабілеттерін көрсете отырып, қазақ халқын шет елге таныту болса, екіншіден, қазақ балалар фольклорын басқа халықтар арасына тарату болатын. Ол халқымыздың жөн білген, сөз ұстаған жанашырларымен танысып, олардың аузынан шыққан тарихи аңыздар мен ертегілерді, жырлар мен өлеңдерді жинап хатқа түсірген. Қазақ халқының тарихын жазу үшін аңыз-ертегілер, жырлар мен өлеңдердің бірнеше нұсқаларын жинақтап, жариялаған. Саяхаттары мен экспедициялық жорықтары кезінде өзі болған өлкенің географиясын, тарихын зерттеп, өткенді жақсы білетін адамдармен, шежірешілермен танысып, әңгіме, жыр, аңыз, ертегі, дастандарды тыңдап, жазып алып отырған. Ш. Уәлиханов халық поэзиясы туралы түйінді пікірлер айтып, халық шығармаларының маңызын әрқашан жоғары бағалаған. Оның қолжазба деректеріндегі «*Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер*», «*Алып анадан туады, ат биеден туады*», «*Сақтанғанды құдай сақтайды*», т.б. мақал-мәтелдер бүгінге дейін сақталған.

Ш. Уәлихановтың жиған-тергендерінің арқасында қазақ балалар фольклорының құрамы әлемнің жаратылысы, рудың шығуы туралы аңыздармен, қиял-ғажайып ертегілермен, тұрмыс-салт жырларымен, мысқыл-сықақтармен толықты деуге негіз бар. Зерттеуші Н.Қ. Жүсіпов өзінің қазақ фольклористикасын зерттеу жайындағы еңбектерінде Ш. Уәлихановтың фольклортанушы ретіндегі қызметін былайша көрсетеді: «Фольклорлық шығармалардағы тілдік ерекшеліктерді сақтау, дәлдік, айтушы аузынан сол қалпынан көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинауды мақсат етуі қазақ балалар фольклорының шығармалармен толығына негіз болды. Этнограф-ғалымның атқарған жұмыстарының негізгі мақсаты ескі мәдени мұраны игеру мен халық ауыз әдебиетінің тарихын зерттеу болып табылады» [26, б. 45]. Шоқанның жаз мезгілінде қазақ ауылдарын аралап, халықтың тұрмыс-тіршілігімен жақын танысуды мақсат етуі, сол ауылдардағы танымал адамдардың аузынан өлең-жырларды, ертегі, аңыз-әңгімелерді жазып алып, халық тұрмысының тіршілігін суретке салып бейнелеуі қазақ фольклорының мұраларын дәріптеп, жоғары бағалағандығы деп білеміз. Ш. Уәлиханов фольклор мұраларын зерттеуде өзіндік ерекше әдіс қолданғаны туралы деректер бар. Ол бір аңызды немесе әңгімені бірнеше адамнан тыңдап алып, сол шығармалардың ішінде шындыққа жақын келетіндерінің сюжетін жазып алып отырған. Сөйтіп, қазақ ертегілерін, батырлар жырларын, өлеңдерді жинақтап, қазақ балалар фольклорының құрамын толықтырған. Ш. Уәлиханов халық арасындағы фольклор туындыларын тыңдап, оны хатқа түсіруді екінші бір адамдарға тапсырған. Тыңдау кезінде айтушының сөйлеу мәнеріне, нақышына

аса мән бере отырып, хатқа түскен кезде қате жіберілген мәтіндерге түзетулер енгізген. Мысалы, «*тақия*» сөзін «*қарқара*», «*құлын тапты*» сөзін «*құлын туды*», «*мінген едім*» тіркесін «*мінген атым*» деп өзгерткен. Шоқанның қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуына әкесі Шыңғыс пен әжесі Айғанымның берген халықтық дәстүрлі тәрбиесі ықпал етті деп айта аламыз. Уәлихановтар отбасында қазақтың сөз өнерін аса құрметтегені, ауылындағы талай айтыстар, өнер сайыстарының ортасында тәлім-тәрбие алған бала Шоқанның жастайынан терең ойлы, оқыған, көзі ашық әжесі Айғанымның аузынан халық даналығы жайындағы әңгімелерін, ертегілерді тыңдауы, әңгімелерді шебер баяндаушы әкесі Шыңғыспен елді аралап, халық мұрасын жинауы ғалымды фольклортанушы, зерттеуші ретінде қалыптастырды.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің тереңдігін оның ауыз әдебиеті арқылы танытуды мақсат еткен Ш. Уәлиханов фольклордың барлық жанры бойынша ерен еңбек еткен тұлға болып танылады. Зерттеуші Н.Қ. Жүсіпов жалпы фольклорлық мұра әуелі ел аузынан жазылып алынатыны, содан соң жарияланып, зерттелетінін айтады [26, б. 10]. Ғалым фольклортанудың аталған үш тұғыры бойынша да Ш. Уәлихановтан қалған қазыналы мұра бар екендігін көрсетеді. Ғалым ауыз әдебиетінің балалар танымы мен ой-өрісіне ерекше әсер ететін ең кіші жанры мақал-мәтелдерден бастап, ең күрделі түрі эпосқа дейін өзіндік әдіс-тәсілмен зерттеген. Батырлық эпостарды балалар да сүйсініп оқиды және ондағы кейіпкерлер мен олардың басынан өтетін оқиғалар кішкентай оқырмандар үшін өте қызықты болып табылады. Мәселен, қазақтың батырлық эпостары Ноғайлы ордасы заманында туғанын да Шоқан айтқан, бұл хақында ғалым Р. Бердібай өз зерттеуінде тұжырымды көзқарас білдіреді [27, б. 163]. Эпостың ноғайлы дәуірінде туғанын дәлелдейтін бірден бір жайт – оның мазмұнында сол кезеңде жасаған тарихи тұлғалардың есімінің көптеп айтылуы болып табылады.

Ш. Уәлиханов фольклорлық туындыларды айтушылардан жазып алып, оны жариялау, зерттеу ісімен қатар, сол мұраның орыс тіліне аударылуына да ерекше мән берген. Мәселен, ол өзінің «ХҮІІІ ғасыр батырлары жайында тарихи әңгімелер» деген мақаласында қазақтың көмекей жырауы атанған Бұқар Қалқаманұлын алғаш рет орыс оқырманының алдына шығарады. Мақаладан білетініміз, жырау Абылай ханның алдында үйсіннің Ердене деген батырын жақтап сөйлейді. Ол сөзді ғалым Ш. Уәлихановтың орыс тіліне тәржімалағандығы туралы зерттеуші М. Мағауин «Ғасырлар бедері» еңбегінде былайша келтіреді: «О, Аблай, Аблай! Подобно ари и гури возносится и соперничает с горами твоя слава; не помещаются в пяти воротах отпущенники – рабы твои. Перейдите за Ала-Тау, потушите гнев, если потушите, то не придет ли с 80 вьюками вещей Эрдене называемый твой пестрохалатный раб» [28, б. 86]. Дәл осы орысша аударманың түпнұсқасы жоқ, сондықтан да мақалада келтірілген бұл орысша жолдардың қазақ фольклоры мен жыраулар поэзиясы үшін маңызы зор болып табылады. Бұл еңбекте Ш. Уәлихановтың жырау сөзін өзге тілге тәржімалауының басты себебі қазақтың ұлттық сөз өнерін көршілес елдерге таныстыру еді.

Ертегі, батырлық жырлармен қатар, мифтік аңыз-әңгімелер де балалар фольклорының оқырмандары тарапынан зор сұранысқа ие шығармашылық болып саналады. Ғалым Ш. Уәлиханов өзінің санаулы ғана ғұмырында мифтік аңыз-әңгімелерге де ерекше қызығушылық танытқан. Себебі, мифтік әңгімелер халықтың бір кездегі әлемді, жаратылысты тану, түсіну деңгейінен мол хабар береді. Зерттеуші Қ. Алпысбаеваның еңбектерінде Ш. Уәлихановтың мифтік аңыз-әңгімелерді зерттеуге ден қоюы туралы жан-жақты айтылады [29]. Соның ішінде ел арасына кеңінен тараған «Қойлыбай бақсы» туралы мифтер циклі балалар үшін өте қызықты болып келеді. Қойлыбай есімді бақсының бәйгеге өз қобызын сексеуілге іліп жіберуі, оның өзге қарсыластарын жоқ қылу үшін бақсылық сарынға салуы сияқты қиял-ғажайып оқиғалар жас жеткіншектердің оқиға желісінің соңына дейін білуге ынта-ықыластарын арттырады. Қойлыбай бақсы туралы мифтік әңгімелер ХХ ғасырдың басындағы қазақтың біртуар ақыны М. Жұмабаевтың да шығармашылық қызығушылығын оятып, нәтижесінде «Қойлыбайдың қобызы» поэмасының жарыққа шығуына түрткі болған. Бұл туралы академик Р. Нұрғалиев аталған поэмада фантастикалық күйлер, бәйгеге қобыз қосу көрінісі ғажайып шебер бейнеленгендігі жайында пікір айтады [30, б. 126]. Зерттеу жұмысымызда қазақтың біртуар перзенті Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасынан қазақ балалар фольклоры үшін аса маңызды болып табылатын жанрларды танып, олар туралы ғылыми-теориялық деректерді жүйелеуге тырыстық.

Қазақ балалар фольклорының қалыптасуында ағартушы ұстаз Ы. Алтынсариннің ғылыми тұжырымдары мен көзқарастары ерекше орын алады. Қазақ даласында алғаш мектеп ашып, қазақ жерінде қоныстанған басқа халықтармен араласып, аудармашы, тілмаш қызметін атқарып жүріп Ы. Алтынсарин қазақ фольклорының мұраларын, соның ішінде балалар әлеміне арналған фольклор үлгілерін (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелер) жинақтап, хатқа түсірген, оны баспаға жариялаған. Ы. Алтынсариннің қазақ балаларына арнап оқуға шақырған шығармаларының мазмұнында халықтың мұң-шері, ішкі толғанысы туралы баяндалуы, көркемделуі бүгінгі күнгі ғылыми зерттеулерде жан-жақты қарастырылады.

Оның 1879 жылы жазылған «Қазақ хрестоматиясы» қазақ балаларының өз ана тілінде білім алуға арналған алғашқы мектеп оқулығы екені белгілі. Ұстаздың өзі осы уақытқа дейін қазақ балаларының татар тілінде білім алып келгендігін айтып, қазақ баласы өз ана тілінде білім алуы керек болғандықтан «Қазақ хрестоматиясы» еңбегін шығарғанын айтады. Ы. Алтынсарин аталған еңбекті екі бөлімге бөліп, балалар әлеміне қажетті барлық халық шығармаларын жинақтайды. Ағартушының «Осылармен қабат, бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу, салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін ғана оған сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал, осы айтылған мақсаттарға жету үшін жанында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ» [31, б. 6], - деген пікірі хрестоматиядағы

жинақталған балалар фольклоры үлгілерінің өнерге, білімге баулу құралы екендігін көрсетеді.

Хрестоматия екі кітапқа бөлінген. «Қазақ хрестоматиясы» (Киргизская хрестоматия) кітабының бірінші тарауында балалар өмірінен алынған ұсақ әңгіме-ертегілер, мысалдар, халық әдебиеті, екінші тарауында әртүрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер, үшінші тарауында ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінділер, төртінші тарауында мақал-мәтелдер жинақталған. Екінші кітабына қазақтың төл әңгімелері, аңыздар, табиғат туралы өлеңдерінің жиналуы баланың жас ерекшелігіне қарай қазақ балалар фольклоры үлгілерін топтастыруға үлгі бола алады. Ы. Алтынсариннің балаларға арналған өлеңдері мен балалар турасындағы ұсақ әңгіме-ертегілерінің мазмұны қазақ балалар фольклорының шығармаларымен мазмұндас. Кітаптың бірінші тарауындағы балаларға арналған «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» (12-б.), «Түлкі мен ешкі» (22-б.), «Қарға мен түлкі» мысалдары (22-23 бб.), «Қарға мен құрт» (23-б.), «Сауысқан мен қарға» (24-б.), «Жан-жануарлардың дауласқаны» (24-25 бб.), т.б. ұсақ-әңгімелері мен мысал өлеңдерінің тақырыптары халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты баяндалған. Осы тараудағы «Қара батыр» ертегісінің (25-27 бб.), «Бай мен жарлы баласы» (30-34 бб.) әңгімесінің мазмұны қазақ баласының бойына халық тұрмысымен сіңетін табандылық, еңбекқорлық, тапқырлық, сабырлылық, шыдамдылық, қайырымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту, насихаттауы болып табылады. «Бай мен жарлы баласы» әңгімесіндегі жарлы баласы Үсеннің көп еңбектенетіндігін, ептілігін сипаттап, сабырлы, шыдамды, момын бала образында сомдап, еңбек етуге бейімсіз, сабырсыз бай баласы Асанның образымен салыстыра отырып құрылған бұл әңгімесі балаға ой тастап, еңбек етуге, шыдамды, сабырлы болуға шақырады.

Осы кітаптың үшінші тарауындағы үлкен кісілер турасында жазылған «Малды пайдаға жарату» (40-41 бб.), «Білгеннің пайдасы» (42-43 бб.), «Таза бұлақ» (45-46 бб.), «Қанағат» (46-б.), «Әдеп» (46-б.), «Әділдік» (48-49 бб.), «Жомарт» (51-б.), «Сараңдық пен жинақылық» (51-52 бб.), «Салақтық» (52-б.), «Ақымақ дос» (53-54 бб.), «Жаман жолдас» (54-б.), «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ» (54-55 бб.), «Өтіріктің залалы» (55-56 бб.), «Надандық» (56-59 бб.), «Жамандыққа жақсылық» (59-60 бб.), «Сақып» (60-б.), «Тәкәппаршылық» (60-61 бб.), «Үш ұры» (66-67 бб.), «Жиренше шешен» (68-71 бб.) әңгімелеріндегі қарастырылған мәселелер халықтың тұрмыс-тіршілігінен алынғандығы, адам бойындағы жақсы қасиеттердің өміршең халық даналығының арқасында қалыптасатын тұстарын көрсетуі қазақ балалар фольклорының танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық қызметін айғақтайды. Ы. Алтынсарин өз шығармаларында балалардың қабылдауына ауыр тимейтін сөздер мен сөз тіркестерін қолданған, қысқа да түсінікті сөйлемдерді қосқан, әңгімелерінің көлемі шағын, мазмұнды, түсінікті, тиянақталған ойға негізделген. Ағартушы ұстаздың этнографиялық еңбектерінде халықтың көне замандардан бері келе жатқан әдет-ғұрыптарын тереңінен талдауы қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Сонымен бірге, балаларға арналған шығармаларында халықтың мұң-мұқтажын жырлап, әлеуметтік-

тұрмыстық мәселелерді көтеруі де фольклор туындыларының халық мұрасы ретіндегі көрінісін береді.

«Сөз басы» (8-11 бб.) өлеңінің мазмұны қазақ баласын оқу-білімге, өнер үйренуге шақырып, ұрандатуы ұрпағымызға білімнің шымылдығын ашып, білім әлеміне жетелейтін көрінісі деп білдік.

*«Бір құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!»* (8-б.), -

деп басталатын өлеңі қазақ баласын білімге шақырып, ұрпағымыздың болашағын құруға негізделген оймен өрнектеліп, халық мұрасының білім де, өнер де, тәрбие де, болашақ та бола алатын тұсын көрсеткені деп бағаладық.

*«Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды.
«Өнер – жігіт көркі» деп,
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ, Сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды...»* (11-б.), -

деген өлеңінде «Өнер – жігіт көркі» мақалын кірістіріп, баланы өнерге, білімге жетелеген.

Жастайынан білімге ынттық болып өскен бала Ыбырайдың балалық шағында атасы Балғожаның қасында жүріп, ауыл арасындағы той-жиындарда зиялы қауымның аузынан тараған әңгімелерді, аңыздарды естіп, сөз өнерін санасына сіңіріп өсуі есейген шақта халқының танымы мен даналығын насихаттаушы, фольклортанушы болып қалыптасуына ықпал етті. А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин шығармаларынан балалар фольклорының ғылыми нысанға айналуына фольклорды жазба әдебиетіне қолданып, балалар фольклорының жанрларына этнографиялық тарихи, шежірелік сипат бергендігін айтуымызға болады [14, б. 436].

Қазақ балалар фольклорының әрі қарай дамуына негіз болған А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926), Х. Досмұхамедовтың «Аламан» (1926), «Казакская народная литература» (1928), М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), С. Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931) зерттеулері фольклордың жанрлық түрлерін ашуға негізделген. Қазақ балалар фольклорының қалыптасуында ұлт мүддесін қорғаушы қазақ зиялыларының ықпалы зор болды. Соның ішінде қиын-қыстау кезеңде халық тағылымын, даналығын назарда ұстап, қазақ балаларының сауаттануына өз үлесін қосқан А. Байтұрсыновтың ғылыми зерттеулерінің орны биікте. А. Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде балалар фольклорының шағын жанрлары бесік жыры, өтірік өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, жарапазан атауларын ғылыми терминге айналдырды. Автор бұл еңбегінде балалар фольклоры туындыларын шағын жанрларға жіктеп, олардың көркемделу сипатына баса мән беріп, халық аузынан тараған шығармаларды

көркем ойдың жемісі болатын сөз өнері деп тануға негізделген көзқарастарын тұжырымдауы балалар фольклорының қалыптасуына оң әсер етті. Нақтыласақ, ағартушы өзінің зерттеулерінде айтылған сөздің ұнамды, мағыналы, мәнді болу керектігін айта отырып, халық аузынан тараған шығармалардың көркемделуіне, ойдың мағыналы, түсінікті болуына аса мән беруі, бала психологиясына тигізетін әсерін тереңінен зерттеуі балалар фольклоры туындыларының негізгі қызметін көрсетеді. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қазақ фольклоры үлгілерін «Сауықтама» және «Сарындама» деп екі топқа бөлген [32, б. 125-126]. «Сарындама» сөзін «салт» сөзімен түсіндіріп, салт сөзінің тобын мысалдар, ділмәр сөздер (афоризмдер), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер деп жинақтаған. Бұл еңбекте «өтірік өлеңдер», «жұмбақтар», «жаңылтпаштар», «тақпақ», «жарапазан», «бесік жыры» ұғымдарының алғаш рет енуі [33, б. 288-289] қазақ балалар фольклорының классификациясын, жанрлық ерекшеліктерін тануда негіз болды.

Алаш зиялыларының көрнекті өкілі Х. Досмұхамедов қазақ әдебиетінің негізін халық әдебиеті құрайтыны туралы айтып, қазақ халқының бүкіл тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, құндылықтар жүйесі халық ауыз әдебиетінде көрініс табатыны туралы тың тұжырымдар жасады. 1928 жылы Х. Досмұхамедов Қазақ жоғары педагогика институтында жасаған «Казакская народная литература: краткий очерк» баяндамасында «Қазақ әдебиетінің негізін халық әдебиеті құрайды. Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады» [34], - деп жазады. Оған дәлел сәбидің дүниеге келуін халық поэзиясында шілдеhana, бесік жыры атты арнайы жырлар түрімен аталып өтетінін мына жырмен көрсетеді:

*«Әлди, балам, әлди...
Көзімнің ағы-қарасы,
Жүрегімнің парасы,
Дүние, қамды ойлатпас,
Көңілімнің данасы,
Әлди, балам, әлди...»* [34, б. 15].

Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстық ырғақтардың басты орынға шығуына, сірә халық әдебиеті мен халық әндерінің кең таралып, дамуы және қазақтардың өмірдің кез келген жағдайында өлең шығарып, ән айтуы да бір себеп болса керек [16, б. 16], - деп, осы еңбегінде 46 пункттен тұратын қазақ халық әдебиетінің классификациясын ұсынып, бесік жырын енгізуі [16, б. 34-35] қазақ балалар фольклорының қалыптасуында ерекше орын алды.

XX ғасырдың басында жарық көрген М. Дулатовтың «Қирағат» оқулығында (1911) [35] және «Оқу құралында» (1924) [36] балаларға арналған фольклор үлгілері енгізілген. «Оқу құралында» өтірік өлеңдер (104-б.), бесік жырлары (110-б.), «Ай-кұлак», «Дүмпілдек», т.б. балалар ойындары (116-б.), жұмбақтар (119-б.), мақалдар (121-б.) берілген. М. Дулатовтың осы шығармалары қазақ балалар фольклорын толықтыра түсті деп айтуға болады.

Қазақ поэзиясын зерттеп, халық әдебиетінің қоғамдық, әлеуметтік өмірін, әсіресе қазақ поэзиясының халықтық сипатын тереңінен қарастырып, фольклор үлгілерін жинақтаған Ш. Уәлихановтың еңбектері, тағылымы мен тәрбиелік мәні тереңге жайылған А. Құнанбаевтың поэзиясы мен қара сөздері, балалар фольклорына қатысты мұраларды іріктеп, жинақтаған ағартушы Ы.Алтынсариннің еңбектері орасан зор. Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» балалар фольклорын жанрларға бөліп, аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдерге топтастыруы, қазақ балаларының өз ана тілінде сауатын ашуы үшін алғашқы қазақ әліппесін құрастырған А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» оқу құралы, қазақ халық әдебиетінің үлгілерін жинақтаған М. Дулатовтың, Х. Досмұхамедовтың зерттеулері диссертациялық жұмысымызда қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасу кезеңдерін көрсетуімізге негіз болды.

Балалардың өмірін, олардың ішкі жан дүниесін зерттеп, балалық шақтың әр кезеңінің өлең-жырмен өрнектелетінін алғаш көрсетіп, жинақтаған Х. Досмұхамедов балалар фольклоры мәтіндерін «балалар өлеңдері» деп жалпы атаған [37, б. 66].

Одан кейін осы бағытта Б. Уахатов «Қазақта балаларға арналған өлеңдердің екі түрі бар. Бірі – балалардың атынан шығарылып, бірақ соны балалардың өзі орындайтын өлеңдер де, екіншісі – ата-аналар шығарып, ата-аналар орындайтын өлеңдер тобы» [38, б. 170], - деп көрсетіп, қазақ балаларына арналған өлеңдердің өзіндік ерекшеліктері мен оның тәрбиелік мәнін көрсетіп, «Айгөлек», «Қуыр-қуыр, қуырмаш», «Ақ білек», «Тұсау кесер» сияқты балалар шығармаларына жалпы сипаттама жасайды.

Ғалым Б. Абылқасымов «Бала өсіру ғұрпының фольклоры» деп, бесік жыры балалар фольклорының жіктеліміндегі әлпештеу фольклорына енетін мәтіндердің мазмұнын жан-жақты талдап, сипаттайды.

Осы ретте С.А. Қасқабасовтың зерттеулеріндегі қазақ балалар фольклоры туралы ой-пікірлері орыс фольклортанушылары О.М. Капица, В.П. Аникин, А.А. Кафаров, М.Н. Мельников, Г.С. Виноградов зерттеулеріндегі әлпештеу поэзиясына енген қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне ұқсас. Одан басқа абхаз халқының әлпештеу поэзиясының ішкі құрамын ғалым Р.А. Хашбаның әлпештеу жырлары, бесік жыры, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары, арнау-тілек өлеңдері деп жіктеуі, татар фольклортанушысы Р.Ф. Ягафаровтың әлпештеу поэзиясына аналар жыры мен бесік жыры деп кірістіруі, өзбек фольклортанушысы А. Сафаровтың бесік жыры, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары деп көрсеткен көзқарастары [15, б. 71] қазақ балалар фольклорының жинақталу үлгісіне ұқсас екендігін көрсетті.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау, зерттеу жұмыстары өткен ғасырдан басталғанымен оның қолға алынған кезеңі Қазан төңкерісінен бергі дәуір екені мәлім. Осы уақытта жетпіс жылдан астам уақыт ішінде бұл салада қыруар жұмыс атқарылды. Оны шартты түрде кезеңдерге бөлу М. Ғабдуллиннің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халық поэзиясының зерттелуіне арналған еңбегінде [39, б. 5-27] арнайы қарастырылған. Ол қазақ

фольклористикасы туралы сөз еткенде, оның ғылым ретінде қалыптасу, даму, өсу жолын шартты түрде үш кезеңге бөлген:

Бірінші кезең – 20-30-шы жылдар арасы;

Екінші кезең – соғыс жылдары;

Үшінші кезең – Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдар (7-б.).

Бірінші кезеңде: С. Сейфуллин, С. Мұқанов, А. Сегізбаев, Е. Бекенов, Б. Кенжебаев, М. Әуезов, І. Жансүгіров, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Ш. Сарыбаев және т.б.

Екінші кезеңде: М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, Ә. Мәметова, Қ. Бекхожин және т.б.

Үшінші кезеңде: Ә. Марғұлан, Н. Смирнова, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, О. Нұрмағамбетова, Д. Шалабеков, Т. Сыдықов, Б. Уахатов, Б. Адамбаев, С. Садырбаев, К. Сейдеханов, Н. Төрекұлов, М. Ғұмарова және т.б. қазақ фольклорының дамуына үлес қосқан.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде Г.Н. Потанин, Ә. Диваев, А.А. Троицкая, Е.М. Пещерева, С. Көбеев, Т. Жомартбаев, т.б. еңбектерінде балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілері кездеседі. Одан кейін балалар фольклорының үлгілері «Балаларға тарту» (1927), «Ауылдағы жастар, жас ұландар үшін ойын, өлең, мысалдар» (1928) секілді жинақтарда жарық көрді. Сонымен қатар С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932), І. Жансүгіровтің «Ел өтірігі» (1927), «Балаларға базарлық» (1939), «Жұмбақтар» (1930), М.О. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), «Жеткіншектер» (1930) секілді кітаптарында да балалар фольклоры қамтылды. Дегенмен балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілерін М. Дулатовтан кейін жүйелеген Б. Кенжебаевтың құрастыруымен шыққан «Бөбек жыры» (1948) жинағы балалар фольклорын зерттеу жұмысында серпіліс жасады. Осы кезеңде балалар фольклорын жинау, жүйелеу, топтастыру жұмысы қарқын алып, «Балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (1956), «Қазақ совет халық әндері» (1959), «Жаңылтпаштар» (1963), «Қазақтың халық поэзиясы» (1964) секілді жинақтарда балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілері жарияланды.

XX ғасырдың соңғы ширегінде «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» (1977), «Жар-жар» (1978), «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (1980), «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (1980), «Жыл он екі ай», «Тілашар» тәрізді сериялы кітаптармен бірге «Өтірік өлеңдер» (1980), «Қуырмаш» (1983), «Түйе, түйе, түйелер» (1985) атты жинақтарда және фольклортанушы ғалым Ш. Ыбыраев құрастырған «Ақ сандық, көк сандық: Балалар фольклоры» (1988) [40] жинағында балалар фольклорының үлгілері жарияланып, насихаттала бастады. Кеңестік кезеңде Ә. Тұрманжанов, М. Әлімбаев, Б. Адамбаев, Н. Төрекұлов, Ш. Керім, т.б. әдебиетшілер қазақ фольклорын жариялау жұмыстарымен айналысты.

Қазақ балалар фольклорын тереңінен қарастырып, зерделеу ісі қазақ фольклортанушысы, академик С.А. Қасқабасовтың зерттеулерінде орын алды. XV-XVIII ғасырлардағы халқымыздың өмірінде орын алған тарихи оқиғалар жайындағы аңыздардың пайда болуы ұлтымыздың санасы мен рухани танымын

дамытуда ерекше орын алды. Бұл дәуірдің ел тарихында алатын маңызы ерекше. Сол кезеңдегі шиеленіске, қарама-қайшылықтарға толы тартысты оқиғалармен бірге ғұрыптық фольклор, қазақ шығармаларындағы сюжеттердің дастанға айналып, дастан жанрының қалыптасуы қазақ фольклорының дамуын алға қарай ілгерілетті. Дастан жанрының ықпалы ертегі жанрының пайда болуы, оның ежелгі қиял-ғажайып ертегілері, батырлық ертегілер түрінде жіктеліп, сол кезеңдегі халық аузынан тараған дастандар мен ертегілерді олардың сюжеті мен түрлеріне қарай топтастыруға негіз болды. Фольклор үлгілерінің қалыптасуы мен дамуында аталған фольклор туындылары сынға ұшырап, өзгертіліп, толықтырылып, кейбіреулері қолданыстан алынып тасталды. Фольклор туындыларының сынға алынуы нәтижесінде ертегі жанрлары қайта қаралып, сатиралық ертегілер пайда болады. Ертегі жанрының таралуы өтірік өлеңдердің пайда болуына ықпал етіп, нәтижесінде өтірік өлеңдер дами бастайды [41].

Қазақ фольклорының ел сұранысын қанағаттандырып, рухани мұра ретінде қалыптасу кезеңі ХХ ғасырдың І жартысынан басталады. Осы кезеңде фольклор өзінің өміршеңдігін көрсетіп, негізгі үш бағытта қалыптасып дамиды. Қазақ фольклорының қалыптасуы тарихи оқиғалармен байланысты болғандықтан, шығармалардың мазмұнында батырлық, елі мен туған жерін қорғау мағынасындағы туындылардың ауыздан ауызға таралуы қарқын алған. ХХ ғасырдың ІІ жартысында балалар фольклоры үлгілері топтастырылып, шағын жанрлары құрыла бастайды. Осы кездегі қазақ фольклорының үш бағытта қалыптасуы академик С.А. Қасқабасовтың зерттеулерінде кеңінен көрсетілген:

1. Қазақ фольклорының ескі жанрларының ұмытыла бастауы (бақсы сарыны, арбау, жалбарыну, жарапазан, төрт түлік туралы өлеңдері, бәдік);

2. Қазақ фольклорының эпикалық жанрлары классикалық мұраға айналып, жаңа дәуір мәдениетінің қалыптасуына әсері етуі (батырлар жыры, тарихи жыр, ғашықтық жырлары, ертегілер);

3. Қазақ фольклорының халық мұрасына айналуы, ресми мерекелер мен іс-шараларда орындалып, жан-жаққа таралуы (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, халық әндері, билері, күйлері) [11, б. 26].

Фольклортану ғылымымен қатар дамып, өзінің ғылыми бастамаларын көрсете бастаған осы кезеңде «халық әдебиеті» ұғымы «фольклор» деген ғылыми түсінікті толық аша ала ма?, «көркемдік сипаты анықталмаған, мәдени деңгейі жоқ халықтың аузынан тарап, ауызша түрде ғана айтылып жүрген шығармалар сөз өнері бола ала ма?», «халық арасында ғана айтылып, қағаз бетіне түсіп, негіздеме берілмеген ауызша шығармалар сөз өнері бола ала ма?», т.б. сұраулар үлкен мәселеге айнала бастайды. Осы ретте ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуы мен жинақталуы туралы толық деректер С.А. Қасқабасовтың қазақ балалар фольклорының типологиясын ашуға негіз болған «Ойөріс» (2009) еңбегінде, К.І. Матыжановтың «Рухани уыз. Балалар фольклоры» (2023) еңбегінде, Н.Қ. Жүсіповтың «Қазақ фольклортану ғылымы: ХХ ғасырдың бірінші жартысы» (2007) атты монографиясында жан-жақты қарастырылғандығы анықталды.

Фольклордың көркем әдебиет түріндегі жинақталуы туралы ғалым С.А. Қасқабасов еңбектерінде айтылады. Мұнда ғалым жоғарыда келтірілген мысалдардағы кейіпкерлер бойында болатын ең ізгі қасиеттерді санамалап, фольклордың қай түрінде болмасын жинақталған ойлар мен пайымдар, тұжырымдар мен көзқарастар толығымен жинақталып енетіндігін айтып, фольклор туындыларында әрекетті жинақтау, уақытты жинақтау, адамның арманы мен тілегін жинақтау әркез орын алатынын көрсетеді [23, б. 438]. Бұл пікірдің астарында фольклорлық шығармалардағы өзара ұқсастық, бірін-бірі толықтыру, өзара сәйкестік, көркем жинақтауға тән ортақ заңдылықтар орын алатынын білеміз.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы қазақ балалар фольклоры жайындағы ғылыми деректер мен зерттеулердің қайта қолға алынып, ғылыми нысан ретіндегі көрінісін нақтылауға бағытталған еркін, нақты қадамдардың жасалуында қазақ фольклортанушылары С.А. Қасқабасов, К.І. Матыжановтың еңбектері орасан зор. Қазақ балалар фольклорын зерттеу бағытындағы ғылыми диссертациялардың қорғалып, монографиялардың жазылуы бұл бағытты тереңінен дамыта түсті.

Қазіргі кезеңдегі фольклордың көркем әдебиет түріндегі жинақталуы, балалар фольклоры жанрларының жинақталып, топтастырылуына негіз болған еліміздегі іргелі академиялық еңбектер М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дайындалып, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрді. Бұлардың қатарында жүз томдық «Балалар сөзі» сериясының «Балалар фольклорына» арналған 72-томы [42] және он томдық «Дала фольклорының антологиясының» 6-томындағы «Ғұрыптық фольклор», 10-томындағы «Ғибратты фольклор» жинағында [43] шағын жанрлардың жинақталуы қазақ балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін тереңінен түсіндіреді.

Қазақ балалар фольклорының жинақталу тарихы фольклордың көне заманнан бергі көрінісін беретін халықтың тұрмыс-тіршілігін танытады. Тарихи деректер мен этнографиялық зерттеулер қазақ балалар фольклорының хронологиясын айқындап, олардың жинақталу тарихы, фольклор табиғатын зерделеген жазбалардың құнды екенін айғақтайды. Қазақ балалар фольклорының жинақталу тарихын білу қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері жайындағы мәліметтердің хатқа түскен кезеңіне зерттеу жасау деген сөз. Қазақ балалар фольклорының қалыптасу жолы өте күрделі болды деп айтымызуға болады. Дегенмен шетел кітапханаларында қазақ ертегілері мен аңыз-әңгімелердің сақталғаны туралы мәліметтерді ғаламтор желілерінен кездестіруге болады. Осы жерде фольклордың жаңа заман зерттеушілерінің бастамасымен жинақталған үлгілерін іздеп табу, оны басқа елдердің әдебиетінің қатарына тең қоюға мұрындық болып жүрген зерттеушілеріміз де бар. Олар фольклордың ұлттық кодты сақтаушы феномен ретіндегі көрінісін дәріптеп, насихаттауды мақсат етеді. Отбасында бала қандай тәрбие алса, сол тәрбиесі баланың алдағы өмірінде көрініс беріп отырады. Ал отбасындағы балаға берілетін тәрбиенің бастаулары – халқымыздың салт-дәстүрлері мен отбасында

ұстанатын тәрбие нормалары. Осы жерде қазақ балалар фольклорының қалыптасу тарихын ашуда қазақ фольклорының, соның ішінде отбасылық ғұрып фольклорының орны салмақты. Ғылыми, тарихи деректерге сүйенсек, отбасылық ғұрып фольклорының жинақталуы қазақ балалар фольклорының жинақталуымен сәйкес келеді.

Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар адамның дүниеге келуімен, өмірдің әр кезеңіндегі түрлі оқиғалармен (шілдехана, бесікке салу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, атқа мінгізу, мектепке бару) байланысты туындаған [44, б. 7]. Отбасылық ғұрып фольклоры туралы сөз болғанда соңғы жылдары осы бағытта фольклор үлгілерін жинақтау мәселесі бәсеңдегенімен, осы кезге дейін хатқа түскен, жинақталған фольклор мәтіндерін басып шығару ісі қарқын ала бастағандығы белгілі. Осы бағытта қазақ фольклортанушыларының фольклордың жинақталу кезеңдеріне зер салып, қолда барды қағазға түсіріп, арнайы оқулықтар, монографиялар, жинақтар түрінде басып шығару ісі ілгеріледі. Фольклортанушы ғалым К.І. Матыжановтың «Қазақтың отбасы фольклоры» атты монографиясы мен «Рухани уыз» [45] кітабы, фольклор мәтіндері және олардың нұсқалары жинақталған «Уыз тәрбие» оқулығы [46], «Бабалар сөзі» сериясының 72-томы, зерттеуші Б. Қошым-Ноғайдың «Қуыр, қуыр, қуырмаш» кітабында [47] жинақталып берілген фольклор үлгілері қазақ балалар фольклорының қолданбалы сипатын арттырды.

Ғылымның даму бетбұрысына қарай ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарастырыла бастаған рухани байлығымыз, асыл мұрамыз фольклор бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Ұмыт болған, естен шыққан асыл мұраларымызды да осы фольклордан іздеп табуға болады. Адамзат дүниеге келген күннен бастап өн бойына рухани эстетикалық азық жинап, қажетіне жарату, оны кейінгі ұрпағына қалдырып отыруда жалпы фольклордың арналы саласы «балалар фольклоры» өз қызметін жүзеге асырады. Осы тұрғыдағы ғылыми негіздеулер қазақ балалар фольклорының шығу тегін, қалыптасу, даму кезеңдерін тереңінен қарастыруды қажет етті.

Мысалы, Америкада 1962-1968 жылдары жарық көрген «Әлем ертегілерінің антологиясы» жинағына енген «Алдар көсенің сиқырлы тоны» ертегісінің ағылшын тіліне аударылған нұсқасының табылуы қазақ балалар фольклорының үлгілері өзге тілдерге аударылып, сақталғандығын көрсетеді. Бұл антологияда түркі халқына ортақ Алдар көсе ертегісінің бірнеше нұсқасы берілген. Жас журналист, зерттеуші Д. Әлімақын әлем ертегілері жинақталған антологияда Орта Азия халықтарына ортақ кейіпкер «Алдар көсе» ертегісімен қатар өзбек, қырғыз, тәжік халықтарының да ертегілері бар екендігін көрсетеді. Қазақ халқының «Алдар көсе» ертегісінің 1961 жылы Д. Лейтон ағылшын тіліне аударма жасаған нұсқасы Нью-Йоркте табылған. Екінші кітап Америкадағы Джордж Вашингтон университетінде «Совет Одағы, Орталық Азия және Қазақстан ертегілері» деген атаумен 1986 жылы жарық көрген. Жинақта қазақ, қырғыз, тәжік, түркімен ертегілерінің нұсқалары енген. Мұндағы 19 ертегінің ішінде «Қаңбақ шал», «Хайуанаттардың жыл басына таласуы», «Алдар көсе мен бай» ертегілерінің ағылшын тіліндегі нұсқалары табылған. Джордж Вашингтон

университетінің әйгілі Гельмонт кітапханасынан 1968 жылы Нью-Йорктағы баспадан шыққан «Дала ертегісі» деген қазақ ертегілерінің жинағы табылған. Бұл жинақты Батыс Еуропа мен Орта Азия елдеріне саяхат жасаған ғалым зерттеушілер құрастырған. Бұл жинақты ағылшын тіліне аударма жасаған зерттеуші М. Масси кітаптың алғы сөзінде қазақ ертегілерінің ашылмаған басқа да қызықты, мағыналы түрлерінің бар екендігін көрсеткен. Сонымен бірге қазақ халқының мәдениеті еркін даланың сахара мәдениетімен іспеттес екендігін, қазақ халқының сөзге шешен, тілге жүйрік екенін көрсеткен. XIX ғасырдағы әдебиеттерде қазақтарды қырғыздар деп көрсетуінің жаңсақ пікір екендігін айтады. Міне, осы анықталған деректердің барлығы қазақ балалар фольклор үлгілерін әлі де болса зерттеу керек екенін анық көрсетіп отыр. Қазақ балалар фольклорының трансформациясы ретіндегі көрінісін ашуда мемлекеттік бағдарламамен шетелде тағылымдамада жүрген жас зерттеуші, журналист Д. Әлімақын да фольклор жанрына жататын ертегілердің әлі де болса түбегейлі қарастырылып, зерттелу керектігін айтады. Өйткені өзге тілге аударылып, жарыққа шықпай жатқан нұсқалар әлі қаншама. Ғаламторсыз ғасырда АҚШ-қа жеткен қазақ ертегілерінің бірнеше нұсқалары өзге тілдерге аударылып, сол халықтың ұрпағына берілуі қазақ фольклор үлгілерінің дәстүрлі бейнесімен, сарындық ерекшеліктерімен танымал болды [48]. Бұл деректен қазақ балалар фольклорының қалыптасу жолын көре аламыз.

XIX ғасырда қазақ халқының бала тәрбиесі, жалпы қазақ отбасының өмірін зерттеуге деген қызығушылық күшейе түсті. Бұл кезде зерттеушілер әсіресе қазақ отбасындағы адамның дүниеге келген уақытынан өмірден озғанға дейінгі аралықта сақталған салт-дәстүрлердің орындалып, адамның әрбір өмір сүру кезеңінде көрініс тауып қана қоймай, үлкен философиялық мәнге ие құбылыс екендігі зерттеушілердің назарын аударды. Сол кездегі қазақ фольклоры туралы зерттеулер ғылыми мақала түрінде жарияланып, жинақталды. XIX ғасырдың аяғында ұрпақ тәрбиесі жайындағы ғылыми жарияланымдар кеңінен таралып, баланың құрсаққа біткен уақытынан басталатын ырымдар мен тыйымдар, салт-дәстүрлер, жөн-жоралғылар туралы фольклор үлгілері кеңінен қарастырыла бастады. Мысалы, жас келіннің бойына біткен нәрестені білген күннен бастап отбасының үлкендері «құрсақ шашу» ырымын жасауы, тоғыз ай, тоғыз күн бойы нәрестенің айы, күні жеткенше аман-есен дүниеге келуін тілеген әулеттің үлкендерінің жас ананы тіл-көз, бәле-жаладан, алдану, арбаудан қорғау ниетінде жасайтын жөн-жоралғылары, жас ананың айы, күні жетіп толғағы басталған кезде ауыл-аймақ, көрші-көлемді жинап, «қазаның бірінші қайнай ма, ұрпағым бірінші туа ма?» деген ниетпен жас ананың аман-есен босанып, ұрпағының дүниеге келу ниетімен жасалатын «жарысқазан» ырымы бүгінгі күнге дейін сақталған.

Ойымызды қорыта келе, қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен даму кезеңдерін былайша көрсеттік.

Алғашқы кезең:

XV-XVI ғғ. халық арасындағы өлеңшілер, жыршылардың жөн-жоралғылар, салт-дәстүрлер жайында ой қозғап, халық аузынан шыққан нақыл

сөздерді, қанатты сөздерді таратып, баланың дүниеге келуінен бастап жасалатын салт-дәстүрлердің, отбасылық ғұрыптардың орнығуы;

Халық аузынан тараған тағылымы мол, түйінді ойлардың пайда болып, халық арасында нақыл сөздер, шешендік сөздер, қанатты сөздер түрінде айтылып, бірте-бірте мақал-мәтелдерге айналуы.

Екінші кезең:

XIX ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың аяғына дейін қазақ этнографтары, тарихшылар, өнертанушылардың экспедициялық жорықтарда фольклор үлгілерін жинақтап, хатқа түсіруі;

Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, т.б. ағартушылардың қазақ балалар фольклоры үлгілерін шығармаларына арқау етіп, насихаттауы.

Үшінші кезең:

А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов сынды Алаш қайраткерлерінің қазақ баласының сауатын ашып, оқулықтар құрастыру, оқулықтарға балалар фольклоры жанрларын топтастыру үлгілерін оқулықтарға енгізуі, фольклор жанрларын игертудің әдістемелік жолдарын көрсетуі;

Қазақ фольклортанушылары мен шетел зерттеушілерінің тәжірибе алмасу мақсатында әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді кеңінен насихаттап, тереңінен таныстыруы арқылы қазақ балалар фольклоры жайындағы тәжірибелерінің іргелі зерттеу нысанына айналуы.

Төртінші кезең:

Кеңес дәуіріндегі В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.В. Алекторов, И.Н. Березин, В.В. Бартольд, Ә.А. Диваев, т.б. археологиялық, этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтауы, хатқа түсіруі, жариялауы және Г.С. Виноградов, О.И. Капица, С.А. Қасқабасов, К.І. Матыжанов зерттеулеріндегі балалар фольклоры үлгілерін топтастыруы, дәстүрлі отбасы тәрбиесінің фольклорға негізделуінің зерттелуі;

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қазақ балалар фольклоры үлгілерінің, соның ішінде мәпелеу, уату-алдарқату, маусымдық фольклор, ойындық фольклор мәтіндерінің тереңінен зерттеліп, жинақталып, хатқа түсірілуі.

Бесінші кезең:

Қазіргі кезеңдегі жас зерттеушілер мен ғалымдардың шет мемлекеттердегі кітапханаларда сақталған қазақ балалар фольклорының үлгілерін іздеп, оны медиа баспа түрінде жинақтап, жаңарған нұсқаларын заман талабына, балалардың қабылдауларына сай жаңартып жинақтауы;

С.А. Қасқабасов, К.І. Матыжанов, Ш. Ыбыраев, М. Әбілұлы, А.Т. Ақжолова, т.б. ғалымдардың фольклордың, балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін, классификациясын саралау бағытындағы ғылыми зерттеулері мен кандидаттық, докторлық диссертацияларының қорғалуы.

Қорыта келе, қазақ балалар фольклорын халық шығармаларынан сыр шертетін бай мұра ғана емес, ұрпақ тәрбиесіндегі басқа халықтарға ұқсамайтын өзіндік дәстүрлі тәрбиенің көрінісі деп таныдық.

1.2 Қазақ балалар фольклорының зерттелуі

Балалар фольклоры өзіндік көркемдік сипатымен ерекшеленеді. Ең бастысы – осы топқа жататын шығармалар кімдерге арналғандығы және қандай мақсатта орындалатындығы, яғни қандай қызмет атқаратындығы маңызды [11, б. 44]. Қазақ балалар фольклорының зерттелуі туралы айтқанда оның жалпы фольклордан бастау алатынын ескеріп, мәдениет, әдебиет, этнография, тарих ғылымдарымен байланысына сүйенеміз. Өйткені мәдениетімізбен және әдебиетімізбен қатар дамып келе жатқан қазақ балалар фольклорын балалар әдебиетінсіз елестету мүмкін емес. Себебі адам өмір сүрген кезден бастап ауыздан ауызға таралып, әр дәуірдің куәгері ретінде өмір сүретін фольклор – халық танымы, халық даналығы. Бұл бөлімде қазақ балалар фольклорының ғылыми айналымға енуіне негіз болған зерттеулерге тоқталамыз.

Халық аузынан тарап, сабақтасып, жалғасып ұрпақ санасына сіңіп келе жатқан қазақ фольклоры күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әдет-ғұрыпта, салт-дәстүрде зерделенеліп, бүгінгі күні ғылыми зерттеу нысанына айналып отыр. Қазақ балалар фольклоры өзінің зерттелу аясын әдебиеттің дамуынан бастағаны белгілі. Өйткені фольклор мен әдебиеттегі табиғи-органикалық байланыстар қазақ балалар фольклорын зерттеу үшін маңызды. Қазақ балалар фольклоры жалпы ұлттық фольклордың арнасында ішкі құрылымды құраушы жүйе ретінде зерттеліп, қазақ балалар әдебиетінен айырмашылықтары мен ерекшеліктері көріне бастады. Осы уақыттарда ұрпақ тәрбиесіне алаңдаулы халықтың ішінен елдің мұң-мұқтажын зерттеуде жалпы ұлттық фольклордан қазақ балалар фольклорының көркемдік сипатының айрықшалануы оның зерттелу арнасын кеңейтті.

Қазақ халқының көрнекті қайраткерлері, ғалымдары мен зерттеушілері, халық жанашырларының барлығы дерлік ұлттық сана мен жалпыадамзаттық сананы қалыптастыруда халық ауыз әдебиетін жан-жақты зерттеді. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық идеяны, мәдени мұрамызды насихаттап, халықтың сауатын, мәдениетін, халық өнерін жан-жақты зерделеді. Осыған орай қазақ балалар фольклорын зерттеуде А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Х. Досмұхамедов, А. Байтұрсынов еңбектері негізге алынды. Әсіресе қазақ баласының сауатын ашып, оларға білім беріп, өнерді игертуге ниетті қоғам қайраткерлері, қазақ зиялылары мен ағартушы-педагогтар, этнографтар мен өнертанушылар, халық даналығын дәріптеушілердің қазақ балалар фольклорының ұлттық рухани дамуындағы орнын көрсеткен еңбектері назарда болды.

Балалар фольклоры үлгілерін, көркемдік ерекшеліктерін, поэтикасын құруда А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» теориялық еңбегінің маңызы зор. А. Байтұрсынов қазақ поэзиясында «сұрай арнау», «зарлай арнау», «жырлай арнау» деген түрлерді көрсетуі арқылы қазақ балалар фольклорындағы арнау-тілек өлеңдерінің мазмұнын ашады [33, б. 13]. Сонымен қатар А. Байтұрсынов зерттеулері арқылы қазақ балалар фольклоры тілінде бейнелі сөздерді, теңеу, метафора, метонимия, шеңдестіру, арнау, қайталау, дамыту, бүкпелеу, өрбіту

түріндегі көркемдеуіш құралдарды қолдану арқылы балалар фольклоры мәтіндерін талдауда бағыт берілгенін көруге болады.

Халық аузынан тараған шығармалар әнмен, күймен, бимен, сөзбен өрнектеліп, нәтижесінде толғауларға, дастандарға, жырларға, бірте-бірте суырып салма айтыс өнеріне (әуезе, толғау, айтыс) ұласқан (260-б.), ал балалар арасындағы өтірік өлеңдер, ертегілер, мазақтамалар, қызықтамалар, қалжыңға негізделген балалар фольклоры жанрларының пайда болуына ықпал еткен. А. Байтұрсынов халық ауыз шығармаларының мазмұнын сауықтама және сарындама деген екі салаға бөліп, сауықтамаға көңіл көтеру, сауық үшін айтылатын шығармаларды жатқызса, сарындамаға салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар туралы шығармаларды жатқызады. Мысалдар тобына хайуанаттар туралы мысалдарды келтіруі, оларға тіл бітіріп, олардың қасиеттері, сыртқы түріне қарай баланы ақылға шақыру, ақымақтықтан бас тартуға баулитын жолдарын былай береді:

*Ақымақтық есекке тән болса,
Айлакерлік, қулық – түлкіге;
қорқақтық – қоянға;
момындық – қойға;
мазақтық – тырнаға;
жарғақтық – сауысқанға;
патшалық – арыстанға;
байсалдылық – аюға;
әншілік – бұлбұлға;
еңбекқорлық – құмырсқаға;
адалдық – қарлығашқа;
жүйріктік – тұлпарға;
сұрамсақтық – қарғаға;
шабандық – тасбақа мен ұлуға,
жолдастық – итке;
жалқаулық – шегірткеге;
салақтық – торайға;
төзімділік – түйеге;
табандылық тоқылдаққа тән [32, б. 125-126].*

Бұл теңеулер баланы жақсылыққа жақын болып өсуге, өзгелермен достық қарым-қатынас құруға үйретеді. А. Байтұрсынов халық ауыз шығармаларын осылайша екі топқа бөлу арқылы қазақ балалар фольклорының танымдық, тәрбиелік, көркемдік сипаты мен сюжетін анықтауға болатынын көрсеткен.

Отбасылық ғұрыптар арқылы ұрпағын өнерге баулудың жолдары ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың зерттеулерінде кеңінен қарастырылған. Оның: «Қазақта айтыс өлең көп, бірақ бұлар ел ішінде жоғалып, сиреп барады. Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады. Мұның да бәрін жазып алып қалмаса, бұл да арнайы әдебиеттен өшетін, жоғалатын түрі» (118-б.), - деуі халқымыздың ұрпағына ақыл-кеңестерін айтқан, жол көрсеткен, жөн

сілтеген мағыналы үгіт өлеңдерін жинақтап, құрастырып, насихат, нақыл сөздер түрінде берілуіне негіз болды.

Мысалы:

*«Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын таныс болса,
Достарың, дұшпан түгіл табалайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса»* (118-б.), -

деген өлеңнің мазмұнында *«Достарың, дұшпан түгіл табалайды»* дегені *«Әр нәрсеге асық болғанша, бір нәрсеге машық бол»*, *«Ағайын жат болады алыс болса»* дегені *«Ағайын араз болса, ауыздағы кетер»* секілді мақал-мәтелдердің мағынасын білдіреді.

Біреуден үміттеніп, бір нәрсені дәме етіп айтылған өлеңдерді үміт өлеңі деп көрсетіп, ескі ақындар мен жыраулардың билер мен шешендердің айтысындағы сөз таластыру үлгісін мақтау өлең, құттықтау өлеңі деп келтіруі қазақ фольклорының қолданбалы деңгейін отбасында ғана емес, қоғамда да орын алатын тұсын көрсетуі деуге болады.

Қазақ халқының бай мұраларын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, әдебиетін, өнерін басқа елдерге танытушы ұрпағымыздың санасын ояту ісінің өзектілігі арта бастады. Халық өз ұрпағына рухани мұра қалдыруда ауыз әдебиеті шығармаларын тұрмыста, мәдениетте, өнерде қолдану, оны тереңінен зерттеу қолға алынды. Халық арасында қайталанып айтылатын ойдың қорытындысын беретін нақыл сөздер, ділмар сөздер (афоризмдер), насихат сөздер іріктеліп санаға орнықты. Санаға кірген ой әрқашан бос қалмайтыны белгілі. Оны әрі қарай өрбітіп, мәні мен мағынасын ашып, талдауда қандай да бір жеке көзқарастар мен тұжырымдар жасалып отырған. Ол тұжырымдардың пайда болуына негіз болатын алғышарттар мен жетекші факторлардың барлығы қолданыстағы халық аузынан тараған шығармаларды топтастырып, нұсқаларын жіктеген. Халық санасындағы, халық аузындағы шығармалар тарихшылар, этнографтар, өнертанушылар, қолөнершілердің зерттеулерінде жеке көзқарастар түрінде қарастырылып, кейін олардың ұрпақ тәрбиесіндегі қажеттілігі айқындала бастайды. Атап айтсақ, М. Жұмабаевтың балаларға арналған жаңашылдыққа толы «Немере мен әжесі», «Ата, бата», «Сал, сал білек, сал білек», «Ақ қала», «Әже», «Бесік жыры» секілді өлеңдерінің табиғаты ХХ ғасырдың басындағы балалар шығармашылығының дамуына ықпал етті.

Мағжантанушы Ш. Елеукенов ақын шығармаларының көркемдік қуатын зерделей келе, Ж. Аймауытовтың мына пікірін келтіреді: «Мейірімді жас ана бөпесін ұйықтатарда: «Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем, қой-қой бөпем, жылама?» деп қоңыраулатып қоңыр әнге салады. Сол тәрізді Мағжан өлеңдерін оқығанда адамды әлдилеген, тербеткен сипатты, біресе мұң-зарға, біресе қайғы-шерге, біресе сары далаға, біресе өткенге айдайды, жаныңды бөлеп, көзге әлденелер елестейді...» [49, б. 315]. Осы тектес зерттеулердің нәтижесінде, ағартушылық және ұлтшылдық бағыт өкілдерінің мектеп ашу ісі қолға алынды, балаларға арналған аударма жинақтары жарық көріп, балалар әдебиетінің жанрлық-стильдік, көркемдік жағы дами бастады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді халық мәтелі. Қазақ балалар фольклоры қай заманда да өзінің танымдық, эстетикалық қызметін атқарып қана қоймай, әлеуметтік және тәрбиелік мәнін анық көрсетіп отырды. Белгілі фольклортанушы С.А. Қасқабасов қазақ балалар фольклорын зерттеудегі фольклордың эстетикалық және сейілдік қызметін ерекше атап өтеді. Фольклортанушы С. Садырбаевтың «Қазақ халық әдебиеті» кітабында қазақтардың әдеп жүйесі (бала тәрбиесі, отау құру тағылымы, бата, т.б.) деген топтамасында сәбидің дүниеге келуімен байланысты әдет-ғұрыптар, бесік жыры, бата, мақал-мәтелдер зерттелген. Қазақ балалар фольклорындағы жан-жақты талданып, салыстыра отырып жинақталған бесік жырының бірнеше нұсқасы енгізілген:

1. Бесік жырлары.

- Дене күтіміне арналған өлеңдер.
- Сылап-сипау өлеңдері.

2. Мақал-мәтелдер тағылымы.

- Бала тәрбиесі туралы.
- Тәлім-тәрбие туралы.
- Адам және оның қажеттілігі туралы.
- Ынтымақ-бірлік туралы.
- Жақсылық, жамандық, достық қасиеттер туралы.
- Батырлық, ерлік туралы.
- Еңбек туралы.
- Өнер-білім туралы.
- Тіл өнері туралы.

3. Баталар.

- Жаңа туған нәрестеге берілетін бата.
- Жас балаға берілетін бата.
- Наурыз бата.
- Жарапазан бата [50, б. 20].

Бесік жырлары, мақал-мәтелдер, бата түрлері қазақ балалар фольклоры үлгілерінің жинақтарында да кездеседі. Дегенмен қазақ балалар фольклорының эстетикалық мәнін ашудағы антологияға енген балалар фольклорының үлгілері жан-жақты зерттеліп, іріктеліп алынғанын байқауға болады.

Қазақ балалар фольклоры – тарихи, мәдени құбылыс, оның пайда болуы сонау көне замандардан бері тереңінен зерттеліп, тарихи кезеңдерде орын алған сыртқы әсерлерге байланысты өзгерулерге бейім тұратын ерекше дамушы құбылыс. Қазақ балалар фольклорының зерттелуі ақындар шығармашылығы мен жыраулар поэзиясынан бастау алады. Әуелде қазақ балалар поэзиясы қазақ балалар әдебиетімен қатар зерттелу арнасын түзсе, кейінірек XIX-XX ғасырлардан бастап өзінің қазақ балалар фольклоры ретінде дамуы мен зерттелу аясы бар екендігін көрсете бастайды. Осы бағыттағы жеке ғылыми көзқарастар мен ұлттық фольклор арнасындағы ішкі құрылымдар түрінде зерттелген қазақ балалар фольклорының атқаратын қызметіне қарай мәдени қажеттіліктер пайда бола бастайды. Қазақ балалар фольклорының көркемделуі, сюжеті, образдық

кейпін көрсетуде оның көпқырлылық, қолданбалы сипатына қарай синкреттілігінің көрініс беруі қазақ балалар фольклорын жан-жақты зерттеуді қажет етті. Бұл дегеніміз қазақ фольклорын бірінші саз өнері, мәдениет деп танып, оның орындалу, таралу, бейнелену, көркемделу ерекшеліктері болатындығын түсіндіреді. Қазақ фольклоры саз өнері түрінде халықтың тұрмыс-тіршілігінде кеңінен орын алып, халық өнері түрінде қарастырыла бастады. Халық өнері орындалып, таралуы үшін оның көркемдік сипаты, композициясы, типологиясы мен поэтикасы зерттелуі керек. Осыдан келіп қазақ балалар фольклорының мәдениет, өнер екендігі отбасында сақталған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан көріне бастайтынын білеміз.

Қазақ балалар фольклорының көркемдік қыры ұлттық мәдениеттен, халықтық таным мен халық тағылымынан басталуы қазақ халқындағы отбасылық ғұрып фольклорында екендігі белгілі. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дәріптеп, оны халықтық тәрбие бастаулары ретіндегі этнопедагогика ғылымындағы зерттеулерден көре аламыз. «Сондықтан да фольклорлық шығармаларды тек сөз өнері ретінде ғана емес, этнография ғылымының шегінде қарастыру әлемдік тәжірибеде орныққан үрдіс» [50, б. 6], - деп берілуі фольклорды кеңінен қарастырып, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді кеңінен қарастыруды меңзейді. Осы тұста айтарымыз фольклор – өз алдына дербес сала. Фольклордың өте ауқымды және нақты өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Әрине, оның этнография мен әдебиетке «туыстығы» ешқашан жоққа шығарылмайды. Сондықтан фольклор қашан да оны тудырған халық бар жерде жеке, дербес сала ретінде өмір сүре береді. Адамның дүние есігін ашқан күннен бастап пәннен бақиға дейін орын алатын салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылардың сақталып, ұлттық мәдениеттің көрінісін беретіні қазақ балалар фольклорының танымдық қырын кұрайды. Фольклордағы поэзиялық, прозалық (арбау, ұшықтау, аластау, бата, алғыс, қарғыс, т.б.), драмалық (ойын-сауық) шығармалары қазақ балалар фольклорының зерттелу кезеңдерінің алғашқысы болып табылады. Қазақ балалар фольклорының зерттелуін отбасылық ғұрып фольклорынан бастап қарастыруымыздың да мәні бар. Фольклор ауызша айтылып, ауызша таралатындықтан, отбасындағы бала ересектердің аузынан нақыл сөздер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді естіп өседі. Оны жауапты іс деп таныған қазақ халқы ұрпағының саналы, өнерлі, білімді болуын армандаған, аңсаған. Сол себепті сонау ата-баба өмірінен бері жалғасып келе жатқан отбасылық ғұрыптарды сақтап, күнделікті тұрмыс-тіршілікке енгізіп отырған. Жоғарыда айтып кеткен поэзиялық, прозалық шығармаларды бала отбасынан біліп өседі. Драмалық ойын-сауық шығармаларын бала өсе келе өзі орындап немесе орындаушылардан естігенде қайталап, фольклор шығармаларын санасына жастайынан сіңіріп өседі. Қазақ балалар фольклорының мәдени тұрғыда зерттелуі ұрпағына өнер-білімді, мәдениетті игерту ниетінен туған.

Кеңес кезеңіндегі фольклорист В.Я. Пропптың 1946 жылғы жүргізген фольклор жанрын зерттеудегі көзқарастарын негізге алып жазылған еңбекте фольклор жанрларының өзіне тән ерекшеліктері болатынын тұжырымдап, оларды атап көрсетуі қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін,

сюжетін, көркемделу құралдарын ажыратып көрсетуі зерттеу жұмысымыздың мазмұнын құруға арқау болды.

Қазақ фольклортану ғылымының дамуы мен қалыптасуын, зерттелуін жан-жақты қарастырған С.А. Қасқабасовтың «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» (1969) атты кандидаттық диссертациясы қазақ ертегілерінің жанрлық ерекшеліктерін, олардың түрлерін, мифологиялық мотивтерін зерттесе, Кеңес дәуіріндегі фольклортанушылар Г.С. Виноградов, О.И. Капица зерттеулері орыс балалар фольклоры туралы ғылыми-теориялық зерттеу жүргізді. Осы аралықта ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ эпосындағы тұтастану құбылысын өзекті мәселеге айналдырып, тереңінен зерттеуде фольклортанушы ғалым С. Садырбаевтың «Фольклор және эстетика» (1972) жайындағы зерттеулері қазақ балалар фольклорының эстетикалық қызметін анықтап, наным-сенімдерге жататын өлеңдер мен жырлардың көркемдік сюжетін, фольклордың мифологиялық мотивтерін ашуда маңызды болды.

С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын зерттеу арқылы екі нәрсеге біріншіден, фольклордың сөз өнері екендігі, екіншіден, фольклордың әдебиеттен алшақтығына назар аударудың керектігін көрсетуі фольклор жанрының этнографиямен байланысты екендігін нақтылады. Сонымен бірге, фольклор жанрының сюжетін шығармаға айналу жолдары мен оның таралуын, орындалу ерекшелігін көрсетуі балалар фольклорының поэтикасы мен әлеуметтік қызметін анықтауда негізге алынды. Фольклор жанрының прозалық фольклор деп аталатын түрлері миф, әңгіме, эпсана, шешендік сөздер деп көрсетілуі, ал жыр, тақпақ, қара өлең, айтыс, мақал-мәтелдердің өлең үлгісіндегі фольклор жанрлары [23, б. 16-17] болатынын түсіндіруі балалар фольклоры жанрларының ерекшеліктерін, олардың пайда болуындағы мотивтерді, көркемделуі мен сюжетін танытып, қазақ балалар фольклорының поэтикасын анықтауға негіз болды. С.А. Қасқабасов осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қорғаған 1989 жылы Мәскеу мемлекеттік университетіндегі «Қазақ халық прозасының жанрлары» тақырыбындағы докторлық диссертациясында жалпы қазақ фольклортану ғылымының салаларын тереңінен зерттеу, қазақ балалар фольклорын зерттеудің маңызды екендігін көрсетті.

Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық идеяны, мәдени мұрамызды насихаттап, халықтың сауатын, мәдениетін, өнерін жан-жақты зерделей бастаған 1970-ші жылдарда қазақ фольклортану ғылымының құрылып, өз алдына ғылым саласына айналуына үлкен еңбек сіңірген фольклортанушы С. Қасқабасовтың жүргізген зерттеулері мен ой-тұжырымдарының алатын орны ерекше. Ғалымның қазақ фольклоры жанрларының теориясы мен қазақ халық прозасын саралау мәселелеріне арналған «Жаназық» (2002) деп аталатын әр жылғы зерттеулері, «Ойөріс» (2009) еңбектері диссертациялық жұмысымыздың ғылыми-теориялық негізін құруда басшылыққа алынды.

С.А. Қасқабасовтың қазақ балалар фольклорының типологиясын ашуға негіз болған «Ойөріс» (2009) еңбегінде қазақ балалар фольклорының өзіндік сипаты ерекшеленеді. Балалар фольклорын топтастыруы балалар фольклорының шығармалары кімдерге арналғаны, оны кімдер және қалай орындайтынын білу

шарт. С.А. Қасқабасовтың қазақ балалар фольклорының біріншіден тәрбиелік мақсатта, яғни оның көркемделуі баланың жасы мен психологиялық дамуына қарай көрінетінін айтып, керісінше оның эстетикалық мәнінің жоғары екендігі, үшіншіден балалар әлемі мен ішкі жан-дүниесіне сай өзіндік композициялауға болатынын айтуы қазақ балалар фольклорының зерттелу жайын кеңінен ашып берді. Сонымен қатар ерекше айтып өтетін нәрсе, бұл еңбектегі «дидактикалық фольклор» [11, б. 44-46] деген атау балалар фольклорының жанрлары мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды топтастыруы маңызды орын алды. Өйткені танымдық, ғұрыптық қызметі бар бұл жанрлардың қай-қайсысы да тәжірибелік қызмет атқарып, ұрпағымызды тәрбиелеу ісінде өн бойы сақталып отыратындығы белгілі. Осы жанрларды дидактикалық фольклор деген атаумен топтастыруы халық танымы мен халық даналығынан дарыған ғибраты мол ақыл-кеңестер, нақыл сөздер, қанатты сөздер, тәмсіл сөздерді жинақтауда маңызы зор деп есептейміз.

Қазақ балалар фольклорын зерттеуде фольклортанушы С.А. Қасқабасовтың қазақ балалар фольклорының топтастырылуы мен жіктелуі, ішкі жанрларға бөлінуі, көркемделу сипатын ашуда еңбегі орасан зор. С.Қасқабасовтың ұсынған үлгілері мен олардың шарттарына негізделіп тәуелсіздіктен кейінгі уақытта біршама іргелі зерттеулер жүргізілген. Бұл топтастыру мен қазақ балалар фольклорының үлкен екі салаға жіктелуі ғылыми зерттеу нысаны ретінде қабылданып, кандидаттық, докторлық диссертациялардың қорғалуына негіз болды: К.І. Матыжановтың «Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы» (1990) [51], А.Т. Мамбетованың «Қазақ балалар поэзиясындағы фольклорлық дәстүр (XX ғасырдың 1920-1990 жылдар аралығы)» (2006) атты кандидаттық [52], К.І. Матыжановтың «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» (2004) атты докторлық диссертацияларында [53] балалар фольклоры зерттелді. Олар қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысын зерттеп, фольклор жанрларын топтастыру, классификациялау үлгісін, фольклор жанрларының көркемделу сипатын ашып берді. Қазақ фольклорын зерттеуге деген қажеттіліктер осы бағыттағы ғылыми зерттеулер мен еңбектердің жарыққа шығуына, кандидаттық, докторлық диссертациялардың қорғалуына негіз болды.

Қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасу тарихын егжей-тегжейлі зерттеп, дәстүрлі тәрбиенің бастауын тереңінен түсіндіруде балалар фольклорын зерттеуші К.І. Матыжановтың сіңірген еңбегі орасан. К.І. Матыжанов қазақ балалар фольклорын тереңінен зерттеуде өзінің «Уыз тәрбие» (2023) еңбегінде автор балбұлақтың құнарлы қайнары – уыз тәрбиені әрбір отбасының, ата-ана мен балғын бөбектің қанып ішетін кәусарына қалай айналдырамыз деген сауалға жауап іздейді. Аталған еңбек К.І. Матыжановтың 1990-шы жылдары ең алғаш жазылған еңбегі болып саналады. Автор уыз тәрбиенің (баланы ерте дамытудың) күрделі мәселелерін ұлттық және дүниежүзі халықтары тәжірибесімен астарластыра зерделеп, қазіргі тәрбие трендтеріндегі тың ғылыми толғамдар мен ұстанымдарды кеңінен қамтып саралайды. К.І. Матыжановтың «Уыз тәрбие» еңбегінде қазақ балалар фольклорының дамуы

мен қалыптасуы, оның зерттелу жайын қарапайым жеңіл тілмен түсіндіріп, ұрпақ тәрбиесіндегі отбасы тәрбиесінің дәстүрлі халық тәрбиесі екендігін тереңінен баяндайды. Ал отбасы тәрбиесі қайдан басталады десек, оның бастауы адамгершілікте, ал адамгершілік тәрбиесінің бастауы халық мұрасы, халық даналығы, отбасында сақталған салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылар деп көрсетуі дәстүрлі отбасы тәрбиесін насихаттауы болып табылады. Автор өз пайымын тоғыз толғамға жинақтап, тоғыз тарауды бес қағидаға бөледі. Нәтижесінде, тоғыз толғам қарапайым қырық бес қағидаға жіктеледі. Автор бұл еңбегінде 3 жасқа дейінгі тәрбиенің маңызын түсіндіріп, бұл еңбегін отбасы тәрбиесіндегі ең алғашқы «тәрбиенің әліппесі» деп атайды.

«Адам тәрбиесінің бал-бұлағы – отбасының құтханасында, ата-анасының аялы алақаны мен ыстық жүрегінде» деген ұлы қағидат адамзат санасында ежелден орныққан [46, б. 9] тұжырым аксиома түрінде қалыптасқан. «Отбасында ана сүтімен берілетін уыз тәрбиені қалпына келтіріп, әлемдік тәжірибемен байытып, ғылым жаңалықтарымен ұштастырып, ұлттық идеологияның іргетасына айналдыру – бүгінде басты міндеттердің бірі» (35-б.) дей келе, балалар фольклорының үлгілері ерте жастан бастап отбасы тәрбиесі арқылы игерілетінін айтады. Бала тәрбиесіне қатысты ырым-тыйымдардан бастап отбасында көрген-түйгендерін, тәлім-тәрбиесін, естіген әрбір ауыз сөздің маңызын аңғарып өзін және өз ұрпағын тәрбиелеуде рухани азыққа айналдыратын тұсын тереңінен түсіндіреді. К.І. Матыжановтың аталған еңбектері бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесінде әрбір отбасы мүшелері назарында ұстайтын киелі еңбек деуге болады.

К. Ісләмжанұлы (Матыжанов) «Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы» (1990) тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында ең алдымен, балаларға арналған халық жырларын – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіншіліктерін танытатын асыл мұра ретінде көрсетіп, қазақ балалар поэзиясы деп үлкен үш салаға бөліп жіктейді:

I. Әлпештеу жырлары.

II. Балалық шақ жырлары.

III. Ойындық фольклор [51, б. 162].

К.І. Матыжанов «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» (2004) атты докторлық диссертациясында қазақ балалар фольклорын отбасылық ғұрып фольклоры негізінде кеңінен зерттеген. Отбасылық ғұрып фольклоры – адамның туу – ер жету – өлу цикліне енетін ғұрыптарға байланысты туып қалыптасқан, адамның пәниден бақиға дейінгі дәстүрлі дүниетанымы мен ішкі сезім сырын жырлайтын, өзіндік қалыптасқан поэтикалық жүйесі бар шығармалар шоғыры.

Отбасылық ғұрып фольклорындағы ішкі жанрлық түр ретінде әлпештеу фольклорын бесік жыры, сәбилік салт жырлары, мәпелеу жырлары, уату жырларына жіктеген. Әлпештеу жырлары «жас ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыруды мұрат тұтатын, бала көкірегіне көркемдік нәр сіңіріп, қиялына қанат бітіріп, өнер тылсымына жетелейтін эстетикалық категория [53, б. 246-247] деп атап, әлпештеу фольклорын қазақ балалар фольклорының дамуындағы алғашқы іргетас ретінде қарастыруы балалар әлемін кеңінен зерттегендігін

көрсетеді. Сонымен бірге отбасылық ғұрып фольклоры метафора, эпитет, теңеу, символдық бейнелеу сияқты құбылту құралдарына да аса бай көрікті жанр екендігін көрсетуі қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін, көркемделу сипатын танытты. Аталған еңбектердегі ғылыми тұжырымдар диссертациялық зерттеу жұмысымыздың мазмұнында кеңінен қарастырылады.

Автордың бұл еңбегі кеңестік дәуірде дәстүрлі ұлттық тәрбиеге негізделіп жазылған ең алғашқы еңбек болып саналады. Өйткені сол кезеңде ұлттық тәрбие, дәстүрлі тәрбие туралы айтуға тыйым салынғандығын баса айтады. Ол кездердегі бала тәрбиесіне қатысты мәселенің барлығы кеңестік тәрбие, мектеп тәрбиесі деп аталғаны белгілі. Бұл мәселенің соншалықты өзектілігін анықтап, алғашқы рет жан-жақты, тереңінен зерттеген К.І. Матыжанов «Рухани уыз. Балалар фольклоры» (2023) еңбегін жарыққа шығарды. К.І. Матыжановтың бұл еңбегінде халық педагогикасының кәусар бұлағы – балалар фольклорының өзіндік табиғаты, болмыс-бітімі, ішкі жанрлық құрылымы, тәрбиелік мәні, эстетикалық нәрі, поэтикалық ерекшеліктері сараланады. Балалар этнографиясы мен фольклорына қатысты ғұрыптар және шығармалар, дәстүрлі өлең-жырлар тартымды талданады.

А.Т. Мамбетова «Қазақ балалар поэзиясындағы фольклорлық дәстүр (XX ғасырдың 1920-1990 жылдар аралығы)» (2006) атты кандидаттық диссертациясында фольклор балалар әдебиетінің алғышарттарын қалыптастырды деп көрсетеді. Фольклорлық түрлер мен жанрлар түгелге жуық қазіргі балалар әдебиетінде өз жалғасын тауып, қайта жаңғырды деуге негіз бар [52, б. 109-110] деуі фольклорды балалар әдебиетінің бастауы деп қарастырып, оны үнемі байытып отыратын қуатты қайнар көзі деп көрсетеді. Балалар фольклоры арқылы бала өмірінің әрқилы кезеңдері, баланың ішкі әлемі, мінезі, психологиясы, танымы мен шығармашылық қабілеттері байқалады. Балалар фольклорының тәрбиелік мәнін ашуда фольклорлық шығармалардың бойында халықтық тәрбие дәстүрінің сақталғандығын көрсетіп, қазақ балалар фольклорының халықтық сипатқа ие екендігі, халықтық дәстүрлерден тыс қарастырылмауы туралы болжам айтады. А.Т. Мамбетованың пайымдаулары диссертациялық жұмысымыздың теориялық мәнін ашуда маңызды болғандығын айта кетуіміз керек. Бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесіндегі халқымыздың ұлттық мәдени дәстүрлерінің сақталуы өте маңызды деп білеміз. Өйткені халқымыздың әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен тереңінен танысу ұрпағымыздың санасын рухани азықтандырып, ұлттық болмыс ерекшеліктерімен нәрлендіруде қазақ балалар фольклоры туындыларының маңызы ерекше екендігін зерделеген.

Кез келген ұлттың мәдени дамуы музыкамен, саз өнерімен байланысты. Музыкатанушылар, өнертанушылар, этнографтар да қазақ балалар фольклорын зерттеуде өз үлестерін қосқандығы белгілі. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы музыкатанушы, этнограф А.В. Затаевичтің зерттеулерінде қазақ музыкасындағы көркемдік құралдар туралы: «Мен мына ретте осы әнге тоқтағанымның себебі поэтикалық мазмұнның музыкалық иллюстрациясында қазақтың психологиясы орыстардың психологиясына мүлдем ұқсамайтындығы көрінеді» [54, б. 398], -

деуі халық шығармашылығы шынайы, нақты, дәл айтылатын ойдың жемісі екенін дәлелдейді.

XX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ балалар фольклорын жинақтау және зерттеу жұмысы жандана бастады. Бұл ретте балалар фольклорын балалар музыкасымен ұштастырып, сәбилерге арналған өлеңдер, балалардың өлең ойындары мен ермектері түріндегі қазақ музыкалық мұраларын зерттеп, қазақ балалар фольклорының әуенмен сүйемелденіп, орындалуын анықтаған музыкатанушы, фольклортанушы Б.Г. Ерзаковичтің зерттеулері ерекше. XIX ғасырдағы қазақ халқының тұрмыста қолданатын ұлттық музыкалық аспаптарымызды домбыра, қобыз, жетіген, асатаяқ, сыбызғының әуендерін жылқының шабысына, аққудың үніне теңей отырып, қазақ баласының халық өлеңдері мен күйлерін танып, біліп, оларды орындап өсетіндігін өз зерттеулерінде көрсетеді. Ұлттық аспаптарымыздың жылқының қылынан [55, б. 28], қайың ағаштарынан күйдіріліп жасалатын тұстары қазақ халқының өз алдына игерген қолөнерінің бар екендігін түсіндіреді. Б.Г. Ерзакович XIX ғасырда жүргізілген тарихи, археологиялық зерттеулер бойынша қазақ халқының отбасында 25 түрлі музыкалық аспап бар екендігін нақтылап, олардың әрбіреуін жеке қарастырған. Зерттеуші ұлттық аспаптардан шығатын әуен мен үнді құстардың сайраған дауысына, жәндіктердің ызылына, аңдар мен жануарлардың дауыстарына, тау-тас, өзендер мен көлдердің шуылына теңеп, қазақ ауылының баласын өнерге баулитын тұстарын тереңінен зерттеген. Ұлттық аспаптар арқылы елді мекендердегі музыкалық-этнографиялық ансамбльдердің құрылуына ұйытқы болуы, қазақ балалар фольклоры туындылары айтыс, толғау, жарапазан айту, өлеңдер, балалар өлеңдері мен балалар жырлары, батырлар жыры, эпостар, дастандар, лиро-эпос жырларының ұлттық аспаптардың көмегімен орындалу ерекшеліктерін зерттеп, балалар әндеріне, әсіресе балалардың ойын өлеңдеріне нота құрастыруда еңбек сіңіруі қазақ балалар фольклорының зерттелу деңгейін арттырды. Оның: «Домашний быт и традиции общественной жизни степных аулов во многом способствовали музыкальному и эстетическому воспитанию детей. Был повсеместным обычай в осеннее и зимнее время, после окончания всех необходимых домашних дел, собираться в юрте по несколько семей и рассказывать разные истории, сказки, музицировать» (63-64 бб.), - деген пікірі қазақ отбасында қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың сақталып, дәріптелуін көрсетіп отыр. Б.Г. Ерзакович қайым өлеңдері мен айтыстың, бақсы сарыны, жырлар, толғаулар, әндердің музыкамен, әуенмен көркемделу сюжеттерін анықтаған және поэтикалық көркемделуін зерттеп, аталған фольклор туындыларының музыкалық көркемделу сипатын жан-жақты қарастырған. Сонымен қатар балалар ойын өлеңдерін табиғатпен, жануарлармен, жастар ойындарымен байланысты деп көрсетіп (62-78 бб.), олардың әнмен, күймен көркемделу сипатын зерттеген.

Қазақ отбасында өмір сүріп, халқымыздың тұрмысымен, мәдениетімен, әдебиетімен қанық болған белгілі фольклорист А.Ә. Диваевтың да қазақ балаларының, соның ішінде нәрестелермен ойнайтын саусақ ойындарын зерттеп, «Бала уату» (64-б.) саусақ өлеңінің мазмұнын талдай келе, саусақ өлеңдерінің

эстетикалық, тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді. Осы кезде «Балалар этнографиясы» ғылымы құрылып, балалар әлемі зерттеле бастаған. Балалар этнографиясын жан-жақты зерттеуде Б. Ыбырайымов, Қ. Ергөбек зерттеулері туралы айтуымызға болады. Бірақ балалар әлемін зерттеу, оны нақты қорытындылау нәтижесі осы деп кесіп айту мүмкін емес. Өйткені бала әлемі тұрған жерде даму, тәрбие, қозғалыс, өзгеріс, жаңару үдерісі үздіксіз жүріп отырады. Бала әлемін, оның ішкі күйін тану, сезіну қиын. Бала психологиясы – оның санасы мен жасына қарай өмір сүріп отырған қозғалмалы үдеріс. Баланың жасына, қызығушылығына қарай рухани мұрамызды, бар байлығымызды оның санасына сіңіру ересектердің құзырында. Өсіп келе жатқан ұрпақ санасын халықтық танымға сай азықтандыру салт-дәстүрлерден басталады. Балалар әлемін халықтық үлгіге қарай бағыттау балалар фольклорының барлық жанрында қарастырылған. Осы бағытта Б. Ыбырайымов «Сырлы әлем (Қазіргі қазақ балалар прозасы)» (1997) атты еңбегінде балалар прозасындағы рухани-эстетикалық даму мәселелерін қарастырып, фольклордың проза жанрына ықпалын көрсетеді. Балаларға арналған фольклор шығармаларының бояуы ырықты және ырықсыз түрде қолданылатынын атап өтеді. Ырықты деп отырғанымыз шығарма кейіпкерлерінің шынайы өмірден алынғандығын көрсету болса, ырықсыз деп отырғаны баланың жан-дүниесін сезіне отырып құрылған шығармалар [56, б. 14]. Автор балалардың өмірді тереңінен тануына негіз болатын фольклор жанрларының әсерін көрсетіп, жанр түріне мақал-мәтелдерді жатқызады. Жастайынан мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, қанатты сөздерді құлағымен естіп өскен баланың есейген шағында халық танымына негізделген дәстүрлі тәрбиені бойына сіңіретінін баяндауы қазақ балалар фольклор үлгілерінің маңызын арттырғаны деп есептейміз. «Мәйекті мақал – жүйелі ой мен алғыр зерденің, терең парасат пен ұшқыр шабыт, зерек зейіннің жемісі, көрінісі. Баланың құлағына сіңіріп, адамгершілік жолына бағыттап, рухани есеюіне ықпал жасайды» (16-б.) деген пікірі балалар фольклоры жанрларының ұрпақ тәрбиесіндегі танымдық-тәрбиелік маңызын көрсетеді.

Қазақ балалар әдебиетімен қатар түркілік балалар әдебиетінің де білгірі, белгілі ғалым Қ. Ергөбек бүгінгі күн үшін назарда ұстауға тиісті өзекті ойларды алға тартады [57]. Ғалым түркі халықтары арасындағы өзара байланысты көрсететін әдеби даму процесі қазақ әдебиетінде балалар поэзиясының генеалогиялық, типологиялық, поэтикалық табиғатына арналған зерттеулер жүргізуге түрткі болды дей келе, өзінің «Арыстар мен ағыстар» әдебиеттану, сын әлемі (2003) еңбегінде қазақ әдебиеттану ғылымын тереңінен зерттеген әр дәуірдегі еңбектерге шолу жасап, олардың бүгінгі күнгі әдебиет пен фольклортану ғылымының жеткен жетістіктеріне ықпалын көрсетті.

Зерттеуші А.Д. Әлтай баланың дамуын негізгі екі кезеңге бөліп, жас ерекшелік кезеңдерін сипаттап, даму кезеңдерінің қазақ балалар фольклорының үлгілерін қолдануда бағыттаушы екендігін көрсетіп отыр. А.Д. Әлтайдың «Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму» (2009) атты диссертациясында балалық шақтың екі кезеңге: біріншісі – бір мен екі жас аралығындағы балбөбек, үш жастағы бөбек, төрт пен бес жас аралығындағы

сәби, алты жастағы балдырған жылдарын қамтитын мектепке дейінгі кезең; екіншісі – жеті мен он жас аралығындағы жеткіншек, он бір мен он бес жас аралығындағы жасөспірім, он алты мен он жеті жас аралығындағы ересектер жылдарын қамтитын мектептегі кезең [58, б. 263] деп бөлінуі қазақ балалар фольклорын қолдануда жас ерекшелік қағидасын ұстанудың маңыздылығын көрсетеді.

Балалар әдебиетін зерттеген ғалым А.Д. Әлтай: «тарихи және заманауи даму тәжірибелерін талдап, мынадай қорытындыға келеміз: балалар әдебиеті оқу және тәрбие беру шығармалар мен көркем шығармалардың қиылысында пайда болған және ауызша өнер саласы болып, қызметі балаға эстетикалық ләззат берумен бірге жеке тұлға ретінде қалыптастыруға негіз болатын рухани қалыптастырушы әсер болып табылады. Балалар әдебиетінің ерекшелігі оқырманның жасына байланысты, яғни бүгінгі күнгі бала жасының түрлеріне қарай, баланың жасы қанша кіші болса, шығармада өзіндік ерекшелік пайда болады және соған қарай балаға арналған шығарма екендігіне көз жеткіземіз. Жасының ұлғаюына байланысты оның кітаптары да өседі, оның талғамы да өзгеріске ұшырайды. Мысалы, бүлдіршіндер ертегі, тақпақтарды ұнатса, кейіннен лирика, әрі қарай драматургияға ауысады», - дейді. Сонымен қатар: «Әлеуметтік қарым-қатынастар нәтижесінде қалыптасатын психикалық даралық баланың ішкі тән дүниесіне түйсіну, сезіну, қабылдау, елестету, тану, ойлау сияқты әрекеттер арқылы айқындалатынын ескерсек, бала санасында өзін қоршаған орта жайында, өмір жайында түсініктердің пайда болуы аталған әрекеттер барысында жүзеге асатынын қалыс қалдыруға болмайды. Ал түрлі түсініктер мен таным-білімнің дұрыс берілуі балаға өмірдегі түрлі жағдайларда дұрыс бағдар ұстануға мүмкіндік береді» (23-б.), - деп көрсетеді.

Халық ауыз әдебиетінен балалар поэзиясында кеңінен өріс алған жұмбақтар мен жаңылтпаштар, санамақ, мазақтама, өтірік өлеңдердің әрқайсысына тән көркемдік белгілерді айқындап беру қазақ балалар фольклорын зерттеу ісін кеңінен қарастыруға негіз болды. Атап айтсақ, қазақ балалар әдебиетін зерттеу ХХ ғасырдың 40-шы жылдарынан бастау алады. Осы бағытта алғашқы жарияланымдар қатарында Қ. Жармағамбетовтың «Балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлу керек» [59], Қ. Бекхожиннің «Балалар әдебиетін өркендете берейік» [60], Б. Соқпақбаевтың «Балалар әдебиеті туралы бір-екі сөз» [61], М. Иманжановтың «Бөбектерге арналған әдебиеттің кейбір мәселелері» [62], Ш. Ахметовтың «Балалар әдебиеті және оның өсу жолдары» [63], т.б. мақалаларын атауға болады. Сонымен бірге қазақ балалар фольклорының көркемдік қырын ашуда 50-60-шы жылдары балалар поэзиясына қатысты мәселелер Ә. Тәжібаев, Ә. Дербісәлин, М. Әлімбаев, М. Ғабдуллин, Р. Ыдырысов, Ә. Сәрсенбаев, С. Қирабаев, А. Нұрқатов, Р. Бердібаев, Н. Төреқұлов, С. Ордалиев, Б. Сахариев, Ә. Нарымбетов, А. Шәмкенов, Ғ. Мүсірепов, С. Сейітов, Ө. Тұрманжанов, т.б. мақалаларында қарастырылды. Кейінгі жылдары Б. Ысқақов, Қ. Мырзалиев, Ә. Табылдиев, З. Серікқалиев, Е. Елубаев, С. Қалиев, У. Қалижанов, Ж. Әбдірашев, Б. Сарбалаев,

Ә. Бөпежанова, т.б. қаламгерлер мен зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлері жарық көрді.

Қазақ балалар әдебиетінің өсу, даму тарихын зерттеуде ғалым Ш. Ахметов [64], Н. Ақыш [65] оның қалыптасу жолын өз еңбектеріне арқау етті. Н. Ақыш «Бала тәрбиесіне кішкентайынан көңіл бөлу – әлем халықтарының көпшілігіне ортақ дәстүр. Қазақтар нәресте өмірге келісімен-ақ, оны дұрыс тәрбиелеуге көңіл бөліп келе жатқан халық», - дей келе, қазақ халқы ұрпағына артқан үміт-арманы, тілегін, батасын нәресте дүниеге келген күннен бастап өлеңмен немесе жеңіл тақпақтармен, тіпті қисыны келсе ауызекі айтылатын қара сөздермен лайықтап жеткізгендігін және қазақ балалар фольклорының жіктелуіне тоқталып, оның балалар поэзиясының бастауы болғанын [65, б. 23] айтады.

Зерттеуші Ж.А. Рүстемова: «Қазақ балалар фольклорының ішінде кейбір жанрлық түрлер үлкендерге де, балаларға да ортақ болып келеді. Олар: батырлар жыры, ертегілер, аңыз әңгімелер. Қазіргі ғылыми ұстаным бойынша қазақ халық ертегілері хайуанаттар жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілері, новеллалық ертегілер, батырлық ертегілер және сатиралық ертегілер түрінде қарастырылады» [66, б. 47-48], - деп көрсетеді. Балалардың барлығына таныс «Қазақ және әлем халықтары ертегілерінің алтын жинағында» [67] берілген «Түлкі мен құмыра» (213-б.), «Қасқыр мен ешкі» (251-б.), «Түлкі мен бөдене» (245-б.), «Түлкі мен ешкі» (308-б.), «Түлкі мен тырна» (262-б.), «Қотыр торғай» (242-б.), т.б. ертегілердің композициялық құрылымы қарапайым, диалогқа негізделген тұстарының мол екендігі балалар фольклорының негізгі ерекшеліктерін көрсетеді.

Зерттеуші А.Т. Ақжолова «Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы» (2014) атты монографиясында қазақ ақындарының балаларға арнап жазған фольклорлық шығармалары арқылы қазақ балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі орнын айрықшалап көрсетеді. Мысалы, Қ. Мырзалиевтің қазақ бесік жырларының ішінде суырып салма «Бесік жыры» өлеңінде:

*«Бір тиынын бұлдайтын,
Батты өмірдің тепкісі.
Арыз айтсам, тыңдайтын,
Сенен басқа жоқ кісі
Әлди, бөнем, әлди-ай!»* [68, б. 27-28], -

деген жолдар бесік жыры арқылы ақынның қазақ отбасындағы ұрпағының бойына адамгершілік құндылықтарды бесіктен бастап бойына сіңіру керектігін насихаттауы деп түсінсе болады. Мысалы, Ж. Смақовтың:

*«Ақ інгеннің тайлағын,
Әкелейін, айналдым.
Аспандағы айды алып,
Әперейін айналдым», -*

деген бесік жырындағы «айналдым» сөзі тілге тез оралатын, көп ата-ананың, ата мен әженің жиі айтатын сөз. Тағы бір мысал:

*«Әлди, әлди, ақ таңым,
Гауһар тасым, жақұтым,*

*Таянышым, мақтаным,
Басымдағы бақытым» (32-б.), -*

секілді бесік жырындағы сәбиін гауһар тасқа, жақұтқа, ақ таңға, бақытқа теңеу сөздер жырды көркемдеп, қазақ балалар фольклорының бүгінгі күні де өшпей өмір сүріп келе жатқанын көрсетеді.

Келесі тарауымызда қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивтерін қарастырамыз.

1.3 Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық мотивтер

Мифологиялық ойлау жүйесінде әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі елес беріп отырады. Көшпенділер мәдениетінің көне нұсқалары миф пен әпсаналар фольклордағы тарихи тұтастықты түсінуге көмектеседі. Миф – фольклордың ең көне жанры. Оның бастауы сонау ерте заманнан басталып, адам баласының қоршаған орта, табиғатпен байланыс жасауына, жануарлар мен аңдардың тіршілігінен хабар алып, өмір мен өлім туралы заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік берген көне жанр түрі. Қазақ балалар фольклорындағы мифтік мотивтер төрт түлік мал туралы жырларда, ертегілерде, бақсы сарындары бар жырларда көрініс тапқан. Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық желілер халықтың рухани әлемін танытып, жалпыадамзаттық дүниетанымның көрінісі ретінде ұрпақ санасында орнығып отырды. Сондықтан аталған балалар фольклоры үлгілерінен мифологизмнің көрінуі заңды. Бұлардың ішінде төрт түлік малға қатысты туған өлең-жырларда ата-бабаларымыздың дүниетанымы бедерленген. Табиғаттағы жанды-жансыз заттардың барлығының иесі, қолдаушы пірі бар деген түсінік негізінде осы жырлар туған. «Мал көшпелілердің негізгі дәулеті болғандықтан, төрт түлікке байланысты әртүрлі ырым-сенімдер бар. Жылқы малы, түйе, қой, сиыр киелі жануарлар санатына жатады» [69, б. 155], - деп жазады Ш. Уәлиханов. Бұл аталған төрт түліктің пірі бар, оларды риза ету керек деген халық арасында тараған наным-сенімдер Зеңгі бабаға, Ойсылқараға, Қамбар атаға, Шопан атаға арналған жырларынан көрінеді.

Қазақ фольклорының мифтік аңыздарының тағы бірі – төрт түлік малдың пірлері туралы аңыздар. Ерте кезде ата-бабаларымыздың санасында төрт түлік пірлері оларды жұттан құтқарады деген наным-сенім қалыптасқан. Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық мотивтерді саралауда магия ұғымы орын алған. Магия алғашқы қауымда пайда болып, кейін әртүрлі өзгеріске ұшырап, әлі күнге дейін ел арасында сақталған сөздің, немесе басқа бір іс-әрекеттің керемет қасиеті бар деп, олардың күдіретіне сену. Сөз, я болмаса бір іс-әрекет, ырым арқылы басқа адамға, затқа, аңға әсер етеді деген түсінік фольклорда кең тараған.

Бұл түсініктің нақтылығы мен шынайылығын қарастыратын болсақ, әлемнің жаратылуы мен күйреуі туралы мифтік ұғымдарға тоқталамыз. Осы ретте академик С.А. Қасқабасов: «Әлемдік мифологияның басты тақырыбы – дүниенің жаратылуы мен күйреуі, басты кейіпкері жасампаз қаһарман мен құдайлар, адамдар екен де, басты сипаты – біркелкілігінде. Қазақ мифологиясы

да осы тектес, яғни мұнда да әлемнің жаратылуы мен күйреуі баяндалады, жасампаз қаһармандар да, адамдар да құдай да әрекет жасап жатады. Алайда бұдан әлемдік мифология барлық халықта, барлық уақытта бірдей болған, еш өзгеріске түспеген деген тұжырым тұмайды. Керісінше ол әр дәуірдің рухына сәйкес, әр халықтың өмір салты мен тұрмыс-тіршілігімен байланысты туып, қоғамның әр кезеңіне қатысты өзгеріп отырған. Сол себепті әлемдік мифологияны тарихи-стихиялық, әрі салыстырмалы-типологиялық әдіспен зерттеу нәтижелі болмақ» [23, б. 299-300], - дейді. Негізінде фольклордың дүниетанымдық негізі мифологиялық ойлау болып табылады, оның өзіне тән белгілері адам әлемінің табиғат әлемінен бөлінбеуі, мифологиялық синкретизм, шындықты қабылдаудың әрқилы түрлері мен формаларының бөлінбеуі, көркемдік синкретизм, актерлік-орындаушылық өнердің, музыканың, хореографияның, шығармашылықтың компоненттерінен тұрады.

Қазақ фольклоры – адамзат тарихының, мәдениетінің, өркениетінің негізгі жемісі десек, бұл жемісті кезең үлкен мәселелерді қамтиды. Фольклордан қазақтың сұлу мәдениетін, эстетикалық талғамын, бағдарлы болмыс-бітімін, мінез-құлқы мен жеке қабілеттерін көре аламыз. Фольклордың алдында миф бар дейтін болсақ, фольклор мифті қорытып, эстетикалық көркемдік тұрғыда өңдеп, жаңа сипатқа ендіріп, «өмірлік айналымға» айналдыратын құбылыс. Өмірлік айналым деп отырғанымыз – халықтың тіршілігі, тұрмысы, күнделікті кәсібі, арман-тілегі. Осындай халықтық өмірдің болмыстық модельдері фольклордан көрініс беріп, фольклорды халықтың даналығы, інжу-маржаны деген болжамдарға әкеледі. Шынында да фольклор халықтың армандаған, қиялынан туындаған мақсат-мұраттың жиынтық бейнесі екендігін Ж.Ә. Аймұхамбеттің: «Фольклорлық мифологиялық желілер халықтың рухани әлемін танытып, жалпы адамзаттық дүниетанымының кең шеңбердегі ауқымының көрінісі ретінде ұрпақ санасына орнығып отырды. Фольклорды халықтың рухы деп танысақ, мифология – сол халық рухының тынысы» [70, б. 21-22], - деген пікірінен тануға болады. Бұл пікірден фольклор жанрларының барлығы тұтасымен халық танымына негізделгендігін көреміз. Сонымен бірге мифтердің уақыт өткен сайын фольклор шығармаларының мазмұнын тереңдетіп, танымдық, көркемдік мақсатта қызмет ететіндігін білуімізге болады.

Қазақ балалар фольклоры шығармаларының сюжетін жүйелі түрде құру үшін мотивтер ерекше рөл атқарады. Қазақ балалар фольклорының түрлерінде кездесетін тұрақты мотивтер бар. Олардың бірқатары адамзат өмір сүрген кезден бері орын алған. Қазақ балалар фольклор үлгілеріндегі тұрақты мотивтердің сақталуы алғашқы қауымдық қоғамдағы өмір сүру тіршілігіне, наным-сенімдерге, табиғат құбылыстарына байланысты қалыптасып, бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Біріншіден, мотив ұғымын анықтап алайық. Мотив – дәстүрлі түрде қалыптасқан сарын, әуен, оқиға, сюжет, қиял, ой желісінде туып, қандай да бір тұрақты наным-сенімдердің пайда болуына әсер етуші кезең.

Мифтер әрбір халықтың өмір сүру кейпіне қарай түрлі болады. Мифтің негізгі мотиві шығармадағы наным-сенімдерді пайдалана отырып аспан денелерінің (ай, күн, жұлдыз, жетіқарақшы) құрылысын, қызметін балаларға

ұғындыру болып табылады. Біріншіден, миф түрлерін космогониялық және этиологиялық мифтер деп қарастырып, оларға сипаттама жасап алайық. Космогониялық мифтерінің мотивтері аспан әлеміндегі денелермен байланысты қарастырылады. Аспан денелері жайындағы космогониялық мифтер «Бабабар сөзі» жүз томдығының «Қазақ мифтері» туралы 78-томында [71] кеңінен түсіндіріледі. Балаларға аспан денелері туралы ұғым қалыптастыруда «Ай мен күн туралы» (29-б.), «Аспан ата мен Жер ана» (30-б.), «Жетіқарақшы» (32-б.), «Сүмбіле» (33-б.), «Айдың бетіндегі дақ» (35-б.), т.б. аңыздарда кеңінен түсіндірілген. Неліктен? Не себепті? сұрауларымен берілетін этиологиялық мифтерді тудырушы мотивтер тұрақты түрде қабылданып, балалар фольклорының өзгермейтін, тұрақты заңдылықтарына айналған. Мысалы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» (101-б.), «Қоянның ерні неге үшеу?» (129-б.), «Жарқанат неге түнде ұшады?» (104-б.), «Бөдененің құйрығы неге қысқа?» (101-б.), «Ит пен мысық адамға қалай үйренді?» (123-б.), т.б. осы тектес сұрақтарға жауап беру арқылы этиологиялық мифтерді тудырушы мотивтерді пайдаланып, балаларға аңыздар, ертегілер мен хикаяларды ұғындыра аламыз. Енді осы аталған мифологиялық ертегілердің көрінісін, ол ертегілердің миф тудырушы мотивтерінің танымдық, тәрбиелік сипаттарын анықтайық. Мысалы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» (101-б.) ертегісінің бірінші нұсқасында қарлығаштың құйрығы жыланның аузында қалып, тілінің ортасын кесіп өтеді де, жыланның тілі екіге бөлінеді екен. Сөйтіп, қарлығаштың құйрығы айыр болғандығы балаға «неліктен?» деген сауалдың жауабын тапқан этиологиялық мотив болып табылады. Содан бері адам жыланды көрсе өлтіріп, басын езіп тастайды. Ал, қарлығаш жыланнан қорқып адамның үйін паналап, балапандарына ұясын адамның үйіне салып, адамның досына айналғанын түсіндіруде тұрақты мотив айқын көрініс береді.

Келесі ертегі «Бөдененің құйрығы неге қысқа?» (101-б.) ертегісі арқылы биік таудан асып өте алмаған бөдене бар пәрменімен келіп, тауды тесіп өтіп жерге қонады екен. Осы кезде бөдененің құйрығы да жартысынан кесіліп, қысқарып қалған. Оған дейін бөдененің құйрығы қырғауылдың құйрығы сияқты ұзын болған екен деген мифологиялық мотив ертегі мазмұнын қызықты етіп, тұрақты мотивке айналдырады.

«Жыл басы» (127-б.) ертегісі арқылы түйе бойына сеніп мақтанамын деп жылды соңынан көргенін түсіндіретін ертегіде мифтік мотивті айқындауға болады.

«Қоянның ерні неге үшеу?» (129-б.) ертегісіндегі «қоянның таудың басына шығып қатты күлгенінен ернінің ортасы жырылып үш ерін болып қалған» деген мифтік мотив балаға қоянның ернінің неліктен жырық екенін түсіндіреді.

Ертеде адамдар күнделікті тіршілікке байланысты қорғану, ауру-сырқаудан сақтану, көз тиюден сақтану мақсатында мифтерді өздері тудырып, өмірлеріне енгізген. Мысалы, тағаны босағаға қағып қойып, отбасын, үйді қорғаушы деп таныған. Қасқырдың терісін жамылу, тісін мойынға алқа етіп іліп жүру, отпен аластау, отқа май құю, тіл мен көзден сақтану, т.б. жамандықтан сақтану деп білген. Мифтердің негізгі кейіпкерлері анықталып, оларды қаһарман

батыр, шамандар, елді аралап дем салатын бақсылар деп атаған. Мифологиялық шығармаларда мотивтер көп кездеседі. Мифтің кейіпкерлеріне көмектесіп, қолдаушылары деген наным-сеніммен жануар немесе зат типінде болуы мүмкін. Мысалы, бақсы, шамандарда үстеріне киетін жалбыраған киімдер, қолдарында қамшы, даңғыра, тасбих, тастар, жүзік, тоқпан болуы мүмкін. Ертегілер – көне миф, хикая, эпсана, наным-сенімдермен тығыз байланысты. Ертегі мифологиялық түсініктерді діннің мазмұнында кеңінен қолданады. Соған байланысты ертегілердің сюжеті қиял-ғажайып, тұрмыстық, шыншыл ертегілер болып топтастырылған. Ертегінің мазмұны, сюжеті ермек үшін емес тәрбиелік сипатқа негізделіп, танымдық, эстетикалық ойға негізделеді.

Ертегі мотивтерін құруда қазақ ертегілерінің хайуанаттар туралы ертегілер, қиял ғажайып ертегілер, тұрмыстық ертегілері мотивтері негізінде қарастырдық. Мысалы, хайуанаттар туралы ертегілердің мотивтері аңдар мен құстардың пайда болуы, қиял-ғажайып ертегілерінің мотивтері адамның арман-қиялы, ойы, қаһарманның ғайыптан тууы (батырлар жыры, эпсаналар, ертегілер, аңыздарда кездеседі), тұрмыстық ертегілердің мотивтері кедейліктен құтылу, мұратқа жету, жәбірленген адамдарды құтқару, т.б. Қазақ балалар фольклорының жанрларының қатарында ертегі, хикая, эпсана, аңыз-әңгімелер, төрт түлік мал жырларының мифологиялық мотивтері болады. Сол мифологиялық мотивтер бала қиялын шарықтатып, тыңдап отырған немесе оқып отырған шығармаларының бастау, шарықтау, өрбу, аяқталу кезеңдеріне қарай шығарманың түйінін табуға негізделген. Қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивтерін анықтауда Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулеріндегі мифологиялық ертегілер адам табиғат сырын әлі толық түсініп болмаған кезде пайда болып, ұрпақ санасына тұрақты түрде орнығатынын түсінуге болады. Ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер. Онда бірқатар елдерге ортақ әрі төл сюжеттер болып жүрген мотив-образдар аз емес», - деп ертегілерді мазмұнына, сюжетіне, тақырыбына қарай бөлгенде «мифтік ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері» деп ажыратады [72, б. 98-99].

Жалпы фольклорлық мотивтер балалар фольклорында да бар. Енді әрбір фольклор жанрына тоқталып, мифтік сарындар мен мотивтерді талдап көрейік. Миф – көркемдік бейнесі анықталмаған шығармалар. Мифологиялық мотивке ең көне этикалық топтар қалыптастырған образдар мен тәжірибелерді жатқызамыз. Мифологиялық мотивтер шаманизм жырларының пайда болуына әсер етеді. М. Әбілұлының «Ежелгі дәуірлердегі отбасылық ауыз әдебиеті» (2018) атты оқу құралында шаманизм жырларына топтастырылған наным-сенімдерден туған балалар өлеңдері жинақталып, талданған «Күн жайлату», «Бұлт пен жауын шақыру» өлеңдерінде Тәңірге сиыну, темірге сиыну сарыны берілген.

Мысалы:

«Ат басындай ақ бұлт,

Тәңір сенен тілеймін.

Қой басындай көк бұлт,

Тәңір сенен тілеймін» [73, б. 22], -

секілді ел аузынан алынған өлеңнің мотиві Тәңірге, бұлтқа сиыну сарынына құрылған.

«Қаһарлансаң қар жаудыр,

Буырқансаң мұз жаудыр,

Мұздай темір құрсандыр.

Кел, кел, бұлт, кел бұлт» [71, б. 23]

«Бұлтпен жауын шақыру» өлеңінің мотиві табиғаттың тылсым күшіне сенім артып, ыстықта жаңбыр сұрап, бұлтқа сиынуға байланысты.

Табиғат құбылыстарына қарап өмір сүрген халықтың тұрмысында осындай мотивтер мифологиялық шығармаларды дүниеге әкелген. Осы турасында А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» оқулығында: «Ол заманда адам табиғат ісіне өзгеше қарап, табиғат күшін өзгеше ұғып, бәріне өзінше мағына берген. Ол уақыттағы адамның санасын, саңылауын шамалап білгіміз келсе, бала күйге қайта түсуіміз керек» [32, б. 106], - деуінен қазақ балалар фольклорындағы мотивтердің танымдық қызмет атқарып тұрғанын көреміз. Шынымен де, балалық күйге ауыстыратын балалар фольклорының мотивтері балаға да, ересек адамға да дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, албасты, дию ұғымдарын түсінуіне мүмкіндік береді.

Мифологиялық мотивтер адам санасын жоққа илану әрекетіне ауыстырып, наным-сенім тұрғысынан ішкі арман, қиял, қажеттіні табу, мұң-шерді тарқатуға әрекет еткен. Ол мифологиялық мотивтердің пайда болуына әсер еткен фактор сол кездегі наным-сенімдер болып табылады. Найзағайдың жарқылы, ысқырған жел, зырқыраған құйынның иесі бар. Олар табиғат құбылысын жасатып отыр деп сенген. Сол сенім адамды жаңбыр сұрау, құйынды басу, тасыған суды тоқтатуда мифтік сипатта сыйыну, сұрау, жалбарыну мотивін туғызған. Батырлар жырындағы мифологиялық мотивтер көне заманда адамдар күшін көбірек сыйлап, күшке көбірек сенген. Батырлар жырындағы мифологиялық мотивтерді батырлар үшін ешқандай тосқауылдың болмайтынын, олардың барлық жауға қарсы тұрып, жеңіп шығатыны, қастарында жүйрік тұлпарларының болатыны Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Ер Тарғынның Тарланы, Қамбардың Қарақасқасы, Наурызбай батырдың Кертайлағы осындай мотивтен туған. Адамдар батырдың тұлпары мен қолдарындағы қылышы, садағы, жебесі, шоқпары қарсы жаудың бетін қайтаруда серік болатыны туралы баяндауы батырлар жырының мотиві бола алады.

Магиялық сарындар ертегілерде алғыс, бата, қарғыс түріндегі фольклор жанрларында кездеседі. Қалып сөзіне негізделген магиялық сарындармен жырланатын өлеңдер бар. Олардың қатарына магиялық мотивтен тұратын ауруды, дертті емдегенде бақсы сарыны жын шақыру, тіс емдеуде құрт шақыру, мал бәдік болғандағы дерт көшіру, бала тәрбиесіндегі бесік жырлары жатады. Бұл жырлардың көркемдік сипаты жағынан үйлесіп айтылған ұйқастар, қайталаулар, кейде ұйқас болмағанда көріксіздеу аяқталатын жай қара сөз түрінде де айтылады.

Мысалы:

«Әуелі Құдай есімі Алла!

Іс бастаймын бісмілла!

Тайғақ кешу, тар жолда,

Жарылқа Алла әр жолда!» [33, б. 300] -

секілді жолдар жындардың атын шақырып, Алладан, әулиеден көмек сұраудағы жын шақыру өлеңінде берілген.

Баланы ұйықтату үшін айтылатын:

«Әлди-әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат, бөпем.

Құнан қойды сой, бөпем,

Құйрығына той, бөпем» (303-б.), -

деп баланы тербеп отырып, баланың ұйқысын шақыру мақсатымен айтылатын жырдың мотиві баланы алдандыру, уату, жұбату болып саналады.

Жарапазан жырларын айтуда Ораза ұстаған адамдар сауап болады деген наным-сеніммен жарапазан айтушы балаларға бір шаршы шүберек, құрт, май, ірімшік, т.б дәм берген (297-б.).

Бата біреуге алғыс айту мотивімен айтылады. Бата ауылдың, елдің ақсақалдары балаларға беретін жырлары. Мысалы:

«Құдай оңда!

Оңға баста!

Абырой бер!

Аман сақта!» (298-б.), -

деген бата сөздері баланың амандығын, ісінің оңды болуын тілеу мотивінен шыққан.

Балалар фольклорындағы тағы бір жырлар төрт түлік мал жайындағы өлең жырлар мотивтері төрт түлік малдың арғы ата-бабасы, жаратушы құдайы бар деп білген. Бар болса, солармен тату-тәтті қарым-қатынаста болып, оның құдіретті күшінің алдында кішілік көрсетіп, рахымын алу деген түсініктен пайда болған. Төрт түлік жырларының мотивтері төрт түліктің әулиелері (атасы) деп Шопан Ата, Қамбар Ата, Ойсылқара, Зеңгі баба, Шекшек Ата деп атаулар берген. Қазақ балалар фольклорындағы төрт түлік мал жырларына енген «Шопан ата», «Жылқышы ата», «Ойсылқара», «Зеңгі баба», «Шекшек ата» жырларын ұрпағымызға үйрету арқылы төрт түлік малды ішсе сусын, жесе тамақ, кисе киім, мінсе көлік болатынын ұғындыруда осы мотивтер маңызды болып табылады. Одан басқа төрт түліктің төлдері туралы, төрт түлік малды шақыру өлеңдерінің мотивтері де осы болып табылады.

Дүниеде зиянды күштер көп, солардан аман болу, сақтану мотивінен туған ырым-тыйымдарды құрайтын табу ұғымы бар. Қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивтерін көрсететін табу түсініктері айға қолыңды шошайтпа, суға түкірме, табалдырықта тұрма, бос бесікті тербетпе, шашты жалбыратпа, адамды айналма, үйге карай жүгірме, күн батарда ұйықтама, т.б. тыйымдардың мотивтері ескі наным-сенімдер болып табылады. Қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивін талдауда тағы бір көзіміз жеткен нәрсе, даму эволюциясын көрсететін генетикалық және кеңістікті, әлемді танудағы магия, шаманизм, мифтік ойлар екендігінде жатыр. Фольклордағы наным-сенімдерге

бағытталған магия, табу, шамандық белгілерге байланысты фольклортанушы ғалым. С.А. Қасқабасов «Ойөріс» атты еңбегінде былай түсіндіреді: «Тотемизм адам, яки ру-тайпа белгілі бір жануардан, өсімдіктен, немесе желден, күн сәулесінен, я болмаса басқа бір ғажайып нәрседен туады деп илану және сол бабасының керемет қасиеттері ұрпағына дариды деп түсіну. Бұл пайым Шыңғыс ханның күн нұрынан жаралғаны, Төстіктің анасы төстік жегеннен туғаны, Қобыландының шешесі қабыланның жүрегіне жерік болуы, Алпамыстың әулиеден, ал Едігенің пері қызынан тууы сияқты мотивтерге негіз болған. Кейбір ертегілерде кейіпкерлердің атасы – аю, қасқыр сияқты жыртқыш аңдар болып келеді. Енді бір мифтерде адам мен тылсым өкілдерінің үйленіп, олардан туған бала ғажайып күштің, немесе басқа бір керемет қасиеттің иесі болады. Осындай тотемистік ұғымдар ордалы жыланды, немесе ақ жыланды көрген, оларға жақсылық істеген кейіпкерлердің жан-жануар тілін білетін, я болмаса зор бақытқа кенелетін адам жайындағы ертегілерде де бой көрсетеді» [11, б. 54]. Қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивін талдауда тағы бір көзіміз жеткен нәрсе, даму эволюциясын көрсететін генетикалық және кеңістікті, әлемді танудағы магия, шаманизм, мифтік ойлар екендігі.

Шамандық – алғашқы қауым ыдырап, рулық қоғам қалыптасқан тұста етек алған табиғатқа, аспан әлеміне табыну және адам арасында ерекше кереметке ие, дүниенің барлық сырын білетін, тылсым күштермен араласып жүретін айрықша жан, ғажайып кісі болатынына сену. Бұл наным бойынша әлем құрылысы вертикальды: аспан әлемі, жер беті, жер асты болып келеді; сондай-ақ жаһан төрт бұрышты жазық түрінде болады. Сонымен бірге осы үш әлемді, төрт бұрышты түгел шарлай алатын адам бар, оның қолынан келмейтіні жоқ деп ұғынған, ол – бақсы (шаман). Оның басты міндеті – адамдарды аурудан, апаттан сақтап қалу, қара күш иелерімен ымырасыз шайқасып, адам баласын қауіптен құтқару, т.с.с. Осылардың бәрі қазақтың көне мифтері мен ертегілерінде, ырым мен әдет-ғұрпында, әпсана мен хикаяттарында мол ұшырасады. Ер Төстіктің жер астына түсіп кетуі, содан соң жер бетіне шығуы, Қорқыттың дүниенің төрт бұрышын шарлауы, Күнікей қыздың Күн астында, Айбарша сұлудың Ай астында болуы, осының бәрі ежелгі шамандық наным жемісі. Фольклорлық шығармадағы бас кейіпкердің керемет көмекшілері – қолынан келмейтіні жоқ шаманның елесі. Ал ертегілердегі жалмауыз кемпірдің ғаламаттығы, жер мен көкті тіреген алып бәйтеректің биіктігі, сондай-ақ сиқырды пайдаланып, кейіпкерлерге кейде зиян, кейде жақсылық жасайтын бақсының өзі, міне, бұлар да шамандық ұғым белгісі. [11, б. 9].

Ежелгі дәуірдегі наным-сенім өлеңдерінің фольклордың қалай пайда болғанын түсіндіруде орны ерекше. Магия, алдау, арбау түрінде наным-сенімдерге негізделген шаманизм жырларына жататын алдау, арбау, бәдік жырлары арқылы қазақ балалар фольклорын тереңінен зерттеуімізге болады. Қазақ фольклорының кейбір түрлерінің көне дәуірдегі қазақтардың наным-сенімдерінен тараған өлеңдерінен басталады. Бұл пікірдің де айтылуы шындық, себебі халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының кейбіреулерінде наным-сенімдер қазіргі күні де сақталған. Мысалы, сәбиді бесікке бөлерде отпен

бесікті аластау, ауырып-сырқырағанда жер ұшық беру, айға табыну, жаңа ай туғанда сәлем беру, т.б. Одан басқа жоғарыда айтып кеткеніміздей алғыс, бата, тілек, қарғыс өлең-жырлары халық шығармаларында көп кездеседі.

Қазақ балалар фольклорын зерттеу барысында ежелгі дәуірдегі әдебиет зерттеушілері мен олар жайында айтылған пікірлерді де кездестірдік: «XIX ғасырдағы Еуропа оқымыстылары қазақ халқының әдет-ғұрыптары және мәдени тарихымен таныса келіп: «Бұл ел тосын, жұмбақ, қызық ел!...» деп атаған. Бұлар көшпелі тұрмыспен, мал шаруашылығымен шұғылданады, жартылай отырықшылыққа бейімделген, бай ауыз әдебиеті, музыкасы бар, өмірге төзімді халық» [73, б. 19-20], - деуі қазақ халқының фольклорлық дәстүрлері мәдениетпен, әдебиетпен, музыкамен қатар дамығандығын көрсетіп отыр. Наным-сенімдерге жататын «Күн жайлату», «Бұлт пен жауын шақыру» (22-23 бб.), «Жылан шаққанда уын қайтару арбауы» (26-б.), «Бүйі шаққандағы арбау», «Қара құрт шаққандағы арбау» (28-б.), «Түйені шаққандағы арбау», «Байлау сөздер» (29-б.) өлеңдері қазақ балалар фольклорының мифтік бастауларын көрсетеді. Бұл өлеңдердің наным-сенімдерге негізделген тұстарын «Тәңір, сенен тілеймін», «Пайғамбардың демімен», «Шық, Тәңіріден мықты қатты парман келді!» деген тіркестердің сыйыну, табыну, жалбарыну сарынында айтылып тұрғанын көруге болады.

Фольклордың тарихи оқиғалар ізімен қиялдау, образдау тәсілі арқылы жасалуы – көркем сөз байлығының басты бір саласы. Қазақ халқының мәдени және рухани байлығын игеруде фольклор жанрларының орны ерекше. Өйткені болашақ ұрпағымызға дәстүрлі дүниетанымды түсінуге мүмкіндік беретін халық даналығының қайнар көзі осы айтылған болжамдарға қарасақ, мифологиялық мотивтерден басталады. Халықтың рухани танымын толық танытатын қазақ балалар фольклорының үлгілері мен мұраларымыз адамзат танымының әлемін сақтап, дүниетанымын кеңейтіп, ұрпақ санасына сіңіріп отырады. Мифологиялық ойлау адамдардың тым ертедегі тобымен ормандарда, тау үңгірлерін мекендеп жүрген кезінде туса керек деген ойлар мен табиғат сырын түсінбеген адамдар оны ерекше күш деп танып сыйынған, қастерлегендігі жайындағы көзқарастар қазақ мифологиясының пайда болу кезеңдері мен олардың анықталу белгілері туралы ғылыми ұғым қалыптастырды.

Түйіндей келе, қазақ балалар фольклор үлгілерінің жинақталуын бес кезеңге бөлдік. Қазақ балалар фольклорының қалыптасу жолын зерделеуде жалпы қазақ фольклорының бастау алар тұсын қарастырдық. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ фольклоры XV-XVI ғасырлардан бастап өмір сүре бастаған, ал оның жеке ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы ресми түрде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады.

Қазақ ағартушылары Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, т.б. қазақ балалар фольклоры үлгілерін шығармаларына арқау етіп, насихаттай бастады.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов қазақ балаларына арналған

оқулықтарына балалар фольклоры жанрларын енгізіп, топтастыру үлгілерін жасады.

XX ғасырдың екінші ширегінен бастап қазақ балалар фольклорының үлгілері жинақтарға енгізіле бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ балалар фольклорының жинақталуы жолға қойылып, жеке жинақтар түрінде жарық көрді. Осы кезеңде фольклортанушы ғалым С.А. Қасқабасов, К.І. Матыжанов, т.б. ғалымдардың қазақ балалар фольклорының зерттеген еңбектері жарық көрді.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

«Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуы» атты тарауда қазақ балалар фольклоры – фольклордың қиял-ғажайыпқа толы, баланың өсуі мен жеке тұлға болып қалыптасуында халықтық таным мен поэтиканың сабақтасқан тұсынан шығатын шығармашылықтың ерекше бір түрі екендігі анықталды. Қазақ балалар фольклоры үлгілерінің жинақталу кезеңі көрсетілді. Қазақ балалар фольклорының жинақталу тарихы фольклордың көне заманнан бергі көрінісін беретін халықтың тұрмыс-тіршілігін тануға негіз болғандығына назар аударылды. Балалар фольклорындағы жанрлардың ұлтымыздың салт-дәстүрлермен байланысты туғандығы жүйеленді. Қазақ ағартушыларының шығармашылық мұраларындағы балалар фольклорымен тығыз байланыстар көрсетілді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы қазақ балалар фольклоры жайындағы ғылыми деректер мен зерттеулердің қайта қолға алынып, ғылыми нысан ретіндегі көрінісін нақтылауға бағытталған еркін, нақты қадамдардың жасалғандығы зерттелді. Қазақ балалар фольклорының жинақталу жолы өте күрделі болғандығы дәлелденді.

«Қазақ балалар фольклорының зерттелуі» тарауында балалар фольклорын зерттеуге алғаш үлес қосқан ағартушылардың, ұлт зиялыларының және қазақ фольклортану ғылымының басында тұрған фольклортанушы ғалымдар мен қазіргі зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасалды. Қазақ балалар фольклорының зерттелуі қазақ зиялыларының еңбектерінде жан-жақты қарастырылғаны анықталды. Аталған тарау қазақ балалар фольклоры бойынша жазылған монографиялар, кандидаттық, докторлық диссертациялардың тақырыптары көтерген мәселелері тұрғысынан зерделенді.

«Қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивтері» деп аталатын тарауда балалар фольклоры жанрларының мифологиялық мотивтері талданды. Балалар фольклоры адамзаттың сәби кезінен бері қалыптасып, тұрақты орын алып келе жатқан, табиғаттың тылсым күштерін бейнелейтін мотивтер, наным-сенімдердің санада орнығып, өмірде қолданыс табатын мотивтері, ертегілер мен хикаяларда кезігетін мифтік мотивтер ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

2 ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

2.1 Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшелігі

Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшелігі әр алуан. Бұл – балалар әндері, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ұлттық ойындар. Бұлардың барлығы бала санасын қалыптастыруға, олардың ой-өрісін дамытуға және тіл байлығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар балалар фольклоры ұлттық дәстүрлерді сақтауға және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдени мұраны жалғастыруға үлкен үлес қосады. Балалар фольклоры арқылы өскелең ұрпақ қоғамдағы рөлдерін меңгеріп, өзара қарым-қатынас жасаудың негізгі тәсілдерін үйренеді, сонымен бірге олардың бойында өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімі қалыптасады.

Балалар фольклорының жанрлық ерекшелігі әртүрлі тақырыптар мен мотивтерді қамтиды. Мысалы, бала танымын, қиялын, сезімін дамытуға бағытталған шығармалар өте көп. Балаларға арналған ертегілер мен өлеңдер әдетте қарапайым мазмұнда құрылып, оңай жатталады және балалардың эмоциялық әлемін байытады. Бұдан басқа өлеңдер мен жұмбақтар, аңыздар мен мақалдар әлеуметтік құндылықтарды, этникалық байланыстарды нығайтуға және әдеп-ғұрып нормаларын үйретуге көмектеседі. Осылайша, балалар фольклоры тек ойын-сауықтық мақсатта ғана емес, танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық қызмет атқарады.

Балалар фольклоры халық даналығы, халық танымы ретінде қызмет етеді. Бастапқыда сөзге шебер, сөзшең ақсақалдардың аузынан тараған шығармалар халық арасында таралып, жатталып келесі ұрпаққа қалып отырған. Ғасырлар бойы көркемделіп, санамызға сіңген рухани азық ауыз әдебиетінің үлгілері – мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы бүгінгі күні танымдық, тәрбиелік мәні жоғары фольклорлық туындыларға айналып отыр. Қазақ балалар фольклоры жанрларын атқаратын қызметіне қарай ересектердің балаларға арнап орындайтын шығармалары мен балалардың өздері белсенді түрде таратып, орындайтын шығармалары деп қарастырады. Олардың жанрлары балаларға да, ересектерге де ортақ үлгілермен, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, ертегілер, өтірік өлеңдер түрінде таралып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Бұл шығармалардың алғашқы авторлары – халық. Аға ұрпақ таратқан және үйреткен балалар фольклоры ересектер мен балалар шығармашылығы өзара байланысып, халық мұрасының бір бөлігіне айналған. Балалар фольклорының мазмұны кейде өзгеріп кететін тұсын атап өткен жөн. Түсінуге жеңіл, ойнақы, балалардың әр алуан іс-әрекетіне қолайлы әндер мен өлеңдер ойын өлеңдеріне тән. Балалар фольклоры жанрларының тағы бір ерекшелігі – оның ұжымдық сипатында. Балалар фольклорының жанрлары жеке, топпен орындалып балалардың есінде сақталады, қайталанып, ойын өлеңдері, драмалық ойындар, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрге негізделген әуендермен көрінеді. Бұл балалар фольклорындағы синкретизмнің көрінісі. Тарихи кезеңде өзінің салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғы ретіндегі дәстүрлі ерекшеліктерін сақтап қазақ

балалар фольклоры орындалуы мен таралуы жағынан ұлттық мәдениет түрінде жалғасып келеді.

Қазақ балалар фольклоры – бала өмірінің барлық кезеңімен байланысты бірнеше жанр түрінде берілетін құбылыс. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, тарихы, алар орны бар. Олардың біреуі көне замандарда пайда болса, енді біреуі жақында пайда болған, кейбіреулері баланың қызығушылығын арттыру, таным құралы ретінде, енді біреуі бөбекті үлкен өмірге дайындау ниетімен туындаған. Осы ерекше белгілеріне қарай халықтың сауаты болмаған кезде халық аузынан таралған шығармалар әнмен, күймен, бимен, сөзбен өрнектеліп толғауларға, дастандарға, жырларға бірте-бірте суырып салма айтыс өнеріне айналған (әуезе, толғау, айтыс) [33, б. 260] деп айтуы балалар арасындағы өтірік өлеңдер, ертегілер, мазақтамалар, қызықтамалар, қалжыңға негізделген балалар фольклоры жанрларының пайда болуына әкелген. Халық жасаған қазақ балалар фольклорының әрбір жанрының негіздемесі бар, өз алдына жанр болып аталуының алғышарттары бар.

Қазақ балалар фольклорының дамуында орын алған жаңарған ағартушылық сипат пен түр беретін жанрлардың қатарына жыр, ертегі, аңыздарды жатқызамыз. Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктері оның санада тұрақталуында, жүйелі түрде баяндалып, қарапайым ауызекі тілімен ауыздан ауызға таралуында, санада орнығуында деп толықтырамыз. Олар халықтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін зерттеп келе жатқан шығармалар бола отырып балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін ашуда өзіндік табиғатын айқындап тұрады. Бұл жанрлардың ерекшеліктері көп жағдайда ағартушылық сипатқа қарай бет бұрып, баланың қиялын, ойын дамытады. Фольклор туындыларының бірқатары аңыз-әңгімелер, ертегілер рухани құндылықтарды нығайтып, дамытуы аталған жанрлардың ерекшеліктерін ашады.

Қазақ балалар фольклоры өнегелі, ғибратты, тағылым аларлық дидактикалық мәнінің айқын болуымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, ойды көріктеп, нәрлі, бейнелі образдарды құратындығымен айрықшаланады [74, б. 93-94].

Жанр болып құрылу үшін алдымен оның теориясы, одан соң тәжірибе жүзіндегі қолданысы жан-жақты саралануы керек. Балалар фольклорының жанрлары туралы сөз еткенде бізден бұрын айтылған теориялық қисынды ойларды басшылыққа аламыз. Осы ретте қазақ фольклортанушысы, академик С.А. Қасқабасовтың зерттеулеріндегі қазақ балалар фольклорының шағын жанрларына сипаттама берілгені туралы айтуға болады. Ғалым қазақ балалар фольклоры шығармаларының басты ерекшелігі танымдық-тәрбиелік қызмет дей отырып, оны былайша топтастыруы қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін ашуға ықпал етті.

Қазақ балалар фольклоры жанрларының тәрбиелік қызметіне қарай топтастырылуы:

- сәбиді әлпештеуге арналған жырлар (бесік жыры, сәбилік салт-дәстүр жырлары: шілдеhana, тұсау кесу дәстүрлерінде айтылатын жырлар);

- баланы өсіру, бағып-қағу (ырымдық-ғұрыптық іс-әрекеттер кезінде айтылатын мәпелеу, уату-алдарқату жырлары);
- ойын кезінде айтылатын ойындық өлеңдер, тақпақтар;
- жеткіншектерге арналған шығармалар (тақпақ, санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі).

Тұрмыстық-эстетикалық қызметіне қарай балалардың өздері шығарған шығармалар:

- маусымдық жырлар (арнау-тілек өлеңдері, тіршілікке, табиғатқа, жан-жануарларға қатысты жырлар);
- топтық сипаттағы шығармалар (тақпақ, сұрамақ, қаламақ, қызықтама, мазақтама, өтірік өлең, жұмбақ).

Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін көрсетуде санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, ертегілер мен өтірік өлеңдерді алып, оларды талдауды жөн көрдік. Осы атап кеткен қазақ балалар фольклорының шағын жанрларының негізгі ерекшеліктері, танымдық, тәрбиелік мәнін ашып, арнайы сөздіктерде берілген анықтамаларды сараладық. Өйткені арнайы сөздіктерде берілген анықтамалардың өзі осы шағын жанрлардың негізін ашуда маңызы зор. Баланың жас шамасына қарай халықтың дәстүрлі тәрбиесінде қолданылатын санамақтарды алайық.

Санамақтар нәресте кезеңінен бастап ойын өлеңдері ретінде орындалатын, жырланатын саусақ санау ойыны ересектердің балаларға арнап айтатын өлеңдері. Санамақ – қазақтың жас балаларға (4-7 жас) арналған, санауға үйрететін ұлттық ойыны. Санамақ айтылғанда әр санның атына бір ұқсас сөз қосылып айтылады.

Санамақ – балаға сан үйрету үшін айтылатын тақпақ. Әрі сан үйретеді, әрі зат атауларын үйретеді.

Санамақ – қазақ балалар фольклорындағы жанрлық түр.

Санамақ – сәбилерге сан үйрету, санның ретін танытуды көздейтін ойын өлеңі [75, б. 640]. Көрсетілгендей фольклор мәтіндеріндегі санамақтар саусақ ойындары, қуыр-қуыр-қуырмаш және санамақтар деп берілгенімен, қолданылуы баланың жасына қарай дараланып, бірдей қызмет атқарады. Саусақ санау ойынының мақсаты тәрбиелік қызметін көрсетіп, баланың саусақ қимылдарының ширақтылығын, қозғалмалылығын, алақандарын ашып-жұтудағы еркіндігін қалыптастыру. Бұл сәбидің дүниеге келген күнінен бастап қолданылады, сәбидің саусақ қимылдарын еркін, мақсатты түрде қозғай алуына дағдыландырады. Санамақтар тобындағы саусақ санау ойын өлеңдері тек ойындық сипат қана емес, танымдық-тәрбиелілік қызмет атқарады.

«Саусақ санау» өлеңінде балаға бес саусақты санауды үйретіп қана қоймай, баланы алдарқату, күлкіге шақыру сарыны сақталған. Сонымен қатар, санамақтың ең маңызды тұсы баланың математикалық ойлау жүйесін дамытып, санау реттілігін үйретуді балалар фольклорының дидактикалық қызмет атқаратын тұсы деуімізге болады. Жоғарыда атап кеткеніміздей, әр санның қасына айтылуы ұқсас бір зат атауы қосылып айтылатынын көріп отырмыз.

«Бір дегенім – бөрік,

*Кисең бойға көрік,
Екі дегенім – етік,
Киер сәнді етіп.
Үш дегенім – ішік,
Теріден тігер пішіп... » [42, б. 182], -*

деп жалғасатын санамақ үш жас пен жеті жас арасындағы естияр балаларға арналған. Санамақтың бұл түрінде бала сан атауларымен және көп айтыла бермейтін зат атауларымен танысып, олардың тұрмыстағы қызметтерін ажыратуды үйренеді.

Уату-алдарқату жырларының тобына жататын «Саусақ санау» өлеңіндегі:
*«Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Балаларға бидай шаш,
Тауықтарға тары шаш,
Әжең келсе, есік аш.
Қасқыр келсе, мықтап бас» [47, б. 16], -*

деп келетін саусақ санау ойын өлеңінде баланы уату-алдарқату, алдандыру сарынын көреміз. Саусақ санау өлеңінің бұл түрін баланы күлкіге шақыра отырып, бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек деп саусақ атауларын үйрету мақсатында қолдануға болатын да нұсқалары бар.

Қазақ балалар фольклорының шағын жанрларын жинақтауда, зерттеуші Л. Сейітова мал-санамақ, аң-санамақ, құс-санамақ, ағаш-санамақ, өсімдік-санамақ, жәндік-санамақ деген санамақтың түрлерін енгізеді. Мысалы, аң-санамақты алайық:

*«Бір дегенім – бөрі,
Екі дегенім – елік,
Үш дегенім – ұшар (аң),
Төрт дегенім – түлкі,
Бес дегенім – бөкен,
Алты дегенім – арқар,
Жеті дегенім – жайран,
Сегіз дегенім – сілеусін,
Тоғыз дегенім – толай,
Он дегенім – ор қоян» [76, б. 211], -*

бұл аң санамақ ойындық сипатта ғана емес, баланы аңдардың атауымен таныстыруда танымдық қызмет атқарып тұр.

Сонымен, санамақтармен қатар осы жас кезеңінде айтылатын өлеңдер, тақпақтардың да балалардың дамуында алатын орны ерекше. Ол балаларды мектепте оқуға дайындайды. Балалардың өздері айтатын санамақтар, саусақ санау ойындары кезінде айтылатын төрт жастан асқан балалардың санау жүйесін меңгертуге негізделген. Сәбилердің саусақтарын қозғалтып, оларды уату, алдарқатумен қатар, ойынға шақыруға арналған санамақтың мазмұны балаға саусақ атауларын үйретіп, саусақтардың қозғалысын ширатып, баланың қолдарын жазу дағдысына машықтандыруда маңызы зор.

Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде Ш. Керімнің жұмбақтың арғы тегі көне дәуірлерден тамыр тартып, алғашқы қауымдық кезеңдерден бастау алатындығын баяндайды [77, б. 9-28]. Жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының аясында «Жұмбақтар» атты 64-томды (2011) құрастырып, академиялық басылымның жарық көруі жұмбақтардың ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын арттырды. Жұмбақтар – халық мұрасының негізгі саласы. Халық болмысымен қатарласып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан қазақ балалар фольклорының негізгі жанры баланың дүниетанымын кеңейтіп, тұспалдап сөйлеудің мағынасын түсінуге үйретеді. Жұмбақ жанрының да қызметі ұрпақ санасын қазакиландырып, жұмбақ құрастырып, баланы тапқырлыққа, шешім қабылдауға, терең ойлауға баулу болып табылады.

Қазақ балалар фольклорының шағын жанрларына енген жұмбақтардың анықтамалары бар. «Жұмбақ – зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе» [24, б. 112], деп атаса, арнайы сөздіктерде жұмбақты жасырын құпия сырды ойлап табу, сипаттап, астарлап айтылатын қысқаша өлең, әңгіме түріндегі шығарма деп береді [78, б. 558]. Жұмбақ – баланы тапқырлыққа, ой шапшаңдығына, салыстырмалы талдаулар жасауға үйрететін ұзақ даму үдерісінен өткен, көлемі жағынан шағын, құрылымы жинақы жанр. Жұмбақ әдеби жанр ретінде адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби түр. Теңеу, салыстыру, топтастыру, талдау жасау негізінде жасырынған затты, әрекетті, құбылысты дәл тауып айтуға үйретуде жұмбақтар ең бірінші орынға шығатындығы жұмбақ жанрының әлем халықтарының балалар фольклорында да кең қолданыста екенін көрсетеді. Жұмбақ жанрын Аристотельдің «Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора» (559-б.) деп айтуы жұмбақтың танымдық ерекшелігін ғана емес балалар фольклорындағы көркемдік ерекшелігін де байқатады. Жұмбақтардың шешуі көбінесе киіз үй, киіз үй жабдықтары, ат әбзелдері, ұлттық тағамдар, жыл мезгілдері болып табылатын түрлері халықтың тұрмыс-тіршілігінен туғандығын көрсетеді. Мысалы, арбаны, құлыпты, балықты жұмбақ қылғанда берілетін жұмбақтарды алайық:

*«Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,
Тимейді ұшы жерге таяғының
Қолдарын хайуанға арта тастап,
Салады әуезіне баяғының»* [32, б. 112].

Бұл жұмбақтағы жасырынған зат арбаны адамға ұқсатып, арбаның жылқыны ерттегендегі екі таяғын адамның қолдарына ұқсатуы, ізі болғанымен адамның басқан қадамы сияқты із қалмайтынын, адамның қолындағы қамшыны жерге тимейтін таяққа ұқсатуы, арбаның жүрген кездегі дыбысын әуенге ұқсатып жасырынған жұмбақ екені көрініп тұр.

*«Таң қаларлық бір ит бар,
Үй бағады, үрмейді.
Аяғы жоқ, жүрмейді,
Көмейін тықсаң сөйлейді,
Тілін адам білмейді,*

*Ұлықсатсыз сол иттен,
Адам үйге кірмейді» (112-б.), -*

деген жұмбақта құлыпты жұмбақ қылып, оның қасиетін итке ұқсатып жасырып тұрғанын көруімізге болады. Мысалы, ит сияқты үрмесе де, жүрмесе де үйді күзететінін көрсетсе, кілтті ғана салсаң дыбыстың шығатынын, ашылмаса ешкім үйге рұқсатсыз кіре алмайтыны иттен адам үйге кіре алмайтын тұсымен жасырылған жұмбақтың құрастырылуы баланың салыстыру, ойлау, қабылдау, талдау, жинақтау қабілеттерін дамытады.

Жұмбақ жанрының түрлі тақырыптарды қамтып, халықтың тұрмысын суреттейтін тұсына қарай балалар фольклорына арналған мәтіндерде арнайы тақырыптарға қарай топтастырылып беріледі. Мысалы, «Бабалар сөзі» сериясының 72-томында жұмбақ жанры «Білім, техника, тұрмыстық заттар» (229-234 бб.), «Табиғат туралы» (234-235 бб.), «Өсімдіктер жайында» (235-239 бб.), «Хайуанаттар, құстар, жәндіктер» (239-244 бб.), «Адам туралы» (244-245 бб.) деп берілген. Жұмбақтардың тақырыптары балалардың ой-санасын дамытып, зейінін тұрақтандырумен қатар, танымдық қабілеттерін арттыруға бағытталғанын көрсетіп отыр. Б. Қошым-Ноғайдың «Қуыр-қуыр, қуырмаш» (2018) кітабында жұмбақ тақырыптарының топтастырылуы да осыған ұқсас берілген: «Жаратылыс және табиғат құбылыстары туралы» (74-80 бб.), «Адам және оның өмірі, дене мүшелері туралы» (80-82 бб.), «Оқу-білім, техника, тамақ, киім-кешек және тұрмыстық заттар хақында» (82-93 бб.), «Өсімдіктер жайында» (93-95 бб.), «Төрт түлік мал, хайуанаттар, құстар және ұсақ жәндіктер жайында» (95-102 бб.). Бұл жерде жұмбақ жанрының қазақ балалар фольклорының дидактикалық мәнін толықтырған тұсын көруімізге болады.

Жұмбақ жанрын қазақ балалар фольклорының мәтіндері ретінде қарастыра келе, жұмбақтардың баланың танымын кеңейтіп, бала тәрбиесінде қолданылатын тәрбие құралы ретінде қолдануға болатыны анықталды. Жұмбақ жанрының ұрпақ санасында тереңінен орнығып, рухани азығына айналуын зерттеген А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, М. Әбжанов, Ж. Адамбаев, Н. Оңғарбаева, Ш. Керім, т.б. жинақтаған жұмбақтардың көркем әрі күрделенген түрлері «Дала фольклорының антологиясы» он томдығының «Гибратты фольклорға» арналған 10-томына енгізілген. Жұмбақтармен қатар «Жұмбақ айтыстар» (292-302 бб.), «Қарасөз жұмбақтар» (302-323 бб.) берілуі және «Бабалар сөзі» сериясының 64-томындағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты берілген 2140 жұмбақпен қатар «Әртүрлі жұмбақтар» (330-333 бб.), «Жұмбақ өлеңдер» (334-342 бб.), «Жұмбақ айтыс» (344-356 бб.), «Қара сөз жұмбақтар» (360-363 бб.), «Жұмбақ жауап» (364-400 бб.) деп берілуі жұмбақ жанрының қазақ балалар фольклорының ғылыми нысанға айналуына ықпал етті деп есептейміз.

Қазақ балалар фольклорындағы жаңылтпаш жанры – бала тілін жаттықтырып, 5-6 жасқа келгенде қазақ тілінің барлық фонемаларын анық, таза айтуға үйрететін балалар фольклорының шағын жанры. Аты айтып тұрғандай «жаңылу», «жаңылту» деген мағына береді. Әрі балалардың күлкісін шақырып,

ойынға, топқа араласуға баулитын қызметі де бар. Жаңылтпаштың атқаратын қызметіне қарай анықтамалар былайша берілген:

Жаңылтпаш – айтуға қиын тиетін сөз тіркестерінен құралған ауыз әдебиетіндегі ұсақ жанр.

Жаңылтпаш – ойын-сауықтарда ән білмейтін, жатқа тақпақ айта алмайтын жастарға жаза ретінде қолданылған. Бала тілінің кемістігін түзетуде фольклор мәтіндерінің қызметін арттырады [78, б. 42-43].

Қазақ жаңылтпаштарын зерттеу ісі ХІХ ғасырлардан бастау алады. Жаңылтпаштарды жинақтауда Ә.А. Диваевтың еңбегі зор. Сол кездегі жинақталған жаңылтпаштардың нұсқалары хатқа түсіріліп, кейін балаларға мерзімді басылымдар «Балдырған», «Мөлдір бұлақ», «Айгөлек» журналдарында жарияланған. Жаңылтпаштың ғылыми анықтамасын алғаш ұсынған А. Байтұрсынов былай деп жазады: «Жаңылтпаш деген жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, я тіл келмейтін, я тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады» [32, б. 113]. Жаңылтпаштардың сабақ, тәжірибе ретіндегі көрінісі А. Байтұрсыновтың «Бес томдық шығармалар жинағындағы» (2006) әліппелер мен мақалалар жинағында жаңылтпаштарды құрастырудың жолдары берілген. Негізінен бала жаңылтпаштарды айтудан қиналады. Осы кезде жаңылтпаштарды жаңылту, дұрыс сөйлеуге үйрету мақсатында ғана емес, оның күлкі шақыратын тұсы да маңызды. Мысалы, *Ораз, зор, араз, ора, озар, азар, ор, оз, аз* сөздерінен (барлығы 9 сөз) балаларға жаңылтпаштар жасату жұмысы беріледі. Осы сөздерден мынадай жаңылтпаш шығады. Мысалы:

«*Ор, Ораз!*»

«*Ораз, ор!*»

«*Оз, Ораз!*»

«*Ораз, оз!*»

«*Ораз, орар!*»

Осы сөйлемдерден мына жаңылтпаш пайда болады:

«*Ораз озар,*

Ораз орар,

Аз озар,

Аз орар» [79, б. 40].

Осы секілді екі сөзден құрылған жаңылтпашты балаға қайта-қайта айтқызу арқылы дыбыстарды анық айтуға үйретуге болады. Бұл жаңылтпашта күлкіге, ойынға шақыру сипаты жоқ. Одан кейін бұл жаңылтпашты күрделенген нұсқаға ауыстырса, шапшаң айтуда бала жаңылып, бірін-бірі күлкіге шақырады. Мысалы, үш сөзден жаңылтпаш құрастыруға болады.

«*Ораз аз орар*»

«*Аз орар Ораз*»

«*Зор Ораз орар*»

«*Орар зор Ораз*»

«*Ор зор, Ораз!*»

«*Ораз, аз ор!*»

«Аз ор, Ораз!»
«Ораз, аз ор!»
«Зор, Ораз, оз!»
«Ор, зор Ораз!»
«Зор Ораз озар!»

Бұл сөйлемдерден күрделенген жаңылтпаштың нұсқасын құрастыруға болады. Мысалы,

1. Зор Ораз, ор Ораз!
2. Ора Ораз, зор Ораз!
3. Ораз орар, аз орар!
4. Ораз озар, аз орар! (40-б.).

Жаңылтпаштардың жаңылту, күлкі шақыру мақсатында құрылған нұсқалары да бар. Жаңылтпаштардың мазмұнында халықтың тұрмыстағы өмір сүру көріністері, дүниетанымы, тәлім-тәрбиелік қырлары орын алады.

Мысалы,
«Мынау арал қай арал?
Қайың менен тал арал.
Талға қарға ұялар,
Тарғыл иттің құйрығы
Талға оралар,
Талға оралар» [43, б. 329].

Бұл жаңылтпаштағы ұйқастардың ауысып келуі баланың тілін дамытуға септігін тигізеді.

«Атам томағаламаған бүркітті
Мен томағаламағанда
Кім томағалайды?» (330-б.), -

деген жаңылтпаш баланы атасына қолғабыс ету керектігін меңзеп және «томаға» сөзінің бірнеше рет қайталануымен ерекшеленеді.

Жаңылтпаштарды қолдану ерекшеліктері ғана емес, оны айтудың да орны бар. Жаңылтпаш бастапқы жолы жай айтылғанымен, соңғы жолдары жылдам айтылып, сөздер жаңылысып, мағынасы өзгертін тұсын да айтуымыз керек. Жаңылғанда мағынасы өзгеруін көздемей, тек жаңылу үшін ғана айтылатын жаңылтпаштар да бар. Ол жаңылтпаштардағы сөздер қайталанып айтылу арқылы баланың тіл дыбыстарын анық айтуына септігін тигізеді.

Мысалы,
«Бір түйем бар еді,
Бұйдалайын деп едім, бұйдалай алмадым».

«Бай Тайқарбай,
Қойыңды Ақшағалаға жай, Тайқарбай» [32, б. 113], -

деген жаңылтпаштардың соңғы жолдарын бала үш рет қайталап айтып, дыбыстарды анық, таза айтуға үйретеді, әрі баланың күлкісін шақырып, қарым-қатынасты нығайтады. Тағы бір мысал:

«Құрықтан құлдырап түстім,

Сырықтан сылдырап түстім» [43, б. 330].

*«Қарамайлы қарағайды,
Кесейін бе, кеспейін бе?
Қазықтағы қара тайды,
Шешейін бе, шешпейін бе?» [22, б. 333], -*

деген жаңылтпаштардағы жаңылған сөздердің қисынсыз мағыналы сөз болып, айтылуы күрделеніп келетін түрінде баланың зейіні тұрақтанып, қабылдауы дамиды.

Жаңылтпаштар орындалуына, атқаратын қызметіне қарай А. Байтұрсынов зерттеулерінде жаңылтпаштарды қолданудың жолдарының берілуі, он томдық «Дала фольклорының антологиясының» «Ғибратты фольклорға» арналған 10-томында балаларға таныс заттар мен құбылыстар, әрекеттерді сөз ету негізінде (326-354 бб.) топтастырылуы қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін анықтауға ықпалын тиігізеді.

Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшелігін көрсететін келесі жанр түрі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтел – халық тұрмыс-тіршілігінің, дүниетанымы, ақыл-ойы, еңбегі мен өмір-тәжірибесінің қорытындысын ғасырлар бойы ұрпақ санасына сіңіріп келе жатқан шағын жанрлардың бірі (11-б.) деп көрсетілуі мақал-мәтелдердің өн бойы тұнып тұрған халық болмысы мен халық даналығы екенін түсіндіріп тұр. Мақал-мәтелдер қысқа пайымдалған ойды бергенімен, оның астарында үлкен мәні бар, мағыналы, тәрбиелік сипаттағы ой-тұжырымдар шоғырланған. Қазақ халқы өмір сүру салтында көрген-білгендерін, естігендерін қорытып, бір ойға жинақтап, айтайын дегенін осы мақал-мәтелдермен өрнектеген. Мақал-мәтелдер анықтамалық сөздіктерде былайша беріледі:

Мақал – түйінді ойды білдіретін ықшамды, ырғақты нақыл сөз.

Мақал – сөздің атасы.

Мақалдың танымдық, тәрбиелік маңызы зор.

Мақал – түйінді ойға айналады, ел есінде сөз түрінде қалады [80, б. 18-19]. Қазақ мақал-мәтелдерін жинақтап, экспедициялық жолмен оларды хатқа түсіріп отырған Ә.А. Диваев және басқа да зерттеушілер қазіргі күнгі қазақ мақал-мәтелдері жинақталған басылымдардың жарық көруіне ықпал етті. Атап айтсақ, қазақ мақал-мәтелдерін әр кезеңде Қазақстанның барлық жерінде арнайы экспедициялық жолмен жеке жинақтарды жинақтап, зерттеген Ш. Уәлиханов, Ә.А. Диваев, А. Байтұрсынов, М. Ысқақбаласы, А. Баржақсыбаласы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллин, Б. Шалабаев, С. Нұрышев, Б. Адамбаев, Б. Ақмұқанова, Ш. Керім [43, б. 11] арнайы ғылыми еңбектерін жазды.

Қазақ балалар фольклорының шағын жанры мақал-мәтелдер ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу, денсаулығын сақтап, оны күту, ата-анаға құрмет көрсету, оқу-білімге ынтық болу, жақсылық пен жамандықтың арасын ажырата білуге үйрететін балалар санасына негізделген мақал-мәтелдер өте көп. Олардың мәні мен мағынасын ұғындырса, бала санасы халық мұрасымен толығар еді. Бұл жерде де айтпағымыз, халқымыздың бай мұрасын, рухани азығын өсіп келе жатқан

ұрпағымыздың санасына әбден сіңіруіміз қажет. Ол үшін қазақ балалар фольклоры үлгілерінің мәні мен мағынасын балаларға нақты мысалдармен, бейнелермен, образдармен көрсету керек деп есептейміз. Осы жолды қалай құру керектігі ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың зерттеулерінде анық баяндалған. Мақалдың тақпаққа ұқсас, жақын келетін тұсын мақалдың тақпаққа қарағанда оның шындықты айтатынымен ерекшеленетіні көрсетілген. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын көрсетіп, мәтелді қандай да бір әрекетті, құбылысты сол кезде болған тұсына қарай түсіндіретінін айтады. Түсінікті болуы үшін А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» зерттеулері мен өлеңдерінде берілген бала психологиясына, жасына сай келетін мақал-мәтелдерді іріктеп алдық.

А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» зерттеулері мен өлеңдеріндегі (2003) балалардың танымына сай келетін мақалдар:

1. *Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос (ақылға, сабырлы болуға шақыру).*

2. *Күлме досыңа, келер басыңа (досын мазақ етіп, келемеждемеуге үйрету).*

3. *Тәртеу түгел болса төбедегіні алады, алтау араз болса ауыздағы кетеді (ағайынмен, досымен тату болуға баулу).*

4. *Денсаулық – зор байлық (денсаулығын күтуге, аурудың алдын алуға үйрету).*

5. *Ұрлықтың түбі – қорлық (ұрлық жасамау, ешкімнің затына тимеуге үйрету).*

6. *Көрмес түйені көрмес (зейінді болуға үйрету).*

7. *Жаз арбаңды сайла, қыс шанаңды сайла (бос жүрмеу, бос уақыт өткізбеу, еңбекке баулу).*

8. *Көре-көре көсем болар, сөйлей-сөйлей шешен болар (іздену, білуге, шешен сөйлеуге баулу).*

9. *Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың (бұл мақалдың ересектерге бағытталып айтылған тұсы басымырақ болғанымен, баланың да үлкендерден көрген үлгі-өнегелерін бойына сіңіру керектігі жөнінде айтылған).*

Бұл мақалдарды әрі қарай жалғастыруға болады. Мақалдардың жанр ретіндегі ерекшелігі осында [32, б. 129-130].

Енді, мәтелдерді қарастырамыз. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» зерттеулері мен өлеңдеріндегі (2003) балалардың танымына сай келетін мәтелдер.

1. *Өзі тойса да, көзі тоймайды (тамақтануда көрсеқызарлық танытпау керектігі).*

2. *Көппен көрген – ұлы той (топтасуға, ұжымдасуға шақыру).*

3. *Тамақ тоқ, көйлек көк, уайым жоқ (рухани азықтанудың қажеттілігі).*

4. *Көзінің жасы көл болды (көп жылаған адамды көргенде айтылады).*

5. *Барымен базар, жоқты қайдан табар? (қолда барға қанағат ету).*

6. *Досқа күлкі, дұшпанға таба қыла көрме! (ұятқа қалмау, абыройлы болу).*

7. *Дерт батпандап кіріп, мысқылдап шығады (денсаулықты сақтау, күту).*

8. *Арғымақты жамандап, қане тұлпар тапқаның? (адамдар туралы жаман айтпау [32, б 130-131].*

Бұл мәтелдердің мазмұнын балалардың танымы мен психологиясына, жас шамасына қарай қолдану керектігі көрініп тұр. Сонымен бірге, мақал-мәтел жанрын балаға үйрету, санасына сіңіруде оның жанрлық ерекшеліктеріне мән беруіміз керек. Айтып кеткеніміздей, мақал-мәтелдер қандай да бір аяқталған ойдың жемісін беретін жанр.

Мақал-мәтелдердің осы бір жанрлық ерекшелігін өзінің зерттеулерінде анық көрсеткен А. Байтұрсыновтың әліппелер мен мақалалар жинағынан (2006) кездестірдік. Мысалы, мына «Дәрігер бізге не айтты?» әңгімесін талдау арқылы балалар өздері ой қорытып, мақал құрастырған тұсын көреміз. Бұл әңгімедегі «Кеше мектепке дәрігер келді. Бірімізді шешіндіріп қарады. Бір шыны әкеліп қолымыздың үстіне қойып, әрқайсымызға қаратты. Қарасақ, теріміз шұрқ-шұрқ тесік.

Дәрігер айтты: Тер осы шұрқ-шұрқ тесіктен шығады. Тер шыққанда, терімен бірге тәнімізден зиянды нәрселер де шығады». Әңгіменің мазмұнына қарап балалар денсаулық туралы мына мақалдармен танысады:

Денсаулық – зор байлық.

Ішің ауырса, аузыңды тый.

Көзің ауырса, қолыңды тый [79, б. 67].

Бұл мақалдар балаларға денсаулықты сақтау, тазалықты сақтау керектігін жете түсіндіріп тұр.

«Мектепке түскен күн» әңгімесіндегі «Мұғалім бірінің атыңды бірін сұрап алыңдар деді. Балалар бірінің қасына бірі барып, аттарын сұрасты. Содан бұлай танысып үйір болып кеттік» (62-б.). Әңгіме соңында «*Ойнаңдар! Ойлаңдар!*» деп тапсырма беріп, мақалмен түсіндіреді:

Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс.

Кісі бір көргеніңде жылан,

Екі көргеніңде құлан,

Үш көргеніңде адам (63-б.).

Бұл мақалдар балаға көпшіл болуды, топпен, ұжыммен бірге болуды үйретеді.

Балалардың құмарта таңдана тыңдап, оны қызығушылықпен жаттап алатын балалар фольклорының жанры – өтірік өлеңдер. Олар қазақ халқының тұрмыс-салтына байланысты туындаған. Күнделікті тұрмыстағы жануарлар, жәндіктер тіршілігі мен қарапайым заттар, құбылыстарды сипаттап өтірікке негізделген қиялдан туған шығармалар балалар өмірінде ерекше орын алады. Өтірік өлеңдер балаларды бірден өзіне елтіп алатын, оларды қалжыңға, әзілге, күлкіге шақыратын тұсымен қызықты. Балалар өтірік өлеңдерді кейде өздері құрастырып бір-бірімен сөз таластыруда да ерекше. XIX ғасырдағы қазақ балалар фольклорын жинақтап, хатқа түсірген жанрлардың қатарында өтірік

өлеңдер мен өтірік әңгімелер көп кездеседі. Өтірік өлеңдерге берілген анықтамалар былай беріледі:

Өтірік өлең – қазақ халқының тұрмыс-салтына байланысты күлкілі сюжетке құрылған, сатиралық өлең.

Өтірік өлеңде іс-әрекет шынайы өмірге сәйкес келмейді.

Өтірік өлең күлкілі сюжеттерге құрылады [75, б. 261].

Халық арасында өтірік өлеңдер мен өтірік әңгімелерді айтушылардың тобын қу тілді, әзілге жақын, айлакер адамдар құраған. Олардың тобына Алдар Көсе, Тазша бала, Ығай мен Сығай деген адамдар кірген. Бірақ өкініштісі, қазақ балаларының арасында айтылатын өтірік өлеңнің кейіпкері ретінде Тазша баланы ғана танытынымыз қынжылтады. Бұл тұрмыста өтірік өлеңдердің қолданыстан қалып бара жатқандығы деген сөз. Халық арасында өтірік құрастырушылардың бір тобын балалар құраған. Балалар өтірік өлеңдерді ойын барысында бірін-бірі мазақтау, келемеждеу, алдау, сөз таластыру мақсатында қолданған. Балалар әсіресе, «Ұшты-ұшты», «Жаңылмай айт», «Саусақ санау» ойындары кезінде өтірік өлеңдерді құрастырып айтатын болған. Балалар арасындағы өтірік өлеңдердің таралуын І. Жансүгіров, Ә. Қоңыратбаев, фольклортанушы Ш. Ыбыраев өтірік өлеңдердің пайда болуы мен олардың көркемдік ерекшеліктерін көрсетіп, қазақ балалар фольклорын классификациялауда жанр ретінде өтірік өлеңдердің негізінде К.І. Матыжановтың зерттеулерінде, «Балалар сөзі» жүз томдық жинағының «Балалар фольклоры» сериясына арналған 72-томында өтірік өлеңдер енгізілген.

Балалар арасында тараған өтірік өлеңдердің мәтіндері балаға түсінікті, жеңіл жеткізілетінімен ерекше. Мысалы. «Айды әкелдім», «Мұзтамақ» өтірік өлеңдерін талдасақ:

«Мініп алып құртқа,

Өрмеледім бұлтқа.

Алып келіп Айды,

Көрсеттім көп жұртқа» (121-б.), -

өлеңінің мағынасы жәндіктер тіршілігі мен табиғат құбылысына сәйкес құрылған өтірік. Бұл өтірік өлеңді тыңдаған бала шындықты меңзеп, бір-бірімен айтысады, сөз таластырады.

Осы мазмұндағы «Мұзматақ» өлеңіндегі:

«Жасадым жұмыртқадан алтын табақ,

Сүңгі мұзды боршалап еттім тамақ.

Шегірткенің сирағынан қасық жасап,

Ертеден кешке дейін іштім тамақ» (121-б.) -

деген жолдарда жәндіктердің тіршілігі, ыдыс-аяқ, табиғат құбылысына байланысты құрылған өтірік өлең айтылады. Осы өтірік өлеңді тыңдаған бала күлкіге батып, өлеңнің шынайы қырын іздейді, ойланады, бір-бірімен айтысады. Келтірілген өтірік өлеңдерде троптың түрлерінен әсірелеу, сарказм, литотаның кездесетінін көруімізге болады. Бұл өтірік өлең жанрының көркемдік сипатталуы балаларға өлең мазмұнының түсінікті болуын, оның шынайы нұсқаларын іздеуге деген түрткілердің пайда болуына әкеледі.

Балалар фольклорының жанрлық құрамына мән берсек, ертегілерде негізінен мифтік сарындар болғанымен, ертегілердің түрлерге бөлінуінің өзі, мысалы, жан-жануарлар туралы ертегілердің мазмұны бүгінгі күннің көрінісін береді. Мысалы, «Тоқты, қошқар, бұзау бұқа, лақ теке» ертегісінде «аюды – анамыз», «қасқырды – Қабан би», «түлкіні – Түмен би» деп көрсетуі бұл жануарлардың өздерінен кішілерге үстемдік жасайтын қасиеттерін балаға түсіндіруінен көрінеді. Ертегіні әрі қарай талдасақ, бұзау, тоқты, лақты бір күндік және бір түндік ас деп көрсетіп, олардың бір мезетте жеп қоя алатындарын көрсетуі баланың бойында жанашырлық, мейірімділік, аяушылық сезімдерін оятуға негізделген тұсы деп көреміз. Әрине, бала бойында мейірімді, жанашыр болу сезімдерін оятудың жолы осы ғана емес екенін де айтып кетеміз.

*«Шіңгір-шіңгір, шіңгірлік,
Бұзау бұқа бір күндік,
Қошқар теке бір түндік,
Лақ теке бір түстік» (282-б.), -*

деген өлең жолдарынан балаларды аю, қасқыр, түлкінің күштілігін, олардың барлығы өздерінен әлсіздерге әлімжеттік көрсететін тұстарын айтуы, оларды тек қана ақылмен жеңуге болатынын көрсетуі ұрпағына аңқаулықтан, алданып қалудан сақтанудың, қорғану барысында ақыл мен ойдың маңызды екенін көрсетеді. Сонымен бірге, оны естіген лақтың да тапқырлығы, табан астынан ақылын жиып, жан сақтау ниетінен туған жырлардың мазмұнында аюдың терісін илеп, тон тігуге болатынын, қасқырдың терісі мен түлкінің терісін илеп тымақ етіп киюге болатынын балаға үйрететін тұсы өлеңнің танымдық қызметін көрсетеді: Үй жануарларының ақылмен жамандықтан аман-сау құтылғанын көрсететін ертегінің аяқталған тұсы балаға ертегілердің әр уақытта жақсылықпен, тапқырлықпен аяқталатынын ұғындыру да ертегілер мазмұнының баланың табиғатына негізделгені деп білеміз.

Қазақ ертегілерінің тобына кіретін шыншыл ертегілердің өмір шындығынан алынатын тұстары, баланы еңбектенуге, қарапайымдылыққа, шыншыл болуға баулитын тұстары өте көп. Шыншыл ертегілердің мазмұны ең әділ, ақылды адамдардың халық ортасынан шығатындығын көрсету [73, б. 114] ұрпағымызға балалар фольклоры үлгілерінің халықтың өмірінен алынғандығын түсіндіруге негіз болған. Осындай шыншыл ертегінің алғашқы кейіпкері ретінде Аяз биді алуымызға болады. Аязбидің ең жаман адамдардың қатарынан болу себебі оның ақылында емес, оның тұрмысы төмен, кедей адам екендігінде екендігінен халық оны жаман адам деп танығанын балаға түсіндіреміз. Адамды тұрмысына қарап жаман адам деп айтпау керектігін түсіндіруде шыншыл ертегілердің орны ерекше.

Балалар фольклоры түрлі дәуір аралық көзқарастарды сақтап қана қоймай бүгінгі күннің тенденцияларынан да сыр шерткен. Олай дейтініміз, фольклор көне заманнан бері бастау алып өзектілігін сақтап қалғандығы. Өйткені уақыт өтіп өмір сүру негізі өзгерген сайын фольклордың да өміршеңдігі, бейнесі, көркемдігі жаңарады. Мысалы, қазір ата-аналар баласына қазақ балалар фольклорының жанрларын медиа құрылғылармен тыңдатып, дыбыстық

кітаптармен игертуде. Бұл жерде фольклордың өмір сүру образы жаңашыл форматқа ауысып, баланың сана-сезімін осы бір 3D форматтағы суреттер, көңілді, ырғақты әуендер арқылы қалыптасып жатқанын айтсақ болады. Бұл балалар фольклоры туындыларының заманауи форматта рәсімделіп, оқырмандарға ұсыну заман талабы болып отырғанын көрсетеді. Дегенмен қазақ балалар фольклорының шағын жанрларын ұрпақ санасына қандай әдіспен болсын сіңіру бүгінгі күннің талабы.

Қазақ балалар фольклоры туындыларының шығу тегін, даму, көркемдік ерекшелігін анықтаудың жолдары мен тәсілдері мол. Қазақ балалар фольклорының жанрлық құрамына енген шығармалардың қайсысында болмасын сонау көне дәуірден бергі келе жатқан көзқарастар мен пікірлердің сарыны сақталған. Осыған байланысты балалар фольклорының жанрлық құрамына енген шығармаларды өзара салыстыру, талдау, олардың көркемдік, поэтикалық ерекшеліктерін ашуда ұқсас сарындар мен үндесулерді типологиялық жағынан қарастыру жолы орныққан. Осы тұрғыдан қазақ балалар фольклорының жанрлық құрамы мен олардың ерекшеліктерін қарастыру арқылы ғылыми қорытынды жасап, фольклортанушылар түрлі халықтардың эпикалық мұрасын салыстыру нәтижесінде маңызды тұжырымға келді. Соның ішінде фольклор туындыларының өзара үндесуі, композициясы мен сюжеті, поэтикасы жағынан жақындығын белгілеудің шарттары мен заңдылықтары анықталып, қазақ балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі баға жетпес құндылықтар қай уақытта болмасын өзекті болып қала беретіні көрсетілді.

Балалар фольклорының ғылыми зерттеу нысаны ретінде жүйеленіп, жалпы фольклор турасында қарастырылуы фольклор жанрларының халықтың сана-сезімінен, өмір сүру образынан ешқашан ажырамағандығы деп білеміз. Бұл мәселенің зерттелуі этнолог ғалымдардың көзқарастарынан басталып, қазіргі күнге дейін де ұрпақ тәрбиесі мен ұрпақ болашағына алаңдаулы зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Елдің болашағы жастардың қолында екені белгілі. Бүгінгі жас буыннан болашақ еліміздің тұтқасын ұстар зиялы азамат өсіру ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алатындығы дәлелденіп тұр. Бұл жерде баланың өмірін назардан тыс қалдырмау, сәт сайын өзгерген баланың сана-сезімі мен түйсігіне ата-бабаның жүрген жолын көрсетіп, сол жолмен өмір сүрудің жолдарын ұғындыру қазақ халқында өзектілігін ешқашан жоймаған. Басқаша айтсақ, қазақ балалар фольклорының шағын жанрларын ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолдануды насихаттау өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі ұрпақ болашағы, ұрпақ тәрбиесі қай дәуірде болмасын өзекті. Ол үшін балалар фольклоры жанрларының ерекшеліктеріне қарай мына шарттар орындалуы тиіс:

1. Отбасында халықтық мұра, халық даналығын ұғындыратын салт-дәстүрлер, жөн-жоралғылар сақталып, насихатталуы тиіс.

2. Қазақ балалар фольклорының жанрларын тәрбиелеу құралы бола алатын тұсын ата-аналардың арасында насихаттау, БАҚ материалдарында кеңінен тарату;

3. Қазіргі цифрланған заман ағымына сай тәрбиелеу құралдары ретінде телефон, смартфон, медиа ресурстар әлем кеңістігінде кеңінен таралып жатыр.

Әрине, бұл заманауи жаһандық қажеттіліктің ықпалы ұрпағымыздың тәрбиесіне әсер етпей қоймайды. Дегенмен қазақ отбасында ұрпақ тәрбиесі халықтық сипатта құрылып, халық даналығынан ажырамауы тиіс.

4. Баланың танымының дамуы туғаннан 3 жасқа дейінгі кезеңде шынайы бейнелермен, сөздермен, әуенмен көркемделіп берілуі керек.

5. Нәрестелік кезеңнен бастап ұрпағымыз ана әлдиін тыңдап өсуі тиіс. Осы мәселеге орай әрбір ата-ана ұрпақ тәрбиесінде танымдық тағылымы мол мұраны, яғни балалар фольклоры үлгілерін ұрпағын тәрбиелеуде қолдану керек.

2.2 Қазақ балалар фольклорының классификациясы

Қазақ балалар фольклоры – ұлттық фольклордың арналы салаларының бірі. Халық даналығы мен халық мұрасы, тағылымы арқылы ұрпақ тәрбиесінің қыр-сырын дәстүрлі тәрбиемен құрып келген қазақ балалар фольклорының классификациясын жасау үшін салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар шоғырланған балалар фольклорының үлгілерін назарға аламыз. Сонымен қатар аталған классификацияны жан-жақты зерттеп, салыстырмалы талдау жасау үшін балалар фольклорының үлгілерін кімдер орындайтынын, қалай орындайтындығын нақты ажыратып алуымыз керек. Жалпы қазақ балалар фольклоры туралы диссертациялық жұмыстың мазмұнын құру үшін жүз томдық «Балалар сөзі» сериясының 72-ші томында негізгі ұғым қалыптастырған К.І. Матыжановтың балалар фольклоры жайындағы ғылыми талдауы, «Рухани уыз» (2008), «Уыз тәрбие» (2023) еңбектері негізге алынды.

Жалпыхалықтық тәрбиенің бастауы болып саналатын қазақ балалар фольклорының сонау көне заманнан бері өмір сүрген кезеңінің нақты ғылыми тұрғыда жетілген кезі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басынан бастау алады. А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлихановтың көзқарастары мен ғылыми зерттеулер, жалпы фольклор үлгілерінен бала табиғатына, бала психикасы мен сана-сезіміне, баланың жасына лайықталған көркемдік жинақылықты көреміз.

Фольклор – өміршең болуы үшін кейінгі ұрпаққа мұра болып сақталып отыруы тиіс. Ол үшін қазақ балалар фольклорының жанрларына қарай балалардың орындайтын және ересектердің балаларға арнап орындайтын фольклор үлгілерін топтастырумыз қажет.

Қазақ балалар фольклорының классификациялану үлгілерін талдап, саралауды біз А. Байтұрсыновтың зерттеулерінен бастадық. Өйткені ауыз әдебиетінің үлгілерін талдап, қазақ балаларының психологиясына негізделген алғашқы ғылыми еңбекте қазақ балалар фольклорының жанрларына, олардың ерекшеліктері, балалар фольклорының жанрларын ұрпақ санасына ұғындырудың әдістемелік жолдары жан-жақты баяндалған. 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, соның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін осы зерттеуінде көрсеткен

А. Байтұрсынов ауыз әдебиеті үлгілерін қолданылу аясына қарай сауықтама және сарындама деп аталатын екі салаға бөледі. Бұл топтамадан біз балалар фольклорына енген жанр түрлерін іріктедік. Сауықтама саласына балалар фольклорындағы барлық ойын-сауыққа негізделген үлгілерді енгізсе, сарындама саласына салт-дәстүрге негізделген үлгілерді енгізеді.

1. Сауықтама саласының тараулары.

Ермектеме (ертегі сөз).

Ертегі.

Өтірік өлең.

Жұмбақ.

Жаңылтпаш.

Басқатырғыш.

2. Зауықтама (зауық сөзі) көңіл-көтеру үшін сөйленетін сөздер.

Ертегі жыр.

Тарихи жыр.

Айтыс өлең.

Үгіт өлең.

Үміт өлең.

Толғау.

Терме [33, б. 269-284].

Бұл топтамада балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Көрсетілген топтамаға енген балалар фольклорының үлгілері сауықтама саласында баланың мектеп жасына келген 6-7 жастағы балалық кезеңінен бастап қолдану керектігін көріп отырмыз. Зауықтама саласында 10 жастан асқан жеткіншектік жастағы балаларға арналған фольклор үлгілері топтастырылғанын айтуымызға болады. Сауықтама саласында берілген ертегілердің өтірік болғанымен мағыналы болатын тұстары көрсетіледі. Ертегішілер арқылы ұрпағымызды жамандықтан сақтандырамыз, жақсылық жасауға шақырып, адал, батыл, батыр, епті болуға шақырып, баланың бойында ізгілікті қасиеттерді дарытатынын көрсетіп, ертегінің тәрбиелік тұсын нақты аңғартады. Ертегінің халқымыздан қалған қор деп көрсетіп, ертегінің мәнін былай көрсетеді:

1. Халық арасында ұмытылған сөздер ертегіден табылады.

2. Балалар әдебиеті жоқ кезде ертегілер бала қиялын дамытып, ойын сергітеді, сөйлеуге үйретеді.

3. Ата-баба өмірінен хабардар етеді.

Ертегіге ұқсас, бірақ ертегіге қарағанда қиялдан гөрі шындық басым болып келетін қазіргі әдебиеттердегі аңыз әңгімелерді ертегісімек деп береді. Ертегісімектердің мазмұны тұрмыстық сипатқа тән болып келетіндігі айтылған. Ертегісімектердің қатарына Жиренше шешен, Алдар Көсе, Қожанасырдың басынан кешкендері жайындағы ертегісімектер енгізілген. Топтамада өтірік өлеңдер берілген. Өтірік өлеңдер аты айтып тұрғандай шынайы тұрғыда қабылданған тұрақты құбылыстарды логикалық ізбен өтірікке қарай ауыстырып айту болып саналады. Өтірік өлеңдердің мағынасы баланы күлкіге шақырып, кейде жұмбаққа ұқсас теңеулер мен салыстырулар да кездесетін жерлері болады.

Мысалы, баланың зейінін ұстартуға негізделген бір нәрсені жасырып, алақанға жұмып тұру дегеннен шыққан. Жұмбақты алақанды жұмып тұрып емес, ойды жасырып айтпай қойып, оның шешуін таптыруға арналған жанр. Жұмбақтар заттың немесе құбылыстың шешуін сипаттау мәтінінен құрылған, баланы ойланып жауап беруге итермелейді.

Бастапқы жолын жай айтып, кейінгі жолдарын шапшаңырақ, бірнеше рет қайталаулар арқылы баланы жаңылту мақсатында да, дыбыстарды анық, таза айтуға машықтандыру мақсатымен де айтылатын жанр жаңылтпаштар енген. Мысалы, жұмбаққа ұқсас, бірақ бала шешуін таба алмай біраз ойлануға негізделген басқатырғыштар енген. Басқатырғыштар баланы санауға, есептер шығаруға машықтандыратын қырымен ерекше.

Зауықтама саласына енген жырдың түрлері жеткіншектер фольклорына негізделгенін көріп отырмыз. Өйткені бұл салаға енген жырдың түрлерін 15 жастан асқан жасөспірім балалар қабылдай алады. Одан кіші жастағы балаларға бұл жырларды ұғындыру оңай болмайды. Себебі ол жастағы балаларда ойындарға деген қызығушылық басым болып келеді. Ал, жыр, айтыс түрлерін ұрпақ санасына сіңірту үшін баланың жалпы қабылдау қасиеттері қалыптасып, өзінің арнасына жетуі керек. Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру балалар фольклорының туындыларын классификациялауда маңызды шарт болып саналады.

Ал, сарындама саласына енген балалар фольклорының үлгілері үш тарауға бөлінген:

1. Салт сөзі: мысалдар, ділмар сөздер (афоризмдер), тақпақ, мақал, мәтел.
2. Ғұрып сөзі: жарапазан, бата.
3. Қалып сөзі: жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры яки бала тербету [33, б. 285-304].

Фольклортанушы С.А. Қасқабасов «Ойөріс» (2009) атты еңбегінде балалар фольклорының кімдерге және қалай орындалатын шартына қарай оларды ішкі жанрларға, түрлерге былайша бөледі:

Балалар фольклоры екі шарт бойынша жіктелген:

- 1) балалар фольклоры үлкен үш топты құрайды:
 - а) үлкендердің балаларға арналған фольклоры;
 - ә) үлкендер репертуарынан балалардың орындауына көшкен шығармалар;
 - б) балалардың өз ортасында айтылатын фольклор.

Бұл шарт генетикалық ұстанымға негізделіп құрылған.

Балалар фольклорының атқаратын қызметіне қарай жіктелуі:

- 2) балалар фольклоры үлкен екі топты құрайды:
 - а) балалар ойынына байланысты, ойын үстінде орындалатын шығармалар;
 - ә) ойыннан тыс, басқа мақсатта орындалатын шығармалар осыдан келіп

қазақ балалар фольклорының үлкен екі саласы шығады:

1. Балаларға арналған шығармалар;
2. Балалардың өздері шығарған шығармалар.

С.А. Қасқабасовтың қазақ балалар фольклорының топтамасы диссертациялық тақырыбымыздың ішкі мазмұнында жан-жақты зерделеніп, баяндалады [11, б. 44].

Қазақ балалар фольклорының классификациясын талдау үшін бізге ХІХ-ХХ ғасырдан бергі жалпы фольклордың жинақталып, хатқа түскен уақытынан бастап бүгінгі күнге дейінгі ғылыми көзқарастар мен талдаулар бағыт-бағдар жасады. Адамзат өмір сүрген кезден бастап халық өмірі мен мәдениетінде орын алған дәстүрлі тәрбиенің іздері бүгінгі қазақ балалар фольклорының үлгісін жасауда өте қажет. Сол тәрбиенің іздері мен көрінісі бүгінгі күнге дейін жойылып кетпей ұрпақтан ұрпаққа сабақтасып бір ізбен жүріп жетіп отыр. Оның көрінісі бүгінгі күнгі қазақ отбасында орын алған салт-дәстүрлер, ырымдар мен тыйымдар, жөн-жоралғылардың барлығы қазақ балалар фольклорының жинақталып, классификациялануында орын алып отыр.

Он томдық «Дала фольклорының антологиясы» жинағына ділмар сөздер (афоризмдер) енгізілген. Бұл қазіргі қазақ балалар фольклорының жаңарған нұсқаларының жинақта [43, б. 357-373] тәмсіл сөздер деп берілген. Тәмсіл сөздерді ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.В. Васильев, Ә.А. Диваев, т.б. зерттеушілер ертегілер мен аңыздардың арасынан тәмсіл сөздердің үлгілерін жинақтаған.

Мысалы, «Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің биіктігіне сеніп, «Менен бұрын кім көреді» деп, тышқанның сөзін қостап, бәрі де қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінеді де отырады. Мұнан соң күнді бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп жыл басы болады» [47, б. 260] деп аяқталатын ой «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген тәмсіл сөз тұрақты түрге айналған. Осы сияқты «Өз үйім – өлең төсегім», «Аяз, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл», «Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер», т.б. тәмсіл сөздермен аяқталып, шағын ойды беретін әңгімелер баланың санасын халықтық таным мен даналыққа толтырады.

Салт-дәстүрлерге негізделіп, мағынасы жағынан қысқара келе мақалға айналып кететін тұсы бар өлеңдер бар. Оларды тақпақ деп берген. Мысалы,

«Ата-ананың қадірін

Балалы болсаң білерсің.

Ағайынның қадірін

Жалалы болсаң білерсің» [22, б. 128], -

деген тақпақтың әр екі жолы қысқарып айтылса, мақалға айналып кететінін көріп отырмыз.

Тақпаққа жақын, халықтың санасына негізделген бірақ тақпаққа қарағанда маңызды болып келетін мақалдар мен мақалға ұқсас болғанымен әдетті, әрекетті сөз түрінде айтып жеткізетін мәтелдер енгізілген.

Ғұрып сөзіне жататын жарапазан мен бата сөздерін енгізген. Жарапазанды екі бала болып, Ораза кезінде үйді-үйді аралап жүріп айтатын болған. Ауыл ақсақалдары балаларға алғыс білдіргенде айтылатын сөздер бата сөздер тобына жатады. Қазақ халқының тұрмысында орын алатын дастархан батасы, алғыс

батасы салт-дәстүрлерге негізделген ғұрып сөздерінің енуі қазақ балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі орнын ерекшелеп тұрғаны анық.

Қалып сөзіне енген жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жырлары қазақ балалар фольклорының классификациясына енгендігі мифологиялық мотивтерді көрсетеді. XX ғасырдағы сөз өнері мен ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыда негіздеген алғашқы еңбек «Әдебиет танытқыш» екені белгілі. Сондықтан бұл еңбекке енген зерттеулер мен пайымдаулар қазақ балалар фольклорының классификациясы туралы зерделеуде маңызды. Қазақ баласының сана-сезімі мен ішкі әлемі, психологиясымен жете таныс болған А. Байтұрсыновтың зерттеулері ғылыми-теориялық және әдістемелік-тәжірибелік тұрғыдан қазіргі білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде ерекше орын алады. Әдебиет пен фольклордың байланысын ажырата отырып сараланған зерттеу нәтижесі фольклор жанрларының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Дегенмен бұл саралау үлгісі кейінгі ғылыми зерттеулердің қатарына енбеген. Бұл жерде қазақ балалар фольклорының дамуы мен зерттелу аясындағы тұжырымдардан байқағанымыз кеңестік дәуірдегі басқа халық зерттеушілерінің бастауымен дамып қалыптасқандығы туралы көзқарастардың басымдығы болса керек. Ал тереңінен қарасақ, нағыз қазақ баласының сана-сезімі мен ой-өрісін қалыптастыруда бұл саралау үлгісі қажет деп есептейміз. Әрине, саралау үлгісінде авторы бар әдеби туындыларды да енгізгені және кейбір терминдердің қазіргі қолданыста жоқ екендігі анықталды. «Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шетқалған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң, елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де, өрге, өнерге ұмтыл дейтін ғибрат» [81, б. 13] деген пікірден қазақ балалар фольклорын халық даналығы деп қарастыруымыз орынды. Біріншіден, балалар фольклорының сөз өнерінің эстетикалық, тұрмыстық негіздегі көрінісін беруде сауықтама және сарындама деп бөлгенін балалар фольклорының танымдық-тәрбиелік сипатын аша түседі. Екіншіден, ермектеме мен зауықтама деп бөлінуі ауыз әдебиетін прозалық және поэзия жанрларына бөліп, балалар фольклорының типологиясын анықтайды.

Ғалым, дәрігер, тарихшы, қоғам қайраткері Х. Досмұхамедовтың әдебиет тарихы мен тіл мәселелері жөнінде іргелі зерттеулер жүргізіп, халық әдебиеті үлгілерін жинап құрастырған «Аламан» атты хрестоматиясында [16, б. 34-35] берілген 46 пункттен тұратын қазақ халық әдебиетінің классификациясын талдадық. Біздің зерттеуімізде бұл классификацияның орны ерекше. Аталған классификацияда қазақ балалар фольклорының жанрларына іріктеу жасадық:

Ертек.

Мақал мен мәтел.

Жұмбақ.

Ырым сөз.

Жаңылтпаш.

Наным-сенім.

Әпсана.

Он екі жылдық жыл есебі – мүшел (жыл мезгілі, ай, апта күндері, олардың шығуы мен мәні туралы әңгімелер).

Перілік хикаялар (Жалмауыз кемпір, Жезтырнақ, Албасты, Марту, Қара, Обыр, Үде, Жын, Пері).

Космогониялық әңгімелер (аспан шырақтары, күн күркіреу, найзағай, аққан жұлдыз, Темірқазық, Жетіқарақшы, кемпірқосақ, т.б.).

Ойын және ойынмен байланысты түрлі мәтел, тақпақ, әңгіме.

Аңыз.

Тұрмыстық жыр («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Айман – Шолпан», т.б.).

Айтыс: а) ру айтысы, б) қыз бен жігіт айтысы, в) жұмбақ айтыс, г) хат айтыс.

Бата, алғыс.

Күлкі, көңіл көтеру.

Әзіл.

Үгіт өлең.

Бесік жыры.

Емшілік өлеңдер: а) бақсының жын шақыруы, ә) оқу, б) арбау, в) көшіру, қағу, г) дем салу, үшкіру, д) садақа сұрау, құдайы нәзире, ж) кітап ашу, з) бойтұмар, и) құмалақ ашу, жауырын қарау.

Өтірік өлең.

Жарамазан.

Ұсынылған классификациядағы наным-сенімдер, он екі жылдық жыл есебі, перілік хикаялар, космогониялық әңгімелер пункітіндегі фольклор туындылары кейінгі зерттеулерінде магиялық фольклор, шаманизм, табу түрінде топтастырылып берілген. Осы топтамадағы берілген түсініктерді мифологиялық мотивтер түрінде қарастыру қалыптасқандығы және балаларға арналған қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілерінің мазмұнын құруда негізге алынатынын айтуға болады. Ұсынылған классификациядағы қазіргі балалар фольклорының үлгілерінде кездесетін шағын жанрлардың барлығы да енгізілген.

Қазақ балалар фольклорының классификациясын талдау кезінде фольклордың негізгі белгілеріне тоқталып, оның мынадай ерекшеліктерін басты назарда ұстадық:

Фольклордың ауыздан ауызға таралуы;

Фольклордың орындаушысы ересектер де, балалар да бола алады;

Фольклорда орындаушы мен тыңдаушының арасында салт-дәстүрлерге, этнографияға негізделген байланыс.

Балалар фольклоры терминінің ғылыми түрдегі талдануы орыс фольклортанушыларының еңбектерінде кеңінен қарастырылып, фольклор мәтіндеріне мән-мағына беру жақсы жолға қойылған. Біз де өз зерттеуімізде осы тенденцияны ұстана отырып қазақ балалар фольклорының мәтіндік жүйесіне берілген сипаттамаларды талдадық. Мысалы, «әлпештеу», «мәпелеу» терминдері баламды әлпештеп өсірдім, мәпеледім, аяладым деген ұғымнан туғандығы белгілі. Қазақ балалар фольклорының классификациясына саралау,

талдау жасауда кеңестік дәуірдегі фольклортанушылар Г.С. Виноградов, О.И. Капица, А.П. Аникин, В.А. Василенко, М.Н. Мельников ұсынған нұсқаларын да кірістірдік.

Фольклор – ойдың жемісі, себебі оны айтушы, жаратушы, ауыздан ауызға таратушысы бар. Фольклор адамның ниеті, ішкі сезімі, эмоциясы, күйі, ойы деп ғылыми болжам жасаған орыс фольклортанушысы, ғалым Г.С. Виноградовтың классификациясында:

- балалардың көңіл-күйін көтеретін фольклор туындылары (санамақтар, мазақтамалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар);
- ойындық фольклор;
- тұрмыстық фольклор.

Г.С. Виноградов зерттеулеріндегі классификация үлгісі этнографиялық зерттеу қағидаларына сүйеніп, тұрмыстық күнтізбелік фольклор деп (маусымдық жырлар) [82] балаларды табиғат пен жыл мезгілдерімен жастайынан таныстырып, маусымдық жырларды жинақтаған. Одан кейінгі екінші түрін аналар поэзиясы деп алып, ересектердің балаларға арнап айтатын фольклорын көрсеткен. Үшіншіден, фольклорды өнермен байланыстырып фольклорда импровизация, драматизациялаудың болатынын ескеріп, фольклордың генетикалық, эстетикалық тұсын көрсетуді көздеген. Бұл жерде музыкалық шығармаларды орындауда қосымша орыс халқында балалайка, сырнай, маракас түріндегі музыкалық аспаптармен орындалатын жырларды енгізген. Ал біздегі жеткіншектер фольклорындағы айтыс өнеріне баулудағы ер бала мен қыз баланың айтысы деп берілетін жырды орындауда қазақ баласының домбырамен айтып жырлауы кездеседі. Төртіншіден, «Сөз өнері – фольклор» деген мағынада баланың өздері шығарып өздері орындайтын мазақтамалар, балаларға арналған саусақ ойындары, санамақтар, тақпақтарды топтастырған.

Балалар фольклорының көпқырлылығы О.И. Капица зерттеулерінде берілген. Зерттеуші балалар фольклорын классификациялауда: «Форма детского фольклора находится в тесной связи с детской психикой. Ритм и метрика, повторения, кумулятивность, звукоподражания, аллитерации, ассонансы и другие приемы творчества диктуются детскими вкусами и восприятием», - дей келе [83, б. 6-7], «Детский фольклор образовался путем естественного отбора. Из всего того, что пелось и сказывалось детям, переходило из поколения в поколение, и уцелело то, что особенно нравилось, забавляло и легко запоминалось детьми. Дошло наиболее совершенное по форме и содержанию с точки зрения интересов ребенка (178-б.), - деп, балалар фольклорын классификациялау формасын зерттеп, балалардың жас ерекшелік кезеңдеріне сәйкес екі топқа бөледі. Бұл:

- 1) әлпештеу поэзиясы – ересектердің сәбилерге арнап айтатын фольклорлық мәтіндері;
- 2) балалардың өздері орындайтын фольклорлық мәтіндері [68, б. 18].

Сонымен қатар қазақ балалар фольклорын жанрларға жіктеуде балалардың жас ерекшеліктерін негізге алған В.А. Василенко мына классификацияны ұсынады:

- 1) Бесік жыры.
- 2) Ойындық фольклор.
- 3) Ойындық емес фольклор.

Ал М.Н. Мельников фольклордың функционалдық ерекшелігіне сай:

- 1) Мәпелеу поэзиясы.
- 2) Ойындық фольклор.
- 3) Өзілдік фольклор.
- 4) Тұрмыстық фольклор [71, б. 31], -

деп көрсетеді. Бұл классификацияның қайсысында болмасын мәпелеу жырлары, ойындық фольклор енген.

Бұл жіктелімдердің барлығында дерлік мәпелеу жырлары, ойындық фольклор қарастырылған. Мысалы, О.И. Капица, В.П. Аникин генетикалық қағидаларды басшылыққа алып, ересектердің балаларға арнап айтатын аналар фольклоры және балалардың өздері айтатын балалар фольклоры деп екі топқа жіктеп алып, олардың ішкі жанрлық түрлерін көрсеткен. Ал М.Н. Мельников балалар фольклорын поэзия, ойындық фольклор, тұрмыстық фольклор деп атап, ішкі жанрларға бөледі.

Бесік жырларындағы жоғарыда айтқан фольклордағы мәтін мен жанр ұқсастығын зерттеген орыс зерттеушісі А.В. Ветухов бесік жырының табиғатын ашып, «мәпелеу» және «алдарқату» қызметін көрсетеді. Ал О.И. Капица бесік жырларының поэтикасын зерттеуде фольклор шығармаларындағы мәтін мен жанр ұқсастығын ашады. Бесік жырларының монотонды орындалуы, дыбыстық қайталаулар, ырғақтылық, бесікті тербеу, уату-алдарқату қызметі болса, келесі бір мотиві нәрестені тыныштандыру, ұйықтату болып табылады.

Қазақ балалар фольклорының классификациясын жасауда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін, сонымен бірге фольклордың өзіндік ерекшелігін білу шарт. Осы тұрғыда мынадай тезистерді ұсынамыз:

1. Балалар фольклорының үлгілерін шығарушылар мен орындаушылардың кім екенін білу маңызды. Мысалы, бесік жырларын ата-аналар өздері шығарып, балаларға өздері орындап беруі. Ал, мазақтамаларды балалар өздері құрастырып, өздері орындауы.

2. Балалар фольклоры шығармаларының атқаратын қызметі танымдық-тәрбиелілік, эстетикалық мәнімен ерекшеленеді.

3. Балалар фольклоры шығармалары баланың жас ерекшелігіне сай құрылуы шарт.

4. Балалар фольклоры шығармаларының поэтикасы, тақырыптық, мазмұндық, сюжеттік, композициялық құрылым, сөз саптау, тілдік, мәтіндік белгілердің сақталуы маңызды.

Қазақ балалар фольклорын классификациялауда ғалым, зерттеуші, фольклортанушы С.А. Қасқабасовтың «Ойөріс» еңбегінде балалар фольклорын топтастырудың шарттарымен таныстық:

а) ересектердің балаларға арнаған фольклор үлгілері;

ә) әуелі ересектер арасында тарап, бірте-бірте балалар арасына қарай ауысқан шығармалар;

б) балалардың өздерінің орындайтын фольклор үлгілері.

Мұнда балаларға арналған тұрмыстық-тәрбие беру мақсатын көздеген баланы әлпештеу, уату-алдарқату жырлары, салт-дәстүрлерге негізделген сәбилік ғұрып жырлары (шілдехана, тұсау кесу, сүндет той), ұрпақ тәрбиелеудегі айтылатын жеткіншек жастағы балаларға арналған фольклор мәтіндері (өлең-тақпақтар, санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегілер) болып жинақталған. Фольклор мәтіндеріндегі эстетикалық-танымдық қызметтің орын алуы да, фольклордың прозалық, поэзиялық көрінісін беріп, фольклор поэтикасы, композициясы, образдық жүйесі орын алатыны және жеткіншек жастағы балаларға арналған фольклор мәтіндерінде эстетикалық-танымдық қызмет жүзеге асатыны айтылған [11, б. 42]. Осы жерде фольклордың өміршеңдік сипатына байланысты текке, жанрларға саралануы керектігі көрсетілген. Бұл дегеніміз, фольклордың қара сөз түрінде айтылуы (проза), өлең түріндегі айтылуы, өзара әңгімелесу, сөйлесу түріндегі (диалог) деп үш текке топтастырып, қазақ балалар фольклорының ішкі жанрлық жіктелімдері көрсетілген. Олар:

- прозалық фольклор жанрлары (миф, әңгіме, хикая, ертегі, шешендік сөздер);

- өлең үлгісіндегі фольклор (жыр, тақпақ, қара өлең, айтыс, мақал-мәтелдер) [84, б. 42].

Осы аталған факторларды, көзқарастар мен пікірлерді негізге ала отырып қазақ балалар фольклорын тұңғыш классификациялау К.І. Матыжановтың «Рухани уыз» (Қазақ балалар фольклоры) [45, б. 27] кітабында берілген:

- Әлпештеу фольклоры (бесік жыры, сәбилік салт жырлар, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары).

- Жеткіншектер фольклоры (маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері, балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлеңдер, мазақтама).

- Ойындық фольклор (ойынға байланысты өлеңдер: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ).

- Ойын өлеңдері (драмалық ойындар, тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақтар, балалар айтысы).

Көрсетілген балалар фольклорын саралау балалардың жас ерекшеліктеріне, мәдени контекске және фольклор шығармаларының мәтініне қарай жасалған. Қазақ балалар фольклорының бұл жанрлық түрлері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, балалардың мәдени және рухани дамуына ықпал етеді. Олар балалардың ойлау қабілетін, тіл мәдениетін және әлеуметтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Жанрдың барлық түрінің өз негіздемесі бар, өз алдына жанр болып аталуының алғышарттары бар. Жанр болып құралу үшін алдымен оның теориясы, одан соң барып практика жүзіндегі қолданысы жан-жақты саралануы керек. Балалар фольклорының жанрлық жіктелімін сөз еткенде осы негізде айтылған теориялық қисынды ойларға сүйенеміз.

Қазіргі фольклортануда зерттеушілер балалар фольклорына мәтіндік қағиданы енгізуді ұстанады. Мұндай жүйе қазақ балалар фольклорындағы мәтіндік жіктелімдерді топтастыруды қайта қарауға негіз болды. Қазақстан

ғылымында бұл мәселені қарастырудың бір себебі, жаңа мәдени-тарихи дәстүрлердің жаңғыруы, фольклор жанрының даму динамикасы болатын. Соңғы онжылдықтағы зерттеушілердің назарын аударған балалар және жеткіншектер субмәдениеті (балалар мен жасөспірімдер арасындағы қолжазба альбомдары, сауалнамалар) және балалар фольклорындағы мәтіндер (көркем шығармалар) болатын.

Фольклор турасындағы ғылыми зерттеулер мен фольклор жанрын жеке зерттеушілер еңбектерінде кеңінен қарастырылуына себеп болған балалар фольклоры жанрларының күнделікті өмір тұрмысынан шығармалардың жойылып бара жатқандығы, көркем мәтіндердің қолданыстан шығып бара жатқаны, фольклордың поэтикалық құрал ретіндегі сюжетті композициялық жағының әлсіздігі болып отыр. Осы жағынан алғанда балалар фольклоры мәселесін зерттеу қазіргі уақытта өзекті.

Көрсетілген балалар фольклорын саралау балалардың жас ерекшеліктеріне, мәдени контекстке және фольклор шығармаларының мәтініне қарай жасалған. Олар балалардың ойлау қабілетін, тіл мәдениетін және әлеуметтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

К.І. Матыжановтың «Рухани уыз» (2008) кітабында ұсынылған классификация жүз томдық «Балалар сөзі» сериясының 72-томының (2011) Балалар фольклоры бөлімінде былай берілген:

I. Әлпештеу фольклоры.

Бесік жыры.

Сәбилік салт жырлары.

Мәпелеу жырлары.

Уату-алдарқату жырлары.

II. Жеткіншектер фольклоры.

Маусымдық жырлар.

Арнау-тілек өлеңдері.

Балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ.

Қызықтама.

Өтірік өлең.

Мазақтама.

III. Ойындық фольклор.

Ойынға байланысты өлеңдер:

Ойынға шақыру.

Қаламақ.

Санамақ.

Ойын өлеңдері (драмалық ойындар).

Өлең ойындар:

Тәжікелесу.

Жаңылтпаш.

Жұмбақ.

Балалар айтысы [45, б. 32-33].

Жоғарыда келтірілген классификациялау үлгілері өзара ұқсас. Бұл классификацияларда балалар фольклорын іштей саралауда мына шарттар барлығында есепке алынған:

Алғашқысы, фольклор туындыларын таратушылар, оларды орындаушылардың кімдер екендігіне назар аудару;

Екіншісі, фольклор шығармаларының атқаратын қызметін ескеру;

Үшіншісі, фольклор шығармаларын саралауда балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу;

Төртіншісі, фольклор шығармаларының поэтикасы. Осы аталған алғышарттардың қай-қайсысы балалар фольклорының көркемделу, орындалу, баяндалу, қолданылу ерекшеліктерін нақты көрсетіледі. Ендеше осы аталған қазақ балалар фольклорының классификациясына жеке-жеке тоқталып, маңызды тұстарын ашу қажет деп білеміз.

Балалар фольклоры жөнінде ертеректе және соңғы кездерде жазылған еңбектерді қарастыра келгенде бұл мәселе жөнінде белгілі фольклортанушы К. Ісләмжанұлының «Рухани уыз» (Қазақ балалар фольклоры) (2008) еңбегінде ұсынылған классификацияға сүйенуді жөн санаймыз. Ұсынылған классификацияда зерттеуші біріншіден, ойындық фольклорды енгізген. Мұнда ойындық фольклорға тікелей ойынның құрылымы емес, ойынның сипаттамаларын, белгілерін көрсетіп, ойындық фольклорды жүйелі қарастырған. К.І. Матыжановтың бұл классификациясы «Балалар сөзінің» 72-томындағы «Балалар фольклоры» сериясында [42, б. 32-33], А.Т. Ақжолованың «Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы» (2014) монографиясында [68, б. 24] берілген.

Балаларға арналған фольклор шығармаларын таратуда ең алдымен баланың жас шамасына қарай туындының бала психологиясына әсері ескерілу керектігі айқын. Өйткені балаға айтып түсіндіргеннен гөрі көрсет, бала сол көргенін ғана орындайды делінген халық арасында жақсы түсінік бар. Бала тек көргенін, естігенін ғана бойына жиып өседі.

Осы мазмұнда елімізде жарық көрген «Қуыр-қуыр, қуырмаш» кітабының мазмұны балалар фольклоры ұсынылған классификацияға сай жинақталған:

Бөбектерге арналған өлеңдер:

- бесік жырлары;
- сәбилік салт жырлары;
- тілек өлеңдері;
- уату өлеңдері.

Балалар жыры:

- арнау-тілек өлеңдері;
- сұрамақ;
- төрт түлік жырлары;
- өтірік өлеңдер;
- тақпақтар;
- мазақтау;
- жұмбақтар;

- мақал-мәтелдер;
- ойын өлеңдері;
- қаламақтар;
- айтыс ойыны;
- ойындар;
- жұмбақ-есептер.

Ертегілер:

- тұрмыс-салт ертегілері;
- хайуанаттар хақындағы ертегілер;
- қиял-ғажайып ертегілер;
- аңыз-әңгімелер.

«Дала фольклорының антологиясының» 10-томындағы «Гибратты фольклор» жинағында балалар фольклорын төмендегідей жіктеген:

- Мақал-мәтелдер.
- Жұмбақтар.
- Жаңылтпаштар.
- Тәмсілдер.

«Балалар сөзінің» 72-ші томы «Балалар фольклоры» сериясында былайша жинақталған:

- Әлпештеу фольклоры (бөбектерге арналған өлеңдер, сәбилік салт жырлары, уату-алдарқату жырлары);

- Жеткіншектер фольклоры (маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері, балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ, төрт түлік жырлары, өтірік өлеңдер, мазақтама);

- Ойындық фольклор (ойын және поэзия, ойын өлеңдер, айтыс ойыны, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар);

- Балаларға арналған прозалық фольклор (ертегілер, Қожанасыр әңгімелері, Бала тілі – бал).

Диссертациялық жұмыста қазақ фольклортануындағы ұсынылған классификациялар мен топтастыру үлгілерін негізге алып, қазақ балалар фольклоры классификациясының үлгісін жасадық. Ұсынылған классификация үлгісін құрастыруда ересектердің балаларға арнап орындайтын фольклор туындылары және балалардың өздері орындайтын фольклор туындылары, үшінші топқа жалпы фольклордан тараған отбасылық ғұрып фольклорының шығармаларын топтастырдық.

I. Ересектердің балаларға арнап орындайтын фольклор туындылары:

Нәрестелерге арналған ересектердің орындайтын жырлары:

- Әлпештеу, аялау жырлары;
- Мәпелеу, еркелету жырлары, алдарқату, тыныштандыру жырлары;
- Нәрестенің денесін майлап-сылау жырлары;
- Мадақтау жырлары.

Сәбилерге арналған ересектердің орындайтын жырлары:

- Тұсау кесу жырлары;
- Санамақтар.

Бөбектерге арналған ересектердің орындайтын және бөбектердің өздері орындайтын жырлар:

- Санамақтар;
- Арнау-тілектер;
- Тілашар жырлары.

II. Балалардың өздері орындайтын жырлар:

- Жұмбақтар;
- Жаңылтпаштар;
- Мақал-мәтелдер;
- Қаламақтар;
- Мазәқтамалар;
- Ертегілер;
- Өтірік өлеңдер.

Жеткіншектер жырлары:

- маусымдық жырлар;
- тақырыптық жырлар;
- ойындық жырлар;
- жарапазан;
- айтыс.

III. Отбасылық ғұрып фольклоры:

Салт-дәстүр жырлары (бесікке салу рәсімі, сүндетке отырғызу, тұсау кесер тоқымқағар, ашамайға отырғызу, тілашар тойы жырлары).

Қазіргі күні ұрпақ тәрбиесінде ата-бабамыз мұра етіп кеткен қазыналарымыз жаңарған цифрлы білім мен тәрбиеге ауысудағы фольклорлық жанрлардың сақталып, баламыздың санасында сақталып қалуын қамтамасыз ету ісінде қазақ балалар фольклоры жанрларының ықпалы өте зор екендігі туралы айтылған пікірлер халық аузында ауызша таралып, жазбаша түрде газет, журналдарда, кітаптарда сақталып, үздіксіз жаңаратындығы белгілі болды [72, б. 17]. Қазақ балаларының өмірі байтақ далада емін-еркін өсіп, қол-аяқтары қатайған кезде ат үстінде өтетіндігі, халқымыздың балаларына ерте жасынан бастап үлкендерді сыйлап, құрметтеуге үйрететінін айтуы қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне аса мән беретіндігін көрсететін балалар фольклорының қай жанры болса да туған жер, елдік пен ерлік, ынтымақ, бірлік, адамгершілік қағидаларын бала санасына сіңіретіндігі анық [43, б. 11-12].

Қорытындылай келе, қазақ балалар фольклорының классификациясын салыстыра талдаулар жасадық. Нәтижесінде, жалпы ұлттық фольклордан тараған балалар фольклоры жас ерекшелік қағидасына сай, халық аузынан тараған балалардың өздері орындайтын және ересектердің балаларға арнап орындалатын, ересектер репертуарынан балалардың арасына тараған фольклор шығармаларына топтастырылғаны анықталды. Қазақ балалар фольклоры үлгілерін ішкі саралауға бөлінуіне қарай әлпештеу фольклоры, отбасылық ғұрып фольклоры, ойындық фольклор және жеткіншектер фольклоры деп жеке-жеке тоқталамыз.

2.2.1 Әлпештеу фольклоры

«Қуанып жан жүрегім қақ жарылып,

Қасірет басымдағы қалды арылып» [73, б. 37], деп басталатын сәбилік салт жырларының бірі – перзенті дүниеге келгендегі қуанышын көрсетеді. Осы сарындағы қазақ халқында ата-баба өмірінен бастау алатын өзара сабақтасқан ерекше болмыс үлгілері мен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан этнографиялық, фольклорлық мұралар қомақты. Осы фольклорлық мұраларымыздың негізгі қызметі перзентін әлпештеп, аялап, мәпелеп өсіру болып табылады.

Дүниеге ұрпағының аман-есен келуін аңсаған ата-ана тілегі мен ниеті баласының аман болуын, саналы болуын тілеуі екендігі анық. Перзентін жүрегімен елжірей сүйіп, әлпештеп, мәпелеп, аялап, бағып-қағуы құр сөзбен ғана емес әсем әуенмен, жырмен өрнектеліп, сүйемелденген. Әлпештеу түсінігі сөздіктерде «әлпеште» ұғымымен түсіндіріледі. Мысалы, «әлпеште» сөзі баланы бағу, балаларды өсіру, әлпештеген бала, әлпеште деген сөздермен берілген [85, б. 103]. Әлпештеу фольклоры туралы сөз қозғағанда сәбиді әр өңірде түрліше айтылатыны тағы бар. Мысалы, оңтүстік өңірлерде дүниеге алғаш келген сәбиді *«шақалақ»*, *«бөбек»* деп атаса, солтүстік өңірлерде «бөпе», «нәресте» деп атайды. Батыс өңірде «сәби», «перзент» сөздері қолданылады. Халық тұрмысында, халық тағылымында сәбиінің әр күні, өмірлік әр қадамы бақылауда, назарда болып отырған. Сәбиінің әрбір қуанышы, әр күні, ең басты денсаулығы, көңіл-күйі мен жағымды мінез-бітістері бойында рухани адамгершілік тұрғысынан толығын аңсаған әке мен ана арманы, тілегі сөзбен ғана емес өнермен, ғибратты әңгімелермен, салт-дәстүрлермен, ырым-тыйымдармен игерту керектігі алдын ала ойластырылған. Осы атап кеткен баға жетпес асыл мұрамыз қазақ отбасында, ұрпақ тәрбиесінде ата-анасының бойынан, әрбір әрекетінен көрініс тауып отырған. Осылайша бастау алатын салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар, жөн-жоралғылар мен әдет-ғұрыптар адамның өмірге келген сәтінен бастап өмірден озған уақытына дейін сақталады. Осы бөлімдегі зерттеуімізде адамның пайда болу, туу, ер жету, есею, өсу, қалыптасу, картаю, өмірден өту цикліне негізделген ғұрыптардың бастауы перзентін мәпелеуден, әлпештеуден, аялаудан бастау алатын адамның ішкі сезімі мен күйін жырлайтын өзіне тән көркемделуі бар поэзиялық шығарма, әлпештеу фольклоры туралы саралаймыз.

Халықтың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ұстанып, ұрпақ жалғастығын құрудағы дәстүрлік тәрбие беру үлгісі әдебиеттану ғылымында ғана емес, этнография, музыкатану, этнопедагогика, этнолингвистика тәрізді бір-бірімен тамырласып жатқан ғылым салаларында қиыса отырып, жүзеге асуда. Жүзеге асып қана қоймай күн сайын өзекті мәселеге айналып, өзін мәуелі жеміс ағашы тәрізді көркейтіп, дамытып, жаңашаландырып, өзгеріп өзінің нәтижесін беруде. XVIII ғасырдан бастау алып XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жалғасып, этнографтар, саяхатшылар, қарапайым халық, сал-серілер, жыраулар мен ертектілер, халық жанашырларының көмегімен там-тұмдап жинақталып келеді. Жинақталған асыл мұрамызды ұрпақ тәжірибесінде кеңінен қолданып,

рухани-адамгершілік қасиеттердің бастауларына айналып отыр. Осы тұрғыдағы жинақталған әрбір мұрамыздың қатарында әлпештеу жырларының табиғаты перзентін мәпелеу, аялау, әлпештеу, айналып-толғану сипатын беретін қай халықтың болмасын тұрмысында, тәрбиесінде сақталған.

Қазақ балалар фольклорының бастауы болған әлпештеу фольклоры түсінігін «әлпештеу» ұғымынан шығатын «бесік жыры яки бала тербету» деген ұғымнан тарайтын «әлдилеу», тербету, баланы алдына алып «бір қалыпты ырғау» деген түсініктермен түсіндірдік. Әлпештеу фольклорында сөздің магиялық күдіретіне деген көзқарастары перзентінің алдағы өмірін болжап, болашағына жол сілтеу тұрасында айтылатын тілек, арнау сөздері осы әлпештеу фольклорында көп кездеседі.

Әлпештеу жырларының өн бойы тұнған баласын мәпелеу, аялау, өбектеу әрекеттеріне толы адамның күйін беретіні белгілі. Қай халықта болмасын дүниеге келген сәбиін күндіз тамағы тоқ болуы, көңілінің сергек, көңілді болуын қалаудан туған сәбилік жырлар өте көп. Сонымен бірге түн ұйқысының тыныш болуын, денесінің шымыр, денсаулығы мықты болып өсуін қалаудан туған мәпелеу жырлары да жетерлік. Осы жырларды әр халық өзінше атайтыны тағы бар. Мысал келтірсек, татар балалар фольклорындағы әлпештеу жырлары, бесік жыры, мәпелеу жыры, уату-алдарқату жырлары деп бөлінісін көрсеткен ғалым Р.Ф. Ягафаров болса, өзбек балалар фольклорында дәл осылай А. Сафаров бесік жыры, мәпелеу жырлары (эркаламалар), уату-алдарқату жырлары (овутмачаклар) деп топтастыруы қазақ халық балалар фольклорының жіктелімінде де көрсетілген [45, б. 34]. Әлпештеу фольклорының орындалуында дәстүрлі мәдениеттің айқын көрінісін беретін құрал – бесік. Ағаштан жасалатын бесікті қолданып әнмен, жырмен, күймен сәбиінің санасын азықтандырған халқымыз көшпенділік өмірде тұрмысын жеңілдетуде тербелетін бесікті қолданған. Мәдени дәстүрге негізделген арнайы құрал тербелетін бесік әрбір қазақ отбасында бар. Оны халқымыздың ағаш шеберлері арнайы ағаштан оюлап, қазақы нақышта жасаған. Отбасындағы алғашқы тұңғыш балаларға арналып жасалған ағаш бесік кейінгі ұрпағына жалғасып, бір әулеттің бесігіне айналып отырған тұсын айтпай кете алмаймыз. Мәдени тұрғыда бесікті аспалы бесік және жердегі бесік деп те көрсеткен. Бұл екі атаумен аталатын тербелетін бесіктің пайдасы не десек, аспалы бесік киіз үйдің шаңырағынан түскен күннің шуағы мен қызуына сәбиді бір табан жақындату мақсатында қолданылуы деп білеміз. Себеп бұл ғана емес, екінші жағынан бұл аспалы бесіктің пайдасы мен қажетті тұсы қазақ халқының медицина ғылымының жетістіктерін сол кездің өзінде қолданғаны деп көрсетеміз. Мысалы, айы-күні жетпей шала туған нәрестелерді аспалы бесікке салып тоғыз айға жеткізіп өсіргендігі, бесікке салып қана қоймай бесік жырларын жырлауы ұрпағының құлағына сіңіру деп білеміз. Бұл қазіргі медицинадағы шала туған нәрестелерді арнайы жылумен, жарықпен өсіруге арнаған вакуумды қолдануы қазақ халқында тұрмыстық сипат ала отырып көне заманнан бері қолданылады. Осы жерде аспалы бесік пен жердегі бесікті қолданушыларды тарихта екіге бөлген: қыпшақтарда жер бесікті қолданса, оғыздарда аспалы бесікті қолданған. Ал қазақ халқы екі түрлі бесікті қолдануы

халықтық тұрмыстық сипаттан туындаған қажеттілік десек болады. Бесікті тұрмыстық ғұрыпқа негіздеу А. Байтұрсыновтың зерттеулерінде қалыптасқан. Бұл пікір қазақ фольклортанушыларының көпшілігінде бесік жырларын тұрмыс-салт жырларының қатарында қарастырылып келді. Дегенмен бұл пікір бесік жыры ересектердің балаларға арналып жырланатын фольклор шығармасы ретінде қарастырылып, әлпештеу фольклорына негізделген. Бұл пікір орыс фольклортанушысы Г.С. Виноградов зерттеулерінде анық көрінеді. Осы уақыттарда бесік жырларына аса мән беріп, зерттеулерді қолына алып, ғылыми зерттеу нысанына айналдырған С. Сейфуллин 1932 жылы жариялаған «Қазақ әдебиеті» еңбегінде бесік жырлары, жанрлық ерекшелігін, эстетикалық қыры мен тәрбиелік қызметін, көркемделу сырын көрсетті [86, б. 5] деп жазады.

Бесік жырларының табиғатына тән көркемдік сипаты барлық халықтың тұрмысында перзент сүю, перзентін аялап, мәпелеп, әлпештеп өсіру түрінде көрініс беруін біріншіден, әлпештеу фольклорының көркемделуін түсіндірген дұрыс деп таптық. Одан кейін осы әлпештеу, мәпелеу, айналып толғану күйінің көрінісі әр халықтың әлпештеу фольклорында түрліше түсіндірілуі және топтастырылуы қалыптасқан. Мысалы, қазақ халқы әлпештеу поэзиясы немесе әлпештеу фольклоры деп көрсетеді де ішкі жанрлық саралануын былайша береді:

Бесік жырлары;

Сәбилік ғұрып жырлары;

Мәпелеу жырлары (пестушки);

Уату-алдарқату жырлары (потешки) [42, б. 35] деп саралайды. Ең біріншіден, бесік жырлары балалар әдебиетінің бастауы деп көрсетілген тұсы да бар. Көркемделу ерекшелігіне сай бесік жырлары ересектердің балаларға арнап шығарған жырлары, яғни балалар фольклорына қатысты екендігін көрсетіп, бесік жырының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін көрсеткен тың пікірлер Ш. Ахметов зерттеулерінде кездеседі. Бесік жырларының басқа халықтармен жақындығын, жанрлық ерекшелігін, халық ауыз әдебиетіндегі алатын орнын, көркемделуін, мазмұнын, халықтық дүниетаныммен, тарихпен байланысты екенін көрсетіп, кеңес дәуіріндегі фольклортанушылар бесік жырларының ғылыми негізін құрған. Осы жерде бесік жырлары поэзия жанры ретінде қарастырылып, топтастырылған бірнеше үлгілерін кездестірдік. Мысалы, О.И. Капица, В.П. Аникин, А.А. Каев, М.Н. Мельников әлпештеу поэзиясын:

Бесік жыры;

Мәпелеу жыры (пестушки);

Уату – алдарқату жыры (потешки);

Қызықтама (прибаутки) [41, б. 84] деп көрсеткен.

Әлемде бесік жырын айтпайтын, сәбиін тербетпейтін халық жоқ. Осы ұйғарымға сай біз көршілес елдердің фольклортанушылары бесік жырын жан-жақты зерделеп саралағанын байқадық. Фольклортанушылар әлпештеу фольклорын жан-жақты зерттеп, оның жанрлық сипатын, көркемдік ерекшелігін жасауда тереңінен зерттеулер жүргізген. Мысалы, абхаз халқында әлпештеу

поэзиясын АР. Хашба былай саралайды: әлпештеу поэзиясы және оның ішкі құрылымы:

Бесік жыры;

Уату-алдарқату жыры;

Арнау-тілек өлеңдері (приговорки);

Ермек өлеңдері (забавы);

Өтірік өлеңдер (84-б.).

Р.Ф. Ягафаров татар халқындағы әлпештеу жырларын:

Бесік жыры;

Мәпелеу жырлары (пестушки);

Уату-алдарқату жырлары (потешки) деп үш түрге ғана бөледі.

Өзбек балалар поэзиясын зерттеуші А. Сафаров әлпештеу поэзиясын:

Бесік жыры;

Аналардың айналып-толғану жырлары деп екіге бөледі (84-б.).

Бұл әлпештеу фольклорындағы бесік жырының мазмұны мен көркемделуіне қарай бесік жырының түп тамыры сөз өнері емес саз өнері екенін түсіну болды. Осы көзқарас тұрғысынан сараласақ, бесік жырының негізгі қызметі сәбиді тыныштандыру болса, эстетикалық, әлеуметтік тұрғыда баланың ой-санасына рухани-адамгершілік құндылықтарды сәбилік шақтан бастап ұялату болып табылады. Сондықтан бесік жырында әуеннің болуы, әлпештеу жырларының табиғатын ашып, оның шығу тегін, көркемделу сипатын түсіндіреді. Бесік жырларының пайда болуы әлпештеу фольклорының қалыптасуына ықпал етті. Біріншіден, бесік жырларын алғаш зерттеген Н.М. Элиаш бесік жырының түп негізі арбау деп түсіндірсе, ал В.П. Аникин, М.Н. Мельников, Р.Ф. Ягафаров, А. Сафаров «ана» сөзімен байланыстырып, анасының дауысын естіген бала тынышталып, инстинкті түрде алдануы бесік жырының әуел бастағы қызметін көрсетеді (85-87 бб.).

Енді әлпештеу фольклоры жырларын ретіне қарай топтастырайық.

Бесік жыры мәпелеу және уату-алдарқату жырлары болып бөлінетіні белгілі. Оларды да ішкі түрлеріне қарай жіктеуге болады. Әлпештеу фольклорына сай ғұрыптарды бесікке салу, қырқынан шығару, алғаш «иткөйлек» киімін кигізу, тұсауын кесу, тоқымын қағу, сүндеттеу, тілашар деп атап, оны «сәбилік ғұрып» жырлары деп атайды. Осы жырларды генетикалық қағида бойынша аналардың орындайтыны ескеріліп «аналар жыры» деп атауда қабылданған.

Әлпештеу фольклорын «сәбилік ғұрып жырлары» деп атауымызға тағы бір дәлел, сәбидің 5-6 жасына дейінгі шағында жасалатын салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдардың болуы, оларды орындау болып табылады. Сонымен бірге, дүниеге келген сәбиді отбасына айтудағы «сүйіншілеу» рәсімі, сәбидің кіндігін кескен адамды «кіндік шеше» атауы, жас босанған ананы қалжалау, қалжасына сойылған қойдың омыртқасын босағаға іліп, жас сәбидің буыны тез қатайсын деген рәсімнің жасалуы, тұзға пісіріп, «шілде суға» шомылдыру рәсімі, қырық күнге дейін сәбиін күн сайын суға шомылдырып, майлап-сылау рәсімі, қырық қасық суға түсіріп, сәбиді «қырқынан шығару» рәсімін жасау, тұсауын кесу, ер

баланы сүндеттеу, «тілашар» рәсімін жасауда ән-жырлармен көркемдеудегі фольклор мәтіндері осы әлпештеу фольклорының ғұрыпқа негізделгендігін көрсетеді [45, б. 11].

Әлпештеу фольклорының магиялық сипаты да бар. Бесік жырларының мазмұнындағы тарихи-көркемделу, мазмұнды, тұрмыстық бағыттың мазмұнында О.И. Капица балалар әлемін жырлайтын жырлар деп берсе, Н.М. Элиаш:

Бесіктегі бала күтіміне байланысты жырлар;

Тарихи мазмұндағы жырлар;

Тұрмыстық мазмұндағы жырлар [41, б. 91] деп бөледі.

Көрсетілген бесік жырларын саралап, топтау үлгілері әлпештеу фольклорының негізгі қызмет түрлерін ажыратып берді. Біз айтып кеткен саралау үлгілерінің бір жерге шоғырануын А. Мартынова:

Дәстүрлі бесік жырлары;

Дәстүрлі емес жырлар деп бөледі (91-92 бб.).

Дәстүрлі бесік жырлары бесіктегі бала күтіміне байланысты айтылатын жырлар болса, дәстүрлі емес бесік жырлары анасының ішкі күйі туралы айтылатын жырлар. Әлпештеу фольклорының жырлары лирикалық әуенге бейім болғандықтан олар тарихи сипатқа сәйкес емес. Бесік жырлары басқа да әдеби жанрлармен үндесіп, жүре бара жаңа қайталамалар арқылы импровизацияланады. Сондықтан бесік жырлары:

Дәстүрлі бесік жырлары;

Суырып салма бесік жырлары (92-б.) болып бөлінеді.

Дәстүрлі бесік жырлары перзентін жұбату, тыныштандыру мақсатында композицияланып, барлық халықтарда айтылады. Дәстүрлі бесік жырларының құрылысында «әлди, әлди», «жылама бөпем, жылама» деген қайталаулар арқылы көркемделеді.

Бесік жырларының сәбидің санасына сіңіп, анасының, әжесінің әлдиімен өскен баланың ұлттық таным жүйесі осы сәбилік шақтан басталатыны тәжірибеде дәлелденген. Мысалы, 2001 жылы Ресей ғалымдарының жүргізген тәжірибесіне қарасақ, дүниеге келген күннен бастап тұрақты түрде бесік жырын тыңдап өскен 6 айлық сәбидің ми жасушалары баланың танымдық қабілетін қалыптастыратынын анықтаған. Бала қоршаған ортадағы адамдардың сөздеріне иланып, тыңдап, алданып, жұбанған айнала қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түскен. Керісінше бесік жырын тыңдамаған 6 айлық сәбилер тобының мінездерінде өзгерістер болып, жылауық, тынымсыз, селсоқ күйге түскен. Бесік жырын тыңдамаған сәбидің болашақта жалқаулыққа бейім, ашушаң, тез шаршағыш болып өсетіндігі дәлелденген. Атап айтсақ, «Әлдиден эпосқа дейін» хрестоматиясындағы мына бір дерекке назар аударсақ, бесік жырымен, әлдиді тыңдап өскен балаларда мынадай танымдық белгілер болатындығы дәлелденіп, былай көрсетілген: жүйке жүйесінің жұмысы жақсарады, танымдық сипатқа негізделген мінез-бітістерінің қалыптасуы, қиялдау, армандау қабілетінің қалыптасуы, тұйықталмай, пікірін ашық білдіретін батыл болып өсетіндігі айтылған [87, б. 10]. Бұл жерде қазақ отбасындағы баланың амандығы,

денсаулығы мен қарнының тоқтығы, көйлегінің көктігі ғана емес, халқымыздың дәстүрлі мәдениетін бала бойына дүниеге келген күннен бастап сіңіруді көздегенін көреміз. Енді әлпештеу фольклорына жататын фольклор мәтіндерін талдап көрейік.

Әлпештеу фольклоры деген топтамаларда баланы бесікке бөлерде бесікті отпен аластау, баланың жастығының астына айна, пышақ, тарақ қоюы сәбидің шошынбай, қауіпсіз ортада тынығуын, ұйықтауын тілеген мифтік ойлау болса, бесіктегі нәрестенің жөргегі таза, құрғақ болуы бір ауа температурасында ұстауын бесік жырларының тұрмыстық қызметін көрсетеді. Мысалы, сәбиді бесікке бөлерде бесікті аластап:

*«Алас, алас, пәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас»* [41, б. 89] –

деп айтылған өлеңде анимистік түсініктің халық арасында сақталғанын көруге болады.

Қазақтың әлпештеу, мәпелеу, уату-алдарқату жырлары, олардың мазмұны, құрылымы, көркемделуі жағынан башқұрт, татар халықтарының балалар поэзиясына ұқсайды.

Мысалы, татар балалар поэзиясындағы нәрестені мәпелеу жырындағы «ус, ус, ус, ибә» деген тіркестер «өс, өс, балам, өс балам» деп халық аузында әркез айтылатын тіркестермен ұқсас келетіндігін көрсетсек:

*«Ус, ус, ус, ибә,
Балам усәп тә житә»* [45, б. 60].

*«Қазлар қанат бирсен,
Тырналар аяқ бирсен»* (61-б.), -

деген шумақтардағы баласына құс қанатындай қаттылық, мықтылық берілсін, денесінің шымыр болып өсуін қалау жырдың мағынасы мен айтылуы жағынан ұқсастығын береді.

Қарақалпақ аялау поэзиясындағы:

*«Өс, бөкем, өс,
Дем сайын өс,
Күн сайын өс,
Айдан айға өс,
Жылдан жылға өс,
Жылдам-жылдам өс»* [88, б. 40], -

деген өлең жолдарының қарақалпақ халқында да бар екендігі, ол халықтың да баласының шымыр, дені сау болып өсуін қалаудан туған жыр деп таныдық.

Осы турасындағы қазақ халқындағы бөбекті майлап-сылағанда айтылатын «Ақ білек» өлеңінен мысал келтірсек:

*«Ақ білек, ақ білек,
Отқа ағашты жар білек.
Ерте тұрып ерінбей,
Еңбек істе қар күреп»* [15, б. 64], -

деген өлеңде татар халқының балалар фольклорындағы «*Балам усәп тә жита*» деген өлең жолының мағынасы баласының ер жетіп, саналы азамат болуын қалап, баланы алдарқату мағынасында ғана емес, баласына үлкен жауапкершілікті арттырып тұрғанын көреміз. Дәл осындай сарындағы өлең жолдары қазақ балалар фольклорындағы «Өс-Өс!» өлеңінде де бар:

Мысалы, «*Өс-өс, балам, өсе бер*», білегі жуан балуан бол, жүрегі мықты, қайсар батыл бол» деген арман-тілегінен туған әлпештеу, мәпелеу жырларын айтып, нәрестенің аяқтарын созып, саусақтарын жазып, жауырынын, балтырын, аяқ-қолдарын ары-беру қозғап, денесін шынықтыруда да фольклордың қызметі орындалған балдырғанның қол-аяғын созу өлеңінде айтылған [42, б. 64].

Осы өлеңдердегі баласының ержүрек батыр болуын, қайтпас, қайсар батыл болуын аңсағанда айтылатын шумақтардың мағынасы бірдей. Баласының батыл, батыр жігіт боп өсуін қалаған, армандаған халық баласына осылай арнау, тілектер айтып отырған. Сонымен бірге, орыс халқының балалар фольклорында да бесіктегі баланың ұйқысын шақыру сарыны бар. Анимистік ұғымның сақталып, сәбиінің ұйқысы тыныш болуын меңзеген өлең былайша берілген:

*«Сон да дрема,
Приди к Вене в голова.*

Сон до дрема.

Накатись на глаза» [44, б. 40], -

деген өлең жолдарында орыс халқының да балалар фольклорында магиялық түсініктердің сақталуы әлпештеу жырларының мазмұнынан көрінеді.

Мысалы:

Бесік жырының I нұсқасы:

«Әлди, әлди, әлди, бөпем,

Әлдилегім келеді-ау.

Неше түрлі өлеңмен,

Алтыннан болсын шүмегің,

Күмістен болсын түбегің» [42, б. 41], -

деген өлеңдегі «әлдилегім келеді-ау» тіркесі сәбиін мәпелеп, аялаған ананың күйін береді.

Бесік жырының II нұсқасы:

«Байқасқаның құйрығын,

Жіпке тағып берейін», -

мұндағы «жылама, бөпем, жылама» тіркесінде де мәпелеу сарыны бар.

Бесік жырының III нұсқасы:

«Жылама, бөпем, жылама,

Көздің жасын бұлама» (43-б.), -

деген өлеңдегі «ұйықтай қойшы жан бөпем» тіркесі де мәпелеу, әлпештеу қызметін атқарады. Көрсетілген бесік жырларының барлық нұсқасында әлпештеу, мәпелеу қызметтері көрініс береді. Бұл бесік жыры жанрының негізгі қызметі деп білу керек.

«Әлди, әлди, аппағым,

Қозы жүнді қалпағым.

*Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген аппағым!» [32, б. 142] -*

бұл нұсқада баланы ата-анасы әркез ойында ұстайтынын жеткізіп, ананың жаны баласының үстінде екенін аңғартады.

Сәбидің буыны қатайып, аяқтарын тәй-тәй басып жүрген шағында бесігінен шешіп алып, баланы өзі ұйықтауға үйрете бастайды. Бұл кездегі өлеңдер баланы өсіру, бағып-қағуға арналған жырлармен көркемделіп, бесік жырлары жалғасып мәпелеу, уату-алдарқату жырларына ауысады. Баланың жасына қарай өлеңдер мен жырлардың көлемі, мазмұны жағынан кеңейіп, халық тұрмысына қарай бейімделе бастайды. Мысалы, баланы тыныштандырып, жұбату кезіндегі диалог түрінде жырланатын «Айналайын баладан» өлеңінде:

*Айналайын баладан,
Тауып алдық даладан.*

*Далада бала жата ма?
Түсіп қапты шанадан.*

*...біздің қайда екен?
Қыздарменен тойда екен.
Тойда неғып жүр екен?*

Алма теріп жүр екен [45, б. 169], -

мұндай айналып-толғану тіркестері уату-алдарқату жырларында қолданылады, яғни «Вырастить здорового и хорошо воспитанного ребенка – мечта всех родителей, содержание песен благословения основано именно на этом» [89, б. 7]. Бұл пікірде әлпештеу фольклорының мазмұны баяндалғанын көреміз. Әлпештеу жырларындағы қазақ халқында «әлди, әлди» деп қайталанатын қайырма-өзбек халқында «алла, алла», татарларда «әлли, бәлли», орыстарда «баю-бай» [90, б. 124] деп айтылуы осы халықтардың әлпештеу фольклорындағы ұқсастықтарды көрсетеді. Әлпештеу фольклорында нәрестенің дүниеге келуі кезінде жасалатын салт-дәстүр «Шілдехана» рәсімі тек қана рәсім ғана емес, сол тойда нәрестеге айтылатын сөздің құдіретіндегі магиялық сарындарды көрсетеді. Мысалы, осы «Шілдехана» рәсімінде сәбиге үлкендердің берген ақ батасында:

*«Өмірі ұзын болсын,
Уайымы аз болсын» [45, б. 52], -*

деген өлеңдегі Тәңірден ұрпағына мағыналы, ұзақ ғұмыр тілеу ниеті бар.

Баланы алғаш бесікке бөлегенде әжелердің бесікті пәле-жаладан алас болсын, баласына ешқандай жамандық жоламасын деген ниетінен туған фольклор мәтіндерінің таралуы тек қазақ халқында ғана емес басқа да түркі халықтарында кеңінен қолданылады. Бұл өлеңдерде халық түсінігінің түрлі көріністері, өздері өмір сүрген уақыттың бейнесі жаңғырық беріп сәбиін жын-шайтандардан қорғау ниеті байқалады. Осындай сарындардың башқұрт, татар, өзбек, қарақалпақ халықтарына да тән екендігін айтып кетуімізге болады.

Мысалы,
«Көш, көш, пәлесі,
Келді міне, егесі.
Ұйықтап демалсын,
Қуанып оянсын» [42, б. 61].

Бұл өлең жолдарында баланың ұйқысы тыныш болуын, шошынбай демалуын тілеген халық өлеңмен ғана емес бесікті отпен, маймен, сумен аластауы фольклордағы мифтік сарындардың бүгінгі күнге дейін сақталғанын көрсетіп отыр. Бесікті аластағанда анасының бөбегіне айтатын жырларында баласын мәпелеу, әлпештеумен қатар, бөбегінің денсаулығының мықты болуын, бесікте үнемі баланы жатқызбай, баланы бесіктен шешіп қол-аяқтарын созып ұрпағының дені сау болып өсуін қалау ниетінен туған мәпелеу, әлпештеу сарындарын анық көреміз.

«Мақал-мәтел, даналық сөздер, қанатты сөздер – халықтың, елдің рухани тарихи тәжірибесінің түйінді мәуелері. Олар көркемдік-эстетикалық таным өрнектері болумен бірге, тарихи дерек те. Ұлттық тарихи-мәдени мұраның өлмейтін өркені, өшпейтін тынысы, жоғалмайтын қазынасы» [91, б. 19], - деп балалар фольклоры үлгілерінің рухани азық болатын тұсы ұрпақ тәрбиесінде бала дүниеге келген күннен бастап жүзеге асатынын көреміз. Өзбек ғалымы А. Сафаровтың ұрпақтың дүниеге келген күннен бастап айтылатын балалар фольклорының туындылары тікелей салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен байланысып, баласына бата, тілек арнау сөздер түрінде айтылатын ересектердің балаларға арналған фольклор туындыларының поэтикалық негізде таралуын жазуы [45, б. 44] балалар фольклорының адамның тіршілікке енген күнінен бастап орындалатынын көрсетеді. Бесік жырларының бүкіл поэтикалық құрылымы бөбектердің табиғатына сай келіп, сөз бен саздың бөбек құлағына сіңіп, тәрбиелік қызмет атқаратынын ескеру маңызды. Осыған байланысты бесік жырларын балалар фольклорының іргелі жанрлық түрлерінің бірі ретінде қарауға толық негіз бар. Балаларға арнап ересектердің орындайтын бесік жырлары немесе баланы тербету жырлары деп те айтылады. Бұл жырлар баланы ұйықтатып, жылаған кезде жұбату үшін айтылатын өлең. Олардың айтылуына қарай әуезділігі, сөздері өзгергенімен, мағынасы сақталады.

Балалар фольклорындағы бесік жырының мақсаты мен атқаратын қызметі ерекше екендігі баршаға мәлім. Бесік жырларының қай нұсқасында да «*аппағым*», «*қозы жүнді қалпағым*», «*айналайын, айымыз*», «*алты қарын майымыз*», «*абайым*», «*балапаным*», «*аспандағы жұлдызым*», «*саятайым*», «*құлынтайым*», «*құлыным*», «*әуедегі жұлдызым*», «*көлге біткен құрағым*», «*жапандағы жалғызым*», т.б. еркелету тіркестері бесік жырының көркемдік қырын анық көрсетеді. Бесік жырларында аталған еркелету тіркестері сәбидің жүрегіне жылы сөздерді жеткізіп, мінезінің жағымды, байсалды қалыптасуына, мейірімді, қайырымды болып өсуіне жағымды әсер етеді. Сонымен бірге сәбилік ғұрып жырларының орындалу сарыны ырымдар мен тыйымдарға және магиялық наным-сенімдерге негізделген тұсын айтсақ болады. Мысалы, ырымдар мен тыйымдарды атасақ:

Бос бесікті тербетпе.

Бесікті ашық қалдырма.

Өз балаңа бесік жасама.

Бесік жасаған адамды құр қайтарма.

Бесікті пайдаланып болған соң, бесікті жоғары қой.

Бесікті пайдаланудағы наным-сенімдер:

Бесікті аластау.

Баланы тіл-көзден сақтау үшін бесікке үкі, тұмар тағу.

Баланың ұйқысының тыныш болуы үшін жастығының астына пышақ, қайшы, айна, шырпы қою.

Перзентін еркелету, уату-алдарқату жырларымен қатар қазақ халқы сәбиінің бойына жастайынан жағымды мінез-құлықты қалыптастыра отырып, жақсы қасиеттерге баулыған. Осы жерде зерттеушілердің жеке көзқарастары турасында берілген пікірлерді де қарастырдық. Мысалы, «бөбекті жұбатудағы ананың аялы сөздері жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Олардың ерекшеліктерін ескере отырып, балаға теңеу етіп, айналып толғанады. Осындай балама-теңеу қатарында түлкі хайуанатының орын тебуі өзіндік маңызға ие. «Түлкінің баласындай сүйкімді бол» деп баласына тілек білдірудің қыры мен сыры өзгеше. Өйткені түлкінің сыртқы келбетінің көз тартарлық қасиеті бар. Сондықтан жан-жануар төлдеріне ықылас білдіріп, кішкентай сәбилерін «құлыным», «қошақаным», «ботақаным» деп еркелеткен ел түлкі баласының айрықша сүйкімділігі мен тартымдылығына бас иіп, балаға арналған тілекке арқау еткен» [89, б.125]. Бұл жерде түлкінің сыртқы келбеті мен терісінің ерекше бағалы екендігін ерекшелеп, «Түлкінің баласындай сүйкімді бол» деп тілек тілеуі туралы айтылған бұл пікірдің қарама-қайшылық тудыратын жағы бар. Сәбиді түлкінің баласына теңеу, біріншіден, қазақ халқының ұлттық менталитетіне сәйкес келмейді. Өйткені қазақ баласын еркелеткенде төрт түліктің төлдеріне теңеп, «ботақаным», «қошақаным», «құлыным» деген теңеулерді қолданған. Оның да мәні бар. Сәбиін еркелетіп, аталған төлдердің бойындағы сүйкімділік, аңғалдық, батылдық, өжет қасиеттеріне қарай өзінің сәбиіне теңеулер айтқан. Теңеу сөздерді сәбидің кішкентай ғана денесіне қарап, оның қорғансыз күйін «кішкентай», «титтей» деген сөздермен түсіндіруде төрт түлік малдың төлдеріне, аңдар мен құстардың балаларына теңеп, «күшігім», «балапаным», «қозым», «аппағым», «қонжығым» деп еркелеткен. Екіншіден, түлкі жануары биологиялық тірі жан иесі ретінде бала кезінде үлпілдек жүнді, сымбатты денесімен, бұралаңдаған жүрісімен сүйкімді екені рас. Өйтсе де, сәбиді еркелету кезінде қазақ халқы ешқашан «түлкі баласындай сүйкімді» бол деген теңеу сөзді қолданбаған. Зерттеуші талдаған бесік жырындағы:

«...Маң төбеттей ұйқылы бол,

Түлкінің баласындай күлкілі бол» [89, б.125], -

деген жолдардағы «ұйқылы бол» және «күлкілі бол» тіркестері түлкіге теңеу емес, еркелету емес, біріншіден, өлең ұйқасы болса, екіншіден, баласының ұйқысы тыныш болсын, мінезі томаға тұйық болмай ашық, жайдары болып өссін деген тілегі.

Қорыта айтқанда, әлпештеу фольклоры ұшан-теңіз қазақ балалар фольклорында салмақты орны бар, халықпен сонау көне заманнан бері перзент тәрбиелеу ісінде үлкен қызмет атқарып келе жатқан арналы саласы болып қала береді. Бүгінгі күнге дейін келіп жеткен рухани мұраның бастауы фольклорлық туындылар – халық тағылымы, халық даналығы, жаңарған ой тұрғысынан сараланып, қазақ баласының сана-сезімін дамытушы құрал болуы тиіс. Сонау ерте заманнан бергі бүгінгі күнге келіп жеткен фольклорлық мұралардың әрбіреуі тәлім-тәрбиелік тағылымы мол баға жетпес байлық, рухани азық болып табылады. Сол бай мұраның бірі перзенті дүние есігін алғаш ашқан сәттен басталып, арнайы жөн-жоралғыларымен жасалатын әлпештеу фольклоры. Ұрпағы дүние есігін ашқан күннен бастап құлағына халық әндерін, жырларын, күйлерін сіңіріп өскен қазақ баласының бойында рухани дүниетаным үлгілері молынан барынша қалыптасады. Қазақ халқының ұрпағын жалғастырып, оған тәлім-тәрбие берудегі мақсаты да осы.

2.2.2 Ойындық фольклор

«Бала ойынмен өседі» дейді халық даналығы. Ойын тек көңілді әрекет қана емес, ойын кезінде баланың барлық дене қимылы, ой ұшқырлығы, тілі, айналадағы адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Осыдан келіп ойындық фольклордың бала өмірінде қаншалықты маңызды екендігін көреміз. Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне бала дүниеге келген күннен бастап-ақ мән беріп, ұрпағының денесі шымыр, мықты, ой-санасы жүйрік болуын басты назарда ұстаған. Ойындық фольклорға тән ерекшелік – салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар негізіндегі ойын түрлерімен баласын ойнатып, ойынмен өсіруді мақсат ететіндігінде.

Қазақ халқы баласын ойынмен өсіріп, ойынмен оқытқан, тәрбиелеген. Оның дәлелі ретінде анасы нәрестені дүниеге келген күннен бастап суға түсірген кезде аяқ-қолдарын созып, арқасын, білектері мен иықтарын сипалап-сылау жаттығуларын жасайды. Дүниеге келген сәбидің назарын сөзге аударып, тыңдауға, сөзді игеруге баулиды. Алғаш күннен бастап-ақ баланы таза ауада серуендетіп, жергілікті жердің ауа-райына бейімделуін басты назарға алады. Қазақ халқының ұрпағын дүниеге келген күннен бастап ойынға баулитындығы әлем халықтарының балалар фольклорында кеңінен тараған. Бұл адамзат перзентінің тәрбиесіндегі ортақ қасиеттерді танытатын ойындық фольклор. Осы жерде әр халықтың «ойын» ұғымы туралы ортақ белгілері болғанымен, «ойын» сөзінің айтылуы мен жазылуында ғана айырмашылықтың бар екенін Махмұд Қашқаридің сөздігінен көреміз [91, б. 150-151]. Сөздікте «ойын» сөзінің басқа сөздердің түбірі бола тұрып, ойынға қатысты ұғымдарды беретіндігі айтылған. Мысалы, «ойнаш», «ойнақ», «ойнағу» сөздерінің мағыналары ойнайтын, ойынға арналған деген ұғымдарымен берілген.

Ойындық фольклордың көрінісі баланың өмірге келген алғаш күнінен басталады. Балаларға арналған қазақ халқының ойындары үш топқа бөлінеді:

- 1) ерте жастағы балаларға арналған ойындар;
- 2) естияр балаларға арналған ойындар;

3) жеткіншек жастағы (бозбала) балаларға арналған ойындар.

Мұнда балалардың жастайынан сүйіп ойнайтын ойындары «Бес саусақ» ойыны, «Саусақ атаулары» ойыны халықтың тұрмыс-тіршілігінен, діни сенім, дәстүр және табиғат пен күнделікті тұрмыстағы мал шаруашылығымен байланысты суреттелетіні көрсетілген [92, б. 12].

К.І. Матыжанов ойындық фольклордың ішкі түрлерге бөлінісінде «Бес саусақ» ойыны, «Саусақ атаулары», «Санамақ», «Қуыр, қуыр, қуырмаш» ойындары ойындық фольклорға негізделгенін айтып, баланың саусақтарын бүгіп-жазып саусақ қимылдарын жасап, ойнатып математикалық қабілеттерін дамытатыны санамақтар мен саусақ санау ойындарының дидактикалық мәнін көрсетіп, ойындық фольклордың маңызын былай түсіндіреді:

«ойын – бейнелі сөйлеуге негізделген әрекет;

ойын – айнала дүниені танытушы, адам қиялының жемісі;

ойын – адамның рухани әлемімен байланысты категория» деп көрсетеді [45, б. 103-104].

Баланың жастайынан ойынға араласуына жетекші мотив болатын ойындық фольклор мәтіндерін жіктеуде фольклортанушы К.І. Матыжановтың ұсынған топтамасында ойындық фольклордың қызметі көрсетілген. Ойындық фольклор мәтіндері баланың жас шамасына қарай таралып, баланы айналасындағы адамдармен еркін араласып, қарым-қатынасқа түсуге үйретеді. Мысалы, нәрестелік кезеңдегі баланы алдарқату, жылаған кезде *балам менің қайда екен?* деп жұбатуы баланың тыңдау, зейін аудару қабілеттерін арттыратын қызметі дүниеге келген күннен басталатынын байқадық. Одан кейін балаға 2-3 айынан бастап санамақтың алғашқы нұсқаларын пайдалану, саусақ қимылдарын дамытып, саусақ атауларын жастайынан құлағына сіңіртудің тиімді тұсы болып табылады. Баланың дүниеге келген күннен бастап анасының әлдиімен қатар осындай ойындық фольклордағы сарындарды күнделікті тыңдап өсуі, баланың әнге, биге, күйге деген қабілетін арттырып, баланың ырғақты, қайталауларды сезінуі, тыңдай білуіне үйретеді. Баласын еркелетіп, мәпелеу мақсатында осы ойындық фольклор мәтіндері балаға ерекше көңіл-күй сыйлайды.

Ойындық фольклор рухани мұрамызды сақтаушы, насихаттаушы деп білеміз. Бұл орайда «қазақ балаларының ойын фольклоры өзіне тән қызметімен, идеялық-көркемдік кестесімен, құрылымдық жүйесімен ерекшеленеді. Рухани мұрамыздың ондай болмыс-бітімін терең танып-білу үшін, ең алдымен оларды қамқорлыққа алып, жинап, жарыққа шығару парыз» [93, б. 76] екендігін Ш. Ыбыраев осылайша пайымдайды. Әрине, ойынның дидактикалық мақсатына қарай сюжеттік-рөлдік ойындар, шығармашылық ойындар, т.б. деп жіктеуімізге болады. Балаларды ұлттық ойындармен тәрбиелеудің соншалықты маңызды екендігін көрсеткен Ш. Ыбыраевтың көзқарастарында балалар фольклорының үлкен саласы ойын өлеңдері екендігі туралы айтылады. Ойындық фольклор өз алдына толығымен қарастырылмаған жанр түрінде танылатынын айта кетуіміз керек. Ойындық фольклор жайындағы зерттеулерден ойынның табиғатына қарай ойында өлең де, қимыл да, әрекет те, би де бар екенін көруімізге болады. Тек бұл ғана емес, адамның болмыс-бітімі, тіршілігі, ойы мен қиялы да осы ойында

тұрғандай. Осыған ойындық фольклор үлгілерін ойынға шақыру өлеңдері мен ойын өлеңдері деп екіге бөлдік. Ойынға шақыру өлеңдерінің тобына қаламақтар, мазақтама, санамақ, сұрамақтарды жатқызсақ, ойын өлеңдерінің тобына диалогқа негізделген «Ақ серек, көк серек», «Асау мәстек», «Айгөлек», т.б. ойындарын жатқызуға болады.

Бұл жіктелімдегі ойындық фольклор үлгісі ретіндегі көрінісі саусақ ойындарынан басталады. Балаға саусақтарын санату, саусақтардың атауларын үйрету арқылы санамақтар айтқызып, сәбиін санауға үйреткен. Саусақтардың орналасу ретіне қарай үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынасты құруға негізделген адамгершілік қасиеттерге баулитын тұстары айқын. Ойындық фольклордың қызметі жай ғана баланы алдарқататын ермек қана емес, эстетикалық, танымдық сипатқа ие тәрбие құралы бола алады. Қазақ халқы күнделікті тұрмыста ойын фольклоры үлгілерін кеңінен қолданып, ойын арқылы ұрпағына білім беруді көздеген даналығы ерекше. Мысалы:

«Бірім – бір,

Екім – екі,

Үшім – үш», - деп, онға дейін баланың саусақтарын жұмып:

Он бірім

Оны тапшы, ай-күнім! - деп сұрайды да, онға дейін саусақтарын санап, әрбіреуіне атау беруінің өзі ойынның тәрбиелік сипатын көрсетіп,

Он бір – қара жұмбақ [94, б. 114-115], - деп аяқтайды.

Санамақтың бұл түрі баланы аңғарымдылыққа, саналылыққа үйретеді.

Зерттеу барысында саусақ ойындарының ойындық фольклордың негізгі құрылымы екендігіне көзіміз жетті. Енді осы нәресте кезеңінен басталған ойындық фольклордың баланың келесі жас ерекшелік кезеңдерінде де орны маңызды екенін көрсету үшін қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, мал шаруашылығымен қатар дамып, халық санасында, балалар ойындарында ерекше көрініс беретін тұстарын анықтап көрейік.

Мысалы, «Асау мәстек» ойынының мазмұны баланы ептілікке үйрету, санақ жүргізуге баулу, ойынға шақыру ойындық фольклордың дидактикалық мәнін анықтайды. Мысалы,

«Әй, ер екенің білейін,

Ешкі сойып берейін.

Тақия алсаң еңкейіп,

Құламасаң теңкейіп,

Ерлігіңе сенейін» [47, б. 164], -

деп баланы ойынға шақырады. Осы кезде ойынға араласқан бала керілген арқанда отырып тақияны көтеруі тиіс. Осы кезде екінші ойыншы өзінің ептілігін көрсеткісі келіп:

«Асау мәстек бұл болса,

Үйретейін көріңіз.

Маған таяқ беріңіз», - деп жалғастырады. Осы жерде үшінші ойыншы:

«Міне, саған таяқ,

Үшке дейін санақ,

Бір ...

Екі...

Үш...», - деп ойыншылардың санақ біткенше арқанның үстіне атша мініп, қозғалыстағы тепе-теңдікті сақтауы баланың ептілігін дамытады [47, б. 164]. Бұл ойынның диалогқа негізделе отырып, балалардың ойын кезінде өзара қарым-қатынасын дамытатын тұсы да ерекше.

Баланы асықтың атауларымен (Алшы, Тәкі, Бүк, Шік, Омпы, Аша) таныстыруда ойындық фольклордың қызметі ерекше:

«Мен асықпын, асықпын,

Балаларға асықпын.

Бабаларға ілесіп,

Мынау байтақ даланы,

Мен де бірге басыппын.

Даналармен тойлаппын,

Балалармен ойнаппын» [95, б. 109-110], -

деген өлең жолдарында бала әрі асықтарды лақтыру, қағып алу, ән шырқау арқылы ептілікке, шыдамдылыққа, жылдамдыққа, тәртіпке үйреніп қана қоймай, *«Асығы алшысынан түссін»* деген ниетпен *«жолым болсын»*, *«ойында жеңіске жетейін»*, *«қарсыласыма сәттілік»* деген тілектердің мағынасын түсініп, оны санасына сіңіреді.

Өзгелермен ойынға араласып, ойынды қалау түріндегі ойындық фольклор қаламақ, санамақ, мазақтамалар, тәжікелесу ойындары арқылы бала өзінің қалауымен ойынға араласуға, ойын барысында бойындағы ептілік, икемділік, мергендік, ширақтық қабілеттерін көрсетеді. Ойын кезінде бала еркін қимыл жасауға ниеттеніп, қозғалысқа түссе, екінші жағынан балалар фольклорының жанрларын жатқа айтуға дағдыланады. Өзге балаларды әндетіп, қимылмен ойынға шақыруды үйренеді. Бұл фольклор мәтіндерінің көркемделуі, сюжеті бала психологиясына негізделгендігі ойындық фольклорда айқын көрінеді.

«Ақ серек, көк серек» (III түрі) ойынында балалардың ойын барысында қаламақтар, өлеңдер мен тақпақтарды жаттауды, балалар фольклорының үлгілерін күнделікті тұрмыста қолдану мүмкіндіктері артады.

Мысалы, бірінші топтың балалары:

«Ақ серек, көк серек,

Бізден сізге кім керек?» - десе, екінші топтың ойыншылары:

«Ай керек-ау, ай керек,

Айдың жүзі дөңгелек,

Ақ серек пен көк серек,

Шауып алдым бәйтерек,

Сонау тұрған Айнабектің өзі керек» [45, б. 198] - деп балалар өз қалауларын білдіріп, өздерінің топтарына балаларды жинайды. Балалар ойын барысында қозғалысқа түсіп, дене қимылдарын ширатады, қаламақ айтады, ең маңыздысы топтасып жұмыс жасауды үйренеді. Осы жерде ойынның әлеуметтік қызметі орын алып, балалардың өзара тіл табысу, достасу, қарым-қатынас орнату қабілеттері қалыптасады. Мысалы, *«Соқыр теке»* ойынында:

*«Әй! Қараңғыда көзім жоқ,
Туір кетсем сөзім жоқ
Маған жақын келіңдер.
Бір қыз ұстап беріңдер!»* десе, қалған балалар:
*«Соқыр, соқыр, соқырақ,
Оң көзіңе топырақ.
Топырағын алайын,
Тотияйын салайын»* (197-б.), -

деп мазақтамалар айтып қалжыңдасады. Соқыр теке болған баланың достарын ептілікпен, ақылмен ұстау қабілеті, кеңістікті бағдарлау, достарының дауыстарын ажыратып, дауыс шыққан жаққа қарай қозғалып балаларды ұстап алу дағы ептілігі қалыптасады,

Ойындық фольклордың теориялық тұрғыдағы көрінісін сипаттап, тәжірибеге енгізуде қазақ ойындарын тереңінен зерттеуші ғалым Б. Төтенаев қазақтың ұлттық ойындарын былайша топтастырады:

1. Салт-дәстүр ойындары (мерекелік ойындар, дәстүрлі халық ойындары, әдет-ғұрып ойындары);

2. Қозғалмалы ойындар (1 жас пен 3 жас аралығындағы бесік жырлары негізіндегі ойындар, табиғат аясындағы ойындар, жан-жануарлар тіршілігімен байланысты ойындар, затпен ойналатын ойындар, ойын құралынсыз ойналатын ойындар) [96, б. 74].

Осы топтамадағы табиғат аясында ойнайтын ойындық фольклор үлгілері «Ақ серек, көк серек», «Соқыр теке», «Ақ сүйек», «Асау мәстек», «Жасырынбақ» ойындарының да бала өмірінде алатын орны ерекше. Бұл қозғалмалы ойындар баланы тек жүгіру, қуыспақ, секірудегі ептілікке үйрету ғана емес, балалардың өзара сөз таластыру, тәжікелесу, қалжыңдасуды үйреніп, өзара шынайы қарым-қатынасқа түсуге машықтандырады. Ойындық фольклорды әдебиеттанушы ғалым Б. Кенжебаев ауыз әдебиетін балалар әдебиетінің бастауы, қайнар көзі деп көрсетіп, фольклордың балалар әдебиетін үнемі байытып отыратын, рухани азық мағынасында түсіндіруі [97], балалар фольклоры кейінгі ұрпаққа берілетін бай мұра деп көрсетеді.

Ойындық фольклорда баланың табиғатпен, әлеммен, жан-жағындағы адамдармен байланыс жасауы ұйымшылдыққа үйрену, қарым-қатынас дағдыларын игерту мақсаты айқын. Сонымен қатар ойында баланың эмоциясын, мінезін, көңіл-күйін реттеуге мүмкіндік беретін тұстары мол. Дегенмен ойын түріндегі фольклордың нақты жіктелімдері анықталмаған. Ойындық фольклорды жеке алып қарасақ, оның астарында үлкен әлеуметтік мән жатыр. Ойындарды топтастыруда қазақ халқы ат үстінде көшпенділікпен өткен күндерінде де балаларды ұлттық ойындарға баулыған. Осы тұста: «Ұлттық ойындардың көбі мал шаруашылық, аңшылық, жаугершілік өнерлеріне негізделген» [98, б. 4], - деп көрсетілуі қазақ баласы жастайынан мал шаруашылығына, аң шаруашылығына араласып, ат үстінде әр күнін ойынмен өткізетіні, баланы шынайы ересектік өмірге дайындаудағы ойындық фольклордың орны ерекше. Балалардың ат үстінде отырып ойнайтын ойындары

баланы әлеуметтенуге, топтасуға шақырып, тәрбиелік, танымдық мәнге ие қызметін де орындағанын көрсетеді.

Сонымен қатар заттар мен құбылыстардың атқаратын қызметі, олардың тұрмыстағы қолданысын нақты көрсетуге бағытталған ойындық фольклорда бала өзіне ұнаған, өзіне таныс затты немесе құбылысты таңдап, ойынды жалғастыруға дағдыланады. Баланы санауға үйретуге негізделген санамақ түріндегі ойындық фольклор төрт жас пен жеті жастағы баланың тілін, оның таза сөйлеуіне үйретуде маңызы зор. Ойындық фольклордың құрамдас бөлігі ретінде балалардың бір-біріне жаңылтпаш айтуы, жұмбақ жасырып ойнауы баланың ой-ұшқырлығын, сөйлеу әрекетін дамытады.

Ойын тек қозғалысты ғана емес, логикалық ойлауды, сөйлеуді, есте сақтауды қалыптастырады, дамытады. Сол себепті де балаға жастайынан ойын барысында фольклор үлгілерінің бірі мақалдар арқылы баланы ортада өзін ұстауына, айтқан сөздеріне мән беріп, іс-әрекетіне бақылау жасауға үйретуде де маңызы ерекше. Атап айтсақ, *«Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле»*, *«Ойыннан от шығады»* деген тұжырымдар баланы ойланып сөйлеуге үйретеді. Ойындық фольклорды зерттеуде ойынның бірнеше ғылым саласында қарастырылуы мен түрлі көзқарастардың арнасында талдануын негізге алып, ойындық фольклордағы поэзиялық сарындар ойынның басталып, өрбуі, шарықтау шегі мен ойынның аяқталуы мен нәтижесінің болуы фольклор шығармаларына тән ерекшелік екендігін анықтадық. Ойындық фольклор мәтіндерінің баланы ойынға шақыру, ойынды қалауларын көрсетіп, санамақтар, қаламақтар, мазақтамааларды айту арқылы балалар фольклорының жанрлық құрамын меңгертетін тұсын байқауға болады.

Ойын барысында балалар қоршаған ортамен байланысып, қарым-қатынас құруға бейімделеді. Сонымен бірге топтық, ұжымдық қарым-қатынас құрудың алғашқы деңгейлерін меңгереді, баланың физикалық, рухани, шынайы дамуын қалыптастырады, ойындық фольклордың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін саралап, ойынның атқаратын қызметін рухани қажеттіліктен туындаған әрекет ретінде таныдық. Ойындық фольклор ұрпағымызға ұлттық құндылықтарымызды бағалауға үйрететін тәрбие құралы бола тұрып, адамның тіршілік ету кезінен бастап бүгінгі күнге жеткен тұрмыстық, халықтық сипатын көрсететін саналы үрдіс болып қала береді.

Ойындық фольклор туралы М. Әбілұлының зерттеулері бар [73, б. 142]. Зерттеуші ойындарды халық тұрмысымен байланысын көрсетуде қазақ баласының ойындарын екі топқа бөлген:

1. Дәстүрлі әскери-тәрбиелік ойындар;
2. Дәстүрлі ойындар.

Мұнда дәстүрлі әскери-тәрбиелік ойындар халықтың тұрмыс-тіршілігінен алынғаны аңғардық. Мысалы, «Жекпе жек» (161-б.), «Аударыспақ» (162-б.), «Жауды қоршау», «Жауға аттану» (163-б.), «Жамбы ату» (165-б.), «Шолғыншы», «Теңгені атып түсіру», «Жаяу шоқпарласу» (166-б.), «Найза лақтыру», «Жаралыларды тасу» (167-168 бб.), «Ат үстінде шоқпарласу», «Найзаласу» (168-б.), «Қылышты алу», «Алтын жебе» (169-б.) секілді ойын атауларына қарасақ,

халықтың өмірімен байланысты ойындарға араласу арқылы баланың ептілігі, байқампаздығы қалыптасатын тұсын көреміз. Екінші топтағы дәстүрлі ойындардың бірі «Қалай айтуды білемін» ойынын ересек адамдар мен балалар ойнауға болады. Үй жануарларының, аң-құстардың жүріс-тұрысын, дауыстарын салу арқылы ойнайтын қызықты ойындар берілген. Мысалы,

Ұқыпты – ұтар,

Іздеген – табар,

Оқыған – озар,

Еріншек тозар» [71, б. 170], -

деп басталатын ойын баланың зейінін ұстауға ойланып, ойынға араласуға шақырады. Осы топтағы ойын өлеңдерінің барлығы «Ұшты-ұшты» (174-б.), «Шымбике» (175-б.), «Сен тұр, сен шық» (176-177 бб.), «Тауқырайдан» (178-б.), «Қуыр, қуыр, қуырмаш» (178-179 бб.), «Асау мәстек» (179-б.), «Көгі гөк» (180-б.), «Үй артында қол ағаш» (181-184 бб.), «Ақ сүйек» (184-185 бб.), «Марламқаш» (185-186 бб.) өлең ойындарына жатады. Мысалы, «Қалай айтуды білемін» өлеңін алайық:

«Әтеш – шақырады,

Есек – бақырады,

Күзен – шақылдайды,

Бақа – бақылдайды.

...Аққу – сұңқылдайды,

Тышқан – шиқылдайды.

Түйе – боздайды,

Сандуғаш – сайрайды» [40, б. 146-147].

Бұл өлеңде тілі шығып, сөйлей бастағаннан, кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайық ойындардың басым көпшілігі өлең-тақпақтармен бірге жасап, бірін-бірі толықтырылған.

Сонымен, ойындық фольклор үлгілерін ойын өлеңдерінің сипатына, түрлеріне, атқаратын қызметіне қарай былайша топтастырдық (Кесте 1).

Кесте 1 – Қазақ балалар фольклорындағы ойын өлеңдерінің топтастырылуы

Ойынның сипаты	Ойын өлеңдерінің түрлері	Ойын өлеңдерінің қызметі
Әлеуметтік сипаты	«Соқыр теке», «Тауқырайдан», «Біз де», «Алақан соқпақ» ойындары	Бұл ойындар балалардың халықтың тұрмыс-тіршілігімен таныстыруды көздейді
Қозғалыс ойындары	«Малақай тастамақ», «Ұшты-ұшты», «Мысық пен тышқан» ойындары	Балалардың дене қимылдарын ширатып, тез шешім қабылдауға үйретеді
Ұлттық ойындар	«Ақ сүйек», «Марламқаш», «Арқан тартыс», «Күшің жетсе, үзіп кет», «Теңге ілу» ойындары	Балаларды халық ойындарымен таныстырады, ептілікке, тез шешім қабылдауға үйретеді

Топтық сипаты	«Қасқырқақпан», «Бурақотан», «Ай керек», «Қазақ доп», «Қыз доп», «Жүгірме доп» ойындары	Балаларды топтасып ойнауға баулиды, топ болып жұмыс жасауға дағдыландырады
Дидактикалық мәні	«Әріп таңдау», «Қалай айтуды білемін», «Қуыр, қуыр, қуырмаш», «Жаңылма», «Байқап қал» ойындары	Балаларды білімге, оқуға үйретеді

Ойындық фольклордың атқаратын қызметіне қарай түрлерін, оның сипатын көрсету арқылы ойындық фольклордың ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы анықталды. Ойын халқымыздың салт-дәстүрін жоғалтпай, қайта жаңғыртуда өзінің үлесін қосатын қазақ балалар фольклорының ерекше бір саласы. Ойын ұрпағымызды жай ойынға араласуға ғана емес, сол ойын арқылы өзінің ересектік өмірінің іргетасын құруға негіз болады.

Қорыта айтсақ, кеңес дәуірінің фольклортанушысы Г.С. Виноградовтың пікірінше, ойын баланың тәртіпке, ережеге бағынуға мүмкіндік беретіндігін дәлелдеуі, оған ырғақ, әуезділік қосылған кезде бала ойын барысындағы ақпараттарды игеретінін көрсетуі ойындық фольклордың ғылыми-теориялық негізін құрайды. Ал зерттеуші П.В. Аникин: «Ойында халық педагогикасының, өнердің, дене тәрбиесінің түрлі сипаттары етене сіңісіп ерекше құрылым түзейді. Осы сипатымен ол фольклорға ғана тән өзінше ерек қасиетке ие» [45, б. 118], - деген пікір келтіреді. Бұл жерде ғалымдардың ойындық фольклордың әлеуметтік рөлдерді және болашақ мамандықты таңдауға бейімдейтін қызметін назардан тыс қалдырғанын айтқымыз келеді. Өйткені ойын арқылы балалар кәсіпті таңдайды, сол кәсіпке икемделеді, қабілеттері мен дағдылары қалыптасады.

2.2.3 Отбасылық ғұрып фольклоры

Қазақ халқы бала тәрбиесінің бастауын отбасынан бастайды. Отбасы – баланың алғаш рет қарым-қатынас дағдыларын игеретін алғашқы қоғамы, ортасы. Отбасында бала қандай тәрбие алады, сол тәрбиесі баланың барлық өмірінде көрініс беріп отырады. Ал отбасындағы балаға берілетін тәрбиенің бастаулары – ол өзінің ата-бабасы өмір сүрген кезеңнен бергі жалғасын тауып келе жатқан салт-дәстүрлері, отбасында ұстанатын тәрбие нормалары. Осы жерде қазақ балалар фольклорының жинақталу тарихын ашуда қазақ фольклорының, соның ішінде отбасылық ғұрып фольклорының орны салмақты. Тарихи деректерден отбасылық ғұрып фольклорының жинақталуы қазақ балалар фольклорының жинақталуымен сәйкес келеді. Ұрпақ тәрбиесіндегі отбасылық ғұрып фольклорының да жинақталуы, жарияланып, көпшілікке насихатталуы бала дүниеге келген күннен басталады.

Отбасылық тәрбие берудің құралы ретінде ұсынылып отырған фольклорлық шығармалар қазақ баласының бойында патриоттық рух пен бірлік, ынтымақты қалыптастыратыны белгілі. Тарихшылар, геологтар, сәулетшілер, этнографтар, экологтар Отанға, елге, жерге, табиғатқа деген махаббатты ояту арқылы отансүйгіштік сезімін қалыптастырып, ұрпақ бойында гуманистік интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік қасиеттерді сіңіруді міндеттейді. Халқының ғасырлар бойы жинақтаған дәстүрлерін санасына игертуде ата-

бабаның ұстанған салты, әдет-ғұрыптары отбасындағы тәрбиенің құндылықтары орнығады. Ұрпағымызға білімнен бұрын алдымен тәрбие беруіміз қажет. Ата-аналардың көпшілігі баласының интеллектуалдық немесе физикалық дамуын жүзеге асыруға көп мән беріп кетті. Оның пайдасы бар, әрине. Бұл ретте М. Жұмабаевтың: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан сара жол. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы мол. Әр бала тәрбиелеуші ата-ана, ұстаз, тәрбиеші болмасын сол ұлт тәрбиесімен ұрпағын тәрбиелеу керек» [99, б. 23], - деген пікірі ойымызды дәлелдейді. Ұрпақ тәрбиесі отбасында көріп, естіген, білгендерінен басталады. Ол ата мен әженің әңгімесі, ертегісі, олардың айтқан нақыл сөздері мен шынайы өз өмірлерінен алынған ғибратты әңгімелер, әке мен ананың сол үлкен қарияларға көрсеткен құрметтері, қамқорлығы мен мейірімдері ұрпаққа үлгі болатын шынайы тәрбие құралы. Ескілердің көзі болған ата мен әженің айтқан әңгімелері, нақыл сөздері фольклор туындыларына айналып, кітапқа енген.

Баланы бағып-қағу, ұрпағын сұқтанған көзден, тілден сақтандыру, саналы ұрпақ етіп өсіруге байланысты әдет-ғұрыптар туралы зерттеуші И.С. Колбасенконың зерттеулерін кездестіреміз. Қазақ бесігі жайында көп мәлімет жинақтап, қазақ бесігінің бірнеше есе кішірейтілген моделін жасап, Киевтегі акушерлік-гинекологиялық қоғамның жиынында баяндама жасауы, Е. Букиннің мақаласындағы қазақтың бала тәрбиесі туралы келтірілген деректердің көп болуы, Ә.А. Диваевтың «Қазақтар балаларын қалай алдандырады?» атты мақаласы мен бесік жырының тұңғыш жарияланымдары, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллиннің жинақтарындағы бесік жырлары, балалар ойындары жайындағы деректердің болуы [53, б. 26-27] қазақ балалар фольклорындағы отбасылық ғұрыптардың жинақталу кезеңінің бастауы деп білеміз. Осы кездегі ғылыми зерттеулердің мазмұны бала өміріне байланысты материалдардың мазмұны балалар ойындары, бесік жыры, санамақ, жаңылтпаш түріндегі ұсақ жанрларынан құрылған.

Қазақ халқында нәрестенің дүниеге келуімен жасалатын салт-дәстүр «Шілдехана» рәсімі тек қана рәсім ғана емес, сол тойда нәрестеге айтылатын сөздің құдіретіндегі магиялық сарындарды көрсетеді. Мысалы, осы «Шілдехана» рәсімінде сәбиге үлкендердің берген ақ батасында:

«Өмірі ұзын болсын,

Уайымы аз болсын» [45, б. 52], -

деуінде баласына Тәңірден ұрпағына мағыналы, ұзақ ғұмыр тілеу ниеті бар.

Баланы алғаш бесікке бөлегенде әжелердің бесікті бөле-жаладан алас болсын, баласына ешқандай жамандық жоламасын деген ниетінен туған фольклор мәтіндерінің таралуы тек қазақ халқында ғана емес басқа да түркі халықтарында да кездеседі. Бұл өлеңдерде халық түсінігінің түрлі көріністері, өздері өмір сүрген уақыттың бейнесі жаңғырық беріп сәбиін жын-шайтандардан қорғау ниеті байқалады. Мысалы, бата-тілектегі ұрпағының зейінді, он саусағынан өнер тамған шебер, елін, жерін қорғайтын батыр, шындықты

айтатын, елдің қамын ойлап, мұңын шағатын ақын, ел-жұртының қамқоршысы болсын деген ниетін білдіріп:

*«Абыройы өрлесін,
Ел алдында ерлесін,
Бейнет істеп терлесін,
Жаманишылық көрмесін!»* [45, б. 166-167] -

деп келтірілген өлең жолдары балаға берілетін батаның мазмұнында ұрпағының халық тұрмысынан хабары бар, азаматтық ұстанымдары биік, жанашыр, сөзіне берік, әділдікті жақтаған, шындықты бетке айтатын шыншыл адам болуын аңсаған халық арманын сеземіз.

Мысалы, *«Бірлік бар жерде береке бар»* әңгімесінде: анасы баласына адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу керектігін түсіндіре отырып, ұрпағына *«Бірлік болмай – тірлік болмас»* [100, б. 65] мақалы арқылы рухани азық береді. Келтірілген үзінді баланы бірлікке, берекеге шақырып, *«Бірлік бар жерде тірлік бар»* деп ұрпағын бірлікке шақырған тұсы балалар фольклорының көпқырлылығын, синкреттілігін, күнделікті өмірден алынғанын көрсетіп отыр. Балалардың өмірін, олардың ішкі жан-дүниесін зерттеп, балалық шақтың әр кезеңінің өлең-жырмен өрнектелетінін алғаш көрсетіп, ойда жинақтаған Х. Досмұхамедов балалар фольклоры мәтіндерін *«балалар өлеңдері»* деп жалпы атаған. Одан кейін осы бағытта Б. Уахатов халқымыздағы балаларға арналған өлеңдерінің ішінде *«Айгөлек»*, *«Қуыр-қуыр, қуырмаш»*, *«Ақ білек»*, *«Тұсау кесер»* сияқты балалар шығармаларына жалпы сипаттама жасайды. *«Сәбилерге арналған салт жырлары»* деп атаған профессор Ш. Ыбыраев бесік жырын сәбиді бесікке бөлеу, сәбиді сылап-майлау кезінде айтылатын өлең жырлармен толықтыруды ұсынады.

Отбасылық ғұрып фольклоры – бұл қазақ халқының мәдени мұрасының бір бөлігі, онда отбасылық өмірдің маңызды сәттері, ғұрыптар, салт-дәстүрлер және рәсімдер өлең, жыр, айтыс, терме, жұмбақ және тағы басқа фольклорлық формалар арқылы көрініс тауып, әлпештеу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, тілашар рәсімдерімен байланысты. Мереке аясында ауызашар дастарханынан кейін қожайындар ауыл ақсақалынан ақ бата алады. Сөздің сиқырлы күшіне сенуден туындаған бұл әдет-ғұрып қазақ дәстүрінің бір бөлігі болып табылады. Ш. Уәлиханов қазақтар адам сөзінің орасан зор күшіне сенеді деген. *«Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады»* деген халық наным-сенімінің жарқын үлгісін келтіре отырып, сөздің сиқырлы күші ерекше екенін атап көрсетеді [101, б. 58]. Шілдехана мерекесінде сәбидің туған күнін тойлаудың соңында айтылатын бата ауыл ақсақалының жаңа туған сәби мен оның ата-анасына деген ақ тілегін білдіреді.

«Тұсау кесу» әні – қазақ арасында кең тараған этнопедагогикалық мәні бар ғұрыптық жырлардың бірі. Баланың *«тұсауын»* епті және жылдам адамға кестіріп, тойға жиналған адамдардың барлығы баланы қолдарынан ұстап, кезек-кезек жетектеп, келесідей ән шумақтарын айтады:

Сонымен бірге баланы қадам жасауға баулудағы айтылатын:
Қаз, қаз, балам, қаз, балам,

Қадам бассаң мәз болам.

*Тәй-тәй, балам, тәй, балам,
Жүре қойшы жәй балам!* [53, б. 106], -

өлеңі баланы айнала қоршаған ортамен таныстырып, ұрпағының батыр, епті, елгезек болуын аңсағаннан шыққан жыр екендігі айтпаса да түсінікті.

Қазақ мәдениетінде баланың аяғын байлау үшін түрлі-түсті арқан қолдану салтының терең символдық мәні бар. Қазақ халқында тұсау кесу рәсіміндегі байланатын ала жіп баланың аяғына тұсалмай, шұбатыла байланады екен. Бұл халықтың таным-түсінігінде жоғары әлемнен келген сәбидің жолын бейнелесе, ала жіптің қиылуы оның ортаңғы әлемге келуін, яғни аяғына қаз тұрған бала жер бетінің тұрақты тұрғыны деген түсінікті білдіреді. Халықтың тым ерте кездегі түсінігін бейнелейтін бұл этнографиялық айшықтар тұсау кесу жырының мәтініне де тереңінен сіңіп кеткенін байқауымызға болады. Мысалы:

*«...Күрмеуіңді шешейік,
Тұсауыңды кесейік...
...Ала жіпті алайық,
Әжеңе алып барайық,
Ер жетті деп айтайық,
Шашуын жеп қайтайық»* [45, б. 55].

Отбасылық ғұрыптар арқылы ұрпағына көрсетіп қана қоймай, оларды өнерге баулыған тұстары ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың зерттеулерінде кеңінен қарастырылған. «Қазақта айтыс өлең көп, бірақ бұлар ел ішінде жоғалып, сиреп барады. Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады. Мұның да бәрін жазып алып қалмаса, бұ да анайы әдебиеттен өшетін, жоғалатын түрі» [31, б. 277], - деп, халқымыздың ұрпағына ақыл-кеңестерін айтқан, жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы үгіт өлеңдерін жинақтап, құрастырып, насихат, нақыл сөздер түрінде баяндаған.

Отбасылық ғұрып фольклорының тобына кіретін балаларға арналған салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылар сәби дүниеге келген күннен бастап кәмелеттік жасқа толған ересектік өміріне дейінгі уақытты қамтитын фольклор туындыларын былайша топтастырдық:

1. Ананың жүкті кезінде уақытта жасалатын құрсақ шашу тойы.
2. Сәби дүниеге келген күні жасалатын «Шілдехана» тойы.
3. Сәби 40 күнге толып, денесіне ет жиналған уақытта жасалатын «Қырқынан шығару» рәсімі.
4. Қырқынан шыққан күні сәбидің алғашқы қарын шашын, тырнақтарын алып, сәбиді бесікке салу рәсімі.
5. Сәби алғаш қадам басқанда жасалатын «Тұсау кесу» рәсімі.
6. Ер баланың жасы 5 жасқа келгенде «Сүндетке отырғызу» рәсімі, ал, қыз балалардың «Құлағын тесу» рәсімі.
7. Баланың жасы 6-7 жасқа келіп, алғаш мектеп табалдырығын аттағанда жасалатын «Тілашар» тойы.
8. Бала алғаш жолға шыққанда жасалатын «Тоқымқағар» рәсімі.

9. «Ашамайға отырғызу» рәсімі.

Осы аталған отбасылық ғұрыптар қазақ отбасында сақталған. Аталған әрбір рәсімге халқымыз аса мән бере отырып, ұрпағының бойына рухани азықты сіңірген. Бұл отбасылық ғұрыптар кезінде орындалатын фольклор үлгілерін ұрпағының санасына сіңіру әрбір ата-ананың, қоғамның міндеті деуге болады.

Осы жерде ғалым А. Сейдімбек: фольклордың біріншіден, құрылымы мен қызметін этномәдени құбылыспен байланыстырып, фольклордың жанрлық құрамын тереңінен қарастыруды міндеттейді. Сонымен бірге фольклордың осы тұсын ғылыми зерттеулердің нысанына айналуы қажет деп болжауы [102, б. 45], балалар фольклорын зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Қазақ балалар фольклорының «Сүндет той», «Тұсау кесу», «Ашамайға отырғызу», «Қыз баланың құлағын тесу» салт-дәстүрлерінде фольклордың көрініс табуы оның халықтың тұрмыстық қажеттілік екендігін танытады.

Мысалы, «Қаз-қаз, балам, қаз балам, Қадам бассаң мәз болам» деген жыр жолдарында, біріншіден, баланың аяғына ала жіп байлап, ала жіпті кесуі, адал бол, ешкімнің ала жібін аттама, ешкімге қиянат жасама, деген тілектерінен шыққан тұрмыстық қажеттіліктің көрінісі.

«Құтты болсын қадамың,

Өмірге аяқ баса бер» [103, б. 60], -

деген өлеңдегі «асулардан асып өт», «құлыным, жүгіре қойшы», «елгезек бол», «ерінбе» тіркестері баланы жастайынан адамгершілікке, еңбекқорлыққа баулиды.

Баланы «Ашамайға отырғызу» дәстүрі буыны қатқан баланы алғаш рет атқа мінгізіп, «балам өмірімнің жалғасы» деп жырлауы:

«Ашамайға мінгізіп,

Ал ақ тілек, ақ тілек,

Атқа міндің, ақ жол!» [104, б. 70] -

деп, баласының болашағына жол ашып, атқа шабу, атқа тоқым салу шеберлігін шыңдауды мақсат етуі, баласын жастайынан өнер мен білімге баули отырып, тума-туыс, әулеттің үлкендерінің ақ батасымен көгеріп-көктейтінін көрсетуі баласының жолы ақ болуын тілеген жыр жолдары фольклордың синкретті өнер екенін көрсетеді.

Қорыта келе, отбасылық ғұрып фольклорына көпқырлылық тән екендігін нақтылап, мұнда халық өмірінің, отбасы құндылықтарының маңызды екендігіне көз жеткіздік. Отбасылық ғұрып фольклорындағы мәдени құндылықтардың сақталуы ұрпағымызға ұлттық мәдени мұраларды ұғындырудың жолы деп дәйектедік.

2.2.4 Жеткіншектер фольклоры

Қазақ балалар фольклорының құрамына енген жеткіншектер фольклоры 5-7 жастан асқан балалардың орындайтын фольклор туындыларымен танымал. Қазақ баласын 5 жастан бастап ересек адамдардың қатарына санап, оған жауапкершілікті артып отырған. Баланың психологиясы, баланың таным көкжиегі қалыптаса бастайтын осы жас кезеңі баланың ересектер тарапынан

берілген тапсырмаларды тиянақты, сондай қызығушылықпен орындауына түрткі болады. Бала отбасында ата-анасынан, басқа да ересектерден көргендерін, естігендерін дәл қайталап, ата-ананың айнасына айнала бастайды. Бала бойында еңбекке арасалу негізінде еңбек әрекеті қалыптасып, осы уақытқа дейінгі болған ойын әрекеті бірте-бірте оқу әрекетіне ауыса бастайды. Еңбекке араласып, көрсем, білсем, үйренсем деген ниетінен туған ішкі мотивтер баланы ересектік өмірге жетелейді. Осы уақытты жеткіншектік шақ, жасөспірімдік шақ деп атау қабылданған. Жеткіншектік жасқа жеткен бала жаттап алу, қайталап айту, суырып салма айту, өздері ойларынан әңгіме немесе өлеңдер құрастыру қабілеттерін көрсетіп, оны дамытуға бағыт алады. Оның көрінісі отбасылық мерекелерде, ауылдың ішінде өткен шараларда, той дастархандарында айтылатын бата, тілек, арнайы сөздері, алғыс айту сөздері, ойын барысында айтылатын өлеңдер мен жырлар, қанатты сөздердің мәні мен мағыналары туралы алдыңғы бөлімдерде кеңінен талдап кеттік. Осы фольклор үлгілерін естіп өскен бала өздері құрастырып шығаратын мазақтама, қаламақ, өтірік өлең, сұрамақ түріндегі фольклор жанрларын игере бастайды. Балалар фольклоры мәтіндерінің ішінде жеткіншек жастағы балалардың жасына сай құрылған маусымдық фольклорға негізделуі Г.С. Виноградовтың зерттеуіндегі «календарный обряд» бойынша топтау, жинақтауға сәйкес. Балалар фольклорындағы маусымдық жырлардың қатарына енетін жан-жануарлар, тіршілік, жыл мезгілдері, төрт түлік жырлары деп аталатын фольклор мәтіндері жеткіншек жастағы балалардың талғамын қалыптастыруға арналған тұстары талданған. Жеткіншектер фольклоры – бұл әдетте жасөспірімдер мен жас жеткіншектер арасында таралған, олардың әлеуметтік және рухани дамуына бейімделген фольклорлық материалдар жиынтығы. Бұл топтың фольклоры ересектер фольклорынан немесе кіші балаларға арналған фольклордан айқын ажыратылып, олардың өзіндік психологиялық, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Қазақ балалар фольклорының құрамындағы жеткіншектерге арналған фольклордың жинақталуы «Балалар сөзі» сериясының 72-ші томында маусымдық жырлар (75-79 бб.) және арнау-тілек өлеңдері (80-83 бб.) түрінде беріледі. Жеткіншектер фольклорына арналған мәтіндердің мазмұны маусымдық өзгерістерге байланысты маусымдық жырлардан басталып, жануарлар, жәндіктер, аңдар мен құстар, ауа-райы тақырыптары, табиғат құбылыстары, жыл мезгілдерін қамтиды.

Ал арнау-тілек өлеңдерінің мазмұны жан-жануарлардың, құстардың бойындағы қасиеттері мен олардың жасайтын іс-әрекеттерін сипаттау, баяндау тәсілдері арқылы беруі 10 жас пен 15 жас арасындағы бала психологиясы мен танымдық қабілеттеріне қарай берілген деп есептедік. Себебі осы жас аралығы баланың сана-сезімінің толысып, ақылының тоқтамға келген уақыты болып табылады. Баланды тәрбиелеуде өзін үлгі болып, өзін бойындағы жақсы қасиеттеріңді балаға көрсету арқылы, өмірдегі болып жатқан шынайылықты бала бойына игертуде жеткіншектер фольклорының орны ерекше деп білеміз. Жеткіншектер фольклоры мәтіндерінің қайсысын қарасақ та, ұрпақтың санасын

оятып, білім беруге арналған. Мысалы, маусымдық жырлар тобындағы «Айға» өлеңін алайық:

*«Балалар, балалар,
Айдың көңілі жәй болсын.
Балалардың мінгені,
Жорға-жорға тай болсын.
Қырдан берсін, ойдан берсін,
Қызыл шұнақ қойдан берсін» (77-б.), -*

деген өлеңдегі балаларының көңілі жәй, мінез бітістері жағымды, ойлары жүйрік болын қалау ниеті мен тайға мінер батыр, батыл болын тілеп, еңбекқор болын аңсағандығы деп білуге болады.

Арнау-тілек өлеңдеріне жататын «Төбет» өлеңінде:
*«Сақ төбетім Жолдыаяқ,
Саңқылдайды қомай-ақ.
Бөріге қой бермейді,
Ұрыға бой бермейді» (81-б.), -*

дегені төбеттің бойындағы қасиеттерді сипаттау, оны балаға ұғындыруы жеткіншектердің қабылдауына негізделген.

Жеткіншектер фольклорын жан-жақты зерттеп өзінің зерттеулерінде топтастырған К.І. Матыжановтың топтамасына қарай, фольклордың бұл жанрына сәйкес түрлерін талдадық [45, б. 70-97]. Халықтың тұрмыс-тіршілігінде балалар біріншіден маусымдық мерекелерге ерте жастан бастап араласады. Балалар 4-5 жасқа келгенде маусымдық мерекелерде айтылатын өлеңдер мен жырларды өздері орындауды үйреніп, ересектер тарапынан балаларға арнап айтылатын фольклор үлгілерін игере бастайды. Қазақ халқындағы жыл басы – Наурыз мерекесінде орындалатын ән-жырлардың көпшілігі жарапазан, төрт түлік мал туралы әндер, жыл мезгілдеріне арналған өлеңдер болып табылады. К.І. Матыжанов зерттеулеріндегі жеткіншектер фольклорының топтамасына сүйене отырып, жеткіншектер фольклорын төмендегідей топтастыруға талпыныс жасаймыз:

I. Мерекелік жырлар.

Наурыз тойында айтылатын әндер.

Жарапазан жырлары.

II. Маусымдық жырлар.

Жыл мезгілдеріне арналған жырлар.

Табиғаттың өзгерістеріне байланысты әдет-ғұрып салттарына негізделген жырлар (Сабантой, Тасаттық мерекелері).

Төрт түлік мал туралы жырлар.

Жан-жануарлар туралы ертегілер мен өлеңдер, жырлар.

III. Арнау-тілек өлеңдері.

Күңтізбелік әдет-ғұрыптан айға, күнге табынудан шыққан әндер.

IV. Балалар өлеңдері.

Тақпақтар.

Сұрамақтар.

Қызықтама.

Өтірік өлеңдер.

Мазақтама.

Балалар айтысы [45, б. 70-95].

Бұл топтамаға енген фольклор жанрларының әрбіреуі жеткіншектер өмірінде танымдық-тәрбиелік, әлеуметтік, эстетикалық мәнге ие болатын тұсымен ерекшеленіп, жеткіншек балалардың өміріне енген.

Наурыз мерекелерінде жеткіншектердің қызығып орындайтын өлеңінде:

«Ұлыс күні кәрі-жас,

Құшақтасып көріскен.

Жаңа азытқан қозыдай,

Жамырасып өріскен» (71-б.), -

балалар осы түрдегі мерекелік әндерді жылдам жаттап алып, жиын-тойларда айту арқылы фольклор үлгілерін таратады. Жеткіншектер фольклорындағы балалардың Наурыз мерекесінде айтылатын «Наурыз жыры» халық шығармашылығы ретінде көрініс беруі татар, өзбек, қырғыз балалар фольклорында да кездеседі.

Қазақ балалар фольклорының маусымдық жырлары жырланатын, егін орылып, ауыл-аймақ қысқа жем-шөбін дайындап болғанда ауыл болып тойланатын «Сабантой» мерекесінде, жаз мезгіліндегі аптап ыстықтан шаршаған халық тәңірден жерге жаңбырдың жаууын сұрап, ырымдап бүкіл ауыл-аймақ жасайтын «Тасаттық» рәсімінде, «Ораза» кезінде балалардың орындайтын маусымдық жырларын айту, «жарапазан» айту дәстүрі бар. Осы айтылған маусымдық мерекелерде балалар фольклоры үлгілерінің айтылуы балалар фольклорының тұрмыстық сипатын көрсетеді. Нақтыласақ, М. Ғабдуллин: жарапазан айтуда қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихи даму сатысындағы фольклордың өміршеңдігі орын алады» [105, б. 69], - деп келтіреді. Бірақ, «Жарапазан» әндерін осы аталған айтулы мерекелерде жеткіншек жастағы балалар ойын-сауық, көңіл-көтеру мағынасында айтылатын: Мысалы,

«Астымдағы тана-ды,

Жатайын деп барады.

Құдайдың күні еңкейіп,

Батайын деп барады,

Қасымдағы бала еді,

Қайтайын деп барады» [46, б. 72], -

деген жарапазан балалар мен бозбалалар арасында көңіл-көтеру, ойын-сауық мақсатында айтылатын жырлар болып табылады.

Жеткіншектер фольклорына енген маусымдық жырлар 7 жас пен 10 жастағы балалардың сана-сезімдері толысып, ойлары тереңдей бастаған кез екендігін ескеріп құрылған тұсын көрсетеді:

«Балақай-ау, балақай,

Жаз келді алақай!

Жалаң аяқ жүреміз,

Балақты да түреміз,

*Көлден балық сүземіз,
Жалтылдатып тіземіз,
Сан қызықты көреміз,
Тау мен тасты кеземіз» [45, б. 72].*

Бұл маусымдық жырдың қызметі балаға тау мен тас, табиғат құбылыстары, сайдан аққан су, тайдың жарысы, алтыбақан ойындарының маңызы жайындағы нақты білім беруді көздеген.

«Бабалар сөзі» атты жүз томдық жинақтың 72-томына (2011) жинақталған жеткіншектер фольклор үлгілерінің келесі тобының «Балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақтар» (84-87 бб.), «Төрт түлік жырлары» (95-110 бб.), «Өтірік өлеңдер» (111-127 бб.), «Мазактамалар» (128-136 бб.) деп жинақталуы К.І. Матыжановтың «Рухани уыз» (2008) еңбегінде де осы реттілікпен берілген. Мысалы, маусымдық жырлар сериясындағы «Жазда» өлеңіндегі:

*«Балақай-ау, балақай,
Көлде балық сүземіз,
Жылтылдатып тіземіз» (79-б.), -*

деген шумақтар жаз мезгілінің ерекше белгілерін әнге қосып, фольклордың негізгі қызметін көрсетіп отыр. Қазақ балалар фольклоры үлгілері тәрбие құралы десек, ұрпақ тәрбиесін назардан тыс қалдырмауды басты аргументке алған зерттеушілердің еңбектері қай заманда болмасын өзекті.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін зерттеп, ел арасында фольклорлық шығармаларды жинақтауда ғалым Қ. Жұбанов қазақ балалар фольклорының тарихын, қалыптасуын, болашағын зерттей келе [106], қазақ музыкалық шығармаларының пайда болуына, дамуына қазақ фольклорының әсері зор екендігін, әсіресе батырлық, эпостық жырлардың ерекше орын алатындығын атап көрсетеді. Атап айтсақ, халық шығармаларын орындауда ұлттық аспабымыз домбыраның үнімен фольклор туындыларының сүйемелденуі қазақ фольклорының синкреттілігін көрсетеді. Осы жерде жоғарыда айтып кеткеніміздей балалардың айтыс өнерін игеруі, ойын өлеңдерін орындап, драмалық ойын өлеңдерін орындауы балалар фольклорының жанрлық сұрыпталу кезеңіне өтуін айғақтайды.

Қазақ балалар фольклоры туындылары баланың драмалық ойындарға араласып, мысалы төрт түлік жырлары, ертегі жанрларын игеру, маусымдық әндерді орындауына қазақ балалар фольклорының дәстүрлі дүниетанымын игертеді. Осы жерде балаға «*Кім қалай шақырады?*» деп сұрақ қою арқылы баланың қандай жануар болсын, аң-құстар болсын олардың ерекше белгілерін талдап, ойда қорыту арқылы сөзбен, әнмен көрсету қабілеттерін арттыруға болады. Үй жануарларының төлдерін, оларды қалай шақыруды үйрететін мағынасы бар драмалық ойынды алайық. Бала ересектердің немесе құрдастарының «*Кім қалай шақырады?*» деген сұрағына: *әтештің таң сәрісімен ұйқыдан тұрғызуы, есектің өзіне тән дауыспен бақыратыны, күзеннің шақылдап, бақаның көл жағасында бақылдауы, шыбынның ызылдап, торғайдың шырылдағаны, қаздың қаңқылдауын айтып қайталап беруі* балалар фольклорының табиғатпен байланысын, өміршеңдігін көрсетеді. Баланың

жастайынан тұрмыс-тіршілікпен, айнала қоршаған ортамен, табиғатпен үйлесімді өсуі, айналадағы тіршіліктен хабардар болуы, естіп, көріп өсуі балалар фольклорының тіршіліктің қамы, кәсіп, аңшылық, малшылық, бақташылық, т.б шаруашылық түрлеріне баланы жастайынан баулуы мысал бола алады. Бұл мысал балалар фольклоры өзінің тұрмыстық-тіршілікпен біте қайнасып өмір сүретіндігін, баланы жануарлар тіршілігімен таныстырудың маңызды орын алатынын байқатады. Нақтыласақ, бала әтештің дауысын, есекті қалай шақыратынын салып, қимылмен көрсетіп драматизациялауы балалар фольклоры туындыларының күнделікті өмірден алынатынын, авторсыздығын, халық аузынан тарайтыны ұрпақ тәрбиесіне дүниеге келген күннен бастап енетінін көреміз. Балалар фольклорының көркемделуі әсіресе, төрт түлік жырларында айқын кездесіп отырады. Малдың баласын сүюін ұрпағына үйрете отырып, адамның баласын «момыным», «құлыным», «ботам», «қошақаным» деп еркелетіп осы тіркестерді кеңінен қолдануының өзі бөбек жырларындағы төрт түліктің төлін сүйіп, мәпелеп, қорғайтыны, мейірім мен қорғаныштық реакцияларының болатыны, оларды азықтандырып, өсіретіндігі секілді [45, б. 65] деген пікірден ұрпағымыздың санасын рухани мұрамызбен азықтандыруда ерекше екені көрініп-ақ тұр. Осы тезисте айтылған ой халықтың ұрпағының ой-санасы толысқан, рухани дүниетанымы биік, кең болып өсуін ниет еткендігін көрсетеді. Сондықтан да халық ұрпағына «Малдың баласын сүюі» өлеңін жастайынан үйреткен. Мысалы: «қойдың төлін момын адамға теңеуі, сиырдың баласын бұзау кезіндегі мөлдіреген көздеріне қарап қорқаққа теңеуі, түйе баласын ботам деуі, ешкінің лағын тастан-тасқа секіретін ширақтығын көрсететін тұстары, жылқыны қазақ атамыз қашанда тұлпарым деп атауы» [72, б. 63]. Бұл шумақтардан қазақ халқы баласын момындыққа, өзіне қамқоршы етіп, сүйеніш болуға баулыған сарындарды көріп отырмыз. Мұның өзі балалар фольклоры мәтіндерінің ұрпақ тәрбиесіндегі атқаратын қызметі деп білеміз, яғни балалар фольклоры мәпелей отырып, өмірге баулуды мақсат етеді. Қазақ балалар фольклорындағы тұрақты шумақтардың, ұйқастардың, көне сарындардың кездесуі фольклор мәтіндеріндегі нақтылықты көрсетеді. Балалар фольклорындағы жоғарыда айтып кеткен төрт түлік жырлары, ертегілер мен өлеңдер, аңыз-әңгімелердің қайсысында болмасын бір жүйеге негізделген ой, саналы тіркестер, нақты атаулар мен тоқтамдардың болуы қазақ халқының ұрпағын көнеден қалыптасқан дәстүрлермен тәрбиелегендігін көрсетеді.

Жеткіншектер фольклорының көркем әдебиет түріндегі жинақталуы «Дала фольклорының антологиясының» 10-томындағы «Ғибратты фольклор» жинағында шағын жанрларының қатарына енген «тәмсіл – өсиет, насихат үлгісінде астарланып айтылатын аңыз, әңгіме» [43, б. 256] деп берілуі жеткіншектердің сана-сезіміне қалыптастыру деуімізге негіз болды. Сонымен бірге қазақ балалар фольклорының мақал-мәтелдер жанрында берілетін, әсіресе мәтел сөздер жеткіншек шақтағы баланың ой-санасын жетілдіруде ерекше орын алатындығын айтуымызға болады. Мысалы, «Жиренше шешен туралы аңыз-әңгімелердің түйінінен *«Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім»* (357-б.) деуі ақыл-ойы толысып өсіп келе жатқан жеткіншек балаға Жиренше шешеннің

қанағатшылдығын, өз үйінен басқа жылы, кең жердің жоқ екендігін көрсеткен ниеті арқылы ұрпағына барға қанағат ету, адамның өз үйінен артық жылы мекеннің жоқ екендігін түсіндірген тұстарын көреміз. «Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?», «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер», (358-б.), «Ата қарғысы – оқ» (359-б.), «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» (360 б.), «Жапалақ көрсең атып ал, жаманнан бойыңды сатып ал» (361-б.), «Кім ойласа досқа қас, басына тиер тас» (362-б.), «Өз үйім – өлең төсегім» (365-б.) деген тәмсіл сөздер жеткіншектердің бойында рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын тұсын көрсетеді. Жеткіншектер фольклорының тағы бір ерекшелігі фольклор туындыларының ішкі мазмұны, идеясы, өмірмен байланысы түсіндіріле бастайтындығында. Олардың бала психикасына әсері де айтыла бастайды.

Жеткіншектер фольклорының көркемдік ерекшеліктерінің болуына қарай, шығармаларға тән өзіндік баяндалу стилінің болуы. Мысалы, фольклордың бұл түрінде әзіл-оспақ, күлдіргі әңгімелер, сатиралық әңгімелер басымдық танытады. Осы жастағы балалардың сөйлеу стиліне тән, уақытша белгі жаргон сөздермен сөйлеу болуы мүмкін. Жеткіншектер психологиясы мен мінез-бітістеріндегі ауыспалы кезеңге қарай батылдық, батырлық, патриоттық сезімдер, достық, махаббат, ересектік өмірге өтудегі өтпелі кезеңдермен бейнеленген тақырыптағы фольклор туындыларының болуы ықтимал. Мысалы, батырлар жыры, лиро-эпос жырлары, қыз бен жігіт айтысы түріндегі белгілі бір ауқымды тақырыптар қозғаған шығармалармен толыққандығы осыны білдіреді. Жеткіншектердің мифтік сипаттағы қиял-ғажайып, үрейлі ертегілер мен аңыз-әңгімелерді оқуға, тыңдауға әуестігі немесе оларды өздерінің құрастыруы, әдебиеттерде жарияланатын осы тектес фольклор шығармаларын зерттеу, оларды игеруі жеткіншектер фольклорының негізгі ерекшеліктерін құрайды.

Фольклордың басқа көркем жанрлардан айрықшаланатын тұсы – ауызша пайда болып, ауызша орындалатыны. Оларды бейнелеу, көркемдеу тәсілмен игерту жолдары қарастырылған. Халық тәрбиешілері ұрпағымыздың санасына фольклорды өзіндік ерекшеліктері мен табиғатына қарай балалық шақтан бастап дамытуда жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер құнды тәрбиелеу құралы бола алатын тұсын айтып кеткен. Сонымен бірге, бала психологиясын толығымен білу де маңызды. Оған осы бөлімде баяндап кеткен әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклорының баланың жас ерекшелігіне сай санасына орнығатын тұсы дәлел бола алады. Қазақ балалар фольклорын игертудегі үлкен жауапкершілік баланың қиялын, ойлауын, сана-сезімін шарықтау шегіне қарай жетелей отырып, ұғындыру фольклор туындыларын бала психологиясына ерекше әсер етеді. Осылайша балалар фольклорының үлгілерін ұрпақ санасына сіңіру баланың таным көкжиегін кеңейтіп, рухани азықтандырады [107, б. 167].

Қазақ балалар фольклорының жанрларына берілген анықтамалар мен оның тәжірибедегі орнын сәйкестендіріп, фольклорлық мұрамызды құрметтеу, дәріптеу бағытындағы жасалған тұжырымдардың ұрпақ санасын рухани азықтандырып, танымдық, тәрбиелік, эстетикалық, көркемдік қызметімен бірге

мына ерекшелігін көрсетуде: «Қазақ фольклорының өзіне тән ерекшелігі – балаға айналасындағы бай мұраның әсемдігі мен әсерлілігін түсінікті етіп жеткізе отырып, ой-қиялын дамытуға әсер ететіндей негізгі тәрбие құралы болуында. Фольклор баланың танымын кеңейтеді, оны өмірді сәулелендіретін бейнелердің бай дүниесіне ендіреді, ата-баба мұрасын қастерлеуге тәрбиелейді» [107, б. 164] деген тоқтамға келдік.

Диссертациялық жұмысымыздың бұл бөлімінде қазақ балалар фольклорының жанрлары мен оның классификациялану үлгілеріне тоқталып, оның салалары: әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклорының орындалуы мен қолданылу ерекшеліктеріне тоқталдық.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімі үш тарауға бөлінді. Бірінші тарау «Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшелігі» деп аталады. Қазақ балалар фольклорының жанры өзінің тақырыптарының кеңдігімен ерекшеленеді. «Қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктері» тарауында балалар фольклорының ұлттық фольклордың құрамдас бір бөлігі ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, өз алдына дербес жанр құраудағы теориялық алғышарттары, балаларға арналған фольклор үлгілерінің сюжет ерекшеліктері мен орындалу жай-күйі зерделенді. Сонымен бірге бұл саладағы қазіргі зерттеуші ғалымдардың қазақ балалар фольклорын жіктеуге арналған еңбектері беріліп, нақты талдаулар жасалды.

Диссертациялық жұмыстың «Қазақ балалар фольклорының классификациясы» деп аталатын екінші тарауында осы сала бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Соның ішінде, О.И. Капица, Г.С. Виноградов, В.П. Аникин ұсынған балалар фольклорының классификациясы, қазақ балалар фольклорын тұңғыш рет іштей саралау арқылы жасалған К.І. Матыжанов классификациясы басты әдіснамалық негіз ретінде назарға алына отырып, қазақ балалар фольклорының классификациясы зерделенді.

Қазақ балалар фольклорының әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры жеке-жеке қарастырылды.

3 ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

3.1 Қазақ балалар фольклорының көркемдік сипаты

Академик С.А. Қасқабасов «Ойөріс» еңбегінде қазақ фольклорының поэтикасы, оның зерттелу деңгейі туралы былай дейді: «Бізде қазақ фольклорының поэтикасына арналған арнайы зерттеу жоқ. Тіпті фольклорды былай қойғанда, жазба әдебиетіміздің поэтикасы жайлы еңбектер аз, тек ХХ ғасырдың 70-жылдары ғана бірді-екілі монография жарық көрді. Оның өзінде де бұл зерттеулерде «поэтика» ұғымы өте кең мағынада алынған. Ал, бұған қоса жазба әдебиет пен фольклордың поэтикасында үлкен айырмашылық бар екенін ескерсек, қазақ фольклорының поэтикасын басқаша, әрі нақтылы түрде зерттеу қажеттілігі дәлелдеп жатуды қажет етпейді» [11, б. 104].

Халық мұрасының тәрбиелік, танымдық мәні мен мағынасы терең. Соның ішінде тікелей ұрпақ тәрбиесіне бағытталып, жас баланың адам болып қалыптасуына арналған рухани мұраның көркемдік сыры мен сипаты жіті зерделеуге жетелейді. Балалар фольклорының поэтикасы өз алдына дербес зерттеуді талап ететінін ескеріп, біз өз диссертациямызда осы олқылықтың орнын толтыруға тырыстық. Жүз томдық «Балалар сөзінің» балалар фольклорына арналған 72-томы мен «Дала фольклоры антологиясының» 6-томын басты ғылыми нысанға ала отырып, аталған еңбектердегі балалар фольклоры мәтіндерінің көркемдік сипатын талдап, жүйелеп шықтық. Балалар фольклоры мәтіндерін көркемдеуіш құралдар бойынша талдадық.

Көркемділіктің бастау арнасы – автордың дүниедегі, жаратылыстағы сұлулықты тани алуы, шебер суреттеуі, өз сезімін, ойын, жанын тебіrentкен жайтты әсерлі де әдемі жеткізе алуы. А. Байтұрсынов бұл турасында: «...дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жеткен» [32, б. 23], - деп пайымдайды.

Ғасырлар бойы халықтық тәрбиенің қайнар көзі ретінде қалыптасқан балалар фольклорының көркемдік сипаты ұлтымыздың ұрпақ өсіруде эстетикалық талғамының биіктілігі мен ой-қиялының шексіздігін айқын көрсетеді.

Кез келген әдеби туындының алға қоятын мақсаты – оның оқырманға әсерлілігі мен әдемілігі. Осы орайда әдеби тілді көркемдеудегі ең қажет тәсіл – құбылту (троп) мен ажарлау (фигура) болып табылады. Мәтінде сөздерді өз тура мәнінде емес, ауыспалы мағынасында іске асыру, өмірлік шындықты бейнелеп көрсету, негізгі ойды өзгертіп, соған ұқсас суреттермен алмастырып айту бар.

Құбылту – автордың идеялық мұрат-мақсатына, эстетикалық мүддесіне орай қызмет көрсететін тәсіл. Фольклорлық туындылардың о баста авторы болып, кейіннен халықтық шығармашылыққа айналғанын ескерсек, туындыны жарыққа шығарудағы мақсат-мұраттардың да еселене түсетінін, көркемдік қабаттардың толыса беретініне көз жеткіземіз.

Сөз өнеріндегі құбылтудың ең алғашқысы – ауыстыру, яғни метафора. Сөз мағынасының өңін өзгерте келтіру, суреттеп отырған нәрсенің немесе

құбылыстың бар сыр-сипатын, өзіндік ерекшелігін айқындау үшін ұқсас келетін құбылыс пен затқа алмастыру, сол арқылы, әрине, оның әсерлілігін күшейту, мағынасы мен мәнін тереңдету болып саналады.

Қазақ балалар фольклорының басты жанры – әлпештеу фольклоры десек, соның ішінде бөбектерге арналған бөлімнің ең бірінші туындысы – бесік жыры. Ана құрсағынан жарық дүниеге шыққан сәбидің жылы да жайлы мекені – бесігі. Көшпенді өмір салтын ұстанған ата-бабамыз үшін бесіктің ролі қаншалықты маңызды болғанын жақсы білеміз. Баласын бесігіне бөлеп, сол алтын ұясына қонақтаған жас сәбиге анасы немесе әжесі бесік жырларын айта отырып, қиялға ерік береді. Міне, осы тұста ауыстырудың халық танымынан суарылып шыққан сан-алуан түрлерін көреміз. Жүз томдық «Бабалар сөзінің» 72-томында бесік жырының 4 нұсқасы берілген. Ол нұсқалардан біз мынадай ауыстыруларды кездестіреміз:

*Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүні көкешім (43-б.)*

немесе:

*Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым (44-б.)*

немесе:

*Әлди, әлди, аппағым,
Қой терісі шанашым (44-б.)*

немесе:

*Жанға дауа наз үнің,
Ат байлайтын қазығым! (52-б.)*

немесе:

*Сен – апаңның тұңғышысың,
Қазан қырған қырғышысың (77-б.)*

Бұл тармақтардан аңғаратынымыз – ана сәбиін жұбату үшін оны өз танымындағы, көшпенділер тіршілігіндегі ең қажет, пайдалы құбылыстарға балап отыр. Ата-баба салтында «қозы жүні» қойдың төлі 3-4 ай болғанда қырқылып алынады екен, ол өте нәзік, жұмсақ, жылы болады, сондықтан одан бас киім тігілген. Сондай-ақ «қой терісі шанашым» тіркесіндегі «шанаш» – қой терісінен жасалатын, сусын сақтайтын үлкен ыдыс. Ал «қазық» – жіп, арқан байлау мақсатында жерге қағылатын тірек. «Қазан қырғыш» та күнделікті тұрмысқа аса қажет құрал болып табылады. Бұл жолдар арқылы бесік жырын айтушы өз ұрпағының адам баласына, өз ортасына, ел-жұртына пайдалы болуын көздейді.

Сондай-ақ төрт нұсқалы бесік жырында жалпы фольклорлық туындыларда жиі кездесетін мынадай да ауыстыру бар:

*Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім (44-б.).*

Ата-бабамыз көлі бар жерде жаз жайлаған, көк майсалы құрағына үй тіккен, *«Көлге біткен құрақ»* – жаңаның жаршысы, балғындық, өсу, өркендеу мағынасында тұр. Ал *«Жапанға біткен терек»* ауыстыруында ұлтымыздың терең философиясы жатыр. Құз далада, шөлді-шөлейтті аймақта теректің өсуі немесе жыр тілімен айтсақ *«бітуі»* – ертеңгі жарқын өмірдің бастауы, жаугершіліктен әбден титықтаған елдің бейбіт күнді сағынуы. Бесікті тербеткен ана өз нәрестесінің болашағын осындай құбылыстармен суреттеу арқылы туындының әсерін арттырып, әсемдігін әрлеп отыр.

Әлпештеу фольклорының «Балаға тәрбие өлең шумағы» бөлімінде де өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән берген халқымыздың шексіз қиял-санасынан туған жырлардан ауыстыру көркемдеуіш құралының сан-алуан сипатын көреміз:

*«Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы.
Дүние-қамды ойлатпас,
Көңілімнің данасы.
Әлди, балам, әлди-ай!»* (50-б.).

Ұрпақ, бала – тек біздің ұлтымыз үшін ғана емес, жалпы адамзат үшін баға жетпес құндылық. Қазақ халқы бауыр еті баласының жолында жанын беруге даяр, сондықтан жоғарыда келтірген мысалда оны көзінің ағы мен қарасына балайды, жүрегінің қақ төрінде тұрған көрініс екенін айқындайды, көңілінің биігінен қоныс тепкенін суреттейді. Адамның ең маңызды анатомиялық мүшелері көз, жүрек арқылы баланың қаншалықты қымбат екенін көрсетеді. Ата-ана үшін дүниедегі ең тәтті нәрсе бала екенін айтудан еш жалықпаған:

*Ай, шын батыл жүрек,
Өсетін үдеп.
Болашақ, құрал
Бөбегім, сен – жас түлек* (56-б.)

немесе:

*От басында ойнағым,
Сүт бетінде қаймағым!* (51-б.).

Сонымен қатар әлпештеу жырларындағы ауыстырулардың дені жан-жануарлармен байланысты болып келеді. Бесік жырымен тербелген нәрестесін ана табиғаттағы ең азулы аң-құсқа балайды, қорқақ, әлсіз екі аяқтыны өлеңіне қоспайды, мақамына салмайды. Мысалы:

*Түлкі жортпас түлейден
Жол салдырған қарсағым* (51-б.), -
дейді.

Қарсақ – далада жортатын, түлкі тұқымына жататын жыртқыш, азулы аң. Бұл тармақтардың поэтикалық қуатын ұғыну үшін бірінші жолдағы *«түлкі жортпас түлей»* деген тіркестің мән-мағынасын айқындап алу керек. *«Түлей»* деген сөздің өзі *«ну орман»* немесе *«қалың қамыс»* дегенді білдірсе, жай түлкі оған жолай алмайды, тек қарсақ қана сол түлейге жол салып, жосып жүреді. Ендеше, бесік жырын айтушы автор өз сәбиінің күш-қуаты, ерік-жігері, денсаулығы сол қарсақтай болсын деген тілектен туған ауыстыру деп танымыз. Көшпелі жұрттың

тағы бір көңілге бекіп, көзге ыстық көрінер көрінісі – түйе жануары болса, одан тараған бота, тайлақ та жыр жолдарынан орын тапқан:

*Әлди, әлди, тайлағым,
Өрістегі шаңдағым (51-б.).*

Жайылған жерін шаң қылып, ойнақтап жүретін сүйкімді тайлақ бейнесі ана танымы үшін өте маңызды, сәбиінің бесіктен шығып, аяғына қаз-қаз тұрып, тұрғыластырымен ойнап кетуін аңсайды, сол шақтарды асыға күтеді.

Балалар фольклорында ауыстырудың заттық мағынасына қатысты бірнеше ұғым бар. Мысалы, «Тұмар» сөзі сәбилерге арналған жырларда бірнеше рет кездеседі. Алдымен бұл сөздің шығу төркінін қарастырсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Тұмар» сөзінің мағынасы ретінде үш бұрышты қағазға баланы тіл мен көзден сақтау үшін жазылған құран аяттары деген түсініктеме беріледі [108]. Ендеше, ұлттық танымда «Тұмар» қасиетті, киелі деген ұғымды білдірген. Бұл сөздің шығу төркіні «туған жер» (тұрған жер) деген мағынаны көрсетеді деген де пікірлер бар. Қалай болғанда да «*тұмар*» сөзі қолданылған поэтикалық тіркесте адресатты жағымсыз жайттардан сақтандыру идеясының орын алатыны сөзсіз. Сондай-ақ тұмар мойынға тағылатындықтан «*үнемі жанымда бол, қасымнан жырақтама*» деген де тілек те көрініс береді. Бесік тербеткен ана шақалағын дүниедегі бар жақсыға балай келіп:

*«Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым» (51-б.) -*
деп телегей-теңіз аналық сезімін білдіреді.

Ауыстырудың әлпештеу жырларындағы тағы бір заттық мағынасы «маржан» ұғымына қатысты болып келеді. Ананың нәрестесіне деген махаббаты тіршіліктегі ең биік, ең терең баламалармен астасқан. «*Маржан*» да жай сөз немесе ұғым емес, тұтас поэтикалық бейне деп айтуға болады. Теңіздің тереңінде орналасқан «*маржанға*» да баласы үшін дүниені қопаруға дайын ана қиялы соқпай өтпейді:

*Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным» (61-б.).*

Мысалға келтірілген бұл екі тармақта екі ауыстыру тұр. «*Маржанымды*» талдадық, енді «*мал-жаным*» келетін болсақ, бұл тұстан аңғаратын негізгі жайт – поэтикалық тармақтардың романтикалық сарыннан реалистік күйге көшуі, яғни ана тілегін көркемдеген халық-автор сәбидің болашағындағы бақыт пен сәттіліктің телегей теңіздей етуді «*маржан*» ауыстыруымен мақсат ете отырып, күнделікті өмірдегі реалды көріністерден де жырақ алып кетпуді көздейді. Бұндай көркемдік сипат, жыр жолдарының ойнауы, күрт ауысуы – балалар фольклорынан ерекше көрінетін көркемдік жайттар. Бұл постмодернистік әдебиетте романтикалық сарыннан бірден реалды күйге көшу – гиперобъективтілік деп те аталып жүр.

Балалар фольклорының әлпештеу жырлары, сәбилік салт жырлары, уату-алдарқату жырлары, т.б. жанрларынан құбылтудың бір түрі ауыстыруды ғылыми тұрғыдан талдай отыра мынадай қорытындыға келдік:

1) Халық қиялы бір зат немесе құбылысқа балама іздеуде алысқа бармай-ақ өзін қоршаған ортадан, өзі тіршілік кешкен мекеннен ұқсас суреттерді, көріністерді бір-бірімен ауыстырады екен;

2) Әсіресе бесік жырларынан көшпелі өмір салтын танытатын суреттерді, баламаларды жиі кездестірдік;

3) Сәбилік салт жырларында халқымыздың өз ұрпағына деген сүйіспеншілігі анатомиялық атаулармен көптеп берілетініне көз жеткіздік;

4) Жан-жануарлардың ең азулысына ауыстыру тәсілдерінің поэтикалық сипатын сараладық;

5) Заттық атаулардың реалды шындықты көркемдік шындыққа айналдырудағы ерекшелігін бағамдадық.

Құбылтудың тағы бір түрі теңеу деп аталады. Затты немесе өмірдегі бір құбылысты көркем туындыда басқа бір затпен немесе нәрсемен салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер. Бір ескере кететін жайт – заттар мен құбылыстарды салыстыру негізінде туындайтын құбылтудың түрлері көп. Бірақ олардан теңеудің айырмашылығын әдебиет теоретигі З. Ахметовше айтсақ: «...теңеуде салыстыру тура, айқын көрінеді» [109, б. 323]. Қай затты немесе құбылысты немен салыстырсақ та салыстыру анық танылады.

Балалар фольклорының қай жанрын алып қарасақ та теңеусіз жыр жолдары өрілмегеніне куә боламыз. Құбылыс пен құбылысты, зат пен затты салыстыруға келгенде халық қиялы өте жүйрік, эстетикалық талғамы биік, ұлттық танымның тамыры терең екеніне көз жеткіземіз.

Жас сәбиге қарата айтылған поэзиялық туындыларда ең бірінші көзге түсетіні – ата-бабамыз өз ұрпағына деген сүйіспеншілігін білдіруге келгенде табиғаттың ең әсем көріністерін жырға қосқан, өз баласын аспанның төріндегі жұлдызға, биік-биік тауларға, терең-терең көлдерге теңеген:

*Әуедегі жұлдыздай,
Суда жүзген құндыздай* [33, б. 49],
немесе:

*Өзіңе арнап, бөпешім,
Тау суындай сарқырап,
Толқып аққан жыр алсын* (50-б.),
немесе:

*Бағаналы таудай бол,
Шағалалы көлдей бол* (65-б.).

Сондай-ақ сәбилік салт жырларында ата-ана өскелең ұрпағына көл-көсір өсиет айтады, ақжарма тілек төгеді, жақсы сөзді жарым ырыс деп білген халқымыз баласының ертеңін жөн сөзбен сомдайды, бағыт-бағдар беруде өмірдегі ең дұрыс, пайдалы, қажетті құбылыстарды теңеу арқылы тізбелейді:

*Жеңілтек болма, бөпешім,
Салмақты бол ерлердей* (53-б.),
немесе:

*Болшыл, болшыл, болшыл бол,
Ор қояндай көзді бол* (66-б.).

Бұл секілді көркемдік жолдармен сәбиінің аз сөйлеп, көп іс тындыратын, қырағы жан болып қалыптасуына тілеулестік білдіреді.

Қазақ балалар фольклорындағы ең көп теңеулер жан-жануарлармен байланысты болып келеді. Мәселен, жылқы малына қатысты өлең-тақпақ, жырларда астына мінген тұлпарының жүйріктігін:

Ақ бөкендей дүрсілі,

Тау текедей дүрсілі (85-б.), -

деп сипаттайды. Жылқы онсыз да жылдам жүреді, бірақ әсершіл халық қиялы оның жүрісін еселеу үшін естіген құлаққа аса жағымды осындай теңеулерді тізген. Өйткені бұл тармақтарды тыңдаған баланың көңілі көтеріліп, бойында қан ойнап, өмірге деген құлшынысы артуды мақсат еткен. Бұл тармақтар жеткіншектер фольклорынан алынса, әлпештеу фольклорындағы басты міндет – көркемдік жолдармен сәбиді ұйықтату болып табылады, ұйқысы тыныш шақалақ тез өседі, жылдам қатаяды деген сеніммен:

Маң төбеттей ұйқылы бол,

Түлкінің баласындай күлкілі бол (61-б.), -

деп тәтті, тыныш ұйқыға шақырады.

Халықтың арманы, негізгі мақсаты, ғұмыр-тіршілігіндегі басты миссиясы – еліне пайдалы, жұртына жауапты, қара басының қамынан гөрі айналасының жағдайын күйттейтін ұрпақ тәрбиелеу. Міне, осыған қатысты әлпештеу фольклорында:

Болшыл, болшыл, болшыл бол,

Бозторғайдай шөлшіл бол (66-б.), -

деген тілек бар. Бұл тармақтағы «шөлшіл болу» - елшіл болу деген ұғымға саяды. Осы тұста саяхатшы Ж. Кустоның «Алдыңнан орман шықса, артыңда қалған шөлді ұмытпа» деген нақыл сөзі ойға оралады. «Шөл» сөзінің ауыспалы мағынасы – қалың ел, көп жұрт дегенді білдіреді.

Қазақ халқы үшін қашан да болмасын ұрпағының денсаулығы бірінші орында тұрады, сәбиінің тепсе темір үзетін жігіт болып өсуіне ерекше мән береді, дені-қарны сау баланың болашағы жарқын екенін жақсы білген. Сондықтан «Баланы майлап сылағанда» жырларынан мына жолдарды кездестіреміз:

Тастай қыл,

Темірдей қыл,

Дерт үйге кірмесін,

Балаға тимесін (60-б.),

немесе:

Жездей-жездей қолыңнан,

Жезделерің айналсын (49-б.).

«Тастай», «темірдей», «жездей» деген теңеулерден мықтылықты, төзімділікті, беріктікті байқаймыз.

Балалар фольклорындағы теңеулердің бір тобы күнделікті өмірде пайдаланатын зат атауларымен байланысты болып келеді. Көшпенділер тіршілігіндегі тұтынатын әр зат поэтикалық оралымның бір бөлшегі болып жүре береді. Себебі импровизациялық өнерде көзге не көрініп тұр немесе көңілде не

сайрап тұр, сол жыр жолдарына түсе береді. Жеткіншектер фольклорындағы «Торы құлын» өлеңі осы сөзіміге дәлел бола алады:

*Жағзы қалақтай,
Мойны садақтай,
Жалы жібектей,
Саны білектей,
Көзі моншақтай,
Құйрығы шашақтай* (103-б.).

Қалақ – оттың күлін алатын құрал, кез келген үйдің алдында жатады, садақ – ағашты иіп жасайтын қару, көшпенділер салтында батырлар тұтынады, құлынның саны өте жіңішке болып келетіндіктен кәдімгі адамның білегіне теңеліп тұр, *моншақ* – қыздардың мойынға тағатын әшекейі, дөңгелек, жылтыр тастардан тізіледі, ал *шашақ* – кілемнің, төсекке жабатын матаның ұшталған тұсы.

Сонымен балалар фольклорындағы құбылтудың бір түрі теңеуді поэтикалық тұрғыдан талдай келе мынадай тұжырым жасауға болады:

1. Табиғаттың ең әдемі құбылыстарына теңеу;
2. Моралдық мақсаттан туындағын теңеу;
3. Жан-жануарлардың жақсы қасиеттеріне теңеу;
4. Төзімді материалдарға теңеу;
5. Тұрмыстық заттарға теңеу.

Көркемдік ойлау жүйесіндегі троптың тағы бір түрі эпитет деп аталады. Адамның, табиғаттың, кез келген бір заттың айрықша белгілерін ерекшелеп көрсету эпитетке тән басты белгі болып саналады. Эпитетке поэтикалық, сондай-ақ стилистикалық, тіпті экспрессивтілік ұғым тән болып келеді. Әлемдік әдебиеттануда эпитетті құбылтудың емес, айшықтаудың түрі деп те танушылар бар [110]. Біздің қазақ әдебиеттануында эпитет құбылтудың түрі болып есептеледі. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде эпитетке «*көріктеу*» деген терминдік атау береді: Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз. Мәселен, «*Қара Мұқан*», «*Сары Мұқан*» [23, б. 24]. Көркем туындыда эпитет суреттеліп отырған нәрсеге, құбылысқа нақтылық, бейнелілік сипат береді.

Қазақ балалар фольклорында, соның ішінде әлпештеу, сәбилік салт түрлерінде ең жиі кездесетін эпитет – «*ақ*». «*Ақ*» эпитеті көп тіркескен сөз – бесік. Қазақ халқы бесіктің ағашы сары болсын, сұры болсын, қызғылт болса да оны «*ақ бесік*» деп атайды. Себебі оның иесі нәресте – мына жарық дүниенің есігін енді ғана ашқан, күнә атаулыдан пәк, ақ. Бір де бір көркем туындыдан «*көк бесік*» пен «*сары бесікті*» кездестірмейміз, тек қана «*ақ бесік*» бар. «*Ақ бесіктің*» иесіне, баласына, анасы ақ тілегін ақтарады, нәтижесінде бесік жырлары өмірге келген. Осы жерде нақтылап кететін тағы бір жайт әлпештеу фольклорындағы сәби де «*ақ*», оған жарқын мысал «*ақ бөпе*» мен «*ақ бала*» поэтикалық тіркестері. Ол шақалақ қоңыр, сары да болуы мүмкін, бірақ біздің ұлттың көркемдік ойлау заңдылығы бойынша ол тек қана «*ақ*»:

*Әлди, бөпем, ақ бөпем,
Ақ бесікке, жат бөпем» [33, б. 52].*

немесе:

*Әлди, балам, ақ балам,
Ақ бесікке жат балам» (49-б.).*

Сондай-ақ «ақ» эпитеті кейбір жырлардың әр тармағын бастап, тұтас бір шумақта үдемелі, күшейтпелі бояумен де тұратын тұстар көп, мысалы:

*Ақ бесікті мен көрдім,
Ақ бесіктің ішінен
Ақ баланы мен көрдім,
Ақ баланың қолынан
Ақ биялай мен көрдім (68-б.).*

Берілген бұл бес тармақ та «ақ» эпитетінен басталып тұр. Бесікте тербелген сәбидің алдағы өмірі, жолы тек ақтан тұрсын деген наным-сенімді, ұлттық психология көрінісін аңғарамыз.

«Ақ бесікте» тербелген «ақ бөпенің» келер күніне болжам жасаған ана қиялы оның болашақ жарының да «ақ» екеніне сенімді:

*Ақ қызы бар ауылдың
Балтаң, балтаң үйіне
Бұрыла барып тұс, бөпем! (57-б.).*

«Ақ бөпенің» барлық дене мүшесі тек қана ақ, еш тұсында қара да жоқ, ала да жоқ:

*Аппақ-аппақ қолыңнан
Апаларың айналсын (49-б.)*

немесе:

*Ей, Айдан-ақ – айданақ,
Ақ білегі қардан ақ (54-б.).*

«Ақ» эпитетінен басқа өте жиі кездесетін тағы бір түс атауы – қызыл. «Қызыл» эпитеті көрінген тұсқа ұлттық ассоциация қыздарды топтастырады. «Қыздың көзі қызылда» деген мақал да бар. Ана арманы бойынша «ақ бөпе» бесіктен босап, ауыл аралап, той тойлап кетеді де қыздармен ойын-сауық құрады:

*Қызыл алма қолында,
Қыздар оның соңында (46-б.), -*

дегендей кей тұстарда «қызыл» сөзі тек қыздарға ғана қатысты емес, төрт түліктің бірі қойға да қатысты келтіріледі:

*Қырдан берсін, ойдан берсін,
Қызыл шұнақ қойдан берсін (77-б.).*

Бұл жолдарда «қызылдың» қасына «шұнақ» эпитеті қосылған. Қызыл шұнақ қой – екі құлағы бүрсіңкі келген қой. Поэтикалық оралымда жай «қой» демей, «қызыл шұнақ қой» деу арқылы оның әсерлілігін күшейтіп отыр. Жалпы қой малы қазақ халқы үшін мол ырыс пен берекенің көзі болып табылады. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл көсір» деп бекер айтпаған. Сондықтан болар

балалар фольклорында «қой» сөзіне қатысты көптеген тіркестер бар, бейнелеуіш сөздер мол:

*Жұртта қалған жұрының
Жұмалай-жұмалай қой болсын (77-б.), -*

дегендегі «жұрын» сөзі түсінікті, жұрнақ, азғантай, шамалы деген мағынаны білдіреді. Ал «жұмалай-жұмалай» отар-отар, өте көп деген ұғымға саяды. Төрт түлік жырларының «Шопан атаға» өлеңінде:

*Ай мүйізді шақпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең қойды бер! (98-б.), -*

деген жолдарда «ай мүйізді», «тегене құйрық» деген эпитеттер орын алған. Бұның бәрі жас баланы шаруаға икемдеу, күн көріске дайындау мақсатында құлағына сіңе берсін, санасына тоқи берсін деген ізгі ниеттен туған көркемдік шындық.

Балалар фольклорынан орын тепкен эпитеттер заттың, құбылыстың түр-түсін, сыр-сипатын білдіреді, сондай-ақ көп тұстарда баланың көңілін аударып, ойын сергітетін, эмоциясына тікелей әсер ететін, ерекше позитивті сезімге жетелейтін қозғалмалы, динамикалық эпитеттерді де жиі ұшыратамыз:

*Ойнақтаған лақтан қорықпа,
Сылдыраған бұлақтан қорықпа,
Тулаған тайдан,
Қуалаған ботадан қорықпа! (61-б.).*

Бұл тармақтардағы эпитеттердің барлығы да қозғалыста, тірі сурет, дала пейзажын көз алдыңызға әкеледі.

Балаларға арналған халықтық жырларда сан арқылы түзеліп, өзгеше көркемдік реңк дарыған эпитеттер де өте көп. Анықталатын, бейнеленетін сөздің алдына сан түссе, оны тындаушы нақты құбылысты көз алдына елестете алады, яғни сандардың экспрессивтік мәні жоғары:

*Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан (102-б.).*

Түйеде төрт аяқ, екі өркеш барын бәріміз білеміз, бірақ жыр жолдарында сол анықталып көрсетілмесе, көркемдік әсер де әлсіз болар еді. Сандардың ішінде алты және жеті сандары поэтикалық қолданысқа жиі келтірілген екен:

*Алты қарын майымыз,
Жеті қарын жентіміз,
Шаһар Бұқар кентіміз (46-б.), -*

өлеңде май мен женттің қарында сақталуын көрсететін ұлттық тағамтанудың ерекшелігі «алты» және «жеті» эпитеттері арқылы бояуын қалыңдата түскендей. Сондай-ақ:

*Алты батпан ауырды
Арқалаған күштілік.
Жеті батпан ауырды
Желкелеген күштілік (91-б.), -*

деп келетін тармақтарда да «алты» мен «жеті» «батпан» сөзін нақтылап, көркем бейнелеуге үлес қосып тұр.

Құбылтудың бір түрі болып саналатын эпитеттерді балалар фольклорынан қарастыра келе мынадай тұжырымға келдік:

1. «Ақ» сөзі ең көп эпитеттік қолданыс болып жүзеге асқан;
2. «Қызыл» сөзі де құбылысты анықтауға жиі қатысқан;
3. Динамикалық, қозғалыстағы эпитеттердің поэтикалық қуаты әсерлі;
4. Сандық эпитеттердің өзіндік көркемдік қолданыс аясы бар.

Кейіптеу – көркем туындыда табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерге адамша жан бітіріп, тіл бітіріп сөйлетіп, сезім дарытатын, сол арқылы көркемдік шындықтың оқырманға әсер етуін күшейтетін, сөз құбылтудың бір түрі.

Қазақ балалар фольклорында табиғат көріністері көп суреттеледі, көшпелі өмір салтын кешкен ата-бабамыз баланың санасына сәби шағынан даланың ойы мен қырын, сайы мен суын, бауы мен тауының сыр-сипатын сіңіруден жалықпаған. Қиялды еркіне жіберіп, табиғаттың әр құбылысын детальды түрде сипаттай отырып, өскелең ұрпақтың ертеңгі күнде сол сайын далада емін-еркін өмір сүруіне, шаруашылықпен айналысуына, оның әр шөбі мен тасын сырттан келетін жаудан тайсалмай қорғауына фольклорлық шығармалар арқылы бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие берген.

Балаларға арналған халық туындыларында ең көп кездесетін кейіптеу желге қатысты болып келеді. Жел – хабар жеткізуші, алысты жақындатушы, ол өте жылдам, бір орында тұрмайды, үнемі қозғалыста, желді кейіптеу арқылы жас сәбидің тез ойлануына, бірден шешім шығаруына тәрбие беріледі. Жел үнемі қозғалыста, ол бұлтты қуады, тұманды сейілтеді, сөйтіп қашан да адамзатқа пайдасын тигізіп жүреді:

*Қара тұман, қайт, қайт,
Әке-шешең өлді,
Желден хабар келді! (79-б.), -*

деген үш тармақтағы екі жолдан кейіптеуді көреміз. Бірінші жолдағы «қара тұман» және үшінші жолдағы «желден хабар келуі». Қара тұман сейілмей тұрып алса, мал жайылымына да, атпен жүрген жолаушыға да кесірін тигізеді, ыңғайсыздық тудырады, сондықтан жел оған ең жақыны «әке-шешесінің өлгені туралы» «қаралы хабар әкелген». Бұл хабарды естіген тұман бірден қара басымен қайғы болып, жоқ болып кетеді деген бала қиялына негізделген сенім бар. Байқап қарасақ, тіпті, жас жеткіншектерге арналған туындылардың өзінде күнделікті тіршілік жайттары, өмір сүрудің қолайлы тұстарын іздеу, табиғат құбылыстарынан сақтану сияқты реалды шындықтың көркем шындыққа ұласқаны танылады.

Сондай-ақ халықтық эстетикадағы ең сұлу көрініс – жұлдыз. Далалық танымда ұрпағының биіктен көрінуі жұлдызбен ассоциацияланады. Жұлдызбен сырласу, оның қадыр-қасиетін ұғыну, әдемілігінен әсерленуді балалар фольклорынан мол ұшыратамыз. Жаугершілік заманда батырларымыз темірқазықты бағыт етіп, жетіқарақшымен «сөйлескені» де фольклорлық

туындылар арқылы белгілі. Көшпенді үшін түннің басты символы – жұлдыз. Сондықтан болар онымен адамша тіл қатысады:

*Таң атса, тек сасасың,
Таудан әрі асасың.
Жақсысың зой өзің де,
Күннен неге қашасың? (84-б.).*

Жұлдыздың әрдайым көкте жарқырап тұруын көкसेген көңілді аңғарамыз. Бірақ табиғат өз дегенін істейді, жұлдыз тарқап, таң атады. Бала көңіл дала адамы үшін аспаннан бір сәуле үнемі көрінсе екен деген тілек – тіршіліктің тоқтамауы, өмірдің жалғаса беруі деген ойлармен байланысты:

*Май берейін, құрт берейін,
Күннің көзі шық, шық! (79-б.), -*

өлеңде әрдайым жарқыраған күн сәулесінің жер бетіне нұр шашуы бейбіт тірліктің, қамсыз, жайдары көңілдің сипатындай суреттеледі.

Балаларға бағытталып жазылған туындылардағы кейіптеулердің қай-қайсысы да табиғат құбылыстарымен етене байланысты. Жел, тұман, жұлдыз, сондай-ақ көк аспандағы бұлт та фольклорлық шығармаларда аса пайдалы, өте қамқор бейнеде кейіптелген. Өйткені бұлт жаңбыр жаудырады, ал нөсер жауын жердің бетіндегі көк атаулыға жан бітіреді:

*Жерге нөсер төгемін,
Өссін гүлдер, көк егін! (89-б.), –*

деп бұлт «тіл қатады». Бұлт жаңбыр жауғызса, жерде егін көп есіп, елде тоқшылық болады деген тілекті ата-баба өз баласына ерте жастан сіңірген.

Балалар фольклорында кейіптеу өте көп, біз табиғатпен байланысты бірсыпарасына ғана талдау жасай кетуді жөн санадық. Қорыта айтқанда, кейіптеудің арғы астарында халқымыздың көл-көсір мұң-мұқтажы, арман-тілегі жатырғанына көзіміз жетті.

Естен шығып ұмыт болған, көзден кетіп, көңілде көмескіленген небір асыл мұрамыздың түп-тамырын халық әдебиетінен тауып алып жатамыз. Дәстүрлі тәрбиенің де терең тамыры сол фольклорлық қазынамыздан сусындайтыны сөзсіз. Фольклорлық туындылар – жақсы өмірді аңсаған, берекелі тіршілікті көкसेген, бейбіт заманды қалаған қалың көпшіліктің арман-мұраты. Аңсау, көксеу, қалау – қиялға ерік береді. Сондықтан ел әдебиетінде көркемдеуіш құралдар өте көп, бейнелі сөздерден аяқ алып жүре алмайсыз, сондай-ақ олар поэтикалық тұрғыдан өте шебер қиюласқан, бір-бірімен араласып кетпей, әрқайсысы өз орнында, өз көркемдік шекарасын сақтай отырып орын тепкен. Сондай құбылтудың ерекше бір түрі – гипербола (ұлғайту). Суреттеліп отырған құбылыстың әсерлігін шындай түсу үшін шамадан тыс ұлғайтып, үлкейтіп көрсету. Баланың ең үлкен арманы – өсу, ер жету, үлкен адам болу. Бала психологиясын басты орынға қоятын фольклорлық шығармаларда ұлғайтудың небір түрлері жасалады. Бесік жырларының өзінде сәбиінің аман-есен азамат болып өсуін аңсаған ананың:

*Отыз қызды олжалап,
Алып келе жатыр балам.*

*Олжа-олжа дегенде,
Әрбіріне бір қызды
Беріп келе жатыр балам (49-б.), -*

деуі шынайы өмірдегі асқақ арман мен шынайы тілек ойдың осылай көркемдік тұрғыдан ұлғаюына әкелген. Бесіктен белі шықпаған шақалақтың өскенде дәл сондай батырлық іс-әрекетке баратынына ана көңілі шүбәсіз сенеді. Бөпесі өседі, ел қорғайды, өзіне адал жар іздейді – бұл өмірдің заңы, ал егер сол сапарда оның жолына бөгет жасайтындар кездесе, ана көңілі олардың да орнын көрсетеді:

*Ашуланса азасы
Іштен шалып, жық бөнем!
Кекеңдесе жеңгесі
Жерге басын тық, бөнем! (50-б.).*

Қазақ балалар фольклорында гипербола ең жиі көрінетін жанр – өтірік өлеңдер. Өтірік өлеңдерде қиялға ерік берілген, табиғаттың аясында аспанда ұшқан құс та, жерде жорғалаған жылан да, даланы жайлаған жан-жануарлар да басты кейіпкерге айналып жүре береді, автор тарапынан белгілі бір әрекетке түседі және ол әрекеті санаға сыйымсыз болса да оқырманын сендіреді:

*Терісін сары масаның жыртыпай сойып,
Кететін он бес қарын саба қылдым.
Сабаны сегіз жігіт көтере алмай,
Қылмасқа енді саба тоба қылдым (111-б.).*

Ата-бабамыздың негізгі күн көріс көзі – мал. Күнделікті өмірдегі әңгімесі де, болашаққа құрған жоспары да, уайым-қайғысы да төрт түлікпен байланысты болған. Сәлем – сөздің атасы болса, амандасқанда алғаш айтылатын сөз де: «Мал-жан аман ба?». Көркем туындының негізі реалды өмірдегі шындық болғандықтан, балалар фольклорындағы ұлғайтулардың дені төрт түлікпен байланысты:

*Тоқтышағым, тоғыз тап!
Саулық қойым, сегіз тап!
Сегізін де семіз тап! (69-б.).*

немесе:

*Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол төрт ешкім! (95-б.).*

немесе:

*Ала биең құлындап,
Алатауға сыймасын!
Қара биең құлындап,
Қаратауға сыймасын! (66-б.).*

Бұл жырларды бала құлағына сіңіре отырып, келешекте шаруаға ыңғайлы, төрт түлігі сай жігіттің жетіліп өсуіне ықпал жасайды.

Гиперболаны қорыта келе айтарымыз халықтық таным мен түйсік қандай құбылысты ұлғайтса да реалды тіршілік нормаларын негізге алған, көкейде тұрған қажеттіліктерге сай қиялға ерік берген, түптеп келгенде жақсы тұрмыс

пен бейбіт тіршілікті аңсаған, баланың ой-өрісін де соған ыңғайлаған, бағыттаған десек қателеспейміз.

Ұлғайтуға қарама-қарсы көркемдік құрал литота (кішірейту, құлдырату) деп аталады. Қазақ балалар фольклорындағы көркемдік құралдардың тобына литота жатады. Литота – бұл көбінесе бір нәрсенің маңызын азайту арқылы бейнелеу тәсілі, яғни кері мағынада айту арқылы айрықша нәтиже беретін әдіс. Литота түсінігі анықтамалық сөздіктерде былай беріледі: «Литота – белгілі бір затты, құбылысты әдеттегісінен гөрі кішірейте суреттеу тәсілі. Литота – әсірелеудің бір түрі» [111]. Қазақ балалар фольклорында литотаны пайдалану арқылы қарапайым, түсінікті тілде күрделі ойларды беру және балаларға өмірлік сабақтарды оқыту мүмкін болады. Литота тұрмыстық жырларда кездеседі. Мысалы: балалар торғайдың ұясын бұзып, жұмыртқаларын жарып тастаса, торғайдың қарғысын былай жырлайды:

«Торғай, торғай атым бар,

Бір жапырақ етім бар,

Әкең жауға кеткенде

Шешең өліп, жетім қал» [33, б. 186], -

бұл жерде торғайдың өте кішкентай құс екендігін көрсетіп, оның еті де өте аз екендігін «бір жапырақ ет» деген литотаны қолданып, өлеңнің мазмұнын әсірелеу арқылы түсіндіріп тұрғанын көреміз. Өлеңдегі осы литота арқылы балаға торғайдың ұясын бұзбау керектігін, құстарға қамқорлық жасау керектігін анық түсіндіре аламыз. Тағы бір мысал, «Саусақ санау» өлеңіндегі баланың ең кішкентай саусағын «кішкене бөбек» (184-б.) деп кішірейтіп айтуы да балаға ең соңғы саусақтың барлығынан кішкентай екенін литотамен әсірелеу арқылы түсіндіргенін көреміз. Бұл литоталар фольклор мәтіндерінде маңызды ойлар мен сезімдерді күшейту үшін пайдаланылады және балаларға кейде жеңіл бейнелеу арқылы күрделі мәселелерді ұғындыруға көмектеседі.

«Ер Төстік» ертегісінде: *«Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Беліне садақ байланады, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киеді. Ай жүреді, күн жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді»* (185-б.) деген үзіндіде Төстіктің соншалықты ұзақ сапар шеккенін айғақтап тұрған «темір етіктен теңгедей қалды, темір таяқтан тебендей қалды» деген тіркестер. Кейіпкердің ұзақ жол жүргендігін көрсететін бұл кішірейту тәсілі бала көңіліне әсер етері сөзсіз. Бұл ертегіні оқыған жеткіншек бір сәт ойға шомып қараса, темір етіктің тақасының желіне-желіне келе темір теңгедей болып қалғанын, темір таяқтың үйкеле-үйкеле келе тебен инедей болып қалғанын көріп, литота арқылы аз сөзбен көп мағына беруге болатынын біліп, бейнелі ойлау мүмкіндігін игереді деп есептейміз.

Литотаны қорыта келе айтарымыз қазақ балалар фольклорының қай жанрында болмасын кішірейту, құлдырату мағынасы орын алған жағдайды тым әсерлі етіп, тыңдаушының назарын аудару үшін, баланың көркем туындыда болып жатқан оқиғалардың әлеміне енуі, әр көріністі көз алдына нақты елестете алуы үшін жасалады екен.

Көркем шығармадағы сөздер құбылумен қатар айшықталып та суреттеледі. Бұны А. Байтұрсынов әсерлеуді былайша түсіндіреді: «Әсерлеу деп сөздің әсерін күшейтіп сөйлеуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді» [32, б. 38].

Қазақ балалар фольклорында өзгеше ораммен, ерекше айшықпен суреттелген поэтикалық көріністер өте көп. Сөздерге өзгеше тыныс беру, тың леп беру, жеткіншектердің ой-санасына тікелей әсер ету мақсатын көздеген айшықтауларға әдеби талдау жасап көрейік.

Айшықтаудың ең бірінші түрі – арнау, аты айтып тұрғандай арнайы тыңдаушысына қарата айтылатын сөз айшығы. Оның ең алғашқы түрі – сұрай арнау. Белгілі бір адамға немесе бір жануарға, тіпті бір затқа, болмаса жалпақ жұртқа арнап айтылады және сол қойылған сұрағына жауап күтіледі. Мысалы:

*Әй, қасқыр, жеп қойғаның біздің шабдар,
Әкеңді өлтірдім бе, менде нең бар?
Патшаның елді сорған байларындай
Сен дағы болдың ба бұл бізді табар?* [42, б. 87].

«Кедей баланың зары» деп аталатын бұл жыр жолдары қасқырға қарап айтылған, сауал тасталып, нәтижесінде төрт тармақтың екеуінде қойылған сұраққа жауап күтеді.

Сұрай арнау арқылы, яғни сұрақ қойып, оған жауап беру арқылы жас баланың логикалық ойлау жүйесі қалыптасады, сәби мына тірлікте әр сұрақтың жауабы болу керектігін ұғынады, сауал бар жерде ой бар, мән мен мағына бар екенін түсінеді, жауабы айтылмастан бұрын өзі ойланып, толғанып көреді, жауабы айтылған соң өз пікірімен салыстыру жүзеге асады, салыстыру негізінде қорытындылау, түйіндеу сияқты саналы әрекеттер жүзеге асады. Мысалы, балалар фольклорындағы ең жиі айтылатын «Бақа» өлеңі:

*Бақа, бақа, балтақ?
Басың неге жалтақ?
Көзің неден тостақ?
Бұтың неге талтақ?* (88-б.).

Баланың көз алдына бақаның түр-сипаты толығымен келеді, жеткіншек оның басын, көзін, бұтын детальды түрде елестеді және олардың әртүрлі формасын да ойымен бір тізіп шығады, оған өз танымымен жауап та дайындауы әбден мүмкін, тақпақтың келесі бөлімінде жауап айтылғанда халықтың шешімі мен өз көзқарасын табыстырады, қарап отырсақ көзге көрінбейтін, баланың ойын өсіретін осындай шығармашылық құбылыстар жүріп жатады.

Табиғат құбылыстарына да сауал тастау әдісі балалар фольклорынан кең орын алған, дүниені енді танып бастаған сәби үшін ағаштың қозғалуы, шөптің қимылдауы, жаңбырдың жаууы, желдің тұруы, бұлттың көшуі – бәрі-бәрі өте қызық және санада сан мыңдаған сауалдарды тудырады. Халықтық туындылар солардың барлығына көркем түрде жауап беруден танбайды. Мысалы «Бұлтқа» деген тақпақта:

*Ақсың, сұрсың, қарасың,
Қайда қалқып барасың?* (89-б.), -

сауал тастай отырып, бұлттың да ақ, сұры, қара түрлері болатынын тізбелеп кетіп тұр, осы қысқа ғана екі тармақта мол танымдық мәлімет берілгенін көреміз.

Арнау жырларының тағы бір түрі зарлай арнау деп аталады. Аты айтып тұрғандай қиыншылықты, ауыр халді суреттеуге негізделген бұл туындыларда белгілі бір тіршілік иесінің мұң-мұқтажы, көңілсіз ахуалы көрсетіледі. Мысалы, «Иесі мен сиырдың айтысы» жырында:

*Неғып жүрсің, қу жалғыз, шолақ сиыр,
Сиырымен Айтақтың болдың үйір.
Үй маңында көдені жұлып жатпай,
Сен шолаққа бір сойқан болды-ау биыл (108-б.), -*

бұл тармақтардан өз үйінің қасында жайылмай, өзгенің өрісіне кеткен өзі жалғыз, өзі шолақ сиырына деген иесінің қара қазандай өкпесі көрініс тапқан. Балалар фольклорының өз ерекшелігіне сәйкес қоғамды сынау, әлеуметке мін тағу, өмірге көңілі толмау сияқты сарындарды көп кездестірмейміз, бірақ тірліктің өңкей ақтан тұрмайтынын, кейде қара жолақтар да болатынын осындай жан-жануарларға қарата айтылған, олардың атынан баяндалған жырлардан байқаймыз. Ата-баба «Баланы басынан» деген қағидаға сәйкес оны жас күнінен өмірдің ыстығы мен суығына қатар тәрбиелеген. «Қасқырдың қойшыларға айтқаны» жырында:

*Бала қойшы,
Алыста ойнап қала қойшы!
Төрт қойшы,
Төбе қойшы,
Бір тоқтыңды бере қойшы!
Үш қойшы,
Өле қойшы,
Ең кішіңді көме қойшы! (108-б.), -*

деп суреттеледі. Бір отар қойға шаба алмай, қарны шұрылдаған қасқырдың зарына негізделген бұл жолдардан көшпелі тұрмыстың мал шаруашылығына қатысты бір көрінісін бағамдаймыз.

Жарлай арнауды да көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыздың тұрмыстық-рухани сұранысы тудырған. Жұрт көп жиналған ас-тойларда ел ішіндегі көкейкесті, маңызды мәселелерді көпшілікке қарата айтып, тарқата түзеп, мәні мен мағынасының салмақтылығын баса көрсетіп, ой тастап, сөз арнаған:

*Кел, балалар, ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық!
Сәтті күнгі мереке
Қуанышты ойнайық! (75-б.), -*

қыстан аман шығып, аққа ауыз жетіп, мал тұяғы көкке ілінген шақта Наурыз тойын тойлауға жиналған бұл жырда қуаныш, шаттық лебі бар. Жалпақ жұртқа жар сала айту мақамы орын алған. Жеткіншектер фольклорында негізінен осында көңіл-күйді көтеретін жарлай арнауларды жиі ұшыратамыз:

*Қуанып жан жүрегім қақ жарылып,
Қасірет басымдағы қалды арылып!
Ұл көріп, ұлы дүбір той жасаймын,
Атқан соң маңдайымнан таң жарылып!* (60-б.)

«Бала туғанда» деп аталатын бұл жырдан ұрпақты өмірінің өзегі деп білетін ұлтымыздың шын қуанышы, жүрек жарды эмоциясы, бақыты мен көңіл толқынысы жатыр.

Айшықтаудың ендігі бір түрі – қайталау деп аталады. Айтылатын ойдың әсері күшейту үшін, тыңдаушының назарын толық өзіне бағыттау үшін поэтикалық туындыда мақсатты түрде бір сөзді бірнеше рет қайталап келтіреді. Қайталаудың бірнеше түрі болады. Біріншісі жай қайталау, бір сөзді өлең сөзде немесе прозалық туындыда екпін түсіре отырып, бірнеше рет қайталау. Балалар фольклорында қайталаудың көркемдік миссиясы өте жоғары, өйткені балаға ақпаратты ұтымды жеткізу үшін негізгі сөзді бірнеше рет айтқанның еш артықшылығы жоқ. Қайталанған ой, сөз, ақпарат баланың санасында көпке дейін сақталады:

*Көзі жаманның көзінен алас!
Тілі жаманның тілінен алас!
Қырық қабырғасынан алас!
Отыз омыртқасынан алас!* (61-б.).

Баланы аластағанда айтылатын бұл жолдарда қайталанып тұрған сөз – «алас». Сақта деген мағынаны білдіретін «алас» сөзін қайталау арқылы сәбиге көз тимесін, сөз тимесін деген ізгі ниет пен сақтық сезімін көреміз.

Ата-бабамыз бала өмірінің әр сәтін көркем сөзбен айшықтаған, дүние есігін ашқан сәттен бастап сөздің жақсысы мен мағыналысын ғана ұрпағына қарата айтқан. Сөздің киесі бар деп ұққан халқымыз бауыр еті баласына айтылатын әр сөздің түпкі астарына, негізгі ойына келгенде талғамының терең екендігін танытқан. Тіпті, сәбиіне жаңа киім кигізгенде де арнайы жыр жолдарын төккен:

*Жағасы жайлы болсын,
Етегі майлы болсын.
Киімің тоза берсін,
Өмірің оза берсін* (62-б.), -

деген өлеңдегі «болсын», «берсін» деген етістіктерді балалар фольклорының әр түрінен жиі ұшыратамыз.

*Ал білек, ал білек,
Атаң кәрі шал, білек,
Отыңға өзің бар, білек,
Отқа ағашты жар, білек* (64-б.), –

деген жолдардағы «білек» сөзі – «бала» сөзін ауыстырып тұр және әр тармақта қайталанып тұр, себебі бұл тармақтардағы негізгі ой – баланы еңбекке тәрбиелеу, жалқаулықтан қашыру, ал жас жеткіншек шаруаны білекпен жасайды, «белді буып, білекті сыбана кірісу» деген тіркес те бар.

Қайталаудың тағы бір түрі еспе қайталау деп аталады. А. Байтұрсыновша айтсақ «...арқан яки тарамыс ескен сияқты» (44-б.) алдыңғы ойдың соңғы сөзін келесі ойдың басында қайталап отыру еспе қайталаудың табиғатын құрайды:

Көкең шалған беліне күміс қылыш,

Күміс қылыш қолында салып ұрыс (57-б.), -

бұл екі тармақта басты назар «күміс қылышқа» аударылып тұр. Бұны тыңдаған бала көкесінің «күміс қылышпен» жауды жайпап жүргенін елестеді. Сондай-ақ көкесінің астында жүйрік аты бар:

Көкешінің астында арғымағы,

Арғымаққа жетпейді қуса тағы (57-б.), -

бұл шумақта тыңдаушыға арғымақ аттың бейнесін сипаттау мақсаты алдыға шыққан.

Анафора – қайталаудың бір түрі. Жыр жолдарының бір сөзбен басталып отыруы. Балалар фольклорында анафоралар өте көп. Поэзиялық туындыларды бір сөзбен бастау балаға ерекше әсер береді және негізгі ойдың санаға сіңуіне жылдам ықпал етеді. Балаға сандарды тез үйретіп, арифметикалық дағдыларын қалыптастыруда «Саусақ санау» жырларының атқаратын ролі үлкен, міне, осы жолдар анафора арқылы жасалады:

Мына жерде қой бар,

Мына жерде ешкі бар,

Мына жерде жылқы бар,

Мына жерде түйе бар (71-б.).

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне қатысты қандай жайт болсын сөзбен өрнектеп, жырмен кестелеп отырған. Сәбиіне өмір сыйлап, оны бағып-қағып, қатарға қосып, күндіз-түні тілеуін тілеген ананы да жыр жолдарынан жырақ қалдырмаған:

Түнде шошып оянған,

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған (84-б.).

Эпифора – қайталаудың бір түрі. Бір сөздің жыр жолдарының соңғы сөзі болып бірнеше рет қайталануы:

Бар екен де жоқ екен,

Аш екен де тоқ екен.

Бөрі бөкеуіл екен,

Түлкі жасауыл екен (86-б.), -

деген төрт тармақта баланың білімін тереңдететін, дүниетанымын үстемелейтін бірнеше көркемдік ақпарат жатыр, «екен» сөзінің жол аяғында қайталануы айтылып жатырған мәліметтердің растығын, дәлдігін танытады. «Бар мен жоқ», «аш пен тоқ» деген антонимдік тіркестер де айтылатын ойдың алыстан орағытылғанынан хабар береді. Ал «бөрінің бөкеуіл», «түлкінің жасауыл» болып жүргені оқиғаның өте ертеде өткенінен хабардар етеді.

Басыр, басыр бас ойнар,

Екі бақсы тас ойнар.

Көбік қарда түлкі ойнар,

Көктемеде жылқы ойнар (86-б.), -

бұл шумақтағы «ойнар» сөзі мына тіршілікте әркім қолынан келгенін қылады, ешкім де өз табиғатынан, жаратылысынан алысқа бармайды деген философиялық ойды меңзейді. Балаға сәби шағынан өмірде әркімнің өз орны бар деген пайымды сіңіре беру деген идеядан туған.

Сонымен қазақ балалар фольклорының көркемдік сипатын құбылту мен айшықтаудың түрлері арқылы талдай отырып, мынадай қорытындыға келдік (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазақ балалар фольклорының көркемдік сипатын құбылту мен айшықтаудың түрлері

№	Көркемдік тәсілдің түрі	Мағыналық-идеялық ерекшелігі	Мәтін алынған академиялық басылым
1	2	3	4
1	Метафора	1. Көшпелі өмір салтына қатысты 2. Анатомиялық атаулармен байланысты 3. Жан-жануарларға қатысты 4. Тұрмыстық құралдармен байланысты	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы: «Brand Book», 2020. – 484 бет
2	Тенеу	1. Табиғаттың ең әдемі құбылыстары 2. Моралдық мақсаттан туындаған 3. Жан-жануарлардың жақсы қасиеттері 4. Төзімді материалдар 5. Тұрмыстық заттар	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы: «Brand Book», 2020. – 484 бет
3	Эпитет	1. «Ақ» сөзі ең көп эпитеттік қолданыс 2. «Қызыл» сөзі де құбылысты анықтайды 3. Динамикалық, қозғалыстағы эпитеттер 4. Сандық эпитеттердің өзіндік көркемдік қолданысы	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы: «Brand Book», 2020. – 484 бет
4	Гипербола	1. Сандық ұлғайтулар 2. Құбылысқа қатысты ұлғайтулар 3. Географиялық ұлғайтулар	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы: «Brand Book», 2020. – 484 бет
5	Литота	1. Табиғат құбылыстарына қатысты кішірейтулар 2. Тұрмыстық заттармен байланысты кішірейтулер	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы: «Brand Book», 2020. – 484 бет

1	2	3	4
6	Сұрай арнау	1. Табиғат құбылыстырмен байланысты 2. Жан-жануарлармен байланысты	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы
7	Зарлай арнау	1. Табиғат құбылыстары 2. Ұрпақтар жалғастығы	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы
8	Жарлай арнау	Дәстүрлі мерекелер	
9	Жай қайталау	Салт-дәстүр	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы
10	Еспе қайталау	Жаугершілік	1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 бет 2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. –Т. 6: Ғұрыптық фольклор. Алматы.
11	Анафора	Ойын фольклоры	
12	Эпифора	Философиялық сипат	

Бұл тарауда академиялық басылымдарда жинақталған қазақ балалар фольклоры мәтіндерінің мағыналық-идеялық ерекшеліктерін көркемдеуіш құралдардың көмегімен анықтап, талдадық. Мәтіндерге жасалған талдау жұмысы балалар фольклорының көркемдік, эстетикалық қызметін ашып көрсетті.

3.2 Қазақ балалар фольклоры шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшелігі

Көркемдік идея жүзеге асу үшін негізінен сюжет пен композицияға сүйенеді. Кез келген көркем туындыдан сюжет орын алмауы мүмкін, бірақ композициясыз шығарма болмайды. Оқиғалар тізбегін, жиынтығын сюжет десек, соны жымдастырып, қиюластырып, тұтасқан, жұмыр көркемдік материалға композиция айналдырады. Шынайы өмірде өтіп жатқан кез келген оқиға салған жерден сюжетке айналып шыға келмейді. Халық санасынан тұрақты орын алған, әр географиялық аймақта ұқсас жағдайда ұзақ уақыт бойы қайталанған, ел арасына кеңінен тараған, көпшіліктің көзі үйреніп, көңіл таразысында елеп-екшелген, белгілі бір тұжырымы шыққан оқиғалар ғана сюжетке негіз бола алады.

Қазақ балалар фольклорында сюжеті жоқ, бірақ композициялық бітімі көркемдік талаптарға толығымен жауап беретін туындылар өте көп. Атап айтсақ, әлпештеу фольклорындағы бөбектерге арналған өлеңдерде, сәбилік салт жырларында, сондай-ақ уату-алдарқату жырларында, жеткіншектер фольклорындағы маусымдық жырларда, арнау-тілек өлеңдерде, балалар өлеңдеріндегі тақпақ пен сұрамақтарда, төрт түлік жырларында, өтірік өлеңдерде, мазақтамааларда, ойындық фольклор туындыларында біртұтас композициялық бүтіндік бар. Лирикалық туындылардан көп жағдайда сюжет орын алмайды, өмірлік шындық автордың ішкі толғанысы арқылы көркемдік шындыққа айналады, ал эпикалық және драмалық шығармаларда сюжет өмірдегі адамдардың тартысына негізделіп, оқиғалар желісін түзіп бой көрсетеді. Балалар фольклорындағы сюжеті жоқ, бірақ ішкі-сыртқы бірлігі тұтас бір көркемдік композицияны танытатын шығармаларға тоқталсақ, мысалы, «Көгершін» өлеңі:

*«Көк көгершін, көгершін,
Көгершін келер жем үшін,
Балалар, жем себелік,
Жем жесін де семірсін,
Сөйтіп қолға үйренсін.
Бұл есті құс тіл алғыш
Үйренген соң көрерсің»* [42, б. 81].

Жеті тармақтан тұратын, баланың тез жаттап алуына ыңғайлы бұл шағын ғана жырда оқиғалар жүйесі жоқ, жеткіншектер көгершінді ұстап алып, оны ортаға салып, бір бала оны жіберейік деп, келесі өрен алып қалайық деп тартысқа түскен картинаны көрмейміз, яғни бұл сюжетсіз туынды, бірақ ішкі көркемдік аурасына үңілсек, композициясының қуаттылығына көз жеткіземіз. Халық-автор көгершін құсының бүкіл бітім-болмысын, өзіне ғана тән ерекшелігін, оның ауыл-үйдің маңына жем үшін жақындайтынын, егер балалар қорқытпай-үркітпей оған жем сепсе, оның қолға тез үйренетінін, өте ақылды, мейірбан құс екенін жеткізеді, сөйтіп жас ұрпақты қайырымдылыққа, мейірімділікке шақырып, табиғаттағы әрбір жаратылысқа қамқорлықпен қарау идеясын насихаттайды. Міне, сюжеті көрінбейтін, бірақ идеялық қызметі біртұтас композициялық құрылым арқылы жүзеге асқан туындылар осындай болады.

Балалар фольклорының поэзиялық туындыларында тұтасымен ешқандай сюжет жоқ деп кесіп-пішіп айта алмаймыз. Себебі, халықтық эстетика сөз өнерінің өлең формасына бала танымына лайық деп тапқан қызғылықты, қысқа да нұсқа сюжеттерді шебер топтастырған. Жеткіншектер фольклорында жан-жануарлармен, аң-құстармен, табиғат құбылыстарымен байланысты, оқиғасы шып-шымыр, баланы қиял әлеміне жетелеп әкететін сюжеттер жетерлік. Мысалы, сұрамақ жырларындағы «Апам үйіне барамын» өлеңін алып қарасақ, диалог түрінде келетін бұл туындының бүтін бір композициялық құрылымында шағын да болса тұтас жымдасқан сюжеттік желі бар:

- *Апам үйіне барамын.*
- *Апаң үйі не берер?*
- *Ешкі сауып сүт берер,*

- *Лақ сойып ет берер.*
- *Оны қайда қоямыз?*
- *Тал түбіне қоямыз.*
- *Ит жеп кетсе қайтеміз?*
- *Бақан ала қуамыз.*
- *Жеткізбесе, қайтеміз?*
- *Жылай-жылай қаламыз (88-б.).*

Оқиға кейіпкердің апасының үйіне барғысы келетін тілегімен басталады, не үшін барғысы келетінін сұраған екінші кейіпкердің сұрағымен сюжеттік байланыс жүзеге асады, ешкінің сүтін, етін беретіндігімен, оны талдың түбіне қоятындығымен дамиды, оны ит ішіп кету қаупі бар екендігімен шарықтау шегіне жетеді, солай болып қалған жағдайда *«жылай-жылай»* қалғаннан басқа амал жоқтығымен шешім шығады. Танымдық мән-мағынасы көшпелі тұрмыстың күнделікті өмірдегі ең танымал көріністері *«ешкі сауу»*, *«лақ сою»*, *«ит жеп кету»*, *«бақан»* сияқты тіркестермен өрілген бұл шап-шағын тақпақ жаттауға оңай, әрі баланы тез аяқталатын оқиғалар әлемінен бір шығарады. Сондай-ақ басты кейіпкер бала болған соң оған *«ешкі»*, *«сүт»*, *«лақ»* ұғымдары телінген, яғни баланың көркемдік фонына лайықты суреттер болып табылады. Бұл жыр өте жеңіл, ойнақы, ырғақты композициясымен ерекшеленеді.

Балалардың логикалық ойлау жүйесінің дамуына ерекше әсер ететін жанр деп өтірік өлеңдерді айтамыз. Өтірік өлеңдерді тыңдап отырған жеткіншек ондағы шым-шытырық, динамикалы, яғни әр тармақ сайын оқиға желісі күшейе беретін туындының әр деталіне, штрихына мән беріп, бар ынта-ықыласымен беріледі. Тіршіліктің бір саласынан екіншісіне, табиғат құбылысының бір түрінен келесісіне көз ілеспес жылдамдықта көшіп отыратын оқиғалар өскелең ұрпақтың тез ойлануына, өмірде кездесетін әртүрлі мәселелерде шұғыл шешім шығаруына, қиындықтан қорықпауға, ерік-жігерін қайрауға мол мүмкіндік береді:

*«Инелікке міндім де сона құдым,
Үш күн түнеп, сонаны қона құдым.
Енді жеттік дегенде белі үзіліп,*

Енді инелік мінбеске тоба қылдым» (81-б.). Осы өтірік өлең жанрында жазылған бір шумақтың өзінде сюжеттік желі бар: инелікке мініп, сонаны қуу жолына түскендігімен оқиға басталады, үш күн түнеп қуғандығымен оқиға дамиды, енді жеттік дегенде инеліктің белінің үзіліп кетуімен оқиға шарықтау шегіне жетеді, ал инелікке мінбеуге тоба қылуымен оқиға өз шешімін табады. Тазшаның, суайттың өтірік өлеңдеріндегі әр шумақта осындай қызықты оқиғалар тізбеленген және әр шумақ өз алдына бір сюжеттік желі түзе отырып, тұтас композициялық қуатқа ие болады.

Жеткіншектер фольклорының тәрбиелік мақсаты – өз аяғымен жүретін, тілі шыққан, айналасымен ауызекі сөйлесу қарым-қатынасына түсе алатын, шамамен 5-10 жастағы балаларға мына дүниеде әр жаратылыстың атқаратын өз міндеті барын, өзіне ғана лайықталған іс-әрекеті барын ұғындыра отырып,

өмірден өз орнын жаңылмай табуға жетелейді. Мысалы, сюжеті бар «Түйе, түйе, түйелер» өлеңінде:

*«Еніп кеттім еңіске,
Қойным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусанды мен қойға бердім,
Қой маған қошақанын берді.
Қошақанды қонаққа сойдым,
Қонақ маған қамшысын берді» (91-б.), -*

деп келетін тармақтардың соңы алаша тай алумен, оны балаға сыйлаумен, баланың соңында қызды алып қашуымен аяқталады. «Еңістен» басталған жол екінші жартысын тауып, отбасы болумен аяқталады. Бұндай сюжеттік желі тыңдарманға өс, жетіл, іс атқар, ұрпақты бол деген идеяны жүзеге асырып тұр.

Төрт түлік жырларында «Тайға міндім» деген алты-ақ тармақтан тұратын, төрт-ақ буынды, шұбыртпалы ұйқасқа негізделген тақпақ бар:

*«Тайға міндім,
Бұзау бақтым,
Олай шаптым,
Бұлай шаптым,
Бұзау бақтым,
Қызық таптым» (107-б.).*

Осы қысқа ғана поэзиялық туындыда сюжеттік желі бар, композициялық құрылым қалыптасқан. Оқиға жеткіншектің, кейіпкердің тайға мінуімен басталады, бұзау бағуымен байланысады, әрлі-берлі шабуымен дамиды, бұзау бағып жүре беруімен шарықтау шегіне жетеді де, соңында осы кәсіптен қызық тапқанын айтумен шешім шығарылады. Осындай ойнақы, балалар үшін қызық сюжетке құрылған туындының идеясы өскелең ұрпақты еңбекке тәрбиелеумен ерекшеленеді. Баланы ерте жастан кәсіпке баулып, еңбекті сүйеге шақыру балалар фольклорының басты көздеген мақсаты болып табылады.

Сонымен поэзиялық туындылардағы сюжет пен композиция мәселелерін қарастыра келе мынадай қорытынды жасауға болады:

- 1) Балалар фольклорындағы поэзиялық туындылардың шамамен 30-40%-да сюжеттік желі бар;
- 2) Балалар фольклорындағы өлеңмен жазылған туындылардың көлемі шағын болса да, олардағы оқиғалар тізбегі тұтас композициялық құрылыммен көрінеді;
- 3) Поэзиялық туындылардың әр тармағы сюжеттік желінің бір бөлігін құрайтынына көзіміз жетті;
- 4) Поэзиялық туындылардағы сюжеттік желілердің басты идеясы балаларға өмірдің мәні мен мағынасын ұғындыру, табиғатты қорғауға шақыру, еңбекке тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ балалар фольклорындағы прозалық туындыларға ертегілер және Қожанасыр әңгімелері жатады. Ертегі – фольклордың аса күрделі, көркемдік

құндылығы жоғары жанры. Онда халықтың өткен өмірі мен дүниетанымы суреттеледі. Ертегінің танымдық және тәрбиелік маңызын ешкім жоққа шығара алмайды. Ертегілер көркемдік қарым-қатынаста халықтың сюжет құру талантының басты көрсеткіші болып саналады. Жалпы фольклордың барлық эпикалық жанрларына тән басты белгі – олардың сюжеттілігі. Бірақ, әр жанрдағы сюжеттің сол түрдің мазмұны мен шығармашылық принциптеріне байланысты өзіндік ерекшелігі болады. Академик С.А. Қасқабасовтың пікірін келтіре кетсек: «Көркемдік қасиеті биік ертегі халықтың сөз өнеріне айналғандықтан, фольклордың болмысқа эстетикалық қатынасының бір формасы болып саналады. Сол себепті ол қоғам дамуының әр кезеңіндегі халық идеясын бейнелейді, оның эстетикалық, этикалық түсіністерін танытады» [11, б. 104].

Әр халықтың өзінің қалыптасқан ертегі құрастыру көркемдік машығы мен дағдылары болады. Ертегінің басты мақсаты өзі құрастырған оқиғаға тыңдаушысын таңғалдыру болып табылады. Осы мақсатта ол реалды өмірлік жайттарға қиял-ғажайып мотивтерін қосуда өзіне ешқандай шек қоймайды. Ертегінің әр түріне байланысты ондағы сюжет те әрқалай өзгеріп отырады, әр жанрдың өзіндік сюжет құру ерекшелігі бар деп айтсақ қателеспейміз. Мысалы, «Қу түлкі» ертегісі мынадай экспозициямен басталады: «*Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен*» (311-б.). Бұл келтірген мысалдан оқиғаның өте алыс, есте жоқ ескі замандарда өткенінен хабардар боламыз. Ал «Сегіз ағаш» ертегісінде «*Санап көріңіз сегіз мүйізі бар. Әрбір мүйізі бір-бір адамның символы, ескерткіші секілді*» (316-б.) экспозицияны көреміз. Жан-жануарлар туралы ертегілерде экспозициялар кейде тым қысқа болады, сюжет бірден басталып кетеді: «*Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен, алыс бір теңіздің жағасында, біз жақ емес, ар жағында алып бір қоянның көжегі өмір сүреді екен*» (321-б.). Бұл келтірілген үзіндіде экспозицияны танытып тұрған «*алып бір қоянның көжегі өмір сүреді*» дегенге дейінгі сөздер болып табылады, ал «алып бір қоянның көжегі өмір сүреді» дегеннен оқиға басталып кетті деп есептейміз.

Жан-жануарлар туралы ертегілердің көлемі өте шағын болғандықтан олардың көбісінде экспозиция болмайды, оқиға бірден басталады: «*Арыстан қартайды. Арыстан бұрынғысындай аулай алмайтын болды*» (278-б.) немесе: «*Күн шыға бөрте лақ та орнынан тұрды*» (280-б.), «*Қырғи мен бөктергі ойда жоқ жерде кездесе кетеді*» (294-б.), «*Күндердің бір күні түлкі түс көреді*» (326-б.). Ертегі оқиғасының осылай бірден басталып кетуінің себебі – тыңдарманның назарын кілт өзіне аудару, оқиғалар желісіне сол сәтте-ақ салып жіберу.

Жан-жануарлар туралы ертегілер бірден басталып кетеді, бірақ оларда алып бара жатырған ұзын-сонар сюжеттік байланыс бар деп нақты, кесіп айта алмаймыз, себебі олардың оқиғасы өте қарапайым. Кей тұстарда сюжеттік байланысқа тек бір эпизодты немесе бір жағдаятты ғана жатқызамыз. Мысалы, жоғарыда келтірген «*Арыстан мен түлкі*» ертегісінде сюжеттік байланыс деп мына бір ғана сөйлемді келтірсек болады: «*Енді аңдарды айламен аулағысы келді*» (278-б.). Сол сияқты «*Жолбарыс пен тышқанның достығы*» жайында ертегіде сюжеттік байланыс деп бір эпизодты аламыз, яғни ұйықтап жатқан

жолбарыс өзінің үстіне кетіп бара жатқан тышқанды ұстап алады. Сюжеті көптеген халықтарға ортақ болып келетін «Түлкі мен құмыра» ертегісінде байланысқа түлкінің шөптің арасында жатырған құмыраға тұмсығын тыққан тұсын келтіруге болады. «Сауысқан мен көкек» ертегісінде екеуінің өмір сүретін баспаналары болмай, ағаштың бұтақтарында күнелтіп жүргенімен оқиға байланысы көрінеді. «Қасқыр мен кірпі» ертегісінің екінші сөйлемінде-ақ оқиға байланысады, яғни кірпіге бас салған қасқырдың тұмсығы қанға боялып шығады деген тұс. «Батыл есек» ертегісінде есектің ауыр жұмыстан әбден мезі болып, түйеге келіп мұң шағуымен оқиға желісінің байланысын аңдаймыз. «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісінде қасқырдың үстіне құлап кеткен тиінді қасқырдың жегісі келіп кетуімен оқиғада сюжеттік байланыс орын алады. «Ақымақ қасқыр» ертегісінде бір арық қойдың отар қойдан бөлініп қалуымен оқиға басталады да, оның жайылып жүрген жеріне қасқырдың келуімен оқиғаның байланысы өрбиді.

Ертегілік туындыларда сюжеттік байланыстан соң оқиғаның дамуы көркемдік тұрғыда жүзеге асады. Көп халықтардың ертегілерінде, сондай-ақ біздің қазақ ертегілерінде де кейіпкерлердің кездесуімен оқиға байланысы өрбиді. Мысалы, «Күшік пен мысық» ертегісінде күшік пен қасқыр келе жатып, бір топ сиырға кездесуімен сюжеттік даму орын алады. Ал «Түлкі мен қырғауыл» ертегісінде түлкі қалың ағашты аралап келе жатады, бір кезде ағаштың төбесінде жүрген қырғауылды көріп қалады, қуанып кетіп жүгіріп келеді, міне, осы екінші кейіпкердің қасына бірінші кейіпкердің жақындап, екеуінің диалог құруымен сюжетті даму танылады. Сондай-ақ «Шыңғыс ханның жұмбағы» ертегісінде ханның жұмбақ ойлап табуымен оқиға басталады, оны шешетін адам іздеуімен оқиға байланысы көрінеді, ал жұмбақты ешкімнің шеше алмауымен оқиға дамиды. Халқымыздың қиял-ғажайып оқиғаға толы ертегілерінің ішіндегі ең көп тарағаны «Ұр, тоқпақ» болса бұл ертегіде шал мен кемпірдің тұзақ құрып, күн көруімен оқиға басталады, бір күні шалдың құрған тұзағына қаздың түсуімен оқиға желісі байланысады, ал қаз бен шалдың тілдесуімен оқиға одан әрі қызықты болып, дами береді.

Сюжеттік дамуда ертегі кейіпкерлерінің бір-бірімен кездесуі, тілдесуі, диалогқа түсуі көркемдік-идеялық мақсаттың жүзеге асып жатырғандығының айқын дәлелі болып табылады. Бір жағынан бұндай қарым-қатынастар, кездесулер реалды өмірдің көрінісі болса, екінші жағынан көркемдік қиялдың дәрежесін де сипаттағандай сыр танытады. Жалпы диалог – ертегілердің басты көркемдік тәсілі. Диалог арқылы ертегідегі кейіпкерлердің табиғи болмысы, мінез-құлқы ашылады, көркемдік миссиялары көрінеді. Жан-жануарлар туралы ертегілердегі қасқыр, түлкі, арыстан, жолбарыс, қоян сияқты кейіпкерлердің астарында адам кейпі жатыр. Олардың өзара диалогы сол қасқыр, арыстан іспеттес адамдардың бір-бірімен тіл қатысуына негізделіп құрылған. «Жолбарыс пен тышқанның достығы жайында» деп аталатын ертегіде жолбарысқа ұсталып қалған тышқан былай деп тіл қатады: «Тақсыр, алдыңызда кінәм бар, үстіңізден секірмеуім керек еді, енді басымды иіп тұрып кешірім сұраймын, жібере салыңыз, бір қызметіңізге жарармын» (283-б.). Тышқанға жолбарыс былай деп жауап береді: «Ойбу, тышқан, мен жолбарыспан, сен менің қай қызметіме

жарамақсың?» (283-б.). Бұл диалогтан реалды өмірдегі күшті мен әлсіздің өзара тіл қатысуын көреміз. Ертегінің көркемдік логикасы қалай болғанда да шынайы өмірдегі осындай қақтығыстарға, жағдаяттарға негізделіп құрылады.

Сюжеттік желінің ендігі бір түрі – оқиғаның шиеленісуі деп аталады. Қазақ ертегілерінен небір шиеленіскен оқиғаларға куә боламыз. Мысалы, «Қайырымды қоян» ертегісінде бүкіл ауылды қонаққа шақырып қойған баланың үйіне жиылған жұрттың бірі қалмай жиылып, ата-анасының дастарханға қойған тамағының көпшіліктің жұмырына жұғын болмай қалғанымен сюжеттік шиеленіс көрінеді (277-б.). Ал «Арыстан мен түлкі» ертегісінде ауырып жатқан арыстанның түлкі көңілін сұрап келу оқиғасынан шиеленісті байқаймыз (278-б.). Сондай-ақ «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінде тышқанның «Жылды кім бірінші көреді, сол жыл басы болады» (284-б.) деген сөзімен оқиға шиеленісе түседі. «Түлкі, тасбақа, кене» ертегісінде тасбақаның жарыс жолында адал болып, бірақ оның адалдығын түлкінің аяққа басқалы тұрған пиғылын біліп қалып, нәтижесінде түлкіні аңшылар іздеп жүргенін айтып қорқытуы (286-б.) сюжеттік желінің шиеленіс бөлігін құрайды. «Сауысқан мен көкек» ертегісінде сауысқанның ерінбей, жалықпай, еңбектеніп ұя салып жатуы, ал көкектің күнітүні «керек, керек» деп қақылдап дыбыс шығаруы (291-б.) бөлігі сюжеттік шиеленісті байқатады деп ойлаймыз. «Ақсақ құлан» ертегісінде құла тұлпардың ұрылармен шайқаста жараланып қалуымен оқиға шиеленісе бастайды. «Тау мен қаңбақ» ертегісінде қаңбақтың бүркітпен жолығып қалып, өз басының кемшілігін жасыру үшін өтірікті судай сапыруымен оқиғалар желісі шиеленіске түсе бастайды. Жалпы осы ертегілердегі шиеленісті анықтай отырып, оның көркемдік қызметіне тән мынадай ерекшеліктерді байқадық:

1. Шиеленіс тұсында оқиға барынша жоғары биікке көтеріле түседі;
2. Шиеленіс кезінде оқиғаға қатысатын барша кейіпкер бір арнаға тоғысады;
3. Шиеленіс сәтінде жақсылық пен жамандықты ажырату қиындау, өйткені аты айтып тұрғандай бұл тұста барлық нәрсе шиеленісіп кетеді;
4. Шиеленістің соңы шарықтау шегіне алып келеді.

Шарықтау шегі – сюжеттік желінің шиеленістен кейінгі, шешімнің алдындағы бөлігі. Ертегілердің шарықтау шегінің әдеби туындылардағы шарықтау шегінен айырмашылығы өте көп. Ертегілердің шешімі үнемі «мұратқа жету» болғандықтан, шарықтау шегінде көп жағдайда жамандық жеңілуіне қатысты тартыстар өтіп жатады. «Қасқыр мен кірпі» деп аталатын көлемі өте шағын ертегіде кірпінің қасқырды келеке етіп күлуін шарықтау шегі деп есептейміз, себебі кірпі жеңіс өзінікі екенін анық білді, сондықтан ол қасқырды мазақ қылуда (294-б.). «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісінде қасқырдан босаған тиіннің ағаштың үстіне секіріп мінуін шығарманың шарықтау шегі деп қарауға болады. Өйткені ол қасқырдан құтылғанына қуанып, өзінің меншікті мекеніне сондай қуанышпен аттанды, «секіріп мінді» (298-б.). «Сымбатты» сиыр жайлы хикая» ертегісінде өркөкірек сиырдың жылқымен жарысып, межелі жерге бірінші жете алмай қалып, өкінуі (287-б.) – шарықтау шегі. Шарықтау шегінде кейіпкерлердің сезіміне ерік беріледі. «Бір өгіз» ертегісінде өз табынын

менсінбей, жылқылармен жайылып жүріп, қасқырдан қашқан өгіз сиырларға қосылғанда жылап жібереді (300-б.). «*Көк кептер балапаны*» ертегісінде де мақтаншақтыққа салынып, ұясынан қанаты қатаймай, ерте ұшып кеткен кептер шарықтау шегінде аяғы ақсап келіп, ұясына кіргенде, інісін көріп көз жасына ерік береді (301-б.). «*Түлкі мен тырна*» ертегісі де тырнаның бар даусын шығара айқайлай ұшуымен шарықтау шегі көрініс табады (302-б.). «*Мақұлық*» ертегісінде басты кейіпкер қыздың болған оқиғадан шошынып, апасын көргенде қуанып кетіп, оған жүгіре жөнелуімен (310-б.) шарықтау шегіне жетеді. «*Жалқау немереде*» көктем шыға еңбек етіп, маңдайынан тері сорғалап жүргенін көрген қызды көршілерінің мазақтауын шарықтау шегі деп білеміз (275-б.). Міне, осы көрсетілген ертегілердің шарықтау шегіне шолу жасай келе былай қорытуға болады:

1. Шарықтау шегінде кейіпкерлердің шынайы бейнесі анық көрінеді;
2. Шарықтау шегінде кейіпкерлер көздеген межесіне жетеді;
3. Шарықтау шегінде кейіпкерлер күлу, жылау, айқайлау сияқты эмоциялық күйді бастарынан өткереді;
4. Шарықтау шегінде кейіпкерлер жылдам әрекеттер жасайды: секіреді, жүгіреді, қарғиды, орғиды, домалайды, т.б.

Шешім – сюжеттің соңы, оқиғаның түйіні, шығарманың ақырғы бөлігі. Ертегілерде, әрине, шешім оңынан болады, басты кейіпкерлер мұратына жетеді, бақыт пен шаттыққа толы өмір басталады. Шешімнің басты мотиві осылай болғанмен, оның сипатталуы әр ертегіде әртүрлі болып келеді. Мысалы, «*Сынышы бала*» ертегісі «*Сөйтіп аман-есен еліне жетіпті*» деп аяқталады (269-б.). Ал «*Құлақ*» ертегісінде «*Сөйтіп ауыл-аймақ түгел етке тояды*» (268-б.) деген сөйлеммен шешім шығарылады. «*Алтын балта*» ертегісінен «*Ақыры бай өліп тыныпты*» (266-б.) деген шешімді көреміз. «*Ұр, тоқпақ*» ертегісін шалдың балалардан құс есек пен піс қазанды үйіне алып келуімен аяқталады (264-б.). Ханның уәдесінде тұрып, тазша балаға қызын беріп, сондай-ақ уәзір етіп тағайындауымен «*Қырық өтірік*» ертегісі тәмәмдалады (267-б.). Байдікен деген қарапайым адамның хан берген алтынды әкесіне табыстап, әрі қарай үйленіп, түгін түтетіп, балалы-шағалы болуымен (251-б.) «*Шыңғыс ханның жұмбағы*» ертегісі аяқталады. «*Еңбекпен ел көгерер*» ертегісі шаруа жігіттің елін қыстан аман-есен алып шығуымен бітеді (371-б.). Баланың досы қоянға риза болуымен «*Қайырымды қоян*» ертегісінің шешімін шығарамыз (277-б.). Ал «*Қашқынбай батыр*» ертегісінде қорқақ, әлжуаз Қашқынбай ештеңеден тайсалмайтын, жүрегін түк басқан батыр Қашқынбайға айналады (280-б.). «*Сөйтіп, тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке аман-есен өз мекендеріне, қораларына оралыпты*» деген шешімді «*Тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке*» ертегісінен көреміз (283-б.).

Қорыта келгенде, ертегілік шешімдердің «*оралыпты*», «*жетіпті*», «*көрісіпті*», «*өмір сүріпті*», «*бай-қуатты болыпты*» деген сияқты оптимизм мен позитивке толы сөздермен шығарылатынын аңдадық.

Ертегілердің сюжеттік және композициялық ерекшеліктері туралы айтқанда кешегі күнге дейін тұрмыстық ертегілер деп аталып келіп, кейінгі

уақытта академик С.А. Қасқабасовтың жүйелеуімен «новеллалық ертегі» деген атауға ие болған [11, б. 232] қиял-ғажайып ертегілер мен тұрмыстық ертегілердің ортасынан туған фольклорлық прозаның поэтикасына да тоқталып өтеміз.

Новеллалық ертегілердің басты кейіпкерлері атағы алысқа кеткен бай немесе жауды жапыра жеңген батыр емес, күнделікті өмірдегі қарапайым адамдар болып келеді. Мысалы, *«Алтын балта»* новеллалық ертегісін алайық. Бұл ертегінің сюжеті қарапайым, шаруа адамның балтасын алып, орманға барып, ағаш шабуымен басталады. Әрі қарай оқиға балтасының басы ұшып кетіп, айналып жатырған диірменге түсуімен байланысады, одан соң қарапайым адамның диірменші шалмен кездесуімен оқиға дамиды. Байдың көршісінің алтын балтасына қызығуымен оқиға шиеленіседі. Байдың диірменші шалдан сөз естуімен оқиға шарықтайды да, қарапайым жігіттің адалдығының арқасында дәулетті адамға айналуымен шешім шығады (265-б.). Міне, новеллалық ертегілерде өмірдегі осындай моралдық жайттар шынайы өмір мен қиял-ғажайыптың бірдей пропорцияда көркемдік сабақтасуы негізінде жүзеге асады.

Сонымен қатар новеллалық ертегілердің көпшілігінде комедиялық сипат кеңінен орын алады. Олардың кейіпкерлері жасап жүрген іс-әрекеттер сондай оғаш, әрі күлкілі. Мысалы *«Аңқау»* ертегісінде екі ұры тау ішінде өлең айтып, есегін жетектеп келе жатқан адамның есегін ұрлау үшін біреуі барып оның есегінің орнына жүріп отырады. Аңқау бір кезде басын көтеріп қараса, есек емес, адам жетектеп келе жатыр екен. Сонда жаңағы адам өтірік мүләйімсіп: *«Бала кезімде анам ұрысқанда, есек болғыр деп қарғап еді, содан сол жануарға айналып, бүгін, міне, қайтадан адам кейіміне келдім»* дейді (267-б.). Бұған сенген есек иесі оны жіберіп қоя береді. Бір жағынан күлкілі, бір жағынан ел арасында осындай шектен шыққан аңқау адамдардың барына налысың. Сондай-ақ *«Үш жалқау»* деп аталатын сюжеті өте қысқа ертегіні оқығанда езуінді күлкіден жия алмайсың. Бірінші жалқау: *«мына өрік піссе»* дейді, екіншісі *«аузыма кеп түссе»* дейді, үшіншісі *«туу, соны да айтуға ерінбейсіңдер ме?»* дейді (269-б.). *«Сылтаушыл»* ертегісінің сюжетінен де адам бойындағы жағымсыз қылықтың сыналғаны көрінеді. Боранды күні бір баланы ата-анасы қалың киіндіріп, қойды қарап келуге жұмсайды. Қалың бөрік, тон, байпақ киген бала ақыр соңында: *«Көзім тоңып қалмай ма?»* деп сылтау айтады (269-б.). *«Екі жалқау»* ертегісінде де жатыпшыер екі еріншек боранды күні үйдің есігін *«сен жаап та, мен жаап»* деп салғыласып, ақыр соңында екеуі екі бұрышта үсіп өледі (272-б.). *«Олақ қыз»* ертегісінде байдың көк инені түрте алмайтын, қолынан ештеңе келмейтін ерке қызы сыналады (272-б.). *«Жалқау немере»* ертегісінде де әжесінің айтқанын тыңдамай, егін екпей үйде жатып, тіпті көршінің берген бір тостақ тарысын әкелуге де мойны жар бермеген немеренің қыста қарны қатты ашып, жүдеп-жадап, көктем шыға егіс басына бірінші болып кетуі суреттеледі (326-б.). Жалпы бұл ертегілердің сюжеттік желісі өте қысқа, бірақ идеясы балаларды жаман қылықтардан қашық жүруге үйретеді, жалқаулық, сылтаушылдық, үлкеннің тілін алмау сияқты мінез-құлықтардың жақсылыққа жетелемейтіні көрсетіледі.

Ертегілік сюжеттің беймәлім және қызықты спецификасы ерекше оқиғаларға негізделген қиял-ғажайып ертегілерде айқын көрінеді. Ертегінің бұл

түрінің кейіпкерлері де өзгеше, болмысы да керемет. Жан-жануарлар мен новеллалық ертегілерден айырмашылығы, қиял-ғажайып ертегілердің басты кейіпкерлері елі мен жұрты үшін басын қатерге тігіп, небір алапат күштермен алысып, сол жолда халық тілегінің арқасында аман қалып, жеңіске жетіп жүреді.

Қиял-ғажайып ертегілердің сюжеттік құрамы көп жағдайда ұқсас болып келеді, бірақ біркелкі деп те айта алмаймыз. Ертегінің бұл түрінде өмірлік шындық эстетикалық тұрғыдан суреттеледі. Бас кейіпкерлер халықтың идеалдың тікелей нәтижесі саналады. Сондықтан да сюжетте бас қаһармандар суға салса батпайтын, отқа салсаң жанбайтын болып келеді.

Қиял-ғажайып ертегілердің композициялық құрылымында оқиға басты кейіпкерлердің ерекше жағдайда өмірге келуімен басталады. Мысалы, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің ішіндегі көркемдік шоқтығы биігі *«Ер Төстік»* болса, оның дүниеге келуінің өзі ғажайып оқиға. Сегіз баласы соғысқа аттанып, қайтып оралмай, Ерназар мен кемпірінің көңілі түсіп жүрген шақта шаңырақтың күлдіреуішіне ілініп тұрған жылқының төсін асып жеп, өмірге Ер Төстік батырдың келуімен оқиға басталады. Ал сол Ер Төстіктің жылдап емес, айлап емес, сағат сайын ғажайып жағдайда өсіп, ағаларын іздеуге аттануымен сюжеттік желінің байланысын анықтаймыз. Ерекше жағдайда өмірге келу, сағат сайын тоқтамай өсу қиял-ғажайып ертегілерде ұзақ уақыт бойы халық қиялынан арнайы қорытылып шыққан поэтикалық тәсіл болып табылады. Қиял-ғажайып ертегілерде көбіне қарапайым отбасынан шыққан балалар ерекше батырлық көрсетіп жүреді. *«Керқұла атты Кендебай»* ертегісінде де Қазанқап деген кедейдің әйелі жүкті болып, тоғыз ай, тоғыз күннен соң өмірге шекесі торсықтай Кендебай деген ұл келеді. Кендебайдың өсуі де ғажайыпқа толы, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда алпамсадай жігіт болыпты. Бұл халықтық туындыда да Кендебайдың Мергенбай батырды іздеп кетуімен сюжеттік байланыс өріледі. Академик С.А. Қасқабасов: «Қай халықтың болса да классикалық ертегісі қаһарманның үйден шығуымен басталып, үйге қайтып келуімен аяқталады. Ғылымда мұны рамалық құрылым дейді» [11, б. 104]. Ер Төстіктің Шалқұйрықпен кездесуі, Кендебайдың Керқұла атқа ие болуымен, сондай-ақ олардың жылан хандығына, адам перісі хандығына құлдыққа түсуімен, ондағы қиындықтардан өздерінің астына мінген тұлпарларының арқасында шығуы, қиын шақта тапқырлыққа бой алдыруымен оқиға желісі дами түседі.

Қиял-ғажайып ертегілердің сюжетінде басты кейіпкерлердің зұлым күштермен арпалысы жер бетінде емес, көп жағдайда терең аралдың ортасында, жеті қат көктің биігінде өтіп жатады. Мысалы, *«Керқұла атты Кендебай»* ертегісінде: *«Кендебай көзін ашып жіберсе, үлкен дарияның ортасындағы аралға келіп түскен екен»* [112] немесе: *«Бір уақытта алдарынан үлкен тау көрінеді, тау қозғалып бұларға қарай жүріп келеді»* [113]. *«Ер Төстік»* ертегісінде: *«Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады»* [112] немесе *«Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына қош келдіңіз!»* [113].

Халық қиялы хас батырларын кәдімгі қарапайым адамдардан ерекшелеу үшін, олардың ерлігінің ештеңемен салыстырылмайтындығын дәлелдеу үшін осындай көркемдік тәсілдерді тудырған, яғни қаһармандардың жауы өздері сияқты адам емес, бөтен, басқаша күш иелері.

Қиял-ғажайып ертегілердің сюжеттік желісі басты кейіпкерлерге зұлым күштермен соғыс кезінде астындағы тұлпарларынан басқа ерекше күш иелерінің көмекке келуімен оқиға шиеленісе түседі. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісінде: *«Мен аяғыма шаң жұқпас жүйрікпін, ұшқан құс, жүгірген аңның менен құтылатыны жоқ. Киіктерді қуғанда, өз екпінімнен ағып өтіп, киікті ұстай алмай қалатын болған соң, аяғыма қазандай қара тас байлап алып қуамын, сонда екпінім басылыңқырап, киіктерден ағып өтіп кетпей, дәл жетіп ұстаймын. Желаяқ деген жүйрікпін»,* - деп [113], Төстіктің жанына қиял-ғажайып кейіпкер Желаяқтың қосылуы осылай баяндалады.

Қиял-ғажайып ертегілердің басты кейіпкерлерінің реалды өмірден алшақтап кететін ғажайып іс-әрекеттерін тыңдай отыра балалар қалай болғанда да олардың әрбір ерлігіне тамсанады, батырлығына таң қалудан жалықпайды, себебі олардың бейнелік сипатының арғы түкпірінде реалдылық бар, олар өте адал, еңбексүйгіш, бірбеткей, айтқанынан танбайтан өжет, қайсар. Міне, осындай адам баласына ғана тән жақсы қасиеттерге ие болған Кендебай мен Ер Төстік ғасырлар бойы өскелең ұрпақтың сүйікті кейіпкерлері болып келе жатыр.

Қиял-ғажайып ертегілердің сюжеттік желісінде шарықтау шегінің атқаратын көркемдік ролі ерекше. Бұл бөлімде басты қаһармандардың нағыз ерлігі, жанкештілігі, тәуекелшілдігі айқын танылады. Ертегі тыңдаған сәбилер үшін де шарықтау шегіндегі картиналар нағыз ерліктің ерен үлгісіндей болып көрінеді. «Керкұла атты Кендебай» ертегісінде: *«Бұл жеті басты дәу еді. Кендебай алтын науаны жерге қояды. Құлындар науаға иіріліп тұра қалады. Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керкұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғаниша ағып өтіп бара жатып, салып кетеді. Дәудің бір басы ұшып түседі. Кейін қарай шауып өтіп, тағы соғып өткенде, тағы бір бас кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы шапқанда, дәу жеті басынан да айырылады»* [112]. Сондай-ақ бұл ертегіде жеті бас дәуді жеңгеннен кейін басты кейіпкер Кендебай арыстанның апанына тап болады, арыстанның ақырып аузын ашқандағы алып лебі батырды апанының қасынан бір-ақ шығарады. Бірақ арыстанның сазайын берген Кендебай одан да Керкұла атының көмегімен аман құтылады. Міне, бұл шарықтау шегіндегі жеті басты дәу, алып арыстан сияқты жаулармен тоқтаусыз арпалыс кішкентай оқырмандар үшін өте қызық, сюжеттік желі тартымды. Ал «Ер Төстік» ертегісінде Төстіктің Шойынқұлақтың жанымен шайқасқа түсетін шағы өте тартысты, жер бетінде шығуды армандаған бас кейіпкер оны жеңу үшін бар айла-тәсілді жүзеге асырады.

Қиял-ғажайып ертегілерде бас қаһармандарға зұлым күштермен жеңісте оларға жолдан қосылған жолдастарымен қатар қауырсын, құйрықтың бір талы сияқты заттар да көмек беріп жатады. Мәселен, Кендебай қиын шақта Керкұланың құйрығының бір талын тұтатады, ал Ер Төстік самұрық құстың

қауырсынын жаққанда ол ұшып келеді. Бұндай элементтердің де сюжеттік желіде атқаратын өзіндік көркемдік, ғажайып миссиясы болып тұр.

Сюжеттік желінің соңғы бөлігі – шешім. Қиял-ғажайып ертегілердің шешімі бірдей болып келеді. Жауды жеңіп, негізгі міндетті ерен ерлікпен атқарған батырлар жердің астынан, жеті қат көктен елдеріне аман-есен оралады. Үйленеді, бала-шағалы болады, сөйтіп мұратына жетеді. Мысалы, «*Керқұла атты Кендебайда*» Мергенбайдың баласын ата-анасымен табыстырғаны үшін оған оған ата-анасы үшінші, кенже қызын береді. Ал «*Ер Төстікте*» батыр сүйген қызы Кенжекеймен табысып, қайтадан жас қалыптарына келіп, Шалқұйрықты атқа айналдырып, бақытты ғұмырға бет алады.

Қиял-ғажайып ертегілердегі шешімнің мотиві – елге оралу, сағынған жандармен табысу, үйлену, той жасау, сөйтіп, бақытқа толы өмірге қадам басу сияқты оптимистік сарындағы іс-әрекеттер.

Осылайша, ертегілердің барлық түрлерінде біз шынайы және шынайы емес, кәдімгі және әдеттен тыс, өмірлік шындыққа жанаспайтын, мүлдем ықтимал және мүлдем шындыққа жанаспайтын, қисынсыз бірегей үйлесімді табамыз. Дәл осы екі дүниенің (шынайы және шынайы емес), сюжеттік жағдайлардың (ықтимал және мүмкін емес) қақтығысының нәтижесі ретінде әңгіме ертегіге айналады. Оның сүйкімділігі де осы.

Барлық айтылғандардың негізінде ертегі сюжеті өзінің ұйымдастыруы бойынша да, идеялық-көркемдік функциялары бойынша да жанрлық табиғатымен ерекшеленеді. Оның басты мақсаты – таңғажайып нәрсе жасау.

Қазақ балалар фольклоры шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшелігі тарауын қорытындылап, сюжет пен композицияға негізделген жанрлардың көркемдік-мазмұндық ерекшеліктерін көрсеттік (Кесте 3).

Кесте 3 – Сюжет пен композицияға негізделген жанрлардың көркемдік-мазмұндық ерекшеліктері

№	Сюжет пен композиция	Жанр	Көркемдік-мазмұндық ерекшелігі
1	2	3	4
1	Сюжетті желі бар, композициялық құрылым қалыптасқан	Сәбилік салт жырлары, төрт түлік жырлары, өтірік өлеңдер	1. 30-40% туындыда сюжеттік желі бар. 2. Өлеңмен жазылған туындылардың көлемі шағын болса да, олардағы оқиғалар тізбегі тұтас композициялық құрылыммен көрінеді. 3. Поэзиялық туындылардың әр тармағы сюжеттік желінің бір бөлігін құрайды. 4. Поэзиялық туындылардағы сюжеттік желілердің басты идеясы балаларға өмірдің мәні мен мағынасын ұғындыру, табиғатты қорғауға шақыру, еңбекке тәрбиелеу.

1	2	3	4
2	Сюжеттік желі ауқымды, композициялық құрылым қуатты	Ертегілер: жан-жануарлар туралы, новеллалық, қиял-ғажайып	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ фольклорындағы кейбір ертегілерде экспозиция көрінеді. 2. Қазақ ертегілерінде оқиғаның басталуы өте ықшам, әсіресе, жан-жануарлар туралы ертегілерде бір ғана сөйлем де болады. 3. Оқиғаның дамуында ертегі кейіпкерлері бір-бірімен кездеседі, диалог құрады. 4. Ертегілердің шиеленісінде оқиға желісі биікке көтеріледі, кейіпкерлер бір жерге жиналады, негізгі мәселеге қатысты іс-әрекет ушығады. 5. Оқиғалардың шарықтау шегінде кейіпкерлердің шынайы бейнесі көрінеді, түрлі эмоциялық күйлерді басынан кешіреді, жылдам іс-әрекеттерге көшеді. 6. Оқиғаның шешімінде кейіпкерлер мұратына жетеді, оптимистік сарын байқалады.

Балалар фольклорында идеяны, шығарманы тұтастай көркемдік болмыс-бітіміне сай фольклордың көркемделуі фольклор шығармаларын дiттеген мақсатына жеткізеді. Бұл бөлімде баяндалған қазақ балалар фольклорының көркемдеуіш құралдары, оның сюжеттік-композициялық ерекшеліктері фольклор шығармаларын дәстүрлі және дәстүрлі емес формаға сәйкестендіріп, көркемдеуіш құралдар арқылы өзгертіп, көпнұсқалылық, тұрақтылық сипатқа ауыстырады. Фольклордың айтушының еркіне қарай әсіреленіп, күшейтіліп, өзгеріп отыруы оқиғаның, фактінің мазмұнын ашып, шығарманың сюжетін құруда орын алатын сөз өнерінің құдіретін танытады [114, б. 11].

Бұл бөлімде қазақ балалар фольклорының жанрлары сәбилік салт жырлары, төрт түлік жырлары, өтірік өлеңдер, жан-жануарлар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, новеллалық ертегілердің сюжет пен композицияға негізделген тұстары көрсетіліп, шығармалардың көркемдік-мазмұндық ерекшеліктеріне талдау жасалды.

3.3 Қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануы

Мәдениет пен өркениет дамуы қарыштап қарқын алған сайын барлық ғылым саласында жаңарулар мен өзгерістер орын алып жатады. Дамудағы мұндай құбылыстар өзгеруде, қайта жаңғыруда, трансформацияланған күйге ауысады. Осындай өзгерулер мен жаңарулардың қатарында қазақ балалар фольклорында орын алған шарттарды қарастыруымыз бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Өйткені қазақ балалар фольклоры – ұрпағымыздың болашағын айқындаушы негізгі фактор. Фольклор шығармаларын тудырушы, шығарып таратушы және орындаушы халықтың өзі болып табылатыны себепті бұл жауһар дүниелер халықтың шығармашылық өнері деп аталады. Фольклор туындыларының өзіне тән ерекшелігі ауызша айтылуы, ауыздан ауызға таралуы

болса, оның орындалуы да өз алдына бөлек құбылыс болып табылады. Бұл пікірімізді «әр халық фольклорының ерекшелігі сол халықтың тұрмысына, қоғамдық құрылысы мен мәдени дамуына байланысты» [23, б. 57], - деген оймен толықтырса болады.

Қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесінде хәкім Абайдың: «Жас бала анадан туғанда ішсем, жесем, ұйықтасам деп туса, енді бірі білсем, көрсем деп туады. Өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек» [17, б. 38], - дегеніндей, ұрпағымызға рухани азық берудің жолдарын жаңашаландырып, іздестіргеніміз жөн. Ұрпағымыздың жан қуатын арттыратын, халқымыздың сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігінен мәлімет беретін, ұлттық мәдениетіміздің деңгейін көрсететін асыл қазынамыз – фольклорлық мұралар. Фольклор мұраларына терең бойлаған адам ел тарихынан мол мағлұмат алады. Бір қарағанда қиял дүниесі болып көрінетін фольклорлық шығармаларда халықтың тарихы, наным-сенімі, дүниетанымы туралы қаншама құнды мәлімет бар. Қарапайым, қиял аралас күйде әсірелей суреттелу фольклорлық шығармалардың өзіндік ерекшелігі болып табылады. Алайда осы оқиғалардың түп негізіне жіті қараған адамға ашылатын терең мағына, құпия сыр мен астарлы әлем жатыр.

Халықтың рухын көтеріп, тіліміз бен дінімізді сақтап қалуға көмектесетін құралдардың бірегейі – ата-бабаларымыз мирас еткен мәдени игіліктер. Осы игіліктерді ұлттық дәстүрлерге сүйеніп қолданудағы ұлттық құндылық мәселесі сөз болғанда халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған алтын көмбесі – халық ауыз әдебиетінің көркемдік құралдармен бейнелі түрде орындалуын тереңінен қарастырған жөн. Өйткені «сөз қадірін – өз қадірім» деп ұққан ата-бабамыз тілі мен дініне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты көрген-түйгендерін, насихат-өнегесін халық ауыз әдебиеті арқылы мирас етіп отырған. Аты айтып тұрғандай, халық ауыз әдебиетінің алтын сандығы атадан балаға ауызша жеткізіліп, асыл мұраның қасиетті кілті жатқа айту арқылы табысталып келеді. Бергін келе ел ішіндегі көкірек көзі ашық сауатты азаматтар бұл көмбені хатқа түсіріп, ғасырлар қойнауында жасырынып қалмаудың жаңаша жолын тапты. Қазіргі электронды ақпарат алудың жолдары кеңейіп, кітап оқу жағы кенжелеп отырған заманда «ел қазынасы – ескі сөзімізді» замана көшімен бірге алып жүру үшін том-том кітап шығару жеткіліксіз. Бүгінгі фольклортанушылардың алдында құнды мұраларымызды ұрпақ санасына сіңіртудің жаңаша жолдарын табу міндеттері тұр. Мұндағы айтпағымыз, балалар фольклорындағы сюжеттік-композициялық көркемделу әдістерінің бірі монтаждауды айтуымыз дұрыс деп есептейміз. Өйткені балалар фольклорын қазіргі ұрпақ санасы мен психологиясына негіздеу үшін оның жаңарған нұсқалары, түрі, реңкі, сипаты өзгерген түрі қажет. Монтаждау әдісін пайдаланып, фольклор туындыларының сюжеті мен композициясын одан әрі әрлендіретін балаларға арналған сайттардағы, телеарналардағы мультфильмдер мен өлеңдерді атасақ болады. Ол үшін балалар фольклорының әр жанры өзінің рухани азық ретіндегі құндылығын жоғалтпай халық санасында мәңгі сақталуы тиіс.

Балалар фольклорының көркемдік құралдармен әрленіп, сюжеттік-композициялық ерекшеленуінде балалар фольклорының таралу құралдары

туралы өткен тарауларда жан-жақты баяндап, талдадық. Қазақ балалар фольклорының өміршеңдігін көрсететін шығармалар мазмұнын көркемдік құралдардың көмегімен саралау, сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін, жаңару үдерісін сараптау дұрыс деп есептейміз. Бұл тарауда қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үдерісі салыстыра зерделенеді.

Халық мұрасы – шексіз танымдық және тәрбиелік мәні бар терең дүние. Өйткені халық мұрасы сәби дүниеге келген күннен бастап дәстүрлі, халықтық тәрбиеге бағыттталып, ұрпағымыздың сана-сезімінің қалыптасуында маңызды орын алады. Осыған сәйкес балалар фольклорлық шығармаларының тағылымды өнеге, үлгі боларлық қасиеті баршылық. Ол ұрпақ тәрбиесінде айқын көрініс беретін тәрбиелеу құралы ретінде ғылыми зерттеулердің нысанына айналған. Ғылыми зерттеулердің осы бағыттағы жеткен жетістіктері әсіресе тәуелсіздік алған жылдардан кейін айрықша қарқын алды. Оның дәлелі, бүгінгі күнгі қазақ балалар фольклоры үлгілерінің академиялық еңбектерге жинақталып, ұлттық идеяны насихаттап, ұрпақ санасына орнығуы деп нық айта аламыз. Оны мына пікірімізбен түйіндесек: «In the years after gaining independence, the concepts created in order to strengthen the child's personality, respect for the precious heritage of our nation, Kazakh folklore, tradition, love for the country, the land, moral and aesthetic feelings, the role of oral literature in the national consciousness in preserving patriotism, morality, humanism, aesthetic culture and spiritual wealth, and it shows people's life in the past, longings and dreams, customs, the fruits of folklore works in folk education» [115, б. 117].

Қазақ балалар фольклорының танымдық, тәрбиелік, көркемдік тұсымен берілген туындылар отбасы тәрбиесінен тысқары қалып жатқаны өкінішті. Әрине көпке топырақ шашпаймыз. Ата-әже тәрбиесі отбасында нәрестені бесікке бөлеу, бесік жырын айту, уату-алдарқату жырларын айту, баланы майлап-сылағанда айтылатын өлеңдерді күнделікті тұрмыста қолдану бүгінгі күнге дейін сақталған. Дегенмен бесік жырын анасының дауысымен айтпай, аудио таспалардан, планшет, ұялы телефоннан тыңдатып, сәбиін тыныштандырып, ұйықтататын ата-аналар баршылық. Осы туралы өткен тарауларда бесік жырын тыңдап өскен сәбилердің психикалық дамуы туралы ойлансақ, анасының жағымды дауысымен айтылған бесік жыры болсын, ертегі, өлеңдер болсын бала құлағына жағымды естіліп, табиғи күйде жетеді. Ал ұялы телефоннан тыңдаған жырлар мен ертегілердің ұрпақ санасына сіңуі де өзгеше болатыны белгілі. Осы факторлар балалар фольклорының жаңарған үлгілерін қолдануда екі жақты пікір қалыптастырады. Бүгінгі өркениетті заманда рухани құндылықтарымыздан қол үзе бастағанымыз – ащы шындық. Инновациялық технологиялардың жетістігін пайдалана отырып, қолда бар мұраларымызды жастар арасында насихаттау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Осы жерде отандық фольклортанушы Е.В. Спицына өзінің «Детский фольклор: трансформация традиции» атты мақаласында балалар фольклорындағы трансформациялану жағдайын елдегі орын алған индустрияландыру мен урбандалу процесіне байланысты екендігін пайымдап, «ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың әлсіреген тұсын көрсетіп,

отбасы тәрбиесінің рөлін арттырудың қажеттілігін айтады [116]. Зерттеушінің бұл көзқарасын біз де өз зерттеуімізде арқау ете отырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен отбасылық тәрбиенің күші нығайған, трансформацияға ұшыраған нысан өзінің эволюциялық даму кезеңін аша отырып, ұрпақ тәрбиесінде орын алады деп болжадық.

Қазақтың ұлттық болмысы, тілі, мәдениеті, тарихы атадан балаға мирас болып келе жатқан батырлар жырларында, қисса-дастандарында, тарихи өлеңдер мен лиро-эпос жырларында сақталған. Сондықтан фольклорлық кейіпкерлердің бейнелерін монтаждау әдісімен театр, кино саласында өңдеу, оны тарату баланың ғана емес, ұлттың рухани мұрасын танып, білсем деген кез келген адамның қиял әлемін қанаттандырады. Өйткені ел арасында кең тараған қазақ балалар фольклорының құнды жәдігерлері болып табылатын бесік жырлары, сәбилік салт жырлар, төрт түлік мал туралы жырлар мен ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мақал-мәтел жанры, жеткіншектер фольклорына енген арнау-тілек өлеңдер, батырлар жыры бүгінгі таңда өзінің көркемдік қуатын да, тәрбиелік мәнін де, эстетикалық идеясын да жойған жоқ. Қазақ балалар фольклорының жанрлары кейіпкерлер портретін сомдау жағынан баланың санасын баурап алатыны анық. Мәселен, батырлық жырдағы бас кейіпкердің бейнесін беруде жыршы батыр келбетін оның іс-қимылы арқылы ғана емес, батырдың сенімді серігіне айналған тұлпардың шабысын қимыл-әрекет түрінде балаға жеткізеді. Қазіргі цифрланған заманда балаларға арналған мультфильмдер, әлеуметтік желілердегі, ғаламтор сайттарындағы мультимедиялық ақпараттар балалар фольклоры жанрларын жаңаша сипатта ұрпақ санасына ұсынады.

Қазақ балалар фольклорының таралу құралдарын өзгешелендіріп, сюжеті мен композициясын одан әрі әрлендіретін балаларға арналған сайттар мен телеарналарда аудио және бейне жазбалалар түрінде анимацияланған фильмдер мен мультфильмдер арқылы тарату баланың қызығушылығын арттырып, өзіне баурап алып жатқаны баршаға аян. Осы өзгермелі, ауыспалы заманда балалар фольклорының әр жанры өзінің рухани азық ретіндегі құндылығын жоғалтып алмай, ұрпағымыздың санасында мәңгі сақталуын қамтамасыз етуіміз қажет. Еліміздегі индустриялану мен урбандалу процесіне байланысты балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы, трансформациялану көрінісін ауыл балалары мен қала балаларын рухани азықтандырудағы отбасылық тәрбиенің көрінісімен де көрсетуге болады [117]. Мұнда географиялық аймақтың көрінісі де орын алатынын, ауыл балалары атасы мен әжесінің жанында жүріп, олардың айтқан әңгімелерін тыңдап өсетіні фольклордың дәстүрлі орындалуын көрсетсе, қала балаларының керісінше теледидар мен ғаламтор тәрбиесінде болып, күні бойы әкесі мен анасынан ажырап, әлеуметтік желіде болуы балалардың фольклор жанрларын виртуалды қарым-қатынас негізінде игеріп жатқандығын айтқанымыз жөн. Ертегі, әңгіме, ғибратты аңыз-әңгімелер, бата сөздерді тыңдап өскен бала фольклорлық мұраларды отбасы тәрбиесінде дәстүрлі түрде игереді. «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек» деген Б. Момышұлының сөзі осы ойымызды дәлелдейді.

Ұрпағымыздың болашағы үшін елімізде көптеген елеулі өзгерістер мен игі бастамалар жасалып жатқандығы айқын. Қазіргі цифрланған заманда жаңарған техника мен технологиялар балалар фольклорының жанрларын да жаңартып, оларға дыбыстық әуен, бейне беріп анимацияланған мультфильмдер, кинофильмдер, театрдағы сахналық қойылымдар, дыбыстық аудио кітаптар түрінде әлеуметтік желілер арқылы ғаламтор порталдарында таралуда. Мұндай жаңарулар қазақ балалар фольклорын трансформациялап, замана көшінен қалмауы үшін әрине керек. Ғаламтор порталдарында таралған жанрлардың кейбірінің сөздері, дыбысталуы өзгерістерге ұшырап, жанрдың мағыналық құрылымын да бұзып жіберуі мүмкін. Мұндай өзгерістер ұрпағымызға берілетін рухани білімнің бұрмалануына да әкеп соғатын тұсын ескеруіміз керек. Себебі балаларға арналған аңыздар мен ғибратты әңгімелер, шешендік сөздер, ертегілер, бата сөздер, өлеңдер мен жырлар, балалар айтысы, жұмбақтар, мақал-мәтелдер әлеуметтік желілерде таралып, мыңдаған желі қолданушылардың тұтынатын ақпарат көзіне айналып отыр. Әлеуметтік желіні қолданушылар таралған ақпараттарды сол күйінде көшіріп, өңдеп, өзгертіп, оған өздерінің тарапынан комментарий жазып, виртуалды қарым-қатынас құруда. Бұл ғаламтор желісін бір мезеттегі қолжетімді қарым-қатынас құралына айналдыруда. Жалпы фольклордың даму заңдылығы бойынша қалыптасып, дәстүрлі орындалу формасын сақтаған, бірақ дәстүрлі фольклорға жатпайтын, халықтың күнделікті өмірінің ажырамас бір бөлшегіне айналып, трансформацияға ұшыраған формасы туралы қазақ фольклортанушылары мен отандық зерттеулердің, оның генезисін ашудағы көзқарастар мен ғылыми талдаулардың мүлдем жоқтығы диссертациялық зерттеуіміздің тәжірибелік сипатын ашуда өзекті.

Қазіргі таңда мектеп жасына жеткен баланың қолында телефон немесе смартфон, планшет бар. Ақпарат көзін тасымалдаушы құрал ретінде ұсынылатын бұл құрал бала өмірінің бір бөлшегіне айналып отыр. Баланың қолында телефонның немесе планшеттің болмауы ата-ана үшін баласының алдындағы материалдық жауапкершіліктерін өтемегендік деп қабылданып жүргені баршаға мәлім. Қолындағы ақпарат тасымалдаушы құрал арқылы әлемде болып жатқан жаңалықтар мен құбылыстар, өзгерулер мен жаңаруларды бала ересектерден бұрын көріп, естіп, хабардар болып отырады. Бұл да болса дәстүрлі тәрбиедегі трансформациялану құбылысы. Өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуші құрал ретінде қолданылатын телефон, смартфон, планшеттер ұрпағымыздың санасын билеп, ұрпағымызды халықтық таным мен дәстүрлі тәрбиеден алшақтатып жатқаны айтпаса да түсінікті. Бірақ, бұл пікірімізде қарама-қайшылық туатыны белгілі. Өйткені қазіргі жаңару заманына сай ұрпағымыздың санасы рухани азықтанумен қатар жаһанданған азықпен да қамтамасыз етілуі тиіс. Осы жерде еуропалықтардың менталитетіне еліктеушіліктің басымдығы көрініс беріп отырғаны анық. Сондықтан қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалу көрінісі мен трансформациялану сипатын ашуда шетелдік және отандық зерттеулердегі деңгейі сараланды. Балалар фольклорының жаңарған көрінісі философиялық, ғылыми-әдіснамалық, педагогикалық тұрғыдағы көзқарастар

негізінде жүзеге асып, сол ғылым саласының дамуына фольклордың тікелей ықпал ететіндігін анықтадық.

Халқымыздың отбасылық дәстүрлі тәрбиесінде ұрпағымызға жастайынан отбасылық ғұрыптарды бойына сіңіріп, ұлдарымызды ұсталық, зергерлік өнерге баулып, қыздарымызды қолөнерге, бейнелеу өнеріне, ән салуға баулу дәстүрлі мәдениет болып саналады емес пе? Бұл жерде балалар фольклоры өзінің топтық, ұжымдық сипатын күшейтіп, басқа ғылым салаларымен сабақтаса отырып, жаңарған нұсқаға көшу үдерісін көрсетеді. Дәстүрлі мәдениетпен қатар жаңаруға бет бұру қазақ балалар фольклорына да тән белгі. Мысалы, кино өнерімен, музыкатану ғылымымен сабақтаса дамығанда балалар фольклорының жанрлары өзгерістерге ұшырап, жаңарады. Сол себепті қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалудан трансформациялану үдерісіне көшуде бірнеше ғылым салаларымен сабақтасқан сипатын көрсеттік:

1. Қазақ балалар фольклоры – ұлттық мәдени мұрамыздың бөлшегі ретінде *мәдениетпен, әдебиетпен* сабақтаса дамиды. Өйткені балалар фольклоры жеке-дара өмір сүрмейді. Халықтың сол дәуірдегі бала тәрбиесіндегі тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, тәлім-тәрбиесіндегі қажеттіліктерін өзгертіп, сол өмір сүрген дәуір мәдениетінің дамуына ықпалын тигізеді. Қазақ балалар фольклоры әдебиетпен генетикалық байланыс құра отырып шығармашылық негізде өрбиді. Екеуінде де сюжет, поэтика бар.

2. Қазақ балалар фольклорының *музыкатану* ғылымымен сабақтастығы балалар фольклорының туындыларының халық шығармашылығында әнмен, бимен, күймен көркемделіп берілуінен көрінеді. Бұл жерде фольклордың синкреттілігі басымдық танытып, көпқырлылығы, көпсалалығы алға шығады.

3. Қазақ балалар фольклоры театр сахнасында да ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды дәріптеуде театрландырылған сахналық көріністер түрінде өмір сүреді. Балаларға арналған ертегілер, аңыздар мен әңгімелер театр сахнасында сөзбен жырмен көркемделіп, балалардың қызықтап тамашалайтын жанрларына айналуына негіз болатыны оның *театр, сахна* өнерімен сабақтас екенін көрсетеді.

4. Қазақ балалар фольклоры кино жанрында өміршеңдігін тоқтатпайды. Өйткені балаларға арналған кинолар, мультипликациялық фильмдерде балалар фольклорының туындылары тікелей эфирлер арқылы таралады. Қазақ балалар фольклоры үлгілерін балаларға таныстыруда, насихаттауда телеарналардағы арнайы бағдарламалардың таралуы кең қолдау тауып отыр. Бұл ретте фольклортанушы мамандардың теледидар саласында да өздерінің қызметін ұйымдастыра алатын тұсы қазақ балалар фольклорының *кино өнерінде* трансформациялануын көрсетеді.

5. Қазақ балалар фольклоры бейнелеу өнерімен де байланысты. Өйткені қазақтың байтақ даласы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық нақыштағы суреттердің (киіз үй, киіз үй жабдықтары, қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі) бейнеленіп, балаларға арналған альбом, кітап және басқа көрнекі өнімдерде, ұлттық көрмелерде өзіндік орнын көрсетеді. Тарихи тұлғалар, балаларға

арналған ертегі кейіпкерлері, батырлар бейнесі қазіргі кезде живописьте, графикада, гобеленде, сәулет өнерінің ескерткіштерінде, жарнамада көрініс береді. Бұл жерде фольклор өзінің эстетикалық қызметін *бейнелеу өнерімен, қол өнерімен* сабақтасып жаңартады, трансформациялайды.

Көрсетілген жіктелімге дәлел ретінде, қазақ халқының отбасылық дәстүрлі тәрбиесін сақтап қалу үшін жаһандану дәуірінде қазақ балалар фольклорының туындыларының барлығы дерлік жаңаруы заңды. Оның көрінісі еліміздегі балаларға арналған телеарналардан тікелей эфирлер арқылы көп сериялы фильмдер мен мультфильмдер түрінде таралуында. «Балапан» телеарнасы ұсынған «Алдар Көсе», «Желаяқ», «Алпамыс», «Қобыланды», «Күй қанатында», «Жасыл шөп», «Тоқты мен серке», «Дүлдүл», «Қаһарман», «Ер Тарғын» секілді қазақ мультфильмдерінің тобы қазақ балалар фольклорының трансформацияланған көрінісін береді [118].

Қазақстандағы «Қуыршақ» театры ұсынған «Қаңбақ шал», «Ұр, Тоқпақ» ертегілері театрландырылған көрініс ретінде таралуы, Ақтөбе қаласындағы «Алақай» қуыршақ театрының балалар репертуарындағы қазақ ертегілерінің театрландырылған қойылымдары трансформациялану көрінісін береді [119]. «Балалар әлемі» журналының ресми сайттарындағы, «Балдырған», «Мөлдір бұлақ», «Ертегілер елі» журналдарында қазақ ертегілерінің жарияланып, мәтіндерімен қатар суреттермен көркемделуі балалар фольклорындағы жаңарған үдеріс болып саналады. Сонымен қатар «Қазақфильм» киностудиясы ұсынатын «Алдар көсе», «Жау, тоғызыншы ұлдан қорық» атты балаларға арналған фильмдері ұрпағымызды кино өнеріне баурап, санасын трансформациялайды деп айта аламыз. Қазақша сөйлейтін Тазша бала, Алдар Көсе, Ер Төстік сияқты аңыз-ертегілерінің кейіпкерлерімен қатар «Айгөлек» әнін айтатын Сүркежек пен әнұранды шырқайтын Барыс секілді қуыршақтар да шығарылды. Мұның барлығы қазақ балалар фольклорын жас ұрпақ назарына ұсынудың трансформациялану жолына түсуіне дәлел болады. Қазақ балалар фольклорындағы мұндай жаңарулар бала табиғатына жақындығымен ерекшеленеді. Мысалы, қазақ мультфильмдері мен қазақ ертегілерінде кейіпкерлердің көркем бейнесі бала табиғатына, сана-сезіміне сәйкестігімен, кейіпкерлердің әрбір іс-қимылы, мимикасындағы жағымды іс-қимылдар мен айтылым, тыңдалым кезіндегі туындының көркемдік сипатын беретін құбылту, әсірелеу, күшейтулер баланың көз алдында жатталып, құлағына әбден сіңіп, жадында сақталып қалатынымен ерекше.

Көгілдір экрандағы фильмдер, мультфильмдер немесе сахнадағы театрландырылған қойылымдар тікелей эфир арқылы баланың санасына, жандүниесіне кедергісіз әсер етіп, бала табиғатының дамуын одан әрі күшейтеді, қанаттандырып, балаға ой салып, идеяға жетелейді, баланың бойында эмоционалдық белсенділік тудырып, жағымды күйге түсіреді. Балалар кинолары, мультфильм немесе сахналық театрландырылған қойылымдар арқылы бала жүрегінен жол табуы қазақ балалар фольклорының жанрлары баланы өзінің шынайы өмірімен танысуына, өзін тануға ұмтылдырады. Бұл жерде қазақ ертегілерінің интерпретациялануы да орын алуы әбден мүмкін. Өйткені

дыбыстық әуен мен көгілдір экраннан тікелей таралатын фольклор үлгілері ұрпағымызды ойын-сауықпен, даналықпен қамтамасыз ететін ұлт мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Фольклорлық шығармаларда бала дүниетанымына тән символдық мәндегі тіркестер жиі кездеседі. Символ – адам санасында аса дәріптеу, құрметтеу, бас ию, қадірлеу сынды санадағы ерекше қасиетімен танылған объектілерден туындайды. Халқымыздың балалар фольклорының жанрлары көркемдік, эстетикалық жағынан бай, атқаратын қызметі ерекше. Бұл ойымызды зерттеуші Н.Ю. Анашкина: «Учитывая полистадиальный характер фольклора необходимо отметить присутствие в семантике и структуре фольклорного текста следы нескольких типов мышления, аккумулярованных в процессе эволюции фольклорного текста: предметное (конкретное), обобщающее (собирательное), абстрактное (теоретическое), предметно-образное (художественное)» [120, б. 11], - деп көрсетеді. Автордың бұл ойына тоқтала келе, негізінде фольклордың дүниетанымдық негізі мифологиялық ойлау, оның өзіне тән белгілері адам әлемінің табиғат әлемінен бөлінбеуі, мифологиялық синкретизм, шындықты қабылдаудың әртүрлілігі мен формалары көркемдік синкретизмге құрылып, актерлік-орындаушылық өнердің, музыканың, хореографияның, ауызша шығармашылықтың компоненттерінен тұратындығын байқадық.

Фольклортанушы В.Е. Добровольская өзінің зерттеулерінде фольклорлық мотивтер заман ағымына байланысты туындаған жағдаяттар тоғысына қарай өзгерістерге ұшырайтындығын айтады [121, б. 126]. Ғалымның бұл пікірі балалар фольклорын трансформациялауға негіз болған фильмдер, мультфильмдердің көгілдір экраннан немесе ғаламтордан көрсетілуін меңзейді. Фольклор жанрларының көркемделіп, сюжетінің өзгеруі, оны мейлінше ғаламтор жүйесінде тарату, ұрпаққа ұғындыруын қазіргі балалар фольклорының даму арнасы кеңейіп жатқандығы деп білдік.

Заманауи түрге ауысқан қазақ балалар фольклоры жанрының келесі түрі ертегілер болып табылады. Қазақ балалар ертегілерінің трансформациялану сипатын ашуда, біріншіден, ертегілер мазмұнының көркем шығарма ретіндегі көрінісі ауызша баяндалудан анимацияланған, графикаланған суреттерге ауысқанда ертегі кейіпкерлерінің бейнесін, қасиеттерін, әрекеттерін түсіну балаға әлдеқайда оңай, әрі түсінікті болатын белгілі. Цифрлық платформалар мен ғаламтор желілерінде бүгінгі ұрпақ контенттерді шебер қолдана алады. Ұрпақ дамуындағы заманға сай өзгерулер мен жаңару сипаты Tik tok, YouTube, Instagram, VK, Telegram ғаламтор каналдары тарататын қазақ ертегілеріне пікірлер жазып, талдап, виртуалды қарым-қатынас құрып, қазақ ертегілерін трансформацияланған үлгіде қабылдап жатқанын көрсетуде. Сонымен бірге виртуалды қарым-қатынас құрып, киберкеңістікте қиял-ғажайып ертегілер әлеміне саяхат жасап, балалар фольклорындағы мифтік көзқарастар мен мифологиялық мотивтерді түсініп, саралауына септігін тигізуде.

Қазақ даласы – ертегі мен аңызға, ғибратты әңгімеге толы кең-байтақ кеңістік. Бұл кеңістік трансформациялану жағдайында киберкеңістікке айналуға. Мұның көрінісі ұрпағымыздың айналада болып жатқан құбылыстарды

бақыламауы, оларға зейін аудармауы, сөйлеу тілі арқылы өзара қарым-қатынасқа түспеуі болып табылады. Осы әлеуметтік желіні жетік меңгерген ұрпағымызға ғибратты аңыз-әңгімелер, аңыздар мен шежірелер, ой-толғамдарды киберкеңістік арқылы ұғындыру керек-ақ болып отыр. Осы ойымызды қазақстандық фольклортанушы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкері Ж.С. Рақыш өзінің «Қазақ постфольклоры: жанрлар трансформациясы» атты мақаласында кеңінен тарқатады [122]. Автор өз зерттеуінде қазіргі таңдағы фольклордың статусы өзгеріп, балалар фольклоры жанрларының жаһандану жағдайына байланысты едәуір трансформацияға түскенін көрсетіп, оның ғаламтор желісіндегі виртуалды кеңістікке айналып отырған көрінісін алғаш рет саралап көрсетеді. Сонымен бірге қазіргі балалар фольклоры туындыларының еліміздің барлық түкпірлеріне бір уақытта таралым тауып, балаларға жететіндігі фольклордың халықтық сипатын, өміршеңдігін көрсетеді. Оның көрінісі ретінде COVID-19 індетінен кейінгі әлемдік тәжірибедегі фольклордың әлеуметтік желілерде бір уақытта тез таралым тауып трансформациялану көрінісімен де байланыстырады.

Көшпелі қазақ дүниетанымының соншалықты кеңдігі мен еркіндігін суреттейтін балалар фольклорының жанрлары атқаратын қызметіне қарай дәстүрлі отбасылық тәрбиеге ықпал етіп қана қоймай, түптей келгенде баланың сана-сезіміне тікелей әсер етіп, өзінің қазақ халқының перзенті, ұрпағы екендігін мойындатары сөзсіз. Басқа ұлттан ұрпағын ерекшелендіріп тұратын рухани азық осы фольклорлық мұралар екендігін ата-ана да тереңінен түсінсе екен дейміз. Бұл жерде қазақ балалар фольклорындағы трансформациялану үдерісі балалар фольклорының жаңа туған сәбиден кәмелет жасына жеткен жеткіншектің ой-санасын, психологиясын, эстетикалық талғамын қалыптастыратын дәстүрлі тәрбие мен жаңарған үлгіде ұлттық тәрбие құндылығы ретінде танылып отыр.

Балалар фольклоры – баланың есею кезеңдеріне сай өзгеріп, сараланып баланың таным мүмкіндіктеріне қарай зерделеніп отыратын халық шығармашылығы. Қазақ балалар фольклорындағы дәстүрлі орындалу мен трансформациялану жайын қозғағанда жалпы фольклордағы көркемдік даму мен өзгерудің бірқатар компоненттері ғылыми-әдіснамалық, ғылыми-философиялық тұрғыдан саралануы қажет деп есептейміз. Өйткені дәстүрсіз даму, жанару, өзгеру, өсу мүмкін емес. Бұл жерде дәстүр мен жаңару, өзгеру процесінің орны ерекше. Қандай да бір жаңару осы кезге дейін сақталған дәстүрлерге сүйенеді, бой түзейді, таралу аймағын құрайды. Бүгінгі ұрпақ санасын жаңғыртып, рухани азықтандырушы, ұрпақ сұранысын қанағаттандыратын көркемдік күші айқын философиялық құнды еңбек болып саналатын «Балалар сөзі» атты сериямен жарияланған жүз томдық құнды, салмағы мол еңбектің 72-томы «Балалар фольклорына» арналуы қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуындағы жаңашылдық деп тануымызға болады. Бұл томға енген балалар фольклорының жанрлары бата сөздер, мақал-мәтелдер, санамақтар мен бесік жырларының трансформацияланған нұсқаларын ғаламтор порталдарынан іздестірдік. Әлеуметтік желі таратушылардың жинақтарынан балаларға берілетін бата сөздер, мақал-мәтелдер, санамақтар мен бесік жырларын сараладық.

Отбасылық мерекелер мен той-жиындарда үлкендердің балаларға беретін бата өлеңінің мазмұндық құрылымында трансформациялану көрінісін кездестірдік. Мысалы,

*«Ата сөзі дарып мол,
Ақ уызға жарып бол!
Абылайдай алып бол,
Шоқан сынды жарық бол.
Атың шықсын алашқа-ай!
Абайға ұқсап миы бол,
Құрманғазыдай күйлі бол
Жамбылдайын дүлдүл бол,
Күләштайын бұлбұл бол,
Бауыржандай батыр бол,
Рақымжандай батыл бол,
Бағың жанып әрдайым,
Жақсыларға жақын бол!*

Әумин!» [123] - деп келетін бата сөзі замана ағысына сай ниеттен, ішкі түрткіден, эмоциядан туғанын аңғаруымызға болады. «Милы» сөзінің дәстүрлі фольклордағы даналық, парасатты, ақылгөй мағынасындағы балалардың қабылдауы мен түсінуіне жақындатып, қарапайым түрде жеткізілген. «Алып» сөзінің ірі, үлкен, дәу сөздерінің синонимдерімен берілуі де баланың сөздік қорын молайтып, теңеумен берілген. Шоқанның қазақ даласына жарық жұлдыз бола білгенін «жарық» сөзімен беруі, Құрманғазының күйшілік өнерін «күйлі» сөзімен ауыстырып Жамбылдың жыршылық, жыраулық өнерін, Күләш Байсейітованың күміс көмей әншілік өнерін бала бойына дарыту үшін *дүлдүл-бұлбұл* сөздерінің айтылуындағы ұқсастықтарды ұйқастармен келтіру, батаның мазмұнын да құрылымын да сақтап өрбітуі фольклордың поэтикалық тұсын көрсетеді. Б. Момышұлы мен Р. Қошқарбаев аталарымыздың ерлігін, батырлығын, қайсарлығын насихаттай отырып, ұрпағымыздың бойында отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді ояту мақсатында *батыр бол, батыл бол* тіркестері балалар фольклорының көркемдік құралдарын көрсетеді. Дәстүрлі фольклордағы бата сөздер «болсын» етістігімен аяқталса, заманауи үлгідегі бата сөзде «бол» сөзі қолданылған.

Тіршілік – тоқтаусыз, шексіз дүние. Ол бір орында тұрмайды, өзгереді, дамиды. Бұл жерде сөз өнері арқылы дәстүр мен жаңашылдық арасындағы сабақтастық бірін-бірі жалғап, ескіні жаңартып, трансформациялап, орындалу сипатына қарай дидактикалық мәнін, құндылығын көрсетеді деп толық айта аламыз. Балалар фольклорының дидактикалық мәні мен құндылығы фольклор үлгілерінің қызметін күшейтіп, оның ұрпақ санасын жаңғыртудағы ролін арттыру арқылы жаңаша түрге ауысып, трансформациялай алады. Бұл жерде жоғарыда айтып кеткеніміздей фольклордың жаңаша идея туғызу қызметі орын алып, ұрпағымызды жаңа бастамалар, игі істер жасауға икемдеп қана қоймай, бойына рухани азық құя білуі дидактикалық құндылық болып табылады.

Әлеуметтік желілердегі мақал-мәтелдердің жаңарған нұсқаларында былай беріледі:

*«Тұңғышыңды дұрыс үйретсең,
Соңғылары өздері үйренеді».*

Бұл мақалдағы негізгі ой отбасылық тәрбиенің үздіксіз, жалғасын табатын үдеріс екендігін білдіреді. Қазақ отбасында отбасылық дәстүрлі тәрбиенің негізгі дінгегі орын алған деп есептейміз. Өйткені біздің халқымыз ұрпақ тәрбиесінде отбасындағы тұңғыш балаға үлкен жауапкершілік артқан. Тұңғышын қалған бауырларына үлгі болатындай етіп, ата-аналық мейірімдерін барынша тұңғышының бойына дарытқан, үлкен өмірге дайындаған. Ата-ана тарапынан сезілетін бұл жауапты істі тұңғыш бала жауапкершілікпен қабылдап, өзінен кейінгілерге үлгі болуда өзінің бойындағы барлық қасиеттері мен әрекеттеріне бақылау жасап отыруы осы мақалда баяндалған. Сонымен бірге бұл мақалдың негізгі мәні ұрпақ тәрбиесіндегі ересектердің тәрбие қағидаларын қатаң ұстанудың жолдарын көрсетуінде болы отыр.

«Ана сүті бой өсіреді,

Ана тілі ой өсіреді» деген мақалдағы жаңарған форма бой мен ой сөздерінің ұйқасуы арқылы беріліп, баланың денесін шынықтырып, шымыр боп өсуін қамдауы болса, ана тілімізді дәріптей отырып, қазіргі замандағы белең алып отырған өз тілінде емес өзге тілде шүлдірлеп, ана тілімізді ұмытып жатқан ұрпағымыздың санасын ояту, дәстүрлі тәрбие беру болып табылады.

«Кітап – алтын сандық: іші толған қазына, құт, оқы, оқы, ойыңа тұт» деген мақал балаға кітаптың әр парағының байлық, білім екендігін айтып, жеткізуі фольклордың поэтикалық көркемдігін кітапты алтын сандыққа теңеу арқылы «алтын» сөзін материалдық тұрғыда байлық деп танытса, «кітап» сөзін алтын сандыққа теңеп, рухани байлыққа теңеумен көрсеткен.

Мақал-мәтелдердің жаңарған нұсқаларын оқи отырып, оның қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, арман-мақсатын, іс-әрекетін дәлме-дәл сипаттайтын тұсына көз жеткіздік. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, қазіргі балаларға айтылатын мақал-мәтелдердің құрылымы әлеуметтік желілерде қолданылатын заманауи үлгіде мазмұны сол күйінде сақталғанын байқадық. Informburo.kz порталы мен ғаламтор сайттары, әлеуметтік желіде жарияланған мақал-мәтелдердің тобын жинақтап, талдадық. Мысалы, *«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады»* деген мақалдың трансформацияланған нұсқасында *«Бұл заман білекке сенетін заман емес, білімге сенетін заман»* [124] деп берілген. Дәстүрлі фольклордағы нұсқасына мазмұны, құрылымы ұқсас, барлығы да білімді игеруге, білімді болуға шақыратын ниетін көрсеткен.

«Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақал ғаламтор желісінде *«Жеті рет өңдеп, бір рет жаз»* мақалымен берілуі әлеуметтік желіні тұтынушылардың қызметін көрсетеді. Сонымен бірге балалар фольклорының жанрларында көп кездесетін киелі жеті санының қолданылуы мақалдың қай нұсқасын да көркемдік жағынан әсемдеп, әрлендіріп тұр.

«Оқу – инемен құдық қазғандай» деген мақал ғаламтордағы арнайы интернет сайттарда *«Инемен құдық қазғандай қиын да күрделі, орасан қажыр-*

қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл» деп берілген. Дәстүрлі фольклордағы нұсқаның мазмұнын меңзеген мақалдың трансформацияланған нұсқасы білімді игеру үшін үлкен қажыр-қайрат, ерік-күштің қажет екенін балаға ұғындыруды көздейді. Баланың тіліне орамды етіп құрылған бұл мақалдың мән-мағынасын ашуда құдықтың соншалықты тереңдігін теңеумен түсіндірген. Физикалық сипатта баяндалып тұрған бұл жұмыстың өнімсіздігін көрсетіп, ол үшін қажырлылық пен шыдам керектігін балаға түсіндіріп, білім алудың да соншалықты қиын іс екенін, оны игеру үшін шыдам мен қажырлы мінез керектігін түсіндірген.

«Дені саудың – тәні сау», «Денсаулық – зор байлық» деген мақалдардың әлеуметтік желіде *«Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі қалыптастыруы керек»* деп беріледі. Мұндағы айтпақ ой – балаға денсаулықтың барлығынан да қымбат екенін ұғындырып, өзінің денесіне күтім жасау керектігін, күн тәртібін сақтап, дұрыс тамақтану, ұйқы, демалыс режимдерін сақтауға баулу болып табылады.

«Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа» деген нұсқамен берілген мақалдың мазмұны баланы жерін, елін сақтап, өз елінің патриоты болуға шақырады. Ұрпағына өзінің жеріне ие болып қалуды міндеттеп, елін қорғауда да аянбау керек екендігін баяндайды.

Мақал-мәтелдердің қазіргі қолданыстағы түрлерін саралай келе, сөз тіркестерінің қолданылуында өзгеріс болғанымен, мақал-мәтелдердің мазмұны сол халық танымынан тараған ой-сана тұрғысында орныққан деп болжадық. Бұл жердегі жаңару көрінісі сыртқы формасында болмаса, ішкі мазмұны сол күйінде қалуының өзі ұрпағымызды рухани азықтандырудағы фольклордың өміршеңдік сипатының жойылмай, жалғаса беретінін көрсетті.

Балалар фольклоры жанрларының мазмұнында берілген терең ой мен көзқарастар қазақ балалар фольклорының трансформациялану образын көрсете алады. Мысал ретінде, әлеуметтік желідегі санамақтардың заманауи нұсқаларын кездестірдік.

*«Бір дегенім – бесігім,
Тербеткен ана бесігін.
Екі дегенім елім бұл,
Елбасындай сенімді ұл.
Үш дегенім – ұлтым,
Сақтаған әдет-ғұрпын.
Төрт дегенім – көк туым,
Қалықтай бер көкте, нұр.
Бес дегенім – берекем,
Таусылмайтын мерекем» [125], -*

деген санамақта әр жолдың бүгінгі заманғы елдің тыныс-тіршілігін баяндап, бесік тербеткен ана, елін, жерін қорғаған ұл, әдет-ғұрпын сақтаған ұлт жанашырлары, көкте қалықтаған көк ту, қазақ халқының береке мен мерекеге толы әр күнін баяндалып, балалар фольклорының халықтық сипаты мен өміршеңдігі трансформацияланған фольклор үлгісінде берілген.

Енді бесік жырларының заманауи форматында өңделіп, халық аузында айтылып жүрген нұсқасын қарастырайық:

«Тәй-тәй басып бөпешім, жүргенің қандай?

Көз қуаныш, көкешім күлгенің балдай.

Аспандағы ай-күнді аламын дейсің,

Асқар таудай, айбынды боламын дейсің,

Әлди, әлди, ақ бөпем,

Сендей сәби жоқ бөпем» [126], -

деген заманауи бесік жырының мазмұны дәстүрлі нұсқасымен мағыналас. Сәбиін тербетіп отырған қазіргі аналар осы музыкамен көркемделген жаңа нұсқасын ауызбен айтып немесе телефон, смартфондардан тыңдатады. Сәбиінің тәтті күлкісін, басқан қадамын, алға ұмтылған кейпін аспандағы ай мен күнге теңеуі, сәбиінің бойына асқар таудай айбын тілеуінен туған бұл бесік жыры трансформацияланған нұсқада еліміздің түкпір-түкпіріне таралған. Бесік жырының дәстүрлі түрі «Бөбегім-ау» өлеңі әдебиеттерде былай беріледі:

«Әлди, әлди, әлди қақ,

Ер жеткенде жылқы бақ,

Үлкен таудан түлкі қақ,

Тәңір берсін басыңа бақ,

Әлди, әлди, бөбегім-ау!» [42, б. 51], -

бесік жырының бұл нұсқасы төрт түлік малдың халық өміріндегі орнын көрсетіп, жылқы баққан жылқышы бол, аңшылық өнерге баулуда таудан түлкі аулайтын мерген, аңшы бол деп үміт күткен. Ұрпағына Тәңірден бақ тілеген. Бұл тілек-ниет қазіргі заманауи бесік жырында көз қуанышымыз болып, асқар таудай айбынды бол, батыл бол, батыр бол деген арнау-тілекке ауысқан. Сонымен бірге бесік жырының жаңарған нұсқаларын саралауда байқағанымыз, жаңарған нұсқада материалдық игіліктерге бет бұрудың басымдылығы болды. Бұл да болса халық санасының тұрмыстық сипатын аңғартады. Қазіргі материалдық игіліктерге басымдық беріп отырған қоғам санасы, балалар фольклорының жанрларында да көрініс беруі фольклордың халықтық сипатын көрсетуі деп болжадық. Бұл жерде балалар фольклорын насихаттаудағы сыртқы форма, адамның сана-сезімі мен ішкі күйіндегі өзгерістер сыртқы формада да көрініс беріп, трансформацияға ұшыраған. Материалдық игіліктерге басымдық берген заманда балалар фольклорының атқаратын қызметі де күшейеді деген сөз. Өйткені материалдық құндылықтардан гөрі рухани құндылықтарды ұрпағымыздың санасына сіңірудің жолы күрделі.

Халқымыздың ұлттық мұрасын сақтап, келешек ұрпаққа жеткізуде ата-бабамыздан бізге мирас боп қалған ұлттық құндылықтарымыздың қатарында фольклордың алатын орны биікте. Рухани мұрамыз бен ұлттық құндылықтарымыз бойына сіңген ұрпақ тәрбиелеуде қазақ балалар фольклорының тоқтаусыз аянбай қызмет ететіні сөзсіз.

Зерттеу барысында қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануын айқындау үшін фольклорды жаратушылар мен орындаушылар, оны жинақтап, сақтаушыларды ажыратып алдық. Өйткені

балалар фольклорының үлгілерін орындаудағы жыршылар мектебінің болғандығы анық. Ал қазіргі уақытта жыршылардың аузынан тараған фольклор жанрларының түрлерін жаттап алып, айтушыларды өлеңшілер деп қабылдап жүрміз. Қалай болғанда да балалар фольклорының айтылып, таралуы мен орындалуына байланысты заманға сай өзгеріске түсетіні заңды құбылыс екендігіне бірнеше себептер бар. Қазақ балалар фольклорының орындалу ерекшеліктері әртүрлі, оның дамуы мен таралуы қазақ халқының тұрмыс-салты, мәдениеті және әлеуметтік құрылымымен тығыз байланысты.

Қорыта айтсақ, жанрлық дәстүр мен жаңару үдерісін әр дәуірдегі негізгі категория, көрсеткіш деп тануымызға болады. Себебі әр жанр өзінің табиғатына қарай, атап айтсақ ғұрыптық сипаты, ғибратты терең мағыналық, көркемдік сипатына қарай өзгеріп, көркемделіп, трансформацияланады. Бірақ біз мұны жаңарған, өзгеріске ұшыраған трансформациялану тұрғысынан қабылдауымыз қажет. Өйткені жаңа заман ұрпағының санасын құр сөзбен, монотонды түрде билеу мүмкін емес. Жан-жағымыздан білімді игертудің түрлі жолдары жаулаған технократиялық заманына сай ұрпағымызға біз де рухани азығымыз фольклорлық мұрамызды сіңіру, цифрлық трансформация үдерісінде фольклорлық мұраларымызды жастар арасында насихаттау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ балалар фольклорының орындалуы мен таралуы қазақ халқының мәдени мұрасын жаңа буынға жеткізуде маңызды рөл атқарады. Оның құндылықтарын, тілін және дәстүрлерін сақтауға көмектеседі. Бүгінгі теледидар, ғаламтор, әлеуметтік желі тәрбиелеген бала мен ата-әжесінің тәрбиесін алған баланың санасы мен тұлғасының дамуы жер мен көктей. Атасы мен әжесінің мейіріміне бөленіп, тәрбиеленген бала мейірімді, қамқор, қарапайым, қанағатшыл, ақкөңіл болады. Ол баланың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарымыз сәби кезінен бастап қалыптасады. Ал, керісінше әлеуметтік желі мен ғаламтор, көгілдір экраннан тәрбие алған баланың санасы бұрмаланған, мінезі ашушаң, қатігез, мейірімсіз болатынын күнделікті өмір көрсетіп отыр. Өйткені ол баланың санасында бұрмаланған, шытырманға толы түсініксіз виртуалды әлем орнайды. Отбасындағы дәстүрлі тәрбиені насихаттаушы халық шығармасы қазақ балалар фольклорының үлгілерін әлеуметтік желілерге кеңінен таратып, ғаламтор желілеріне жүктеу арқылы әлеуметтік желі жаулаған ұрпағымыздың санасын рухани азықтандыруда трансформацияланған үдерістің ықпалы зор деп қорыттық.

Балалар фольклорының үлгілерін ұрпағымыздың санасына сіңіру дәстүрлі жүйемен ғана емес цифрлық трансформация, киберқауіпсіздік деңгейінде ақпараттық технологиялардың көмегімен орнықтырудың қажеттілігі, цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникация мен технологиялар саласы және киберқауіпсіздікті дамытуда ұрпағымыздың бойына фольклор үлгілерін цифрлық сауаттылық, цифрлы азаматтың дағдысы, қарым-қатынас, құндылықтар турасында сіңіру [127] деп тұжырымдалуы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Осыған орай бүгінгі жаһандану жағдайындағы цифрлық трансформациялану үдерісінде көштен қалмай ілгерілеу балалар

фольклорына да тән екендігі белгілі. Дегенмен халық аузынан тарап, атадан балаға мирас болып келе жатқан балалар фольклоры үлгілері, әсіресе бесік жырлары, ойындық фольклор, т.б. өзінің көркемдік сипатын жоғалтып алмай, ұрпағымыздың танымдық, эстетикалық, тәрбиелік қалыптасуы мен дамуын трансформациялану үдерісінде одан әрі қамтамасыз етсе дейміз.

Қазақ балалар фольклоры өзінің дамуы мен қалыптасу кезеңінде көптеген кедергілерге ұшырап, қайта дамып, өркендеп отырған ғылым саласы. Осы арқылы қазақ балалар фольклоры фольклортанушы, философ, этнограф, этнопедагог, тарихшы ғалымдар мен ұлт жанашырларының назарынан тыс қалмай ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде трансформациялану үдерісіне ілесе алады деп қорыттық.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Бұл бөлімнің «Қазақ балалар фольклорының көркемдік сипаты» деген тарауында қазақ балалар фольклорының поэтикасын көркемдеуіш құралдар метафора, теңеу, эпитет, гипербола, литота, сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау, еспе қайталау, анафора, эпифора бойынша талдап, оның мағыналық-идеялық ерекшелігін көрсеттік.

«Қазақ балалар фольклоры шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшеліктері» тарауында қазақ балалар фольклорының көркемдік идеясының жүзеге асуы үшін сюжет пен композицияға сүйену керектігі көрсетілді. Балалар фольклорының жанрлары сәбилік жырлар, төрт түлік жырлары, өтірік өлеңдер, жан-жануарлар туралы, новеллалық, қиял-ғажайып ертегілерінің көркемдік-мазмұндық ерекшеліктері талданды.

«Қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануы» тарауында қазіргі цифрланған заман көшінен қалмай ілгерілеу қазақ балалар фольклорына да тән екендігі, фольклор үлгілері әлеуметтік желілер мен ғаламтор ресурстарындағы трансформациялану үдерісінде көрсетіліп, оның сан тарау мәселелері келешекте зерделеніп, сараланып отыруы керектігі насихатталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл диссертациялық жұмыста қазақ балалар фольклоры – баланың жас ерекшелігіне сәйкес қолданылатын халық шығармаларының маңызды әрі ажырамас бір бөлшегі екендігі анықталды. Зерттеу барысында қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуы, балалар фольклорының жанрлары мен олардың ерекшеліктері, мифологиялық мотивтері, дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануын зерделеу негізінде оның генезисін, типологиясын, поэтикасын ашуға тырыстық.

Біздің зерттеуімізде қазақ балалар фольклоры атқаратын қызметіне қарай танымдық, эстетикалық мәні бар жүйе ғана емес, сонымен қатар бала табиғатын ашуда, оны рухани азықтандыруда көркемдік қызмет атқаратын жүйе екендігі анықталды. Оның құрылымы – ата-бабамыз мирас етіп қалдырған сөз өнері.

Адам баласы табиғатты, болмысты, шындықты, жалғанды, құбылыс пен әрекеттегі қарама-қайшылықтарды ой-сана, ғылыми-диалектикалық әдіспен, тәжірибемен анықтап, зерттеп білсе, соларды сипаттау үшін фольклор туындыларында сөз өнері қолданылады.

Қазақ балалар фольклорының генезисі деп отырғанымыз – халық аузынан тараған, сөз өнерінің қалай, қашан, қайда пайда болғандығын айғақтайтын адам санасында ғайыптан пайда болып, ойға, сөзге айналған мифологиялық көзқарастар, наным-сенімдер мен олардың таңба, бейнелер, әрекеттер, пайымдаулар арқылы ауыздан ауызға таралу көрінісі және ойда, санада пайда болған наным-сенімдердің әрекетке көшуіндегі талдаулар, сараптаулар. Сол себепті фольклор жаратушыларының кімдер екендігі, фольклордың жанрлық, көркемдік ерекшеліктері, ұлттық және тарихи сипаты неде екендігін біліп, олардың жауабын табу үшін қазақ балалар фольклорының типологиясы зерттеліп, анықталды. Нәтижесінде, балалар фольклорының жинақталуы мен қалыптасуындағы көзқарастар, қарама-қайшылықтар талданып, балалар фольклорының көркемдік сипаты, синкреттілігі, көпқырлылығы нақтыланды. Бұл ретте қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы, поэтикасы хақында зерттеу жүргізілді. Бұл тұрғыда алдымен қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуына ықпал етуші факторларды, оның ішінде мифтік көзқарастардың ықпалы, ертегілер мен аңыздардың берілуі арқылы қазақ балалар фольклорының поэтикасын ашуға тырыстық.

Қазақ балалар фольклорының атқаратын қызметіне қарай оның бала мен ересек адам арасындағы қарым-қатынас орнатушы көпір бола алатын, ұрпағымызды қарым-қатынасқа баулитын құрал екендігі анықталды. Зерттеу барысында қазақ балалар фольклорының классификациясына баса назар аударылып, фольклордың жанрлары, олардың танымдық, эстетикалық мәні мен көркемдік құрылымдары сарапталды. Қазақ фольклортанушыларының зерттеулері мен балалар фольклорының классификациясы талданды.

Қазақ балалар фольклорын тұңғыш рет іштей саралап көрсеткен К.І. Матыжановтың классификациясы бойынша қазақ балалар фольклорының жанрларын талдадық:

Қазақ балалар фольклоры үлгілерінің негізгі белгілері: фольклордың авторы – халық. Фольклор осы арқылы ауыз әдебиетінен ерекшеленеді. Қоғам дамуының алғашқы кезінде қалыптаса бастаған фольклор шығармалары мен халық поэзиясының табиғаты жақын екендігін ашып көрсету мақсат етілді.

Қазақ балалар фольклоры үлгілерінің негізгі қызметтері: балалар фольклорының барлық туындылары толығымен танымдық-эстетикалық мәнімен ерекшеленіп, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ой-санасын дамытудың жолдарын іздестіреді. Балалар фольклоры шығармаларының құрылымы тақырыптық, мазмұндық, сюжеттік, композициялық құрылым, сөз саптау, тілдік, мәтіндік белгілерді сақтауды мақсат етеді.

Фольклордың утилитарлық (қолданбалы) қызметі де ерекше. Ол түрлі ғылым салаларында түрліше қолданылады. Мысалы, тарихта, антропологияда (шежіре), әлеуметтануда (қоғамға араласу), мәдениеттануда (мәдени мұрамызды ұғындыру), медицинада (бала денсаулығын нығайту), педагогикада (фольклордың тәрбиелік қызметін анықтау) тәжірибелік тұрғыда жүзеге асады. Соған орай балалар фольклорының таралуы да, орындалуы да түрленіп, жаңарып, өзгеріп, трансформацияға ұшырап отыратындығы зерттеу жұмысымызда айқын көрініс тапты.

Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуы сонау ерте заманнан, XI-XII ғасырларда жазба ескерткіштер пайда болған кезден басталып, бірте-бірте дамып, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды саналарына сіңіруде ойдағыдай қызмет еткендігі зерделенді. Сонымен бірге қазақ балалар фольклорының генезисін анықтауымызға мүмкіндік берген мифологиялық мотивтердің орны ерекше болды. Балалар фольклорындағы мифологиялық түсініктердің дүниенің жаратылуы туралы қиял-ғажайып түсінік екендігі, оның аңыз-әңгімелермен байланысы мифтің танымдық қызметі екендігі анықталды. Адамзат баласының ілкідегі өмір сүру образы, салт-дәстүрлер, ырымдар мен тыйымдар, жөн-жоралғылардың қалыптасуы мифологиялық мотивтердің көркемдік сипатын көрсететіндігі пайымдалды. Бұл аталғандардың барлығы халық аузында сақталып, өзінің өміршеңдігі арқылы қолданбалы сипатқа ие болғандығы балалар фольклорының мәтіндеріне жасалған талдаулар арқылы көрсетілді.

Қазақ балалар фольклорының жанрлары тұрмыс-тіршілікпен байланысты болғандықтан, оның танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық тағылымы кеңінен зерделенді. Оның халық өмірінің көркемдігін, әсемдігін, шынайылығын бейнелеп көрсететін тұсы да назарға алынып, поэтикалық шежіресі көрсетілді. Халық шығармашылығының синкреттік, дәстүрлік сипатының басымдығы да назардан тыс қалмады. Балалар фольклорының жалпы фольклордан тарайтын мұра ретінде мәдениет пен өнердің басқа салаларында байланыс тауып, оларға ерекше этнографиялық өрнектер үстейтіндігі анықталды. Қазақ балалар фольклорының қолданбалы сипаты ұрпағымыздың таным көкжиегін қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтуде таптырмас құрал екендігі дәйектелді, балалар фольклорының жанрлық түрлері топтастырылып көрсетілді. Қазақ балалар фольклорының қай жанры болса да ұрпақ санасына адамгершілік

құндылықтарды, ерлік пен елдік, ізгілік пен мейірім сіңіретін тұсы әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклорына жасалған талдаулар арқылы сараланды. Осы арқылы балалар фольклорына жасалған классификациялау үлгілері талданып, олардың арасындағы ұқсастықтар, ортақ ұстанымдар, ғылыми көзқарастар мен тұжырымдар сарапталып, типологиясы анықталды.

Қазақ балалар фольклорының прозалық көркем жанры болып табылатын ертегінің сюжеті мен композициясына әдеби талдау жасау поэтикалық ерекшеліктердің айқын көрінуіне ықпал етті. Балалар фольклорының поэтикасын ашуда тек ертегі жанры ғана емес, бесік жырлары, уату-алдарқату жырлары, тілек-бата жырлары, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары, санамақтардың бірнеше нұсқаларына талдау жасалып, қазақ балалар фольклорының көркемдік сипаты анықталды. Қазақ балалар фольклорының көркемдік құрылымдары мен фольклор шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін талдауда еліміздегі іргелі академиялық еңбек болып саналатын «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асыру мақсатында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жариялаған Жүз томдық «Балалар сөзі» жинағының «Балалар фольклорына» арналған 72-томы мен 10 томдық «Дала фольклоры антологиясы» жинағының «Ғұрыптық фольклорға» арналған 6-томындағы және «Ғибратты фольклорға» арналған 10-томындағы мәтіндерге талдау жасалды.

Зерттеу барысында фольклор үлгілерінің цифрландырылуы туралы ақпараттар мен өнер туындылары балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үлгісін ашып берді. Осы арқылы қазақ балалар фольклоры мәдениетте, әдебиетте, тарих пен философияда, кино мен музыкада, бейнелеу өнері мен қолөнер салаларында өзінің дәстүрлі орындалуы мен даму кеңістігін ұлғайта алатындығына көз жеткіздік. Балаларды халық шығармашылығына, халықтың ән-күй дәстүріне баулу арқылы фольклор мәтіндерін салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен импровизациялау, драматизациялау арқылы қазақ балалар фольклорының айтыс, ойындық фольклор, маусымдық әндерінің кеңінен таралуына мүмкіндік бар екендігі дәлелденді. Қазақ балалар фольклорының мәдениет пен әдебиетте, балалар киносында, музыкада, бейнелеу өнері мен қолөнерде жалғасын тауып, өзінің өрісін кеңейте алатындығы көрсетілді.

Қазіргі цифрланған заман талабына сай ұрпақ санасын рухани азықтандыру ісі медиа таралымдар арқылы әлеуметтік желілерде, интернет порталдарында кеңінен өріс алып жатқандығы дәлелденді. Медиа ресурстар: ғаламтор, әлеуметтік желі, онлайн кітапханалар, мәдени мұрамызды насихаттаушы арнайы вебсайттар, цифрлық платформаларда қазақ балалар фольклоры трансформациялану үдерісіне көшіп жатқандығы дәйектелді. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесін халық мұраларымен толықтырушы ұлттық брендтің бір түрі – балалар фольклорының туындылары. Қазақ балалар фольклорының қай жанрын алсақ та, ұрпақ тәрбиесі үшін таптырмас рухани қазына.

Ұлттық мәдениет пен ұлттық сананы қалыптастыруда балалар фольклоры туындыларының мазмұны жан-жақты талданып, сұрыпталуы шарт екендігіне тоқталдық.

Қазақ балалар фольклоры бір орында тұрмақ емес, ол заман ағымына сай дамиды, өркендейді, жаңарады. Балалар фольклоры бүгіндері ұлттық таным тұрғысында бірнеше нұсқада дамып, дәстүрлі орындалумен қатар трансформацияланған нұсқаларда көрініс тауып, қазақ отбасы тәрбиесіне еніп отыр. Диссертациялық жұмыста дәстүрлі орындау мен трансформацияланған нұсқалардың арасындағы айырмашылықтардың себеп-салдары дәйектелді. Жаңарған үлгіге түбегейлі ауысу жаһандану дәуірінде ұлтымызды жоғалтып алу қаупін көрсетіп отырғанын да айтпай кете алмаймыз. Сол себепті ұрпақ санасын рухани мұрамен толықтыруда дәстүрлі орындау мен трансформацияланған нұсқаларды қатар қолданып, отбасылық тәрбиенің құндылықтарын жойып алмау әр қазақ отбасының жауапкершілігіне жүктеліп отыр.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған дәстүрлерін ұрпақ санасына сіңіруде ата-бабамыз ұстанған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, отбасы тәрбиесінің құндылықтары еліміздің болашағы – жастарды ұлттық ұлағат арқылы тәрбиелеп өсіруде зор қызмет көрсете алатыны әруақытта өзекті деп білеміз.

Ұрпақ болашағының жарқын болуы мемлекетіміздің, сол мемлекетті өркендетуші қоғамдық ортаның жауапкершілігінде. Диссертациялық жұмыста қазақ балалар фольклоры көне заманнан бергі келе жатқан халық мұрасы, халық ақыл-ойының көрінісі екендігі дәлелденді. Оның поэтикалық көрінісі баланың жан-дүниесін әнмен, жырмен көркемдейтін, әрі танымдық, әрі эстетикалық халықтық тәрбие құралы болатындығы жан-жақты қарастырылды. Бұл диссертациялық еңбек қазақ балалар фольклорын арнайы зерттеудің алғашқы қадамдарының бірі. Оның сан тарау мәселелерін бүгінгі күн мінберінен, алдағы уақыт талабына сай зерделеп отыру – келешектің ісі.

Қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын, поэтикасын ашуда сөз өнерінің халық аузында сақталып, оның ұрпақ санасында орнығуы, ел болашағына деген сенім тудырудағы орны көрсетілді. Басқа қырынан қарағанда, қазақ балалар фольклорының ұрпақ танымында орныққан көрінісі құрылды. Диссертациялық жұмысты талдауда танымдық, тәрбиелік, эстетикалық мәнге ие түсініктер, мифологиялық көзқарастар, көркемдік құралдардың қолданбалы сипаты, таралуы, орындалуы мен трансформациялануы жайындағы мәселелерді анықтауға тырыстық. Ол үшін қазақ балалар фольклорының халық санасындағы, халық аузындағы көріністері жан-жақты талданды.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Қазақ балалар фольклоры – өскелең ұрпақ үшін түзілген сөз өнерін тасымалдайтын, оны жүзеге асыратын, ұрпақ санасына рухани мұрамызды сіңіруді көздейтін, ұрпағымыздың болашағына деген сенімін, үмітін жоғалтпай, оны қамтамасыз ететін, рухани азық беретін, ұрпақ тәрбиесін ата-баба салып кеткен сара жолмен құруға, халқымыздың санасында қалыптасып, бүгінгі күнге

дейін жетіп отырған салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдарды, жөн-жоралғыларды жалғастыруға қызмет ететін халық тағылымы.

2. Қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе. Осы уақытқа дейінгі қазақ фольклорындағы миф жанры жоқ деп есептеген пікір бар. Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық көзқарастарды анықтауда, балалар фольклорының жанрларын жекелеген түрде талдағап, саралап зерттегенде миф жанрының бар екендігін көрсеттік. Мұны қазақ балалар фольклорындағы мифтік мотивтермен, аспан әлемімен байланысты тараған космогониялық мифтермен, жан-жануарлардың, жәндіктердің, құстардың кейбір ерекшеленген қасиеттерін бейнелейтін этиологиялық мифтер негізінде құрылған ертегілердің талдаулары арқылы түсіндірдік.

3. Қазақ балалар фольклоры классификациялану үлгілері мен оны орындаушыларына қарай ересектер мен балалардың өздері орындайтын шығармаларының: бесік жыры, уату-алдарату жырлары, мәпелеу жырлары мен сұрамақ, санамақ, қаламақ, тақпақтардың орындалуын құраушы жүйе болып қала береді. Сонымен қатар, балалар фольклоры әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры деп ірі салаларға бөлінетін құрылым бола алады. Қазақ балалар фольклоры жанрларында сюжеттің оқиғалық желісі, қиял мен шындықтың араласып келуі, көркемделуі балалар фольклоры туындыларының типологиялық қасиетке ие екендігін көрсетіп берді.

4. Қазақ балалар фольклорының поэтикасы, оның мәні көркемдік құралдар теңеу, эпитет, литота, метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, күшейту, алмастыру, әсірелеу, кішірейту, қайталаулармен және фольклор мәтіндерімен бекітіледі. Балалар фольклоры жанрларының поэтикасы мен көркемдік мәні шығарманың басталып, шарықтауы, өрбуі, аяқталуынан тұратын тұрақты бірнеше элементтерден құралатындығын нақтыладық. Балалар фольклоры шығармаларында тіл көркемдігі, бейнелеу құралдары кездесетіндігіне көз жеткіздік. Нәтижесінде, балалар фольклорындағы кез келген мәтіннің көркемдеуіш құралдар, бейнелі сюжеттер арқылы жас ұрпақтың санасын қай жаста болмасын баурап алатын тұсы ерекше деп есептейміз.

5. Қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үлгісі музыкада әуендер, кинода, театрда сахналық қойылымдар мен анимацияланған фильмдер, балалар мультфильмдері, қолөнер мен сәулет өнері арқылы жүзеге асады. Қазақ балалар фольклорының сөз өнерімен қатар саз өнері ретіндегі көрінісі этнографиялық айшықтарда елеулі орын алады деп есептейміз.

6. Жанрлық жіктелуіне қарай қазақ балалар фольклоры ұрпақ санасында отбасылық, дәстүрлі тәрбие негізінде орынығып, фольклор туындыларының көркемдік сипаты ұрпағымыздың тұлғалық дамуын қалыптастырады деп тұжырымдаймыз.

Зерттеу жұмысының *болашақ бағдарын* мынадай зерттеу бағыттарынан көреміз:

1. Қазақ балалар фольклоры заман ағымына сай ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қала беретін үздіксіз үрдіс екені даусыз, сондықтан оны отбасындағы дәстүрлі тәрбиенің құралына айналдырып, жүйелі түрде енгізу, оны салыстыра зерттеу қажет.

2. Қазақ балалар фольклоры ұрпақ дүниетанымын кеңейтіп, рухани әлемін жаңғыртуда ата-бабамыз салып кеткен дәстүрлі тәрбиенің ізін жоймай, жаңаша түрге, өзгеріске ену арқылы трансформациялана алады деп ойлаймыз.

3. Қазақ балалар фольклорына ғана тән заңдылықтар бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, балалар фольклорының генезисі, типологиясы мен поэтикасы уақыттың талабына сай зерделеніп отырады деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> 30.05.2023.
- 2 Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы (16 сәуір 2003 ж.). https://www.nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=401:m-deni-m-ra-memlekettik-ba-darlamasy&catid=123&Itemid=556&lang=kz 12.06.2023.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. – 21 қараша 2018 ж. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy 25.06.2023.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – 12 сәуір 2017 ж. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy 15.05.2023.
- 5 Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. – 8 қаңтар 2020 ж. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy 15.02.2023.
- 6 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Egemen Qazaqstan. – 2021. – 5 қаңтар. – 1-2 бб.
- 7 Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына жолдауы. – 1 қыркүйек 2022 ж. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> 26.02.2023.
- 8 Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы №148 қаулысы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000148> 16.01.2023.
- 9 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.1.6. Білім алушының зияткерлік, рухани адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету) (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/history> 21.07.2023.
- 10 Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: «Meloman Publishing», 2020. – 192 б.
- 11 Қасқабасов С. Ойөріс (фольклор туралы). – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 320 б.
- 12 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 320 б.
- 13 Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. – Алматы, 1998. – 384 б.
- 14 Балтымова М.Р. Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы. – 2024. – №1 (72). – Б. 432-448.
- 15 Матыжанов К. Казахский семейный фольклор. Монография. – Москва: Издательство «Восточный экспресс», 2023. – 472 с.
- 16 Досмұхамедов Х. Аламан / Құраст., алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Әнесов Ғ., Мектепов А., Керімов Ш. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

- 17 Құнанбаев Абай (Ибраһим). Қара сөздер. – Алматы: Алматыкітап, 2019. – 224 б.
- 18 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XI том. Ойлар мен толғаныстар / Құраст., түсінік. жазғ. Д. Қарағойшиева, Л. Мұсалы; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 298 б.
- 19 Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К., т.б. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 б.
- 20 Абайды оқы, таңырқа... / Құраст., алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
- 21 Мұқанов С. Абай Құнанбаев. Монография // Таңдамалы шығармаларының он алты томдығы. Он алтыншы том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 391 б.
- 22 Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытының 10-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – 160 б.
- 23 Қасқабасов С. Жаназық: Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 24 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар / Құраст., баспаға әзірлеген Н. Ақбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
- 25 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986. – 398 б.
- 26 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар, 2007. – 380 б.
- 27 Бердібаев Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. Бірінші том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 464 б.
- 28 Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.
- 29 Алпысбаева Қ. Шоқан Уәлиханов – фольклортанушы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 130 б.
- 30 Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Т. 3. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Фолиант, 2005. – 652 б.
- 31 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). – Алматы: «Білім», 2007. – 112 б.
- 32 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 33 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т. I. – 384 б.
- 34 Досмухамедов Х.Д. Казакская народная литература: краткий очерк. – Ташкент: Государственная типолиотография. №2 КЦСНХ, 1928. – С. 45-80
- 35 Дулатов М. Қирағат. Оқу құралы. – Орынбор, 1911. – 110 б.
- 36 Дулатов М. Оқу құралы. 2-жыл. – Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1924. – 126 б.
- 37 Фольклорлық мұралар: жиналу, жариялану тарихы. Монография. – Алматы: «Evo Press», 2017. – 468 б.

- 38 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974. – 386 б.
- 39 Қазақ фольклористикасы / Жалпы ред. басқ. М. Ғабдуллин. – Алматы: «Ғылым», 1972. – 300 б.
- 40 Ақ сандық, көк сандық: балалар фольклоры / Алғы сөзін жазған Ш. Ыбыраев. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.
- 41 Исләмжанұлы (Матыжанов) К. Қазақтың отбасы фольклоры: Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.
- 42 Бабалар сөзі: Жүз томдық жинақ. – Т. 72. Балалар фольклоры. – Астана: «Фолиант», 2011. – 440 б.
- 43 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т.10: Ғибратты фольклор. Шағын жанрлар / Томды құраст., баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Сәрсек Н., Салтақова Ж. – Алматы: Brand Book, 2020. – 472 б.
- 44 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 1-том. Жыр тағылымы / Құраст.: Қалиев С., Аюбай К. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы», 2005. – 408 б.
- 45 Исләмжанұлы (Матыжанов) К. Рухани уыз (Қазақ балалар фольклоры). – Астана: 2008. – 228 б.
- 46 Матыжанов К. Уыз тәрбие. – Алматы: Brand Book, 2023. – 268 б.
- 47 Қуыр-қуыр, қуырмаш: Қазақтың балалар фольклоры: халық өлеңдері, тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ойындар, жұмбақ-есептер, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыздар / Құраст.: Б. Қошым-Ноғай. – Алматы: Раритет, 2018. – 400 б.
- 48 «Алдар Көсе» АҚШ-тан табылды // Телеканал 24 kz. https://www.youtube.com/watch?v=HGVds_LR-Zc 22.12.2023.
- 49 Елеукенов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Қазығұрт, 2012. – Т.6. – 480 б.
- 50 Қазақ халық әдебиеті / Алғы сөзін жазған және құраст.: С. Садырбаев. – Алматы: «Рауан», 1990. – 240 б.
- 51 Матыжанов К.І. Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы: филол. ғыл. канд. ...дисс: 10.01.09. – Алматы, 1990. – 185 б.
- 52 Мамбетова А.Т. Қазақ балалар поэзиясындағы фольклорлық дәстүр (XX ғасырдың 1920-1990 жылдар аралығы): филол. ғыл. канд. ...дисс: 10.01.02. – Алматы, 2006. – 119 б.
- 53 Матыжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры: филол. ғыл. докт. ...дисс: 10.01.09. – Алматы, 2004. – 264 б.
- 54 Қазақ этикасы мен эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. – Астана: Аударма, 2007. – 455 б.
- 55 Ерзакович Б.Г. У истоков казахского музыкознания: по материалам русских ученых XIX в. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 176 с.
- 56 Ыбырайымов Б. Сырлы әлем (Қазіргі қазақ балалар прозасы). – Алматы: Ана тілі, 1997. – 224 б.
- 57 Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: қазақ балалар әдебиеті мәселелері. – Алматы: Өркениет, 2003. – 366 б.
- 58 Әлтай А.Д. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму: филол. ғыл. докт. ...дисс: 10.01.02. – Астана, 2009. – 285 б.

- 59 Жармағамбетов Қ. Балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлу керек // Социалистік Қазақстан. – 1947. – 3-б.
- 60 Бекхожин Қ. Балалар әдебиетін өркендете берейік // Әдебиет және өнер. – 1949. – №1. – Б. 72-79.
- 61 Соқпақбаев Б. Балалар әдебиеті туралы бір-екі сөз // Лениншіл жас. – 1950. – 3-б.
- 62 Иманжанов М. Бөбектерге арналған әдебиеттің кейбір мәселелері // Әдебиет және искусство. – 1951. – №8. – Б. 55-60.
- 63 Ахметов Ш. Балалар әдебиеті және оның өсу жолдары // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Филология және көркемөнер зерттеу сериясы. – 1959. – 1-ші кітап. – Б. 17-25.
- 64 Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері. – Алматы: «Мектеп», 1965. – 328 б.
- 65 Ақыш Н. Қазақ балалар әдебиетінің тарихы. Екі томдық. – Алматы, 2023. – Т.1. – 270 б.; Ақыш Н. Қазақ балалар әдебиетінің тарихы. Екі томдық. – Алматы, 2023. – Т.2. – 242 б.
- 66 Рүстемова Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті: Оқулық. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы. – 2009. – 280 б.
- 67 Қазақ және әлем халықтары ертегілерінің алтын жинағы. – Алматы: «Аруна» баспасы. – 528 б.
- 68 Ақжолова А. Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы: Монография. – Алматы: Нур-Принт, 2014. – 158 б.
- 69 Қазақтың халық философиясы. Жиырма томдық. – Т.7. – Астана: Аударма, 2003. – 544 б.
- 70 Аймұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография. – Астана: Фолиант, 2016. – 184 б.
- 71 Бабалар сөзі: Жүз томдық жинақ. – Т. 78. Қазақ мифтері. – Астана: «Фолиант», 2011. – 448 б.
- 72 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Құраст., алғы сөзін жазған Ә. Қоңыратбаев. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 73 Әбілұлы М. Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. Оқу құралы. 1-кітап. – Тараз: «Формат-Принт», 2014. – 204 б.
- 74 Пангереев А.Ш., Балтымова М.Р. Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (99). – Б. 91-101.
- 75 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 12 / Құраст.: А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 76 Балалар фольклоры. Бесік жыры. Өтірік өлеңдер. Мазақтамалар. Жаңылтпаштар. Санамақтар / Құраст.: Л.А. Сейітова. – Көкшетау: «Келешек-2030», 2008. – 232 б.
- 77 Бабалар сөзі. Жүз томдық жинақ. – Т. 64. Жұмбақтар. – Астана: «Фолиант», 2010. – 432 б.
- 78 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 6 / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, К. Егенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

- 79 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 4-т. Әліппелер мен мақалалар жинағы (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсем сөздер). – Алматы: «Алаш», 2006. – 320 б.
- 80 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 11 / Құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 81 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Құраст., алғы сөзін жазған Ә. Қоңыратбаев. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 82 Виноградов Г.С. Детский фольклор и быт / Библиотека собирателя под ред. М.Н. Азадовского и Г.С. Виноградова. Выпуск III. Иркутск, 1925. – 82 с.
- 83 Капица О.И. Детский фольклор. – Ленинград: Прибой, 1928. – 224 с.
- 84 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Т. 1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
- 85 Казахско-русский словарь: Ок. 50000 слов / Под ред. член-корр. НАН РК Р.Г. Сыздыковой, проф. К.Ш. Хусаина. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – 1008 с.
- 86 Сейфуллин С. Шығармалар. – 6-том. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1964. – 455 б.
- 87 Әлдиден эпосқа дейін. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2022. – 392 б.
- 88 Әмирлан С.Е. Қарақалпақ халқының поэзиясы (дәреклери, жанрлық курамы хәм поэтикасы). Монография. – Нөкис: Avangard Vaspa, 2023. – 204 б.
- 89 Матыжанов К.С., Айтбаева А.Б. Развитие детей в раннем фозрасте посредством детских обрядовых песен (на примере казахского детского фольклора) // Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия «Педагогические науки». – 2018. – №3 (56). – Б. 4-12
- 90 Сағынадин Г.С. Балалар фольклоры және көркем бейне // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №1 (168). – Б. 123-134
- 91 Қашқари М. Түрік сөздігі. Т.1. / Ауд. А. Елубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.
- 92 Ыбыраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең / Әлем: Альманах. – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.
- 93 Ыбыраев Ш. Бастау. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 160 б.
- 94 Сөзстан. 4-кітап. – Алматы: «Жалын», 1983. – 261 б.
- 95 Алимханов Е. Қазақтың ұлттық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 250 б.
- 96 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Қайнар», 1994. – 144 б.
- 97 Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы: филология факультеттерінің студенттеріне арналады / Құраст.: Кенжебаев Б., т.б. – Алматы: Мектеп, 1967. – 206 б.
- 98 Кәмелашұлы Б. Қазақ халқының дәстүрлі той-мереке, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары. – Алматы: «Өнер», 2005. – 96 б.
- 99 Жұмабаев М. Педагогика. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 160 б.

- 100 Әбілұлы М. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018. – 212 б.
- 101 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: ХХ ғасырдың бірінші жартысы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2012. – 217 б.
- 102 Сейдімбеков А. Күй шежіре. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
- 103 Қазақтың салт-дәстүрлері / Құраст.: Ә.Тауұлы. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2017. – 384 б.
- 104 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы ЖШС, 2017. – 312 б.
- 105 Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті: оқу құралы – Алматы, 1958. – 343 б.
- 106 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.
- 107 Балтымова М.Р. Балаларға арналған фольклорлық шығармаларды игерту жолдары // Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2021. – №4 (137). – Б. 161-169.
- 108 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Білім», 2014. – 728 б.
- 109 Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
- 110 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Москва, 1989. – 404 с.
- 111 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.
- 112 Қазақ ертегілері. Керкұла атты Кендебай. <https://bilim-all.kz/article/173> 10.01.2023.
- 113 Ер Төстік ертегісі.
<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=22995> 19.01.2023.
- 114 Балтымова М.Р. Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі // Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2020. – №1 (130). – Б. 8-14.
- 115 Baltymova M.R., Pangereyev A.Sh. Children's folklore is the source of the preservation of folk traditions // Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2023. – №2 (143). – Б. 115-122.
- 116 Спицына Е.И. Детский фольклор: трансформация традиции // Culture and Civilization. – 2016. – №2. – С. 232-241.
- 117 Антонова Е.Л., Таранова А.Е. Трансформация понимания фольклора в современном постнеклассическом дискурсе // Вестник МГУКИ. – 2018. – №4 (84). – С. 124-132.
- 118 «Балалар әлемі» журналының ресми сайты.
<https://balalaralemi.kz/catalog/view/1> 22.12.2023.
- 119 «Толағай туралы аңыз» мультфильмі.
https://www.youtube.com/watch?v=jN_gva2ilRI 29.12.2023.

120 Анашкина Н.Ю. Языковая картина мира в английских стихов Nursery Rhymes и в переводах на русский язык: автореф... канд. филол. наук: 10.02.20. – Екатеринбург, 2005. – 20 с.

121 Добровольская В.Е. Сюжет «Дух в голубом свете» в русской сказочной традиции: между фольклорной сказкой и авторским творчеством // Проблемы исторической поэтики. – 2022. – №2, Т.20. – С. 113-136.

122 Рақыш Ж.С. Қазақ постфольклоры: жанрлар трансформациясы // Керуен. – 2023. – №2, Т. 79. – Б. 116-126.

123 Балаларға әдемі бата.

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=25913>

25.01.2023.

124 Елбасының қанатты сөздері – ұрпаққа өнеге // Abai.kz ақпараттық порталы. <https://abai.kz/post/47978> 15.01.2023.

125 Балабақшаға арналған санамақтар жинағы. <https://erketai.kz/balalardin-olenderi/sanamaktar-jinagi> 22.03.2023.

126 Беспяев М. Бесік жыры.

<https://www.youtube.com/watch?v=yhYobhgy7vc> 05.12. 2023.

127 Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникация мен технологиялар саласы және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №269 қаулысы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269> 18.12.2023.